Ауыл шаруашылық мақсатындағы жер ұғымы Қазақстан Республикасы Президентінің «Жер туралы» заңының күші бар Жарлығының 76-бабында көрсетілгендей, ауыл шаруашылық мұқтаждары үшін берілген немесе осы мақсатта арналған жер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер деп аталады. Ауыл шаруашылық дақылдарын егу үшін, бөлінген алқаптар да бірнеше санаттарға бөлінеді. Олар: астық алқаптары, көп жылдық шөп егістері, жүзімдіктер, техникалық дақылдар. Ауыл шаруашылығында жерлер суармалы, суарылмайтын мелиорация жүйесі жүргізілген құнарлығы арттырылған, көп жылдық егістер егілген жерлерге де бөлінеді. Олардың қатарында ерекше қорғалатын жер санаттары да бар. Суармалы ауыл шаруашылық алқаптарына жүйенің әрекет ететін пайдалы әсер коэффициентіндегі суару нормасының жобалы немесе қазіргі нормативтеріне сәйкес, су ресурстарының ағымы осы жерлерді суаруды қолайлы мерзімде қамтамасыз ету көрсеткіші 75%-дан кем болмайтын, суару көзімен байланысты бірқалыпты немесе уақытша суару жүйесі бар ауыл шаруашылығына пайдалану және суару үшін жарамды жерлер жатады. Жайылма суару жерлерінде топырақты ылғалдандыру үшін суару немесе суландыратын каналдарынан су беретін сондай-ақ осы бөлім алаңында көктемгі су тасқыны және еріген суларду тоқтату мен қайта бөлуді қамтамасыз ететін су ұстағыш қорғандар су реттегіш бөгеттер және басқа да гидротехникалық ғимараттары бар учаскелер жатқызылады. Мұндай жерлерді құқықтық реттегенде әсіресе, жерді беру, қайта беру, барысындаолардың ауыл шаруашылығында алатын орны қорғалу мақсаты, зиянды және аул шаруашылығы өндірісінің шығынын өндіріп алу мәселелерден туындайды. Олар ауыл шаруашылық жерлері құрамының ерекшеліктерін сипаттайды.



Бұны атап өткен құқық қатынастарында жер пайдалану ережесінен көруге болады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге ауыл шаруашылығы үшін берілген немесе осы мақсаттарға арналған жерлер жатады. Бұл жерлердің құрамында ауыл шаруашылық алқаптары және ауыл шаруашылығына мүмкіндік жасайтын шаруашылық жолдар, қатынастар, ішкі су айдындары, құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлер бар. Ауыл шаруашылығы алқаптарына егіндер, тың жерлер, көп жылдық өсімдіктер, шабындықтар мен жайылымдар жатады. Егістіктерге таза күйінде ұсталатын күздік, жаздық, дәнді дақылдар үшін дайындалатын ауыспалы егіс табанын сондай-ақ көпжылдық шөптер егуге қолданылатын және жүйелі түрде өңделетін ауыл шаруашылық жатқызылады. Бақтар аралығындағы егіс үшін қолданылатын, сонда алдын ала дақылдарын (үш жылдан кем есе мерзімге) егіс үшін жақсарту мақсатымен жыртылған жайылым және шабындық жер учаскелері егістіктерге жатпайды.

Нарықтық қатынас жағдайында туындаған негізгі ойлар – ол ауыл шаруашылық кәсіпорындарының агроөнеркәсіп, акционерлік қоғамдарға айналып, елді мекендерден тыс жерлерге құрылыстардың салынуы. Мұндай құбылыстар болашақта өзінің даму деңгейіне жетеді. Сонымен қатар, жер пайдалану субъектілерінің жерінің құрамында (бұрынғы совхоз, колхоздардың) ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерден шектелетін жердің басқа да категориялары бар: мемлекеттік орман қорының, су қорының елді мекендердің жерлері. Ауылдық елді мекен жеріне қатысты айтатын болсақ, олар басқа жерлерден болашақта әрі қарай дамуы үшін елді мекендердің шегін белгілеу жолымен шектеледі. Басқа мақсаттағы жерлер ішкі шаруашылық жерге орналастыру тәртібімен шектеледі. Ауылшаруашылық жер пайдаланушыларына жерді ауыл шаруашылығы сияқты ауыл шаруашылық емес мақсатқа да беруге болады. Ауылшаруашылық жерлерінің басымдылығы, онда тауарлы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру сол арқылы халық әл-аухатын арттыруды көздейді. Сондықтан, ауыл шаруашылық мақсаттағы жерді басқа мақсаттарға пайдалануға шек қойылады. Мүмкіншілігі болса, ондай жерлер мемлекеттік және қоғамдық мақсаттарға алынбайды. Егер алынатын болса, ауыл шаруашылық өндірісінің орнын толтыру шаралары белгіленген. Жер қорында жер алдымен ауыл шаруашылық мақсаттарға беріледі. Бүкіл әлемде маңызды мәселелердің бірі қазіргі және келешек ұрпақ мүддесінде ауыл шаруашылық алқаптарының сапасын арттыру және жер көлемін сақтау болып отыр. Шет елдердің тәжірибесіне жүгінетін болсақ, мысалы, Америка, Азия, Еуропаның көптеген елдерінде жерге жеке меншіктен бас тартып, шаруа-фермерлердің дербес шаруашылық құқығын қамтамасыз етуге назар аударылды. Мысалға, 1982 жылы қабылданған Қытай Конституциясы бойынша тың жерлер, қыр, тау, орман, және қала жерлері тек мемлекеттің меншігінде болады. Қазіргі кезде Қытай дүние жүзінде ауыл шаруашылық өнімдерінің негізі өндіріушісі болып табылады. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге жеке меншік енгізу керек пе? - деген сұрақ туады?

Біріншіден, жерді мемлекеттік меншік объектісі деп тану өндірістің негізгі құралы – жерге жеке меншік құқығын ешқашанда білмеген қазақ халқының ұлттық дәстүріне жауап беретінін көрсетеді. Жер, жер қойнауы, орман және су құдайдың берген сыйы деп есептелген және сату-сатып алу объектісі болып танылмаған.

Екіншіден, ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншік енгізуден бас тарту нарықтық қатынасқа өту кезеңінде республикада азаматтардың бәріне табиғат байлығын пайдалануда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Сату-сатып алуды енгізу, алып-сатарлықтың дамуына және экономикалық ретсіздікке әкеліп соғады. Үкімет, мемлекеттің азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін тұрақты пайдалануға беретін жерлері үшін төлем ставкаларын белгіледі. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында сары топырақты суарылмайтын егістік жердің бір гектары –23,9 мың теңге, күрең топырақты және таулы аймақтағы қара топырақты жерлерде – 26 мың теңге, сары топырақты және ашық күрең топырақта – 124,4 мың, күріш егетін аймақта –243,4 мың, мақта өсіретін аймақта –350,4 мың теңге мөлшерінде бағаланады. Мұнда шабындық жердің төлем ставкасы бір гектар үшін 4,7 ден 13,6 теңгеге дейін, ал жайылымдық үшін 2,1-8,6 мың теңге аралығында болып белгіленген. Бұл көрсеткіштер тұрақты пайдалануға берілетін жердің төлем ставкалары, ал жерді жеке меншікке бергенде төлем ставкасы яғни сатып алу бағасы көрсеткіштен неғұрлым көп болуы мүмкін. Қазіргі кезде Қазақстан халқының көпшілігі атап айтсақ, 80% кедейлік деңгейінен төмен тұрады. Олардың бұл жерлерді сатып алуға жағдайлары көтермейді. Ал, ауылшаруашылық өндірісімен белсенді түрде айналыспайтын қалталы азаматтар оңай жолмен пайда табу мақсатымен жақсы құнарлы жерлердің бәрін жаппай сатып алуға кірісті. Жердің меншік иесі жерді меншік элементіне айналдыра отырып, бір мезгілде еңбеккер болмайды, яғни еңбек етпейді. Ауыл шаруашылық жерлеріне тек жекеменшіктің өсу тенденциясына әкеліп соқтырды. Мұндай тенденция өз кезегінде жылдық

төлемді және жердің бағасын өсіреді. Осыған байланысты жерге жеке меншік жер иеленушілердің үздіксіз баюына тікелей тауар өндірушілердің жоқшылыққа ұшырауына, азық-түлік өнімдерінің бағасының өсуіне және бүкіл қоғамның толығымен кедейленуіне әкеліп соғады. Жалпы алғанда, теорияда да тәжірибеде де жер қатынастарын өзгертуде бірте-бірте даму қағидасының тиімді екенін көрсетеді. Осыған сәйкес, жерге жеке меншікті шаруа қожалығынан бастап, бірте-бірте енгізген тиімді болар еді. Сонымен қатар айта кететін мәселе, халықты ауыл шаруашылығы өнімдерімен өндірісті шикізаттар мен қамтамасыз ету мақсатын терең зерттеп, олардың белгілі мақсатта пайдалану ережелерін белгіленді. Ауыл шаруашылығындағы жерлердің ішкі мақсаттары үшін (шөп шабу, жайылым егістік, бағбандық, көкөніс және басқалары) пайдалану тәртіптері республикада қарастырылмаған. Қала маңындағы ауыл шаруашылық жерлердің мәртебесін қалалардың мәртебесіне бағынышты етіп қою ауыл шаруашылық жерлерінің Жер туралы Жарлықта (3-бапта) басымдылығы қағидасын жоққа шығарады. Бұл қағида ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлер үшін ғана емес, сондай-ақ барлық жерлерді құқықтық реттеуде де еске алатын мәселе қатарында қаралуы тиіс. Сондықтан, Жер туралы Жарлық 85-бабын қайта қаралған еді [2, 11-б.]. Нарық экономикасының өтпелі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер есебінен іске асыру – бұрынғы Кеңестер Одағындай болып қалуы дұрыс емес. Қазіргі кезде ауылды одан әрі дамыту шешу үшін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің негізгі бағыттары анықталған. Қазақстан Республикасының аграрлық саясатының негізінде жаңа ереже – жерге жеке меншік құқығының болуы да аса маңызды болып табылады. Жерге меншік құқығы мәселесі қоғамда қажеттігін Қазақстан Республикасы Президентінің өзі ұсынған болатын. Жерге жеке меншікті енгізудің басты негіздемесі болып инвесторлардың ауыл шаруашылық саласына қызықпаушылығы болып табылады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындары мүлкінің өтімділігінің төмен болуы ауыл шаруашылығына инвесторларды тартуға және де қаржылық құрылымдарды енгізуге басты кедергі болды. Жерге жеке меншікті енгізу ол ауыл шаруашылық жерлерінің өтімділігін жоғарылатады, ал бұл өз кезегінде банк қаржыларын ауыл шаруашылығы саласына енгізуге әкеп соғады. Олар біршама ұзақ мерзімді несиелерді қажет ететін жаңа шаруашылық субъектілері қайта орналастырылады. Екінші негіздеме ретінде ауыл шаруашылығының төмен деңгейдегі техникалық қамтамасыз етілуі. Техниканың физикалық және моральдық тозуының кең көлемде орын алуы, қол еңбегін пайдаланудың үстемдігіне алып келеді, ал бұл өндірістің тауарлық сипатын бірден төмендетеді. Аталған жағдай азық-түлік қауіпсіздігінің әлсізденуіне әкеліп соғады. Ауылдың техникалық жағдайы ауыл шаруашылығына салатын капитал мөлшерінің жылдам өсуін талап етеді. Ал, бұл сәйкес кепілдік қамтамасыз етуді мүмкін емес, жерге жеке меншікті енгізудегі үшінші негіздемесі болып, жердің кейінгі нарығының қызмет көрсету қажеттілігін алуға болады. Алғашқы нарық жағдайында жердің нақты меншік иелері анықталады. Ал, оны нарықтық айналымға енгізуімен байланысты, барлық операциялар кейінгі нарыққа жүзеге асырылады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы жердің кейінгі нарығы ашық немесе құпия түде жүзеге асырылады. Оған дәлел мынадай ресми мәліметті атауға болады: тек инвестор компаниялардың өзіне 3 млн. га жер сатылған немесе басқаруға берілген. Өндеуші жерлердің құнарлығының бірден төмендеуін атап өтпеуге болмайды. Бұл өндіріс технологиясын дөрекі түрде бұзудың қаржы ресурстарының жетіспеушілігінің белгілі бір ауыл шаруашылық өнімдеріне сұраныстың азаюының және техниканың тозуының салдарынан болады. Аталған мәселелердің барлығы өндірісті жүргізудің нақтыбір табиғи климаттық жағдайларымен қалыптасқан мамандандыруды үздіксіз ауыстырып отыруға мәжбүр еткізді. Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығында бүкіл әлемдік тәжірибедегі сияқты күшті мемлекеттік қолдау қажеттілігі туындап отыр. Жер кодексін қабылдау кезінде қоғам арасында әртүрлі көзқарастар орын алды. Бірқатар депутаттар тобы Қазақстан Республикасы Президентіне хат жолдады. Бұл хатта жерде тікелей жұмыс істейтін адамдардың жерге меншік құқығының жоқтығына қатысты көңіл толмаушылықтарын айтып, жер сатылатын жағдайда елеулі саяси және әлеуметтік салдар орын алатыны аталып кетті. Жоғарыда аталған депутаттар тобы жерді сату туралы мәселені қажетті алғы шарттар орын алғанға дейін кейінге қалдыруды ұсынды. 2003 жылы сәуір айының соңында Президент мәжіліс екінші созылымда Жер кодексінің жобасын көпшілік дауыспен қолдады. Іс жүзінде Парламент Мәжілісі жер туралы заңнаманың мүлдем жаңа жобасын ұсынды. Үкімет аталған жобаның бес негізгі сауалына қатысты келісім бермеді. Біріншіден, депутаттардың шартты жер үлесіне ие тұлғаларға жер телімін тегін тарату туралы ұсынысымен келіспеушілік. Себебі, ол мұндай үлеске ие емес азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзады. Егер бұл ұсынысты жетекшілікке алатын болсақ, онда 1994 жылғы агроқұрылымдарға сәйкес қалыптасқан құқықтар жойылды. Ал, бұл тұйыққа алып келді. Ол өндірістің ерекше құралы ретіндегі өзіндік құнға ие жердің құқықтық жағдайына қайшы келді.

Сонымен қатар жеке меншік иесіне сатылуы тиіс жер учаскелерінің көлеміне келіспеушілік білдірді. Алғашқы ұсыныс бойынша мұндай жерлер аудандардағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің он пайыздан аспауы тиіс болатын. Ал, Мәжіліс бұдан екі есе аз жер көлемін ұсынды. Үкіметтің ойынша, бұл инвесторлардың қызығушылығын төмендетіп, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің ыдырауын алып келеді.

Үшінші келіспеушілік, ретінде Үкімет жеке және заңды тұлғалар үшін айтуға болады. Егер азаматтар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді меншікке заң күшіне енісімен алатын болса, заңды тұлғалар (яғни агрооқушылар) үшін бұл мерзім 3,5 жылға шегерілді. Бұл таңқаларлық жәйт, мұндай жағдайда құрылған шаруа қожалығы немесе серіктестік жерді мемлекеттен емес, өзінен жалға алады.

Төртінші келіспеушілік, субарендаға қатысты орын алды. Мәжіліс депутаттары субаренданы 2007 жылға дейін созуды ұсынды. Үкіметтің ойынша бұл жол ауыл шаруашылық өнімдерінің өзіндік құнының өсуіне әкеп соғады деп атап көрсетті.

Бесінші мәселе, - бұл ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді сатудан түскен қаражатты қолда бар жинақтаушы қорларда емес, құрылуы бюджеттен қосымша шығындарды қажет ететін белгілі бір жаңа институттарда жинақтау. Жер Кодексінің жобасы Үкіметте, Қауіпсіздік Кеңес пен Ұлттық Кеңестің отырысында талқылаудың барлық кезеңдерінен өтіп, мақұлданды. Республика Парламентімен қабылданған Жер кодексі 2003 жылы 10 маусымда Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесімен қаралып, заңды деп танылды. Қазақстан Республикасының Президенті субаренда институтының мерзімін ұзартуға қатысты үйлесімді жол ұсынды. Ол екі жолдың – Үкімет пен Парламент ұсынған жолдардың арасынан алтын аралықты таңдады. Бұл ұсыныс 2005 жылдың 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылды. Президент жер бөлімшелерінің қатаң шектері белгіленетін кезде, сол жердің жергілікті ерекшеліктері мен табиғи климаттық жағдайына назар аударуды ұсынды. Себебі, олар барлық жерде бірдей емес. Сондықтан, аталған ұсыныс шаруашылығы өндірісінің тиімділігінен көрініс тапты. Бұл жағдайда жергілікті жерлердегі барлық деңгейдегі әкімдер мен маслихаттардың бірлескен әрекеттері талап етіледі [3,13-6]. Жер туралы заңнаманың нормалары конституциялық нормаларға қайшы келмейді. Мәселен, Жер Кодексінің мемлекеттік және жеке меншік туралы нормалары жер қатынастарына қатысушылардың жүріс-тұрысының бақсраушы ережелеріне мемлекеттік басқару органдарының құқықтары мен міндеттері жатады. Мысалы, мұндай ережелер, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 2-тарауында көрініс тапты. Ұсынушы нормалар субъектілердің белгілі бір мәселелерді шешу үшін бірқатар оң әрекеттерді өз қалауымен жүзеге асыру мүмкіндігін білдіреді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 51-бабының 3-тармағына сәйкес бөлінетін жер учаскесінің бөлігімен мәміле жасалған кезде бұл бөлік белгіленген тәртіппен алдын-ала дербес жер учаскесі болып бөлініп шығарылды.

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 84-бабының 1-тармағына сәйкес, жер бөлімін мемлекеттік қажеттіктер келісімімен құны тең басқа жер учаскесін беру арқылы алып қойылуы мүмкін [3,33-6]. Ауыл өмірін жақсартып дағдарыстан алып шығудың бір жолы – жер және жерге иелік қатынастарын жетілдіру осыларды реттеу жөнге келтіру. Жер реформасын жүргізуде көптеген құжаттар қабылданды. Олардың ішінен 1991 жылы қабылданған Жер реформасы туралы Заңы, 1994-1995 жылдары күшіне енген Елбасының «Жер қатынастарын жетілдіру туралы» және жер туралы жарлықтарын атауға болады. Осы құжаттардағы басты мәселенің мәні – жерге мемлекеттік түгелдей үстемдік етуін азайту. 2001 жылы қаңтардың 24-і күні Қазақстан Республикасының парламентінің «Жер туралы» заң қабылданды. Осы заң бойынша өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскелері Қазақстан азаматының жеке меншігінде бола алады. Жер еңбек заты, ерекше өндіргіш күш және еңбек өніміретінде дамып келе жатқан қоғамдық өндірістегі объективті қалыптасқан тәуелділіктерге бағынады. Жеке алғанда материалды өндіріс элементі ретінде меншік объектісі ретінде көрініп, оған оның барлық құқы таралады. Кез-келген шаруашылық жүргізуші субъектілердің тәртіп формаларын анықтайтын ережелерге бағынады. Алайда, бұл жағдайда жер ресурстарын көптеген өндіргіш күш элементтерінің құрамынан ажырататын оның ерекше қасиеттері өз күшін жоймайды. Бұл біріншіден, оның тек ғана өндіріс емес, сондай-ақ жалпы тұрмысқа материалдық базасы ретіндегі ролі; екіншіден, өнім түрінде жаңа құнды қалыптастыру қабілеттілігі; үшіншіден, оның көлемінің табиғи шектеулілігі. Жердің осы ерекше қасиеттері жерге қатысты қатынастар механизмін жасауда ескеруді талап етеді. Ал бұл өз кезегіндегі жерге меншік пен шаруашылық жүргізу мәселелеріне ерекше тоқталу қажеттілігіне алып келеді. Жер қатынастары – бұл жерде

иендену, пайдалану және басқару бойынша тұлғалар арасында туындайтын қатынастардың жиынтығы. Оған меншік пен шаруашылық жүргізу формасы, жер нарығы, жер бағасы, рента, жерге салық салу, аренда, жер пайдалану мен жер ресурстарын басқару мәселелері кіреді. Кейбір әдебиеттерде жер қатынастарының негізін «меншік», «иелік ету», «пайдалану» категориялары арқылы қарастыру орын алып, «басқару» экономикалық категория емес, меншік иесінің ерікті субъективті іс-әрекеті ретінде көрінеді[4,76-б]. Екінші үшін жерге меншік құқығы ерекше мөрге ие және жермен аграрлық қатынастардың бүкіл жүйесі осы мәселе төңірегінде құрылып, тарихи дамып келеді. Аграрлық қатынастардың тарихи даму үдерісінде «жер оны өндеген адамға тиесілі болу керек», – деген қағида айтылып келеді. Алайда нақты өмірде бұл жүзеге асырылған жоқ. Оның бір себебі жерге жеке меншікпен байланысты және соның негізінде туындайтын абсолюттік рента теориясына қатысты қарастырылады. Тарихи тұрғыда жерге абсолютті жекеменшік текфеодализм мен капитализмнің алғашқы стадиясына ғана тән болды, яғни жердің жеке меншік иесі меншіктің барлық күш функциясы: иендену, пайдалану, басқару тәсілі болды[5,106-б]. Бірақ өндіргіш күштің дамуы мемлекеттің буржуазиялық қатынастарының жетілуімен жерді пайдалану мен басқару функциялары бөлінеді. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Жер туралы» Заңына сәйкес, жеке меншікте қосалқы шаруашылық, бақша, тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жер учаскелері беріле алады. Үкіметпен нормаға сәйкес, жер учаскелері қайтарымсыз негізде меншікке беріледі. Ал нормадан асқан жер учаскелері белгілі бір төлем ақыға беріледі. Бүгінгі күні мұндай жерге меншік иелері қалыптасқан, олар 4 млн-нан асады және 600 мың та астам жерді иемденіп отыр. Жеке меншіктегі жер учаскелері барлық нарықтық келісімдердің объектісі бола алады[6,51-б]. Жер учаскелерінің меншік иелері екінші нарықта келісімді баға бойынша оларды сата, кепілге беру, сыйлауға, жарна ретінде шаруашылық жүргізуші субъектінің жарғылық қорына енгізе, басқа да заңмен белгіленген келісімдерді жүргізе алады. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жерді пайдалану құқығы сондай-ақ барлық жоғарыда аталған келісімдерге қатысу объектісі болып табылады. Басты айта кететін жағдай, жерді қайтарымсыз беру тек қана ауыл шаруашылық бағытындағы жерлерге қатысты. Басқа категориядағы жерлер мемлекеттік меншіктен жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға өткенде тек ғана қайтарымдылық принципте, яғни ақылы негізде қатысады. Сондықтан жер реформасындағы ең елеулі және маңыздысы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің басқа категориялардан айырмашылығы жеке меншікте бола алмайтындығы болып табылады. Алайда заңмен белгіленген жердің ақылы принциптері жер нарығының дамуын ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншікті енгізуге дейін алдын ала анықтайды. Екінші реттік жер нарығын қалыптастырудың мәні жердің жылжымайтын мүлік ретінде бір меншік иесінен екіншісіне өтуінен тұрады. Бұл кезде тағы да ауыл шаруашылық бағытындағы жерлерге қатысты сатып алу-сату және басқа да операциялар жөнінде тек ғана пайдалану құқығы әрекет етеді. Қазіргі заңдылықтарға сәйкес, жерді пайдаланушылар мемлекеттің араласуынсыз жерді өздері басқара алады, оның ішінде олар жердің екінші реттік нарығына қатыса алады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. ҚР Жер заңдары— [freepapers.ru/51/r-zher-zadary/61399.399890.list4.html](http://freepapers.ru/51/r-zher-zadary/61399.399890.list4.html)
2. *О собственности на землю в некоторых зарубежных странах – Астана, 2002. -145с*
3. Ә.С.Стамқұлов., Ф.Ә.Стамқұлова. *Жер құқығы. (Жалпы бөлім) Алматы. 2004 ж.*
- 4.Абалкин Л.И., Иванов Е.А. *Судьбы, противоречия и периодизация развития Советской экономики // Экономическая история СССР. - Москва: ИНФРА, 2007.-496с.*
5. «Жерді пайдалану құқығы» [www.trk.kz](http://www.trk.kz) [www.trk.kz/Материалы/4552-Жерді-пайдалану-құқығы.html](http://www.trk.kz/Материалы/4552-Жерді-пайдалану-құқығы.html).
6. Абдраимов Б.Ж. *Проблемы совершенствования процессуальных форм реализации земельного права Алматы, 2001*

**Калкаева Н.Б.**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., e-mail: nesibeli77@mail.ru

**Избасова А.Б.**

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, e-mail: A\_izbasova@mail.ru

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС ЗАТЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Түйін.** Мақалада қылмыстық құқық ғылымында қылмыс затын түсінудің тұжырымдамалық мәселелері қарастырылған. Авторлар мақалада қылмыс затының мазмұнын анықтаудағы түрлі тәсілдерді, оның қылмыс құрамы құрылымындағы орнын, сонымен қатар қылмыс затын қылмыстың объектісінен ажырату мәселелерін де қарастырған. Сонымен қатар, мақалада қазіргі таңда оларға қатысты қоғамдық қатынастар пайда болып және оларға әсер ете отырып кінәлі қылмыстық қол сұғушылық жасайтын материалдық немесе материалдық емес құндылықтар қылмыс заты ретінде танылып отырғандығы көрсетілген. Қылмыс заты ретінде қылмыстық қол сұғушылыққа ұшырайтын материалдық (заттар, ақша, мүлік) және материалдық емес (мүліктік және міндеттемелік құқықтар, ақпарат, ар-намыс, өмір, денсаулық және т.б.) құндылықтар қарастырылған.*

***Түйін сөздер:** қылмыс, қылмыстық қол сұғушылық, қоғамдық қатынастар, мүдделер, қылмыс объектісі, қылмыс заты.*

***Резюме.** В статье рассматриваются концептуальные вопросы понимания предмета преступления в науке уголовного права. Авторы рассматривают различные подходы в определении содержания предмета преступления, его места в структуре состава преступления, а также вопросы разграничения предмета преступления от объекта преступления. Кроме того, в статье констатируется, что в настоящее время предметом преступления следует считать материальные или нематериальные ценности, в отношении которых возникают общественные отношения и воздействуя на них виновный совершает преступное посягательство. В качестве предмета преступления, могут выступать материальные (вещи, деньги, имущество) и нематериальные (имущественные и обязательственные права, информация, честь, жизнь, здоровье и т. б.) ценности.*

***Ключевые слова:** преступление, уголовное посягательство, общественные отношения, интересы, объект преступления, предмет преступления.*

***Summary.** The article discusses the conceptual issues of understanding the subject of crime in the science of criminal law. The authors examine the various approaches in defining the content of the subject of crime, its place in the structure of structure of a crime, and also questions of differentiation of the subject of the crime from the object of the crime. In addition, the article States that at present the material or non-material values, in respect of which social relations arise and acting upon them the perpetrator commits a criminal offence, should be considered as the subject of the crime. As the subject of crime, can be tangible (things, money, property) and intangible (property and contractual rights, information, honour, life, health etc.) values.*

***Keywords:** crime, criminal encroachment, social relations, interests, object of crime, subject of crime.*

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс затын анықтау мәселесі даулы мәселелердің бірі болып табылады. Аталған түсінік түрлі мағынада түсіндіріледі, көптеген маңызды теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуге мүмкіндік бермейтін ғалымдармен дәлел ретінде пайдаланылатын өзінің шынайылығына қарамастан бір-біріне қарама-қайшылық тудыратын түрлі анықтамалар мен ережелерден тұрады. Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс объектісі мен қылмыс заты түсініктерін бөліп қарастыру мәселесі бұрыннан өзекті болып отыр. Бұл орайда қылмыс заты қылмыс құрамының жеке белгісі ретінде өзіндік маңызға ие, өйткені қоғамға қауіпті қол сұғушылықты жасау механизміндегі қылмыс затының орны ерекше, себебі ол қылмысты саралау мен қылмыстық құқықтық қатынастардың шегін анықтауға тікелей әсер етеді. Әрине қылмыс затының маңызын бағалау оңай шаруа емес, қазіргі таңға дейін қылмыс құрамы құрылымындағы қылмыс затына қалай қарау керек екендігі, қылмыс заты қоғамдық қатынастардың таза материалдық компоненті болып табылады ма және қылмыс заты жоқ қылмыстық құқық бұзушылықтар бар ма деген мәселелер шешілген жоқ.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс құрамы құрылымындағы қылмыс заты және оның маңызы туралы біршама тұжырымдамалық ойлар қалыптасқан. Алайда олардың барлығы қылмыстық қол сұғушылықтың мазмұндық жағын түсіндіретін және қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне қылмыстық әсер ету механизмін сипаттайтын екі-үш теорияға жинақталуы мүмкін[1].

Қылмыстық құқық ғылымында көптеген жылдар бойы қылмыс затын қылмыстық қол сұғушылық объектісінің бір бөлігі ретінде сипаттайтын теория басымдылыққа ие. Аталған дәлелсіз

кабылданған пікірге сәйкес қылмыс заты қылмыс құрамының факультативті белгісі болып есептеліп, қылмыс объектісінің түсінігіне кіреді. Мұнымен қоса, қылмыс затының түсінігі мен оның мазмұнына қатысты сұрақтар даулы болып отыр. Кеңес заманындағы ғалымдар мен қазіргі таңдағы басым көпшілік зерттеушілер қылмыстың заты ретінде оларға қол сұғушылық арқылы қылмыс объектісіне зиян келтірілетін материалдық дүние заттарын танып отыр. Аталған теория қылмыс затының материалдық табиғатынан шығып отыр және заттың мағынасын философиялық тұрғыдан түсінуге (қылмыстық әсер етудің объектісі болып іс жүзіндегі, нақты материалдық объектілер: заттар, нәрселер танылады) негізделген. Қылмыс заты түсінігінің көлемі тек заттай, материалдық заттардың шеңберімен, яғни шынайы дүниенің материалдық заттарының көзқарасымен шектеледі шектеледі. Аталған теорияны жақтаушылар қылмыстың заты ретінде идеалды заттар мен мүдделерді тану үшін негіз жоқ, себебі оларға тікелей әсер ету мүмкін емес. Н.И.Коржанский қылмыс заты ретінде психикалық немесе физикалық әсер ету жолымен бұл қоғамдық қатынастар саласында әлеуметтік қауіпті зардаптар келтірілетін қоғамдық қатынастардың белгілі бір жақтары көрініс табатын, өзіндік қасиеттері бар материалдық заттарды санады [2, 65 б.]. Е.А.Фроловтың көзқарасы бойынша қылмыс заты ретінде нақты бір қоғамдық қатынастардың өмір сүруінің материалдық негізі, жағдайы мен себебі болып табылатын және оларды алу, бүлдіру немесе түрін өзгерту арқылы қылмыстық құқықтық қорғау объектісіне зиян келтірілетін заттарды түсінуіміз қажет [3, 18 б.]. В.Я.Таций қылмыс заты болып қылмыстық заң оны нақты бір қылмыс құрамының белгісі бар тұлғаның әрекетімен байланыстыратын әлемнің белгілі бір қасиеттерге ие кез-келген материалдық заттары табылады деп көрсеткен болатын. С.Ф.Кравцов болса қылмыс заты – қылмыс объектісіне қол сұғу арқылы пайда болатын қылмыстық заңда тікелей көрсетілген қоғамдық қатынастардың материалдық элементі деп санады [4, 9 б.]. И.В.Кузнецов қылмыс затын заңсыз әсер ету жолымен қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға, игіліктер мен мүдделерге зиян келтірілетін немесе мұндай зиян келтірілу қаупін туғызатын қылмыстық заңмен қарастырылған сыртқы әлемнің заты немесе физикалық нәрсесі деп анықтаған [5, 7 б.]. А.А.Музыка мен Е.В.Лашук қылмыс затын – оларға қатысты және оларға тікелей әсер ету жолымен (немесе әсер етпей) қылмыстық әрекет жасалатын материалдық құндылықтардан (оларды адам сезім мүшелері арқылы сезіне алады немесе арнайы техникалық құралдар арқылы бекіте алады) көрініс табатын қылмыс объектісінің факультативті белгісі деп жобалайды.

Дегенмен қылмыс затын мұндай материалистік түсіну (сыртқы ортаның материалдық объектісі ретінде ғана) қазіргі қоғам реалияларына сәйкес келмейді немесе аталған құқықтық категорияның шектерін негізсіз тарылтады. Сірә қоғамдық қатынастардың дамуының заманауи кезеңінде қылмыстық құқық оларға қатысты қоғамдық қатынастар қалыптасатын тек материалдық әлемнің бөлшегі болып табылатын заттардың ғана емес, сонымен қатар материалдық емес құндылықтардың да (ақпарат, интеллектуалдық меншік, мүліктік құқықтар) қорғалуын қамтамасыз етуі қажет. Бұл мағынада қылмыс заты ретінде оларға әсер ету арқылы кінәлі бұл қатынастарды бұзатын әлеуметтік (материалдық және материалдық емес сипаттағы) құндылықтарды түсіну керек. Мысалы, Г.П.Новоселов қылмыс заты ретінде оларға қылмыстық қол сұғу зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін туғызатын адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндігі бар түрлі материалдық немесе материалдық емес құндылықтарды (мүдделерді) қарастырады [6, 32 б.]. Н.В.Вишнякованың көзқарасы бойынша қылмыс заты деп қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын, оларға қарсы қылмыстық қол сұғушылық бағыттталып, орын алатын және оларға қатысты қорғалатын қатынастар туындайтын мүдделерді (материалдық және идеалды) айтуға болады. В.Н.Винокуров қылмыс затын қоғамдық қатынастардың көрініс табу нысаны ретінде – қылмысқа дейін өмір сүрген адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын (әлеуметтік маңызға ие), қабылдауға қол жетімді және өзгерістерге бейім сыртқы әлемнің заттары, ақпарат, энергия, экология объектілері [7, 106 б.].

Қазіргі таңда құқыққа қарсы әсер етулерге бейім көптеген құбылыстардың орын алып жатқандығы туралы деректерді жоққа шығаруға болмайды. Қылмыстық-құқықтық қорғау объектілерінің қатарына материалдық емес құндылықтарды (ақпарат, интеллектуалдық меншік объектілері, қолда жоқ ақша (безналичные), құжатсыз бағалы қағаздар, қызметтер, энергияның алуан түрлері) сипаттайтын қоғамдық қатынастар да кіреді. Ал олар өз кезегінде материалдық әлем заттары сияқты қылмыс затының дәстүрлі түсінігімен қамтылмауы мүмкін. Бұл көзқарас тұрғысынан қылмыстық құқық қылмыс заты ретінде оларға қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын және оларға әсер ету арқылы кінәлі қылмыстық қол сұғушылық жасайтын материалдық немесе материалдық емес мүдделерді (құндылықтарды) тануы тиіс екендігін белгілеу қажет.

Қылмыс затының екінші теориясының мәні қылмыс затын қылмыс құрамының объективтік жағының белгілеріне жатқызу керектігінде. Қазіргі таңда бұл идеяны М.П.Бикмурзин белсенді жақтап келеді. Оның пікірінше, қылмыс заты қылмыс құрамының объектісін емес, объективтік жағын сипаттайтын белгі болып табылады. Қылмыс құрамы белгілерінің жүйесіндегі қылмыс затының орналасуы туралы сұрақты басқаша шешетін болсақ, қылмыстық қол сұғушылық объектісіне жат заттар – қауіпті заттар, күмәнді ақпарат, сатып алу заттары сияқты заттар қылмыс құрамы белгілері қатарында белгісіз орында қалып қояды. Заманауи қылмыстық заңнамада бұл заттар қандай да бір негізсіз қылмыс заты түсінігінің көлеміне кіреді. Бұл өз кезегінде қылмыс объектісіндегі қылмыс затының орны туралы ережеге қайшылық тудырады. Ұсынылып отырған қылмыс затын қылмыстың объективтік жағының белгісіне ауыстыру бұл қарама-қайшылықты шешуге мүмкіндік берер еді [8, 166-167 бб.]. Мұнымен қоса қылмыс затын қылмыс құрамының объективтік белгісі ретінде қарастыру қазіргі таңда қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделермен қандай да бір объективтік қажетті байланысы жоқ заттар тобының бар болуы негізі бойынша қолдау таппайтын тәрізді. Қылмыстық құқықтың теориясы да тәжірибесі де заңның еркін айналымдағы немесе азаматтық айналымнан алынған не шектелген заңды немесе заңсыз иеленуді, заттарды қорғайтындығын куәландырып отыр. Шын мәнінде бұл жерде мәселе қылмыстық қол сұғушылықтың затында емес, қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісінде болып отыр.

Қылмыс құрамының құрылымында қылмыс затының бар екендігін жоққа шығаратын да көзқарастар бар (М.М.Исаев, Б.С.Никифоров, А.А.Пионтковский). Қылмыс заты қылмыстың тікелей объектісі, бұл ретте қылмыс заты мен объектісін қарсы қойып салыстырудың негізі жоқ. Аталған тұжырымдаманы жақтаушылар адамдардың мүдделерін білдіретін әлеуметтік құндылық ретіндегі қылмыс заты адамдардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндігі бар, сондықтан ол қылмыскердің басқа біреуге тиесілі құндылықтарды заңсыз иелену, бүлдіру немесе жоюға ниеті пайда болған кезден бастап қылмыс объектісі болып шыға келеді. Осылайша қылмыс затына қарамастан кез-келген талант-тараждың объектісі болып адамның, қоғам немесе мемлекеттің меншігі болып табылатын біреудің мүлкі табылады. Сондықтан меншікке қарсы қылмыстар жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке қарсы қылмыстар ретінде есептеледі.

Көріп отырғанымыздай, қылмыс затының мәнін, оның қылмыс құрамы жүйесіндегі орнын түсінуге байланысты орын алып отырған қайшылықтар ең алдымен қылмыстық құқық теоретиктерімен «қылмыс объектісі», оның қылмыс затымен байланысы түсініктерін дұрыс түсінбеулерінен.

Қазіргі постиндустриалды қоғам заманында әлеумет пен экономикада болып жатқан процесстерге көңіл аудармауға болмайды және бұрынғысынша қылмыстық құқықтағы қылмыс заты деп тек материалдық құндылықтарды санаудың қажеті жоқ. Бұл ретте егер қылмыс заты ретінде материалдық құндылықтармен қатар материалдық емес құндылықтарды да қарастыратын болсақ қылмыс затын қылмыстың объектісімен теңдестіру және оның қылмыс құрамы құрылымындағы орны мәселесін шешу қажет.

Егер қылмыс затын оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын қылмыс объектісі ретінде қарастыратын болсақ, онда әлеуметтік құндылықтар мен мүдделерді білдіретін қылмыс объектісі мен қоғамдық қатынастар жөнінде айта кеткен дұрыс болады. Нақты қоғамдық қатынастың құрылымын бірқатар элементтер қатары құрайды: а) оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын зат (нақты мүдделер); б) қоғамдық қатынастар субъектілері (мемлекет, заңды және жеке тұлғалар); в) қоғамдық қатынастар субъектілерінің арасындағы әлеуметтік байланыс – қызмет. Осылайша қоғамдық қатынастардың заты болып мұндай қатынастар пайда болып, өмір сүретін барлық заттар табылады. Ал олар ретінде материалдық игіліктер, құндылықтармен (заттар, ақша, бағалы қағаздар және басқа мүліктер) қатар, материалдық емес, рухани құндылықтар мен игіліктер (абырой, ар-намыс, өмір, денсаулық, ақпарат, ерекше құқықтар және тағы басқалары) болуы мүмкін.

Белгілі бір қоғамдық қатынастарға қылмыстық қол сұғушылық бұл қатынастардың затына әсер ету арқылы жүзеге асады, ал затсыз қоғамдық қатынастар болмайды. Сәйкесінше бұл жағдайда біздер затсыз қылмыс ар болмайды деп атуға мәжбүр боламыз.

Қылмыскер әсер ететін қылмыс заты ретінде тек материалдық дүниенің заттары ғана танылады деген көзқарасты жақтаушы құқықтанушылар қол сұғушылық қандай да бір моральдық немесе рухани құндылықтармен байланысты қатынастарға бағытталған қылмыс затынсыз болатын қылмыстардың болуына еріксіз қайшылық тудырады. Мысалы, О.Е.Спиридонова аталған қайшылықты қылмыс затының түсінігін жетілдіру жолымен шешуді ұсынып отыр. Оның айтуынша: «...материяны басқа заттармен теңдестірмей, оны объективтік шындық ретінде қарастыру қажет. Бұл тұрғыда интеллектуалдық құндылықтар да, қандай да бір құқықтар да, мүдделер де нақты

шынайылықты құрайды, яғни олар материалды құндылықтар болып табылады. Өйткені бұл дүниеде басқа құндылықтармен қатар өмір сүруде. Сондықтан сөздің кең мағынасында оларды материалдық дүниенің заттары деп атауға болады» [9, 10-11 бб.].

Алайда егер қылмыс заты ретінде адамдар арасында оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын затты қарастыратын болсақ, онда қоғамдық қатынастар заты қылмыс затымен сәйкес келеді, немесе оларға қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын құндылықтар қол сұғушылық нәтижесінде қылмыстық әсер етуге ұшырап, нәтижесінде әлдекімге зиян келтіріледі немесе зиян келтірілу қаупі туындайды. Бұл ретте Г.П.Новоселовтің пікірін дұрыс деуге болады. Оның айтуынша «кез-келген қоғамдық қатынастың заты қылмыстың объектісі мен субъектісі болатынын көрсететіндей, қоғамдық қатынастың объектісі мен субъектісі оның затының болуын болжайды. Бұл көзқарасқа қарағанда қылмыс тек объекті мен субъектісіз ғана емес, сонымен қатар қол сұғушылықтың затынсыз болмайды дегенді білдіреді. Айтылғандарға сәйкес мәселе «қылмыс заты бар» немесе «қылмыс заты жоқ» қылмыстар туралы емес, мәселе қылмыс заты болып әртүрлі материалдық құндылықтар (мүлік, ақша және тағы басқалары) және қылмыс заты ретінде материалдық емес құндылықтар (абырой, ар-намыс, интеллектуалдық меншік және тб.) табылатын қылмыстар туралы болуы қажет [10, 152 б.].

Сонымен қазіргі таңда қылмыс заты ретінде оған қатысты қоғамдық қатынастар пайда болатын құндылықтарды тану көпшілікпен мақұлданған. Бұл ретте қылмыс субъектілері олардың мүдделерін білдіретін, соған байланысты бұл заттар әлеуметтік құндылықтар болып табылатын өзара белгілі бір қылмыс заты үшін нақты қатынасқа түседі. Аталған жағдайда қылмыс заты қорғалатын қоғамдық қатынастардың құрамдас бөлігі болып табылады; олар ретінде қоғамдық қатынастардың заты ретінде танылатын жеке элемент қарастырылады. Сонымен қатар, қылмыс объектісі ретінде танылатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіру қылмыс затына әсер ету арқылы жүзеге асырылатынын ұмытпаған жөн. Сәйкесінше қылмыс заты жоқ қылмыстар болмайтындықтан, барлық қылмыстарда материалдық немесе материалдық емес құндылықтар түріндегі қылмыс заты болады деп болжалады.

Айтылғандардың негізінде қылмыс затын қылмыстық қол сұғушылық объектісінен ажырату қажет. Е.А.Мазуренко қоғамдық қатынастардың көрінісі мен тасымалдаушысы бола тұра қылмыс заты жеке категория болып есептеледі, себебі көптеген жағдайларда қандай қатынастар болмасын олардың барлығы қоршаған ортаның материалдық немесе материалдық емес объектілеріне әсер ету нәтижесінде бұзылуы мүмкін. Сондықтан қылмыс объектісі мен заты әлеуметтік және материалдық категория ретінде арақатынаста болады [11, 45 б.].

Бұл ретте «қылмыс заты» мен «қоғамдық қатынастар заты» сияқты ұғымдарды ажырата білу қажеттілігі туындайды. Дегенмен қоғамдық қатынастар түсінігінің өзі қылмыстық-құқықтық санат емес, философиялық ұғым. Бұл тұрғыдан қарасақ, қоғамдық қатынастардың заты ол аталған қатынастар неге байланысты туындап, өмір сүретіндігіне оның субъектілерінің қызығушылығын көрсетеді. Қоғамдық қатынастар заты – материалдық элем заттарымен және субъектілер қатынастары көрінісінің нысанымен теңдестіруге болмайтын идеалды құбылыс. Нақ осы қызығушылық қоғамдық қатынастың түйіні болып табылады, себебі қоғамдық қатынастардың субъектілері нақты өздерінің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған қызметтерін жүзеге асырады. Өздерінің қызығушылықтарын (мүдделерін) қанағаттандыру үшін түрлі құндылықтар құрастыра отырып адамдар әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға түседі [12, 87 б.]. Бұл көзқарас тұрғысынан қылмыс объектісіне қылмыстық қол сұғу қоғамдық қатынас мүддесіне, оның мүшелеріне, адамдардың нақты қызметіне тікелей әсер етеді. Сәйкесінше қылмыс затын объектісі тәріздес құбылыс – себеп, жағдай немесе қоғамдық қатынастар өмір сүруінің айғағы ретінде қарастыруға болады. Материалдық және материалдық емес элемнің заттары қоғамдық қатынастардың субъектілерімен тікелей байланысты.

Біздің көзқарасымыз бойынша қылмыс заты қылмыс объектісінің факультативтік белгісі емес. Дұрысы қылмыс заты қылмыс құрамының жеке элементі. Оны бұлай бөліп қарастыру тәжірибелік сипатқа ие және ол нақты бір қылмысты дұрыс саралауға ықпал етеді. Қылмыс заты жекеленген қылмыстық-құқықтық мағынаға ие болатын белгілер мен ерекшеліктер жиынтығынан тұрады және олар қылмыстық жауаптылықтың негізіне әсер етеді. Сонымен қатар, қылмыс затының физикалық, әлеуметтік және заңдық белгілері көп жағдайда ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажыратудың және қылмыстық әрекеттерді қылмыстық емес әрекеттерден ажыратудың негізі ретінде қарастырылады.

Біздің пікірімізше барлық қоғамға қауіпті әрекеттер қылмыс затына әсер ету арқылы жасалады. Алайда кейбір жағдайларда мұндай әсер етулер барынша толық (материалдық құндылықтарға қол сұғу мен қорғалатын мүдделерге әсер ету арқылы зиян келтірудің анық көрінетін механизмі



болғандықтан) қарастырылады, ал басқа жағдайларда – жоқ (себебі мәселе материалдық емес құндылықтарға қатысты болғандықтан). Бұл мұндай жағдайда қылмыс затының жоқтығын білдірмейді, өйткені қылмыс затынсыз қылмыстар болмайды. Сәйкесінше қылмыс заты ретінде қылмыстық қолсұғушылыққа ұшырайтын материалдық (заттар, ақша, мүлік) және материалдық емес (мүліктік және міндеттемелік құқықтар, ақпарат, ар-намыс, денсаулық, қызмет және тб.) бола алады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1 Әпенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері: оқулық. - Алматы: «Заң әдебиеті», 2006. - 332 б.

2 Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. Волгоград, 1980. – 98 с.

3 Фролов Е.А. Объект уголовно-правовой охраны и его роль в организации борьбы с посягательствами на социалистическую собственность: автореф. дис. ...д-ра юрид.наук. Свердловск, 1971. – 30 с.

4 Кравцов С.Ф. Предмет преступления: автореф. дис. ... канд. юрид.наук. Л., 1976. – 32 с.

5 Кузнецов И.В. Понятие и виды предметов преступлений в уголовном праве России: автореф.дис. ... канд.юрид.наук. Челябинск, 2007. – 32 с.

6 Новоселов Г.П. Учение об объекте преступления (методологические аспекты). М., 2001. - 53 с.

7 Винокуров В.Н. Объект преступления: аспекты понимания, способы установления и применение уголовного закона. М., 2012. – 172 с.

8 Бикмурзин М.П. Предмет преступления: теоретико-правовой анализ: дис. ... канд.юрид.наук. Уфа, 2005. С. 166-167

9 Спиридонова О.Е. Символ как предмет преступления: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Казань, 2002. – 27 с.

10 Козаченко И.Я., Новоселов Г.П. Уголовное право. Общая часть. М., 2010. – 211 с.

11 Мазуренко Е.А. Объект и предмет уголовно-правовой охраны преступлений против собственности: современные проблемы квалификации. М., 2003. – 96 с.

12 Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть. Учебник. Отв. ред. – д.ю.н., проф. И.И. Рогов и д.ю.н., проф. К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті Жарғы, 2016. – 448 с.

**Жетібаев Н.С.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, "Халықаралық құқық" кафедрасының доценті,  
з.ғ.к, E-mail: Zhetybaev-14@mail.ru

**Қуаналиева Г.А.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, "Кеден, қаржы және экологиялық құқық"  
кафедрасының профессоры м.а., з.ғ.д, E-mail: Kuanalieva.guldanakz@mail.ru

**Мадыхан С.М.**

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының «Қылмыстық-құқықтық пәндер және  
құқық қорғау» кафедрасының аға оқытушысы, E-mail: madhansaule@mail.ru

**АДАМ САУДАСЫ ҚЫЛМЫСТАРЫМЕН КҮРЕСУДЕГІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Түйін.* Қазіргі таңда адам саудасы қылмыстары біздің уақытымыздың аса өзекті мәселелерінің бір болып қалуда. Құлдық осыдан 200 жыл бұрын жойылуға қарамастан, адамдар саудасы құлдық ретінде көрініс тауып қазіргі кезеңде бұл институт өзгеріске түсе отырып қайтадан жандануда. ХХІ ғасырдың басында адамдарды саудаға салу адамның құқығын таптаудың елеулі нысандарының бірі болып қалды. Адамдарды саудаға салу мәселесі күн сайын көптеген адамдарды қамтуда.

*Түйін сөздер:* адамдар саудасы, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылық, өлім жазасы, миграция, балалар саудасы.

*Summary.* Now human trafficking is one of topical issues. Though slavery is destroyed 200 years ago, trade of a human at the present stage acquiring the status slavery comes to life new paints and signs. At the beginning of the 21st century human trafficking remains as one of forms of an essential unichnozheniye and human rights violation. Human trafficking gaining mass character quickly extends.

*Keywords:* human trafficking, transnational organized crime, death penalty, migration, child trafficking.

*Резюме.* В настоящее время торговля людьми является одним из актуальных вопросов. Хотя рабство уничтожено 200 лет тому назад, торговля людьми на современном этапе приобретая статус рабство оживает новыми красками и признаками. В начале ХХІ века торговля людьми остается как одна из форм существенного уничтожения и нарушения прав человека. Торговля людьми приобретая массовый характер быстро распространяется.

*Ключевые слова:* торговля людьми, транснациональная организованная преступность, смертная казнь, миграция, торговля детьми

Адамдар саудасымен күресудегі ЕҚЫҰ ерекше рөлін айтып кетуіміз қажет, ЕҚЫҰ осы мәселеге қарсы тұруда тиісті нормативті құқықтық актілерді (мысалы, адамдар саудасымен күресу туралы ЕҚЫҰ іс-әрекеттер жоспары) қабылдай отырып сүбелі үлес қосуда [1, 12 б].

ЕҚЫҰ арнайы өкілінің Бюросының маңызды әрекетін атап өтуіміз қажет, ол ЕҚЫҰ іс-әрекеті Жоспарының ережелерін орындауға тырысып жатыр және теориялық және тәжірибелік аспектісін жүзеге асыруда. Сонымен қатар, арнайы өкілдің Бюросы:

1) Үкіметтермен ынтымақтаса отырып, оларға тиісті көмек көрсетеді;

2) Халықаралық ұйымдармен соның ішінде Еуропа Кеңесімен, ЮНИСЕФ-пен, әртүрлі үкіметтік емес ұйымдармен тығыз әріптестік қатынастар орнатқан;

3) Ақпарат құралдарына ашықтықты қамтамасыз ету жолымен ұйым мүшелеріне көмек және қолдау көрсету, ақпараттар алмасу мен мәліметтер жинау мақсатымен көмек көрсетеді.

Жыл сайын АҚШ Мемлекеттік Департаменті адамдар саудасы жөнінде баяндама жасайды. 2010 жылы алғаш рет оның құрамына АҚШ енді, адамдар саудасын жоюға бағытталған және минималды стандарттарды орындайтын, оның ұйымдастырушылары мен орындаушыларын қудалауды немесе жәбірленушілерді қорғауды көздейтін елдердің қатарынан көрінді. Сонымен қатар, осы топқа Италия, Словения және Оңтүстік Корея елдері де енді.

Италия Еуропалық Одақ елдерінің ішінде осы мәселені шешудегі алдыңғы қатарлы мемлекет болып танылады. Ол трафикингті жоюға нақты бағытталған құқықтық актілерді қалыптастырды. Елдің аумағында адамдар саудасы туралы Заң жұмыс істей отырып, адамдар саудасымен күресте әртүрлі ведомстволардың іс-әрекетін үйлестіреді және жәбірленушілердің заңды мәртебесін қамтамасыз етуде көмек көрсетеді. Заң Италияның құқық қорғау органдарына адам саудалаушылардың кірістері мен мүліктерін алуға немес тәркілеуге рұқсат береді. Түскен табыстан жәбірленушілерге өтемақы төлеуге, жәбірленушіге куәгер құқығын иеленуге рұқсат береді, сондай-ақ сотта өзінің мүддесін толық қорғау үшін басқа да процессуалдық құқығын ұсынады. Сонымен

қатар, Италияда «Жезөкшелікті алып тастау туралы және басқа да адамдарды жезөкшелік мақсатпен пайдалануға қарсы күрес» туралы (20 ақпан 1958 жыл) Ереже қолданылады. Аталған келеңсіз құбылыспен күресудегі Бельгияның тәжірибесі қызықтырады. XX ғасырдың 90 жылдары Антверпен Шығыс Еуропадан адамдарды саудалаудың негізгі орталығына айналды. Аталған мәселемен күресуде 13 сәуір 1995 жылы адамдар саудасы, балалар порнографиясы және кәмелетке толмағандарды жыныстық пайдаланғаны үшін қылмыстық жаза мен жауаптылық мазмұнын көздейтін заң қабылданды. Қылмыстың арнайы түрі – адамдар саудасы көзделінді және «секс-туризм» жарнамасына тиым салынды, ол әйелдер мен балалар саудасын жасыру ретінде көрініс тауып отырды.

Бельгияда адамдар саудасына жәбірленгендерді қорғау туралы Бағдарлама жұмыс істейді. Көмек көрсететін арнайы ұйымдарға жүгінген жәбірленушілерге елде 45 күн болу құқығы беріледі. Осы кезеңнің ішінде олар адам саудалаушыларға қарсы талап қоя алады. Егер жәбірленуші қаласа оған тұру үшін үш айға уақытша баспана береді және уақытша жұмыс істеуге рұқсат беріледі. 1995 жылғы заңсыз тасымалдаулар мен адамдар саудасы туралы Заң жәбірленушілерді қолдаудың механизмін неғұрлым күшейте түсті.

Сондай-ақ Бельгияда контрабандалық тасымалдаудың жәбірленушілеріне көмек көрсету Бағдарламасы жұмыс істейді. Аталған бағдарламаға сәйкес мамандандырылған ұйымдар жәбірленушілерге баспана ұсынады, медициналық көмек көрсетеді, әлеуметтік қамтамасыз етеді және жұмыс іздеуге көмек көрсетеді. Адамдарды саудалау мәселесі АҚШ-та негізгі күрделі мәселелердің қатарында, жыл сайын жүздеген мың адам әлем елдерінен жұмыс іздеп осы елге келеді де олардың көпшілігі құлға айналады. Барлық штаттарға ортақ ақ нәсілді құлдық туралы адамдар саудасы жөніндегі федералды заң танылады. Аталған заң кез келген адамға (кәмелетке толғанға немесе кәмелетке толмағанға) қолданылады, бір адам екінші адамды жезөкшелікке салу немесе басқа да жыныстық сипаттағы құқық бұзушылықтар жасау үшін саналы түрде бір штаттың немесе мемлекеттің шекарасынан алып өтеді.

Адамдарды саудалаушыларға қатысты қатаң жазаны біз Тайландтың Қылмыстық кодексінен кездестіреміз. Тайланда адам ұрлау қылмыстарын бостандық пен беделге қарсы қылмыстарға жатқызады. Адамды пайда көру мақсатымен ұрлаған әрекеттер үшін Тайландта 15 немесе 20 жылға бас бостандығынан айырады немесе ірі мөлшерде айыппұл салынады немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға әлде өлім жазасына кесіледі. Егер де осы тұрғыдағы қылмыстарды жасау барысында ұрланған адамға жарақат келсе немесе қинау әрекеттері жасалынса, кінәлі адам өмір бойы түрмеге отырғызылады немесе өлім жазасына кесіледі.

Ресей осы мәселені шешуде елеулі күш-жігер жұмсауда, бірақ та олардың әрекеттері соншалықты пәрменді емес. Мысалы, мемлекет және Үкіметтік емес ұйымдарды шетелдік донорлар қаржыландыратындықтан өздерінің іс-әрекеттерін үйлестірмейді және әр қайсысы өздерінің аумақтарында әрекет етеді.

2003 жылы Ресейде адамдар саудасымен күресу туралы Заңды әзірлеуге талпыныс жасалынды. Ресей Заңын жасау үшін негіз ретінде американдық Trafficking Victims Protection Act of 2000 Заңы алынды, Ресей заңын әзірлеушілер Ресейдегі ұйымдасқан қылмыстылықтың дамуының сипаты мен қарқынын өздерінің заңдарына ескере отыра енгізуді көздеді. Аталған заңның ерекше белгісі ретінде бұрын Ресей заң актілерінде кездеспеген бағдарламалық, кешендік, үлгілік алынды [2].

Аталмыш мәселені шешуде әртүрлі мемлекеттер әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұстанады, егер де 1999 жылы Швецияда жыныстық қызметтерді пайдалану заңсыз деп танылса, 2002 жылдың қаңтар айынан бастап Нидерландыда жезөкшелік заңдастырылды. Жекелеген елдер де құқық бұзушылар үшін жазалау шарасын қатаңдатып жатыр. Мысалы, біздің көршіміз Қырғызстан 2003 жылы өздерінің Қылмыстық кодексіне адамдар саудасы үшін жазаны күшейтуді көздейтін, яғни 20 жылға дейін түрмеге жабу немесе мүлкін тәркілеу түріндегі жазаны көздейтін өзгерісті енгізді. Осыған ұқсас өзгерістер әлемнің басқа да елдерінде мәселен, Дания, Алжир, Исландия және Біріккен Корольдікте енгізілді.

2002 жылы Данияда заңшығарушылық деңгейде байланыс каналының құпиялылығын бұзуға қатысты тергеу органдарының мүмкіндіктері едәуір кеңейтілді. Грекияда президенттің 233/2003 Жарлығына сәйкес жезөкшеліктен, адамдар саудасынан, құлдықтан зәбір көрген адамдар, қазіргі кезде тұрғын үйге, тамақтануға, психологиялық қолдауға, зәңі көмек алуға және кәсіби дайындыққа құқығы бар [3]. Осыған ұқсас шаралар Австралияда, Құрама Штаттарда да бар. Сондай-ақ көптеген мемлекеттерде жәбірленушілер мен куәгерлерді қорғау шаралары күшейтілуде.

Нақтырақ айтқанда, Болгарияда сот талқылауы барысында құпиялылыққа кепілдік беріледі. Польшада жәбірленушілер мен куәгерлерге жауапкердің сот залында болмауына қарамастан

көрсету беруге рұқсат беріледі. Германияда, Испанияда, Италияда, Канадада, Польшада және Құрама Штаттарда адамдар саудасының жәбірленушілеріне уақытша немесе тұрақты тұрғын жай беріледі [4, 4 б]. Адамдар саудасымен күресу үшін біз оның таралу көлемін нақты білуіміз қажет, өкінішке қарай бізде оны анықтайтын мәліметтер тапшы. Бұл мәселе Қазақстан Республикасында әлі күнге дейін теориялық тұрғыдан шешімін таппаған күрделі мәселе. Осы мәселені шешуде дұрыс және пара-пар тәжірибелік шаралар әзірлеу қиындық туғызуда, бұл келеңсіз құбылыс жыл өткен сайын саны өсе түсуде [5, 3 б]. 112 оқиғаның (100%) , 87 адам (78%) – еңбек күшінің жәбірленушісі және 25 адам (22%)–сексуалды пайдаланушылардың жәбірленушілері болды. Ресми статистика адамдар саудасының мәліметімен айналысатын қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың мәліметтеріне қарағанда едәуір айырмашылығы бар [6].

Осы мәселеге байланысты мәліметтерде айырмашылықтар бар. Егер де ресми статистика басқа мәлімет берсе, үкіметтік емес ұйымдар басқаша мәліметтерді таратуда. Нақты еліміз бойынша адамдар трафигіне қатысты мәліметтерді алу өте қиын. Адамдар саудасымен әлемде көптеген ұйымдар айналысуда, мысалы, Миграция бойынша халықаралық ұйым (МХҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ОБСЕ), Еуропалық Одақ (ЕО) және басқалары. Қазақстан Республикасында адамдар саудасының алдын алуға байланысты және одан жәбір көрген тұлғаларға медициналық көмек көрсетуге байланысты ақпараттық қызметпен айналысатын 20 дан астам ұйым бар. Мысалы, «Родник» деп аталатын әйелдер мен балаларды әлеуметтік-психологиялық оңалтатын және бейімдейтін Қоғамдық қор орталығы, Орталық Азияда адамдар саудасына қарсы Үкіметтік емес ұйымдардың Ассоциациясы. Олардың осы саладағы тәжірибесі жеткілікті. Олардың кейбірі медициналық та, психологиялық та көмек көрсетеді. Мысалы, «Родник» Қоғамдық қор орталығының осы мақсаттар үшін өзіндік бейімдеу орталығы бар.

Айықтыру бағдарламасынан өткен адамдар саудасының құрбаны болған адамдардың саны туралы мәлімет:

Орталық ашылғанға дейін	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	Барлығы
13 адам, соның ішінде: 6 – Өзбекстан азаматы 7 – Қазақстан азаматы	19 адам, соның ішінде: 10 – Өзбекстан азаматы 8 – Қазақстан азаматы 1 – Қырғызстан азаматы	17 адам, соның ішінде: 7 – Өзбекстан азаматы 2 – Қазақстан азаматы 2-Қырғызстан азаматы 2-Тәжікстан азаматы	9 адам соның ішінде: 7 – Өзбекстан азаматы 2 – Қазақстан азаматы	8 адам соның ішінде: 4 – Өзбекстан азаматы 2 – Қазақстан азаматы 2 – Ресей азаматы	66 адам: 34 – Өзбекстан азаматы 21 – Қазақстан азаматы 4 - Қырғызстан азаматы 5 – Тәжікстан азаматы 2 - Ресей азаматы

Келу уақыты – жеке тәртіппен шешіледі. (Ескерту: Гендерлік құрамы: Әйелдер – 63. Пайдалану түрі: еңбек – 12; жыныстық қызмет – 53; куәгер – 1; адамның құқығын бұзудың басқа да түрлері – 2. Кәмелетке толмағандар: Өзбекстан азаматтары – 6 адам; Қырғызстан азаматтары – 3 адам; Қазақстан азаматтары – 3 адам; Тәжікстан азаматтары – 2 адам.

Олардың ішінде 4 адам – еңбекке пайдалану; 9 – адам жыныстық қызметке пайдалану; 1 – адам жыныстық қызметті пайдаланудың куәгері).

Осы кестеден көрініп отырғанындай «Родник» Қоғамдық қорында айықтыру бағдарламасынан өткен жәбірленушілердің көпшілігі Өзбекстан мемлекетіне тиесілі. Одан кейін Қазақстан. Бұл ішкі трафигтің күшейіп тұрғандығын көрсетеді.

Кейбір мәліметтер бойынша, Қазақстаннан тасымалданатын адам саудасынан түсетін ақшалай айналым 1 миллион \$ асып түседі, ішкі трафигті санамаса нақты сан – 3-4 миллион \$ асып түсуі мүмкін. Кейбір мәліметтер бойынша Шымкент қаласында 1500 астам жезөкше қыз-келіншектер жұмыс істейді. Олардың тең жартысы бізбен көршілес мемлекеттердің азаматтары (Өзбекстан және Тәжікстан). Осы елден келген «түнгі көбелектер» орташа есеппен қазақ жерінде 300 ден 600 \$ табыс таба алады, ол елдің азаматтары үшін бұл үлкен табыс болып саналады. Аталған елдерден келген жезөкше қыздардың айтуынша, алладан қорқатын патриархалды өзбек және тәжік қышлақтары қазір едәуір өзгеріске түскен. Әндіжан облысынан (Өзбекстан) келген 18 жасар Зухра өткен жылы Қазақстанға туысқандарының келісімімен келіп қазіргі таңда бүкіл отбасын асырап отырғандығын айтты. Жезөкше қыздардың көпшілігінің айтуынша оларды азғырып-көндірудің тәсілдері

жеткілікті. Кейбіріне жақсы жұмыс тауып беремін деп уәде береді, кейбірінің құжаттарын келген бойда сутенерлар тартып алып ұрып-соғу немесе қорқыту арқылы жезөкшелікпен айналысуға салған, кейбіреулері өз еріктерімен Қазақстанға жезөкшелікпен айналысуға келген.

Қазақстанда көршілес мемлекеттердің азаматтарын жыныстық пайдаланудан басқа мәжбүрлеп еңбекке салу да дамыған.

Криминалды жаңалықтар хабарламасы көрсетіп отырғанындай Қазақстанның солтүстік облыстарының тұрғындары адам саудасының құрбандары ретінде Шығыс Еуропа мемлекеттеріне тасымалданады, ал Оңтүстік облыстардың қыздары Араб елдеріне тасымалдануда. Полицияның мәліметінше 2010 жылы Оңтүстік-Қазақстан облысынан шет мемлекетке жалақы табу үшін 200 адам шыққан.

2001 жылы халықаралық дау туындады. 2001 жылы ақпан айында Оңтүстік-Қазақстан облысына албандық сутенер Фато ісіне қатысты Франциядан полиция келді. Ол өзінің көмекшісі (Қазақстан азаматтарының көмегімен) қазақ қыздарын Париждің махабат нарығына тасымалдау каналын жолға қойған. Кейіннен ол ұсталды, онымен бірге полицияның қолына Шымкент қаласының қыздары да түскен. Осы оқиғадан кейін француздар өз елінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан жезөкшелерінің құпия синдикаты ашылды», «Шығыстан секс-экспанция» деп аталатын мақалаларды ала келді.

Қазақстан аталған келеңсіз құбылыспен күресуде елеулі қадамдар жасауда. Қазақстан Республикасының Үкіметінің жанында Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі басқаратын адамдарды заңсыз алып келу, алып кету мәселесімен айналысатын Ведомство аралық комиссия жұмыс істейді. Комиссия құрамына мемлекеттік, құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес органдар мен халықаралық ұйымдар кіреді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009-2011 жылдарға арналған адамдар саудасымен байланысты қылмыстардың алдын алу және тойтару бойынша іс-шаралар жоспары жүзеге асырылды.

Шолушылардың айтуынша құлдар саудасымен күресуде заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру акциясы оң әсер етті. Бұл акция Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен Қазақстан Республикасының «Заңсыз еңбек мигранттарын заңдастырумен байланыстырумен рақымшылық жасау» туралы Заңына сәйкес 2006 жылдың тамыз-желтоқсан айы аралығында жүргізілді.

Осы акцияның нәтижесінде 164,6 мың заңсыз еңбек мигранттары заңдастырылды. Оның ішінде: Өзбекстаннан – 117 133 адам (71,1%), Қырғызстаннан – 23 856 адам (14,5%), Ресей Федерациясынан – 10 760 адам (6,5%), Тәжікстаннан – 4673 адам (2,8%), басқа да мемлекеттерден – 8164 адам (4,9%) [7, 45 б.].

Әр жыл сайын республикалық бюджеттен «Шет мемлекеттерге заңсыз алынып кеткен және адамдар саудасының құрбаны болған, сондай-ақ шет мемлекеттерде басқа да қылмыстардан жәбірленген немесе форс-мажорлық жағдайларда қалған Қазақстан Республикасының азаматтарына қаржылық көмек көрсету туралы» Бағдарламаға қаржы бөлінеді. Сонымен қатар Қазақстанда Әділет Министрлігінің әріптестері – дағдарыс орталықтары жұмыс істейді. Олар адам саудасынан жәбір көрген адамдарға білікті психологиялық көмек көрсетеді. Біздің елімізде олардың жалпы саны – 33.

2008 жылы мемлекет бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттық науқандарды жүргізу үшін 330 000 \$ бөлді. Барлығы адамдар саудасына қатысты 300 – ден астам теле және радио бағдарлама шықты, 400-ден астам баспасөз құралдарына мақала жарияланды.

Адамдар саудасымен күресті күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы 2008 жылы бірқатар маңызды құжаттарды ратификациялады, осы жылдың ақпан айында 25 қыркүйек 1926 жылғы Құлдық туралы конвенцияны ратификациялау, 7 желтоқсан 1953 жылғы Құлдық Конвенциясына өзгерістер енгізу туралы және 7 қыркүйек 1956 жылғы Құлдық, құл саудасы және құлдыққа ұқсас институттар мен әдеттерді жою туралы қосымша конвенция туралы Заңды қабылдады. Сонымен қатар, атап өту қажет Қазақстан Бала құқығы туралы Конвенцияның, аталған Конвенцияға Факультативті хаттаманың, адамдар саудасына, балалар жезөкшелігіне және балалар порнографиясына қатысты Конвенцияның, әйелдерге қатысты нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияның, № 29, № 105, №182 Халықаралық Еңбекті Ұйымдастырудың үш Конвенциясының қатысушысы болып танылады. Қазақстан Республикасы (2002 жылы) Адамдар саудасының алдын алу және онымен күрес туралы Брюссель декларациясына, адамдар саудасына, балалар жезөкшелігіне және балалар порнографиясы туралы Конвенцияға Қосымша хаттамаға (2000 жыл) қол қойды. «Адамдар саудасына қарсы тұру мәселесі бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. 2008 жылы мамыр айында Қазақстан «Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы БҰҰ

Конвенциясын», (Палермо хаттамасын) және оған қосымша 3 хаттаманы ратификациялады. Ратификацияға дейін біздің еліміздің қылмыстық және әкімшілік заңдарын адамдар саудасына қарсы халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге байланысты көптеген жұмыстар атқарылды.

Адамдар саудасына ерекше маңыз бере отырып, құқық қорғау органдары азаматтардың миграциялық үдерісінің криминогенді аспектілеріне дер кезінде жауап беру үшін барлық көптеген шараларды жасауда. ПМ тарапынан «STOP-трафик» жедел-ізвестіру алдын алу шаралары жүргізілуде, осы іс-шаралардың негізгі міндеті болып адамдар саудасының фактісін, жезөкшелікпен айналысуға тартуды, еңбек күшіне пайдалану үшін адамдарды пайдалану немесе заңсыз бас бостандығынан айыру мақсатында фактілерді анықтау. .

5 қыркүйек 2011 жылы полицейлермен операция жүргізілді. Қабылданған шарлар нәтижесінде полиция қызметкерлерімен келесідей фактілер анықталды: адамдар саудасының 5 фактісі, кәмелетке толмағандарды саудаға салудың 3 фактісі, жезөкшелікпен айналысуға тартудың 3 фактісі, притонда ұстау мен жезөкшелікке жеңгетайлықтың 40 фактісі және шығарып жіберу туралы шешімді орындамаудың 16 фактісі анықталды.

Жеңгетайлықпен айналысқан 49 адам және жезөкшелікпен айналысқан 383 адам, олардың 2-уі із-түссіз жоғалды деп іздеуде болған. Ішкі істер органдарының арнайы мекемелеріне тұлғасын анықтау үшін 99 адам тоғытылған, оның 51 ақылы жыныстық қызмет көрсетіп жүрген ТМД мемлекеттерінің азаматтары. Сондай-ақ Қазақстан аумағында жүріп-тұру ережесін бұзған 58 адам анықталды. Алматы қаласының ПД қызметкерлерімен қаладағы қонақ үйдің 50 жастағы иесі және қаладағы қонақ үйлердің бірінің 3 әкімшісі ұсталды. Олар осы қонақ үйлерде жезөкшелерге притондар ұйымдастырған және жеңгетайлықпен айналысқан. Сонымен қатар осы қонақ үйлерде жеңіл жүрісті 8 қыз анықталған, оның біреуі Қазақстан Республикасының аумағында көші-қон заңдарын бұзған Өзбекстан Республикасының азаматшасы.

2012 жылы адамдар саудасына байланысты 200-ден астам қылмыстық іс қозғалды.

Адамдар саудасына қарсы пәрменді күрес жүргізу халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырмау арқылы мүмкін емес. Қазақстан басқа да елдермен екі жақты және көп жақты келісімдер жасасты. А. Шорманбаеваның айтуынша, барлық жоғарыда келтірілген келісімдердің ішінде тек қана бір келісім Қырғызстан Республикасының Үкіметімен жасалған келісім ғана жұмыс істеуде [7, 14 б]. Біздің мемлекетіміздің тарапынан адамдар саудасына қатысты қабылданып жатқан шаралар ТМД мемлекеттерінің ішіндегі ең тиімдісі болып танылады.

Жезөкшеліктің құқықтық мәртебесі әртүрлі елдерде әрқалай. Кейбір мемлекеттерде жезөкшелік толықтай заңдастырылған, қайсыбір мемлекеттерде жезөкшелікке толықтай тиым салынған — бір жағдайларда заңшығарушылық тиым салу толық сақталады, кейбір жағдайларда формалды түрде ғана сақталады.

Лев Щегловтың пікірінше қазіргі түсінік бойынша заңдастырылған жезөкшелік біздің дәуірімізге дейін VI ғасырда Соломон патша «арнайы жарлық шығарып», онда арнайы орындарда жезөкше әйелдер басқа әйелдерден сыртқы бейнесі бойынша ажырататындай киініп, өздерінің табыстарының бір бөлігін мемлекетке беріп отырған дейді. Оның айтуынша, одан ертерек уақытта ру тайпалық қоғамда «қонақ жайлылық жезөкшелік» түсінігі қалыптасты (алыстан келген қонаққа таңдауына әйел ұсынылады) және храмдық жезөкшелік (жыныстық қызметі үшін табыс жезөкшеге емес, храмның қазынасына түседі) [8, 156 б].

Жезөкшелік Ежелгі Римде заңды болды, нақтырақ айтқанда тарихшылар сол кездегі жезөкшелер үйінің тарифін анықтаған, ол 2006 жылы музей ретінде қайтадан ашылды, осы музейге кіру үшін көрермен 8 құты қызыл шараптың құнын төлеуі тиіс болды [9].

Амстреданның әйгілі «қызыл шамдар кварталы» XIV ғасырлардан белгілі, XVII ғасырда Голландия әлемдік сауда орталығының бірі ретінде, заңды жұмыс істеп тұрған кәсіпорын — магистраттың инспекторы әр матрастан тиесілі салығын жинады [10].

ТМД мемлекеттерінде Кеңестер Одағынан қалған құқықтық модель жұмыс істейді — жезөкшеліктің өзі тек әкімшілік шара ретінде, ал жезөкшелікке мәжбүрлеу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде жазланады. Бірқатар айырмашылықтар да бар, мысалы, Молдова жезөкшелікті толықтай заңдастырды, ал Тәжікстан билігі керісінше жазаны қатаңдатудың нұсқаларын қарастыруда. сама проституция наказуется только административным образом,

Украинадағы жезөкшелік, притондарды құрғаны және ұстағаны немесе жеңгетайлық үшін азаматтардың салықпен ұсталмайтын табысының елу есептік көрсеткішінде айыппұл салынады немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығы шектеледі.

Аталған қылмыс құрамының ауырлататын бөлігі болып пайда табу мақсатымен, бұрын осы қылмыс үшін сотты болған әлде ұйымдасқан топпен жасалынған қылмыстар танылады. Аталған

қылмыс құрамы үшін бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстың аса ауырлататын құрамы болып көмелетке толмаған адамды тартумен жасалынған іс-әрекет танылады. Қылмыстық жаза шарасы ретінде екі жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыруға сотталалу көзделінген.

Украина Республикасының Қылмыстық кодексінің 303-бабында жеңгетайлық және жезөкшелікпен айналысуға тартқаны үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту немесе алдау, бопсалау немесе адамның тәуелді жағдайын пайдалана отырып немесе зорлықпен қорқыту арқылы жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу немесе жеңгетайлық үшін үш жылдан бес жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сондай-ақ осы қылмыс құрамы бірнеше ауырлататын құрамдардан тұрады. Қылмыстық кодекстің 303-бабының 1 бөлігінде көзделген бірнеше адамға қатысты немесе қайталанып жасалған немесе алдын ала сөз байласу арқылы топ болып жасаған немесе қызметтік жағдайын пайдалану арқылы лауазымды тұлғаның жасауы немесе жәбірленуші материалды немесе басқа да тәуелділіктегі жағдайын пайдаланып жезөкшелікке тартса төрт жылдан жеті жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 303-бабының бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, яғни көмелетке толмағанға немесе ұйымдасқан топпен жасалынған әрекеттер танылады. Қылмыстық кодекстің 303-бабының бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, яғни жасөспірімге қатысты немесе ауыр зардаптар алып келген әрекеттер.

Аталған баптың ескертуінде жезөкшеліктің нақты ұғымы беріледі. Жезөкшелік деп басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатындағы іс-әрекеттерін түсінеміз.

Жасөспірімді немесе көмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тарту немесе жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу үшін жауаптылық, мұндай әрекеттер алдау, бопсалау, аталған тұлғалардың тәуелді жағдайын пайдалана отырып немесе зорлық көрсетемін деп қорқытып, қызметтік жағдайын пайдалана отырып немесе сол тұлғаның материалдық немесе басқа да тәуелді жағдайын пайдалана отырып жасалғанына қарамастан жауаптылық туындайды [11, 45 б].

Украина заңдары жезөкшелікпен ұдайы айналысқаны үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді — бұл азаматтардың салықтан ұсталынбайтын табысының 50 ден 500 мөлшерінде айыппұл салынады немесе 120 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады, бірақта 2006 жылы қазан айында Киев ҚІБ бастығы Виталий Ярёма жезөкшелерге әкімшілік айыппұл ғана қолданылады, бұл тиімсіз деді.

Бүгінгі таңда айыппұл 15 гривен (\$3) құрайды, жаза ретінде жезөкшені үш сағат ұстайды да, одан кейін хаттама толтырылады.

Айыппұл туралы шешімді тұрғылықты жері бойынша әкімшілік комиссия қабылдайды, Киевтегі жезөкшелердің 80 % шет жақтан келгендер. Біз тұрғылықты жері бойынша хаттаманы жібереміз, оған ешкім де көңіл аудармайды [12, 145 б].

Жезөкшелікті заңдастыру туралы пікірталас бірнеше жыл бойы украин қоғамында жалғасып жатыр, соған қарамастан елде заңсыз жезөкшелік кеңінен тарауда. Мысалы, канадалық журналист Виктор Маларектің пікірінше Киев пен Одесса секс-туризмнің ірі әлемдік орталықтарының бірі болып табылады, ал РБК каналы Қырымды «Секс-туризмнің кеңестер одағы уақытындағы орталығы» болған деп атады. Жартылай түбек қазіргі уақытта да осы атағын сақтап қалды деді. Ал Қырымның жергілікті билігі осы келеңсіз құбылыспен күреспейді, өйткені ол Қырымға елеулі көлеңкелі табыс әкеледі деді. Молдовада жезөкшелік үшін қылмыстық жауаптылыққа 2005 жылы тиым салынған деді. «Время» деп аталатын Кишинев газетінің айтуынша, мұндай шешім қалыптасқан нақты жағдайды көрсетті және қоғам тарапынан сынға алынбағандықтан көптеген молдаван әйелдері оны лайықты табыс табу көзі деп санады.

Молдовада жезөкшеліктің саны артып кетті. Оған елдегі экономикалық тұрақсыздық, кедейшіліктің төменгі деңгейі және жұмыс орындарының болмауы әсер етті.

Молдовадағы, Украина және Белоруссиядағы миграция бойынша Халықаралық ұйым бағдарламасының үйлестірушісі Фредерик Ларссон, 2005 жылы мамыр айында Кишинев қаласында өткен ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес бойынша ведомство жетекшілерінің үшінші халықаралық конференциясында, Еуропа елдеріндегі жезөкшелердің 68 % жуығы Молдавияның азаматшалары болып шыққан.

Тәжікстанда жезөкшелік құқық бұзушылық деп танылып ақшалай айыппұл салынады. 2007 жылы қаңтар айында «Вечерний Душанбе» газеті тәжік астанасында жезөкшелік шырқау шегіне

жетті деп мәлімдеді— жезөкшелікпен, жеңгетайлықпен және притонды ұстаумен байланысты сол уақытта ПБ 1,1 мың жезөкше есепте тұр деді [13, 321 б].

Барлық шетелдік Еуропа мемлекеттері жезөкшелікке толық тиым салудан бас тартты. Оған тиым салу арқылы күресудің тиімсіз екендігін түсінді. Британдық құқық қорғау ұйымдарының қызметкерлерінің бірі Джерри Маклсонның сөзінше. Абсолютті зұлымдық — бұл жезөкшелік емес, оған тиым салу деді. Жезөкшелік тиым салынған жерде әр түрлі нысанда сыбайлас жемқорлық гүлдейді деді. Мен бұл жерде денсаулыққа елеулі зиян келетіндігі жайлы айтып жатқаным жоқ. Сол себепті де жыныстық қызметтерге толық тиым салынған елдерде, билік оны жұмсартуға тырысады.

Associated Press мәліметінше 2010 жылдың ортасында ТМД елдерінің шегінен тыс келесідей еуропа мемлекеттерінде тиым салынған: Албания, Исландия, Литва, Норвегия, Румыния, Швеция және бұрынғы Югославия мемлекеттері. Қалған еуропа мемлекеттерінде нақты елдің ұлттық заңдарымен белгіленген белгілі бір шектеулер бойынша тиым салынған. Нақтырақ айтқанда, жезөкшелер үйі Австрияда, Венгрияда, Швейцарияда, сондай-ақ Бельгияда, Данияда, Люксембургте және Финляндияда жезөкшелікке рұқсат етілген, бірақ жеңгетайлық және жезөкшелер үйіне тиым салынған.

Жезөкшені одан әрі заңдастыруда Нидерланды және Германия алдыға қарай жылжыды, бұл елдерде ғасырдың басынан бастап жезөкшелік заңды бизнес түрі ретінде, салығын төлеп және әлеуметтік қамсыздандырылуға жатады. Бірақта алғашқы он жылдықтың тәжірибесін ескере отыра, осы елдердің билігі бизнестің осы түрі неғұрлым өзіндік ерекшелігі бар және белгілі бір шектеулерді қажет етеді [14, 198 б]. Жезөкшелік заңды бизнес ретінде дамуына шектеу қойылған мемлекеттерде (мысалы Франция мен Италияда жезөкшелер үйіне 1946 және 1958 жылдары тиісінше тиым салынған), соңғы уақытта голландық-неміс нұсқасы бойынша одан әрі заңдастыру туралы үкіметтік жобалар кеңінен талқылануда.

Ұлыбритания заңдары жезөкшелікке тиым салмайды, бірақ оны бірқатар шарттар бойынша шектейді. Мысалы, жезөкшелерге көшеде кетіп бара жатқан ер адамдарға тиісуіне тиым салынған, болуы мүмкін клиенттің әйелдерге тиісуі және жеңгетайлық үшін қылмыстық жазаланады. В 2004 жылы ішкі істер министрі Дэвид Бланкет кейбір жезөкшелер үйін заңдастыруды ұсынды, бірақ оның ұсынысы қабылданбады [15, 190 б].

Ұлыбритания ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2006 жылдың басында 80 мыңдай жезөкше болған, олардың жартысы 25 жастан жас болған. Вестминистер университетінің әлеуметтанушылары британ жезөкшелерінің 3—4 % (мысалы, в Лидсте — 60 %) — өздерінің оқуына ақы төлеуі үшін табыс тауып жүрген студенттер болған [15, 167 б].

Ұлыбританияда Халықаралық секс-жұмыскерлерінің кәсіподағы (IUSW), жұмыс істейді, оған 2003 жылдан бастап GMB — Ұлыбританияның үшінші көлемдегі кәсіподағы кіреді. IUSW негізгі ұрандарының бірі болып басқа да мердігерлер мен жұмысшылар сияқты жағдайларда жұмыс істеп, жеке кәсіпкерлер сияқты жеңілдіктер алу танылады. Белсенділер жезөкшелікті толық заңдастыру үшін күресе отырып, заңмен тиым салу әлеуметтік зұлымдықты одан әрі күрделендіре түседі деді [15, 90 б].

Германияда жезөкшелік 2002 жылдан бастап заңдастырылды, бірақ онымен айналысуға тек Еуропалық Одақ елдерінің азаматшаларына ғана рұқсат берілді. Сол жылдан бастап жезөкшелікті беймораль әрекеттерге жтқызу сот тәртібімен қудаланды. Заң Германия жезөкшелеріне мемлекеттік әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз етілуге, сондай-ақ медициналық сақтандырылуға құқық береді, қызметі үшін ақы төлеуден бас тартқан клиент сотқа тартылады. Жыныстық қызметтерді ұсынғаны үшін салық салынады. Жезөкшелер кәсіподаққа біріккен.

2007 жылдың басында «Новая известия» басылымының мәліметінше, бұл бизнес елдің ІӨ 5 % табысын алып келген. 2007 жылдың басында Германияның отбасы істері жөніндегі министрлігі тәжірибеде жаңа қабылданған заң жезөкшелердің жағдайын елеулі жақсартпады деп өздерінің зерттеулерінде көрсетті: тек жезөкшелердің 1 % еңбек шарты бойынша жұмыс істейді, көпшілігі әлі күнге дейін өздерінің айналысатын кәсібін жасырады деді. Адал емес клиенттерді сотқа тарту нормасы да жұмыс істемейді деді.

Бірақ заң адамдар саудасы немесе жезөкшелікке мәжбүрлегені үшін қылмыстық қудалауға кедергі жасамайды, бірақ оның жағдайы (нақтырақ айтқанда балалар жезөкшелігіне тиым салуға), түзеуге ықпалы қажет дейді отбасы істері жөніндегі министр Урсула фон дер Лейен. Заңды түзеуді талап ету және жезөкшелердің жағдайын жақсарту үшін, секс қызметтер Федералды одағы (BSD) Еуропалық Одақ елдерінің азаматшаларына ғана рұқсат берілген норманың ережелерін алып тастауды талап етеді.



Грекияда ресми түрде көше жезөкшелігіне рұқсат берілген, жезөкшелер үйіне тиым салынған. Басқа да мәліметтер бойынша жезөкшелер үйіне рұқсат берілген. Кез келген жыныстағы жезөкшелерге некеге тұруға тиым салынған. Егер некеге тұрса жұмыс істеуге берілген рұқсатты алып қояды.

Заң Данияда жезөкшелікке және жыныстық қызметтің басқа да түрлеріне тиым салмайды. 2005 жылы дат Торбен Хансен асқынған сал ауруымен ауыра отырып, осы қызметтердің әлеуметтік сипатын сипаттай отырып, жезөкшенің құқықтық мәртебесін мүгедектердің құқығы мәселелерімен байланыстырды: Данияда ақыл-есі шектеулі немесе тәндік кемістігі бар адамдарға қосымша шығындар төленеді, олар өз кезегінде мүгедектігіне байланысты беріледі деді. Хансеннің пікірінше, мүгедектерді қалыпты жыныстық өмірден үзбеуіміз қажет және ол әділетсіздік болады деді. Оның зерттеуі бойынша жыныстық қанағаттанбаған мүгедектер тарапынан өзіне-өзі көңіл толмаушылық, тіпті агрессия туындауы да ғажап емес деді. Өйткені мүгедек адам жыныстық қатынасқа түскісі келеді және мемлекет есебінен үйіне қыздарды шақыруға құқығы бар деген пікірде.

Италияда жезөкшелік құқық бұзушылық болып танылмайды, егер жыныстық қызметтер жеке тәртіппен көрсетілсе. Ұйымдасқан жезөкшелік — соның ішінде жезөкшелер үйіне 1958 жылдан тиым салынған. Заң сондай-ақ жезөкшеліктен түскен табысқа өмір сүруге және жезөкшелікке мәжбүрлеуге тиым салады. 2002 жылдан бастап жезөкшелер үйіне рұқсат беру мәселесі талқылануда, 2007 жылы Италияның коммунистік жаңғыру партиясы Римде «секс паркі» деп аталатын — арнайы жезөкшелер үшін «жұмыс зоналары» құруды ұсынды.

Латвия 1998 жылы жезөкшелікті заңдастырды. Жезөкшелікпен айналысуға кәмелетке толмағандарға және денсаулық сақтау министрлігімен бекітілген денсаулық картасы жоқ азаматшалардың айналысуына тиым салынған. Жыныстық қызметтерді жалға алу келісім-шарты жасалынған жеке пәтерлерде немесе жайларда қызмет көрсетуге рұқсат берілген. Кейбір латвиялық депутаттардың және Рига полициясының ресми тұлғаларының айтуынша, көп жағдайларда Латвияда заңдық күші бар «Адамдар саудасымен және үшінші тұлғалар тарапынан жезөкшелікке пайдаланумен күресу туралы» БҰҰ Конвенциясына қайшы келеді. Жезөкшелер үйіне және жеңгетайларға тиым салынған.

Литвада жезөкшелікке тиым салынған және ақшалай айыппұлмен жазаланады. Тек жезөкшелердің өзін ғана емес, олардың клиенттері де жазаланады. Бірақ та ресми билік жезөкшеліктің бар екенін мойындайды және жезөкшелерді қажетті құралдармен қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан қаржылар бөледі.

Жезөкшелік Нидерландыда 2000 жылы толық заңдастырылды. Жезөкшелер жеке кәсіпкер ретінде, өздерінің табыстарынан салық төлейді және секс-индустрия жұмыскерлерінің кәсіподағына біріккен және арнайы жәрдемақылар алады.

2000 жылы заңдастыру елеулі дәрежеде нақты қадам ретінде — мысалы, Амстердамның «қызыл шамдар кварталы» (жезөкшелер өздерін жарнамалайды), қаланың ең бір көрсететін орны ретінде бұрыннан билік тарапынан қудалаушылыққа ұшырамады.

Керісінше кварталды жабуға талпыныс немесе көңіл көтеру орындарының санын азайту оның тұрғындарынан да, сондай-ақ құқық қорғау ұйымдарынан да елеулі қарсылыққа ұшырауда. Амстреддамға қонаққа келген туристердің үштен бірі, осы кварталға соқпай кетпейді. Британдық журналист Рут Хопкинстің мәліметінше, заңдастырылған жезөкшелік мафиозды топтардың бақылауында және заңдар бұзыла беруде — мысалы, көші-қон заңдары. Көршілес Бельгия мен Францияда жезөкшелікпен айналысқан заңсыз мигранттарға, егер олар өздерінің жеңгетайларын көрсетсе тұрғылықты мекен-жай мен орын беріледі, ал голландияның заңында мұндай ережелер жоқ. Жыныстық зорлықтың құрбаны болған заңсыз имигранттармен ынтымақтастық жасау Голландия билігіне қиындық туғызуда.

Соңғы жылдары Нидарландының және Амстердамның билігі жезөкшелікті туристерді тартатын қолайлы фактор деп есептемейді және олардың жұмысын шектеудің кейбір нұсқаларын енгізуде. 2008 жылы жезөкшелер үйін лицензиялауды және тіркеуді енгізді және муниципалитет «қызыл шамдар кварталында» жезөкшелер үйін екі есе қысқартты, ал 2010 жылы Амстердамның вице-мэрі Лодевик Ашшер жезөкшелікпен айналысудың төменгі жасын 18-23 жасқа көтерді, сондай-ақ жезөкшелікпен сағат 4:00 ден 8:00 аралығында айналысуға тиым салды.

Румынияда жезөкшелікке ресми тиым салынған, арнайы үкімет аралық келісім румын азаматтарына жезөкшелікпен Австрияда айналысуға тиым салған. Бірақ та «Утро.ру» 2003 жылы мынадай мәлімдеме таратты:

Румынияда жезөкшелікпен күресуді қойды. Билік өкілдері жезөкшелердің тұрақты түрде медициналық тексерістен өтіп тұрғандығын қалайды. Финляндия билігі жезөкшелікті толық жою

мүмкін емес деді. Хельсинки полициясының бір қызметкерінің айтуынша, Финляндияда негізінен жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеумен күреседі. Финляндия заңдары жезөкшенің клиенті оны жезөкшелікке мәжбүрлегені үшін 4 айға бас бостандығынан айырылуға немесе ақшалай айыппұл салынады. Бірақта құқық қорғау органдары мұндай қылмысты дәлелдеу өте қиын деді.

Франция заңдарында жезөкшелікке рұқсат берілген, бірақ жеңгетайлық пен жезөкше үйлеріне, сондай-ақ кетіп бара жатқандарға агрессиялы тиісуге тиым салынған. Жезөкшелікпен айналысу үшін патент алу жеткілікті, бірақ жезөкше қыз-келіншектер тұрақты медициналық тексерістен өтіп тұруы қажет. 2003 жылы заңдар едәуір қатаңдатылды — жезөкшелер үшін «енжар тиіскені үшін» жаза енгізілді. Мұның түсінігі ретінде, өзін дұрыс ұстамау және киім киюдің ерекшелігін де жатқызды. Бұл социалистер және коммунистер тарапынан сайланған кейбір депутаттардың арасынан мақұлданбады және қоғамда және баспасөзде ерекше пікірталас туғызды. Құқық қорғаушылар заң полиция қызметкерлері тарапынан көптеген заңсыз әрекеттер жасауға жол ашып береді деді. Ал 2002 жылы Люксембург бағында жезөкшелер жалпы ұлттық шеру өткізді. Мұндай жағдай 1975 жылдан бері болмаған еді.

Жезөкшелермен жұмыс істейтін қайырымдылық ұйымдарының консультанты психолог Робер Леви заңдағы жаңашылдықтар жағдайды одан әрі нашарлата түсті, жезөкшелерді көшеден куу арқылы, олар Интернет арқылы байланысқа шығатын болды, енді олармен байланысқа түсу өте қиын деді. Жаңа заңдар осы қыздардың одан әрі маргиналдануына әсер етеді деді. 2013 жылдың ортасында Би-би-си-дің Орыс қызметі қоғамдық пікірге байланысты мынадай мәлімет келтірді: жезөкшелерді көшеден тазалауға байланысты биліктің әрекетін үштен екісі қолдады, ал 63 % пайыздайы қайтадан жезөкшелер үйін ашуды қолдады. «Mouvement du Nid» қайырымдылық христиан ұйымының президенті Клодин Легардиньенің мәлімдеуінше, заңдағы өзгерістер заңсыз иммиграцияға қарсы бағыттталып, нақты жезөкшелікке қарсы күрес жүргізіліп жатқан жоқ деді.

Кейбір қалаларда, мысалы Страсбургте, шет елден келген жезөкшелердің саны 90 % жетеді. Негізінен бұл қыздар Ресейден, Беларусьтен, Украинадан, Молдовадан, Польшадан, Чехиядан және Албаниядан келгендер.

Осы мәселені Жирондының префектісі Кристиан Фремон де айтуда. Иммигрант қыздарды жезөкшелікке тарту «құлдықтың қазіргі нысаны» деп айтуда және осы әйелдердің көпшілігі зорлыққа және зорлауға ұшырайды деді. Ресми мәліметтер бойынша, 2013 жылдың ортасында 15—18 мың жезөкше болды деді, бірақ бұл мәліметтер елеулі түрде кемітіліп көрсетілген деп атап кетті.

Француз заңдарына сәйкес жауапкершілікке тек қана жезөкшелер ғана емес, олардың клиенттері де тартылады. Бірақта бұл заң алғаш рет тек қана 2002 жылы қолданылды. Мұндай заң ережелері сондай-ақ Италияда, Латвияда, Литва, Норвегияда, Финляндияда және Швецияда әрекет етеді. Осындай заңдары енгізуді Украинаның Жоғары Радасы қарастыруда. Швецияда жезөкшеліктің өзі қылмыс емес, жыныстық қызметтерге ақы төлеу қылмыс болып табылады. Газеттер тиісті жарнамаларды ұсынуы мүмкін, жезөкшелер өздерін клиенттерге ұсынуы мүмкін. Барлық жағдайда құқық бұзушы болып жезөкшенің қызметін пайдаланған клиент жауапкершілікке тартылады. Жазасы ретінде - 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Эстонияда жезөкшелікке рұқсат берілген, бірақ жеңгетайлыққа тиым салынған. Әр түрлі қоғамдық ұйымдардың мәліметінше, Эстонияда 2010 жылдың тамыз айында, жезөкшелікпен 3 мыңнан астам әйел және 1 мыңнан астам еркек айналысқан.

Азияда, әсіресе Таяу Шығыста жезөкшелікке деген ресми көзқарас Еуропа елдерінен ерекшеленеді. Шарифатты ұстанатын елдерде (мұсылман құқығы) сирек кездесетін жағдайлардан басқа, жезөкшелікке қатаң тиым салынған және өлім жазасына кесіледі. Бірақта бұл тиым салу уақтыша неке деп аталатын дәстүрлі институттың көмегімен жеңіл айналып өтуде, яғни «түнгі молда» деп аталатын молда бір түнге некесін қияды. Танертең клиент пен жезөкше ажырасады. Шарифат бойынша ажырасу процедурасы өте жеңіл — үш рет куәгердің көзінше арнайы сөзді айту жеткілікті. Қысқа неке мерзімі кезінде уақытша күйеу, уақытша әйеліне белгілі бір сомаға ақша береді.

Иранда өлім жазасы ретінде жезөкшелік қана емес, сондай-ақ адылтер де жауаптылыққа тартылады. 2007 жылы Иранда ресми мәлімет бойынша 300 дай жезөкше болған. Жезөкшелікке тиым салу тек мұсылман елдеріне ғана тән емес. Мысалы, жезөкшелікке Камбоджада да тиым салынған, бірақта бұл секс-индустрияның осы елде қанат жаюына кедергі жасай алмауда, Мысалы, Newsru.com, мәліметінше 2004 жылдың аяғына таман осы елде 45 мың жезөкше жұмыс істеген.

Таиландта ресми түрде жезөкшелікке тиым салынған, бірақта бұл ол елдің әлемдегі секс-туризмнің жетекші мемлекеттерінің қатарына жатады, секс-туризм – жыныстық қызметтер көптеген массажды салондарда қызмет көрсетіледі; сондай-ақ заңсыз көше жезөкшелігі де кеңінен тараған.

Израилде жезөкшелікке тиым салынған, бірақ заңсыз притондар мен жеңгетайлар жұмыс істеп тұр. Соңғы жылдары Израиль қоғамы Шығыс Еуропа және Ресеймен визалық режимді алып тастау осы саладағы криминогенді жағдайды одан әрі ушықтырып жібереді деген пікірде — жезөкшемен күресушілер «жезөкшені адамдар саудасынан ажырату», «нарықта теплица мен помидорды ажырату» сияқты мүмкін емес дейді.

2006 жылы адамдар саудасымен күресу бойынша Кнессет комиссиясының төрағасы Захава Гальоннің пікірінше, Израилге заңсыз алып келген жезөкшелер қылмыскерлер болып саналмайды, оларға жәбірленушілер ретінде қарап қоныс береді және арнайы ауруханаға жатқызады, тегін медициналық көмек көрсетіледі. Саддам Хусейннің бұрынғы режимі Иракта жезөкшеліктің қарқын жаюын қолдамаған еді, БҰҰ салған санкциясы жағдайды одан әрі ушықтырып — экономикалық құлдырау және жаппай жұмыссыздық әйелдердің осы кәсіппен жаппай айналысуына алып келді. 2000 жылдың қазан айынан бастап ирак жезөкшелеріне қарсы террорлық науқан басталды — қинаулар және жаппай өлтірулер. 2003 жылы осы елде 30 мыңдай жезөкшелер болды. Режим құлағаннан кейін олар жасырынудан шығып Ирак қалаларының көшелеріне шықты.

Қытайдағы жезөкшеліктің тарихы терең, бірақ 1949 жылы ҚХР жарияланған уақыттан бастап оған тиым салынды және қатаң жазаланды. Соңғы он жылдықта қытай қоғамындағы әлеуметтік жіктелу экономикалық реформалардың жүзеге асыуына байланысты едәуір өсті, онысыз да заңсыз болып келген бұл келеңсіз құбылыстың көлемі арта түсті. Соңғы жылдары жезөкшелік үшін жаза аздап болса да жеңілдей бастады.

Сирияда ақшамен байланысты махабатқа тиым салынған, жазасы — 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Бірақта, бірқатар бақылаушылардың пікірінше, 2007 жыл «араб әлемінің секс-астанасы» болды. Сол елдергі жергілікті жезөкшелердің көпшілігі кәмелетке толмағандар болды және билік оларға кедергі жасамады. Негізгі себебі ауқымды босқындар, олардың көпшілігінің ақы тауып өмір сүруге мүмкіндігі жоқ. 2003—2007 жылдар тек Ирактан ғана 1,2 млн жуық жезөкшелер келген.

Тайванда жезөкшелік, соның ішінде жезөкшелер үйіне астанадан басқа барлық жерде рұқсат берілген. Кәсіподақтар жұмыс істейді.

Түркияда жезөкшелікке ресми рұқсат берілген. Жезөкшелер үйіне рұқсат берілген, керісінше көшедегі жезөкшелікке тиым салынған. Жезөкшелер үйін ашқысы келген адам үкіметке қайрылып және денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарына бақылау жасауға келісім беруі қажет. Лицензия алған жезөкшелер үйі заңды негізде жұмыс істей отырып, муниципалды полиция тарапынан қорғалады.

Жезөкшелікпен айналысқысы келген әйел сертификат алуға тапсырыс береді, СПИД және басқа да жұқпалы жыныстық аурулардан тексеріліп тұруға келіседі және тек лицензиясы бар жезөкшелер үйінде жұмыс істеуге міндеттенеді. Осындай жолмен тіркелген жезөкшелер апта сайын міндетті медициналық тексерістен өтіп тұрады. 2004 жылдың аяғына таман Түркияда 56 заңды жезөкшелер үйі және 2,4 мың тіркелген жезөкшелер болды, бірақта көпшілігі тіркелмей ақ осы кәсіппен айналыса береді.

Newsru.com бағалауынша 2007 жылдың басында Түркияда 5 мыңдай шетелдік заңсыз жезөкшелер, Түркияда жыныстық күн жағдайында болған. Заңсыз жезөкшелер үйлері де кездесіп тұрады, мысалы 2010 жылдың қыркүйек айында тарихи құндылығы бар яхтада, яғни өз кезінде Түрік Республикасының негізін қалаушы Мустафа Кемаль Ататүрік онда мәжіліс өткізген яхтада жезөкшелер үйін тапқан. Жапонияда жезөкшелікке 1950 жылдардан бастап ресми тиым салынған, ал бейресми — массажды салондарда, барларда даяшы-топлесс, стриптиз-клубтарда және «арнайы моншаларда» рұқсат етілген. Европадағыдай, бұл мекемелер арнайы кварталдарда орналасқан, бірақта Токио билігі онымен шындап күресуде. Иокогама полиция қызметкерлерінің пікірінше, бұл күрес жапон заңдарының қатаң формалдығы арқылы қиындық туғызуда, өйткені оны қолдану мүлдем мүмкін емес. Заң жыныстық қатынасқа түсуге тиым салмайды, егер адамдар қазір таныса салып бір біріне сыйлық, соның ішінде ақшалай да сыйлық жасауға тиым салмайды.

2010 жылдың көктеміне қарай жезөкшелік белгілі бір шектеулермен келесідей Африка елдерінде: Бенин, Буркина-Фасо, Конго Демократиялық Республикасы, Замбия, Кот-д'Ивуар, Мадагаскар, Мали, Намибия, Сенегал, Сьерра-Леоне, Орталық Африка Республикасы, Эфиопия заңдастырылды. Гвине-Бисауда, Лесотода және Мозамбикте бұл түсінік заңда мүлдем жоқ, құрлықтың басқа елдерінде жезөкшелікке тиым салынған. Бенинде жезөкшелер үйіне мүлдем тиым салынған. Жазасы — бас бостандығынан айыру.

Конго Демократиялық Республикасында жезөкшелікке мәжбүрлеуге 18-жасқа толғаннан кейін жезөкшелікпен айналысуға тиым салынған. Кот-д'Ивуарда жезөкшелердің еркектерге тиісуге тиым

салынған. Жезөкшелер үйін ұстауға және жеңгетайлыққа тиым салынған. Сенегалда жезөкшелік 1969 жылдан бастап заңдастырылған. Жезөкшелердің көшеден кетіп бара жатқан еркектерге тиісуіне тиым салынған. Жезөкшелер үйі мен жеңгетайлыққа да тиым салынған. Жезөкшелікпен айналысуға 21 жастан бастап қана рұқсат беріледі, егер ол тек жалғыз күн көріс көзі болса. Жыныстық жолмен жұғатын ауруларға тексеріс және санитарлық картасы полицияда тіркелуі міндетті.

Орталық Африка Республикасында жеңгетайлыққа тиым салынған. Жазасы бас бостандығынан айыру.

Эфиопияда жезөкшелер үйіне және жеңгетайлыққа тиым салынған. Жезөкшелікпен он сегіз жастан бастап қана айналысуға рұқсат етілген. АҚШ-та жезөкшелік тек Невада штатында ғана заңдастырылған. АҚШ-тың қалған аумағында ол қылмыс болып танылады және жазаланады. Алғаш рет заң бұзғандар жарты жылға түрмеге тоғытылады және \$5 мың доллар айыппұл салынады. Бірақта заңсыз жезөкшелік пен жасырын жезөкшелер үйлер туралы мәліметтер баспасөз беттерінде кездесіп қалады. Көптеген американдық қоғамдық ұйымдар жезөкшелердің құқықтары үшін күресіп, оларға психологиялық көмек көрсетуде.

Канадада жезөкшелікпен айналысуға және мәжбүрлеуге, жеңгетайлыққа, жезөкшелер үйін ұйымдастыруға және кәмелетке толмағанмен коммерциялық жыныстық қатынасқа түсуге тиым салынған.

Мексикада жезөкшелік заңдастырылған, тек кәмелетке толмағанмен коммерциялық жыныстық қатынасқа түсуге тиым салынған.

Кубада жезөкшелікке толық тиым салынған. Бірақ аралда жезөкшелік қанатын кең жайып келе жатыр. Куба бойынша американдық сарапшы Родриго Санчес Лопес полиция құныдылықты емес, адамдардың саяси сауаттылығын бақылайды деді. Кубадан басқа жезөкшелік Гаитиде, Гайанада, Гвианада, Суринамда және Ямайка мен Багам аралдарында және Кариб аралдарының ұсақ мемлекеттерінде тиым салынған. Латын Америкасының қалған елдерінде жезөкшелікке рұқсат берілген.

Австралияда жезөкшелік, соның ішінде жезөкшелер үйіне рұқсат берілген және ол үлкен бизнес болып табылады. Мәжбүрлеп жезөкшелікке салуға тиым салынған. Бұл мемлекеттің билігі осы келеңсіз құбылыспен күресуде. 2008 жылы мельбурндық газет The Age Мельбурндық жезөкшелер үйінің 40 % университеттер мен колледждердің студенттер құрайды. Олар үшін бірден бір табыс көзі өздерінің оқу ақысын төлеу деді.

Адам саудасы мәселесі бүгінгі қоғамның үлкен дерті болып отыр. Сондықтан да адам саудасымен күрес жүргізу, оның алдын алу мәселелері тек қана бір мемлекеттің шеңберін қамтымауы керек. Дүниежүзі мемлекеттерінің осы тұста бірігіп, күш біріктіріп күрес жүргізуі оңтайлы нәтижеге алып келетіні айғақ.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Е.Б.Мизулина. *Торговля людьми и рабство в России Международно-правовой аспект/ М., Юрист, 2006, - 591 с.*
2. *Борьба с торговлей людьми. Руководство для парламентариев. Официальный сайт: www.unodc.org*
3. *Противодействие торговле людьми. Официальный сайт МОМ// www.iom.kz/index.php*
4. Байсакова З. *Анализ вопросов равного доступа к ресурсам женщин Алматинской области: гендерное бюджетирование //Бюджет, миграция, насилие, семья и СМИ в контексте гендерной политики (Материалы международной политики в Евразии: на пути формирования современной политической культуры равенства», Алматы, 26-27 ноября 2007 г.) Алматы, 2008. - с.57*
5. Тлегенова Г.А., Шеденова Н.У., *Проблемы трафика казахстанских женщин: факторы риска и предупреждения. Алматы: Кризисный центр для женщин и детей. 2000. – 44 с.*
6. *Мажилис Республики Казахстан: Круглый стол – «О ходе реализации Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2007 – 2015 гг.»//http://www.parlam.kz/NewsPrev.aspx?page=2&lan=kk KZ&idloc=1&idkom=1&uid=1537*
7. Шорманбаева А. *Анализ законодательства Республики Казахстан в области трудовой миграции и противодействия торговле людьми//Бюджет, миграция, насилие, семья и СМИ в контексте гендерной политики (Материалы IV международной конференции «Гендерная политика в Евразии: на пути формирования современной политической культуры равенства», Алматы, 26-27 ноября 2007 г.) Алматы, 2008.- с.96*
8. Щеглов, Л. *Проститутка — не самая древнейшая Но цифру можно множить на четыре. — Фонтанка.ру, 18 октября 2010 года. - М. – 440 с.*

9. В Помпеях открылся античный бордель. — Русская служба Би-би-си, 27 октября 2006 года. // [www.bbc.com/russian/features-43256768](http://www.bbc.com/russian/features-43256768)
10. Амстердамских проституток выгоняют из квартала красных фонарей — буквально на улицу. — Newsru.com, 7 сентября 2007 года. // <https://iz.ru> ›
11. Уголовный кодекс Республики Украина. - Киев - Изд Прометей - 300 с.
12. Бабаев М.М., Кузнецова Э.В., Урманис Е.Б. Влияние, демографических процессов на преступность. М., 1976. -440с.
13. Барановский Н.А. Социальные и личностные детерминанты отклоняющегося поведения. Минск, 1993. - 550 с.
14. Белов Н.В. Сутенеры и проститутки. Проституция в древности и сегодня. Минск. 1998. - 370 с.
15. Бентовин В. Торгующие телом. Очерки современной проституции. - СПб., 2010. - 550 с.

### **Мырзаев Ерік Серікбайұлы**

Магистрант НПИМ Института послевузовского образования Карагандинской академии МВД  
Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, капитан полиции  
г. Караганда, e-mail: tkz055@mail.ru

### **Токубаев Куандык Зайруллаевич**

Старший научный сотрудник Научно-исследовательского института  
Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова  
Доктор философии (PhD), майор полиции, г. Караганда,  
e-mail: tkz055@mail.ru

## **ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА: ЕЕ ОСОБЕННОСТИ В ОРГАНАХ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ**

***Резюме:** В настоящей статье раскрывается содержание государственной службы. Проводится сравнительная систематизация видов государственной службы относительно правоохранительной деятельности. Рассматриваются особые признаки органов внутренних дел, как части правового и организационного институтов государственной службы и правоохранительной деятельности. Проведен анализ правовых норм законов «О государственной службе», «О правоохранительной деятельности», «Об органах внутренних дел».*

*Сформулирован вывод об особенностях государственной службы в органах внутренних дел и перспективах их развития в рамках правоохранительной службы.*

***Ключевые слова:** государственная служба, правоохранительная служба, правоохранительные органы, органы внутренних дел, признаки государственной службы.*

***Түйін:** Бұл мақала мемлекеттік қызметтің мазмұнын ашады. Құқық қорғау қызметіне қатысты мемлекеттік қызметтің түрлерін салыстырмалы түрде жүйелендіру жүзеге асырылады. Ішкі істер органдарының ерекшеліктері мемлекеттік қызмет және құқық қорғау органдарының құқықтық және ұйымдастырушылық институттарының бөлігі ретінде қарастырылады. «Мемлекеттік қызмет туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Ішкі істер органдары туралы» заңдардың құқықтық нормаларын талдау жүргізілуде.*

*Ішкі органдардағы мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері және құқық қорғау қызметі шеңберінде оларды дамыту перспективалары туралы қорытынды жасалады.*

***Түйінді сөздер:** мемлекеттік қызмет, құқық қорғау қызметі, құқық қорғау органдары, ішкі істер органдары, мемлекеттік қызмет белгілері.*

***Summary:** This article discloses the content of the civil service. Comparative systematization of types of civil service in relation to law enforcement activity is carried out. The special features of the internal affairs bodies are considered as part of the legal and organizational institutions of the civil service and law enforcement. The legal norms analysis of "On Public Service", "On Law Enforcement Activity", "On the Bodies of Internal Affairs" laws is carried out.*

*The conclusion about the peculiarities of the civil service in the internal bodies and the prospects for their development within the law enforcement service is formulated.*

***Keywords:** civil service, law enforcement service, law enforcement bodies, internal affairs bodies, features of civil service.*

В Республике Казахстан в настоящее время институт государственной службы развивается в рамках Концепция новой модели государственной службы 2011 года [1]. При выработке принципиально новых подходов к государственной службе, был учтен отечественный опыт, а также опыт зарубежных моделей. Нужно отметить, что институт государственной службы Казахстана основан также на программных установках, сформулированных в Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2020 года [2] и в Стратегии Казахстан-2030 [3]. В тоже время остается много проблемных вопросов относительно отдельных видов государственной службы, особенно таких как введение особенных условий для таких видов государственной службы, как органы внутренних дел, относящиеся к правоохранительной государственной службе. Насколько это эффективно и целесообразно можно выяснить в процессе исследования видов государственной службы.

В современном юридическом правев теоретическом плане к изучению проблемных вопросов об особенностях отдельных видов государственной службе обращаются ученые-правоведы, рассматривая, в качестве служебной деятельности, в целом, ее социальную значимость, которая

выражается полезностью и непосредственной связью с людьми и особыми условиями деятельности [4].

Термин «государственная служба», как понятие имеет много значений, позволяющих раскрыть ее содержание в правовом и социальном плане, которые отражены согласно рисунку 1.

Это позволяет нам рассматривать государственную службу в органах внутренних дел, как часть правового и организационного институтов.

Государственная служба как организационный институт характеризуется организацией государственной деятельности и является основным ее элементом. Предназначена для осуществления задач и функций, стоящих перед государством. Государственная служба, как правовой институт, включает в себе совокупность норм права, регулирующих круг однородных общественных отношений по организации и практическому осуществлению государственных служебных полномочий [7, с 104-106].



Рисунок 1 – Определение содержания государственной службы

Нужно отметить, что относительно видов государственной службы высказывают многие ученые – юристы и администраторы государственных программ свое мнение, а том числе и в части необходимости разделения государственной службы на гражданскую, военную и правоохранительную службу, как в принципе и отмечается на практике в законодательной базе отдельных стран мира. В то время как законодателем в Казахстане в соответствии со статьей 73 Закона РК «О государственной службе» выделены две группы государственных служащих: политические и административные, делая в нем основой акцент только на гражданских государственных служащих [9].

В новой модели государственной службы Казахстана, также прослеживается следующая корпусная вертикаль:

- политические государственные служащие;
- служащие управленческого корпуса «А»;
- служащие исполнительного корпуса «Б», которые относятся к административной государственной службе.

Упоминания о других видах государственной службы мы здесь также не наблюдаем.

В то время как в законах других государств, например, Российской Федерации выделяют законодательно (Закон «О системе государственной службы») такие виды государственной службы как:

- государственная гражданская служба;
- правоохранительная служба;
- военная служба[10].

В Республике Казахстан правоохранительная деятельность, как особый вид государственной службы определяется законом «О правоохранительной деятельности» [11]. В данном законе правоохранительный орган, определен, как государственный орган, который обеспечивает соблюдение прав и свобод гражданина и человека, и их защиту, а также законных интересов юридических и физических лиц, государства. Это государственный орган, который реализует политику государства по противодействию правонарушениям и преступности и т.д. (п. 7 ст.1). При этом правовой основой государственной службы в правоохранительных органах являются правовые нормы: Конституции, Закона «О государственной службе», «Трудового Кодекса», которые регулируют их деятельность. Но они не определяют ее особенность и не выделяют в отдельный вид государственной службы.

В законе «О государственной службе» отмечается, что государственным служащим является гражданин РК, занимающий должность, в установленном законодательством порядке, которая оплачивается из республиканского или местных бюджетов либо из средств Национального Банка РК. Государственная должность в государственном органе направлена на осуществление определенных должностных полномочий в целях реализации задач и функций государства (п.13, ст.1).

В п.3 ст. 3 Закона «О государственной службе» отмечено также, что действие данного закона распространяется на государственных служащих, которые проходят службу в правоохранительных органах, с их особенностями, определенными иными законодательными нормами о деятельности правоохранительной службы в Республике Казахстана. Это свидетельствует о том, что деятельность органов внутренних дел можно считать государственной службой, так как она регулируется в общем законом основным законом «О государственной службе» и специальным законом «О правоохранительной деятельности», что позволяет нам к тому же считать правоохранительную деятельность особым видом государственной службы.

Для того, чтобы раскрыть значимость органов внутренних дел в системе государственной службы, полагаем необходимо обратиться к понятию термина «правоохранительная деятельность» исходя из таких понятий, как «правоохранительная служба» и «органы правопорядка», согласно рисунку 2.




Рисунок 2 Определение содержания правоохранительной деятельности

Исходя из этого можно утверждать, что представляет собой правоохранительная служба своеобразный вид государственной службы, которая является особой профессиональной служебной



деятельность граждан страны на тех или иных должностях органов правопорядка по осуществлению ими функций, которые направлены на поддержание общественного порядка, обеспечение законности и выявление, пресечение, расследование и предупреждение правонарушений и исполнение наказания по ним.

Правоохранительная деятельность в целом считается неоднородной по составу, исходя из этого осуществляют этот вид деятельности различные органы, которых объединяет то, что перед ними стоят свои собственные задачи, отличные от других своей специфичностью, согласно рисунку 3.

Правоохранительные органы при осуществлении своей деятельности применяют различные средства и методы. Общие признаки правоохранительной деятельности показывают ее соответствие государственной службе и отражают детально ее специфичность:

- направлена на охрану прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц;
- направлена на обеспечение правопорядка;
- направлена на предупреждение и пресечение правонарушений;
- направлена на привлечение к юридической ответственности лиц, виновных в их совершении;




Рисунок 3 – Определение содержания правоохранительные органы

— осуществляется специально уполномоченными, компетентными, государственными органами и должностные лица, имеющими как правило, юридическое образование и специальную профессиональную подготовку;

— осуществляется согласно закона (при наличии соответствующих правовых оснований, и в определенном законом и иными правовыми актами порядке). В большинстве случаев регламентируется законом, порядок осуществления правоохранительной деятельности определен досконально, в рамках четко установленной процедуры. Особенно это важно в отношении производства по административным, гражданским и уголовным делам, а также по делам, которые рассматриваются в порядке судопроизводства;

— носит характер, основанный на применении права. Правоприменительными актами правоохранительной деятельности являются любые решения, которые выносятся органами гражданского, административного права и конституционное судопроизводства;

— связана с применением мер принуждения государственно-правового характера, к лицам, которые совершили правонарушения или преступления, а также с применением мер по их предупреждению.

Правоохранительную государственную службу несут органы внутренних дел, органы юстиции, органы национальной безопасности, судебные органы, органы прокуратуры, органы финансовой полиции и таможенного контроля [13, с. 18]. В Казахстане правоохранительная деятельность органов внутренних дел осуществляется согласно Конституции РК и с учетом норм следующих законов:

- п. 3ст. 13 Закона РК "О правоохранительной деятельности";
- п. 3 ст. 3 Закона «О государственной службе».

Относительно органов внутренних дел их роли и месте в государственной службе имеется много противоречивых мнений. С одной стороны, органы внутренних дел выполняют множество функций, имеют много полномочий, как убеждения, так и принуждения, постоянно контактируют с населением, но почему-то по мнению гражданского общества, до настоящего времени не стали ведущим органом в правоохранительной системе Казахстана [15, с.41]. При этом нужно отметить, что деятельность органов внутренних дел в стране постоянно совершенствуется.

Проводимые реформы структуры и содержания ОВД направлены на решение этих и других проблем отрасли. Особенно это важно в части отнесения ОВД к специальному виду государственной службы, что, по нашему мнению, позволит поднять статус данного вида государственной правоохранительной деятельности.

В этом плане важная роль отведена отраслевому Закону «Об органах внутренних дел». [16] Основным принципом деятельности ОВД (ст.3 Закона «Об органах внутренних дел») определено, она должна осуществляться в соответствие со всеми принципами государственной службы (отмеченные в п.1 ст. 4 Закона «О государственной службе», см. вставку 1) и специальными принципами, предусмотренными для правоохранительной службы Казахстана (в п. 2, ст.4 Закона «О правоохранительной деятельности», см. вставку 2).

#### **Вставка 1 п.1 ст. 4 Закона РК «О государственной службе»**

Принципами правоохранительной службы являются:

- 1) обязательность защиты прав и свобод человека и гражданина, интересов общества и государства от преступных и иных противоправных посягательств;
- 2) верховенство Конституции, закона при исполнении возложенных обязанностей и реализации представленных прав;
- 3) добровольность поступления граждан на правоохранительную службу;
- 4) единство подходов к организации правоохранительной службы в правоохранительных органах;
- 5) единоначалие и субординация (подчиненность);
- 6) равного права граждан на доступ к государственной службе;
- 7) добровольности поступления граждан на государственную службу;
- 8) профессионализма государственных служащих и другие;

#### **Вставка 2 п. 2, ст.4 Закона «О правоохранительной деятельности в Республике Казахстан»**

Принципами правоохранительной службы являются:

- 1) обязательность защиты прав и свобод человека и гражданина, интересов общества и государства от преступных и иных противоправных посягательств;
- 2) верховенство Конституции, закона при исполнении возложенных обязанностей и реализации представленных прав;
- 3) добровольность поступления граждан на правоохранительную службу;
- 4) единство подходов к организации правоохранительной службы в правоохранительных органах;
- 5) единоначалие и субординация (подчиненность);
- 6) взаимодействие с государственными органами, должностными лицами, организациями и гражданами;
- 7) независимость от деятельности политических партий и иных общественных объединений.

Таким образом законодатель четко отметил, что органы внутренних дел относятся к государственной службе и являются особым ее видом, так как относятся к органам правоохранительной деятельности. В законе «О органах внутренних органах» максимально конкретизированы права органов внутренних дел, приняты во внимание отечественный и зарубежный опыт, преобразования, осуществляемые в правоохранительной сфере, достижения науки и техники. Особое внимание уделено социальным гарантиям сотрудников ОВД. Осталось внести изменения в закон «О государственной службе».

При этом нужно понимать, что многое зависит от самих органов ОВД, как и какое место, они своими действиями займут в государственных правоохранительных органах. В настоящее время ОВД РК в общественном сознании объективно и субъективно олицетворяются с государственной системой, направленной на защиту прав, свобод, обеспечение правопорядка и противодействия преступности. Являются самой многочисленной структурой из правоохранительных органов. Органами ОВД расследуют и раскрывают около 94% всех преступлений. Главным предназначением правоохранительной деятельности сотрудников ОВД остаются: охрана общественного порядка; обеспечение общественной безопасности; профилактика правонарушений и борьба с преступностью; исполнение административных взысканий; исполнение уголовных наказаний и др.

К тому же обладают сотрудники органов внутренних дел специальным статусом, определенных Конституцией РК и национальным правом. Данный конституционно-правовой статус ОВД состоит из следующих элементов:

- полномочия и компетенции, ограниченные в рамках системы ОВД;
- совокупность прав и обязанностей ОВД, которые определяют их положение во взаимодействии с государством и обществом;
- ответственность, ограничения и запреты, а также гарантии, закрепленные в Конституционном праве и законах: «О государственной службе», «О правоохранительной службе», «Об органах внутренних дел» и иных нормативно-правовых актах.

Резюмируя, следует отметить, что органы внутренних дел Казахстана представляет собой особый государственной службы отраслевого института правоохранительной деятельности, который в своей организационной части требует развития и совершенствования, особенно в части развития функций эффективной местной полиции.

#### *Литература:*

1. Указ Президента РК от 21 июля 2011 года «Об утверждении Концепции новой модели государственной службы». [www.kyzmet.kz](http://www.kyzmet.kz)
2. Указ Президента РК от 24 августа 2009 г. «Об утверждении Концепции правовой политики РК на период с 2010 по 2020 годы» / [www.kyzmet.kz](http://www.kyzmet.kz)
3. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. — 2006.
4. Манохин В.М. Нужны основы законодательства о службе / Государство и право. 1997. № 9. С. 7-8
5. Коркунов Н.М. Русское государственное право. Т.1. СПб. 1892. С. 271.
6. Василенко И.А. Государственное и муниципальное управление. М., 2005. С. 179.
7. Конин Н.М. Административное право России М., 2006. С. 104-106.
8. Ноздрачев А.Ф. Государственная служба: учебник для подготовки государственных служащих. М., 1999. С. 14.
9. Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V «О государственной службе Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.)
10. Закон РК от 27 мая 2003 года № 58-ФЗ «О государственной службе Российской Федерации»
11. Закон Республики Казахстан от 6 января 2011 года № 380-IV «О правоохранительной службе» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.)
12. Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. Учебно-методическое пособие. Алматы, 2000.
13. Журсимбаев С.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан. Алматы, 2007.
14. Утегенов Ч.К.К вопросу о месте органов внутренних дел в правоохранительной системе/ Вестник КазНУ. Алматы, 2005
15. Биекенов Н.А. Конституционно-правовые основы деятельности полиции по обеспечению прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан. – М., 2007.
16. Закон Республики Казахстан от 23 апреля 2014 года № 199-V «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.07.2017 г.)

## Онгарова Роза Кенесовна

помощник ректора Института стратегического развития и международного сотрудничества Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, r5662324@mail.ru

### ПРЕСТУПНОСТЬ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРИЧИНЫ И ПУТИ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ

*Резюме.* Автором в статье рассматриваются отдельные проблемы преступности в молодежной среде. Также изложены некоторые предложения по улучшению профилактики преступлений среди несовершеннолетних.

*Түйін.* Автор мақалада жастар ортасындағы қылмыстылықтың жеке проблемаларын қарайды. Сонымен қатар қылмыстың осы түрін алдын алуды жақсарту бойынша ұсыныстар береді.

*Summary.* The author considers some problems of crime in the youth environment. Some proposals to improve the prevention of juvenile delinquency are also outlined.

С первых лет независимости Казахстана вопросы успешной социализации молодого поколения были и остаются в центре внимания государства. Принятые государственные программы в сфере молодежной политики были нацелены на обеспечение их социальных прав в области образования, труда и занятости, охраны здоровья, развития творческого потенциала, создание условий для широкой социализации [1,2].

Несмотря на принимаемые государством и обществом меры все еще остается актуальной серьезная социальная проблема - преступность в молодежной среде.

Согласно данным уголовной статистики в нашей стране ежегодно задерживается свыше трех тысяч несовершеннолетних преступников, из них около треть является учащимся школ, что позволяет нам говорить о том, что процессы криминализации в молодежной среде остаются достаточно высоким, вовлекая в противоправную сферу новых молодых граждан Казахстана [2]

В этой связи и в целях эффективного противодействия преступности в молодежной среде необходимо выявлять и устранять социальные причины и условия, непосредственно толкающих несовершеннолетних на совершение преступлений.

Одной из наиболее распространенных причин преступного поведения в молодежной среде является семейное неблагополучие. Необходимо подчеркнуть, что особая восприимчивость к негативным формам поведения проявляется у молодежи именно под негативным воздействием семейного неблагополучия.

Противоправное поведение формируется в первую очередь в десоциализирующих семьях, где асоциальный образ жизни отдельных лиц, основанный на отношениях родства и связанных общностью быта, создает питательную почву для формирования у ее членов, в первую очередь несовершеннолетних, протестного, а затем противоправного настроения и поведения.

В связи с этим, нельзя не согласиться с мнением ученых-криминологов, которые отмечают, что неблагоприятное влияние семьи, как правило неблагополучной или неполной, испытанное человеком в подростковом возрасте, может негативно сказаться спустя многие годы. По данным их исследований, у каждого третьего взрослого преступника обнаруживается связь между его преступными наклонностями и негативным влиянием, испытанным в семье в период взросления [3; 107-111].

Еще одной существенной причиной распространения криминального образа поведения в молодежной среде являются недостатки воспитательного процесса в школе. Необходимо отметить, что наряду с семьей именно школа является одним из основных каналов социализации подрастающего поколения.

К сожалению, сохраняющиеся социально-экономические трудности и постоянно продолжающееся реформирование в системе образования Казахстана не позволяют школе в полной мере выполнять воспитательные функции и контролировать процесс социализации молодежи.

Не менее важной причиной распространения преступности в молодежной среде является отсутствие правовой культуры, что представляет серьезную опасность для подрастающего поколения. Так, социологический опрос, проведенной среди молодежи Республики, показал лишь общую её информированность в области правовых знаний без конкретных оценок своего

поведения в той или иной криминогенной ситуации. Только около половины респондентов смогли ответить на вопрос об ответственности за хищения, кражи. Подобные опросы свидетельствуют о низком уровне правосознания [4;436]. Более того, ведущая нигилистический образ жизни молодежь, очень часто вовлекает в преступный образ жизни своих законопослушных сверстников.

Еще одной социально значимой причиной, подталкивающей современную молодежь на совершение преступлений, является слабая профилактика правонарушений среди несовершеннолетних. Профилактической работой занимаются в основном школа и сотрудники полиции. Но одних их усилий в проведении профилактической работы в молодежной среде явно недостаточно. Только слаженными действиями ювенальной полиции и других государственных органов волонтеров, общественных формирований можно добиться снижения уровня преступности в молодежной среде.

Учитывая серьезные тенденции, свидетельствующие об актуальности проблемы криминализации современной молодежи, особо хотелось бы отметить, что профилактические меры должны реализовываться исключительно системно и комплексно, поскольку преступность в молодежной среде – явление сложное, специфическое и многогранное. Эта проблема, её решение требует особого подхода и внимания, как государственных органов, так и всего общества.

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 мая 2007 года была создана Межведомственная комиссия по делам несовершеннолетних и защите их прав при Правительстве Казахстана. Аналогичные комиссии созданы в регионах при акиматах [5]. Наблюдается низкая эффективность влияния деятельности этих комиссий на решение проблем молодежи, в т.ч. на профилактику правонарушений среди несовершеннолетних. Так как, указанные комиссии имеют многочисленные полномочия, но они не могут принимать обязательные для исполнения решения.

Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних -важнейший этап противодействия преступности молодежи. Проблема подростков-правонарушителей представляет собой одну из самых сложных проблем в современном обществе. К сожалению, не каждый подросток осознает, к каким серьезным последствиям могут привести совершаемые им правонарушения.

Анализ преступности в молодежной среде выявил высокий удельный вес корыстно-насильственных преступлений среди несовершеннолетних. Отмечается неуклонный рост удельного веса краж в общей преступности несовершеннолетних. Если, в 2012 году их удельный вес был чуть более 47%, то в 2017 году он уже составил около 53%. И такая тенденция сохраняется при снижении регистрации общего количества краж за этот период почти на 3 %. Более половины совершаемых несовершеннолетними преступлений составляют кражи, грабежи и разбои [2].

Преступности несовершеннолетних характерна чрезмерная жестокость. Около половины преступлений среди несовершеннолетних совершаются в группе, что также отвечает специфике психологии подростков. Примерно каждое третье преступление совершается ими совместно со взрослыми.

Указанные специфические черты преступности несовершеннолетних стали причинами необходимости тщательной регламентации их уголовно-правовой ответственности. Поэтому законодательством предусмотрены особые условия назначения уголовного наказания для несовершеннолетних, освобождения их от уголовной ответственности и наказания, исчисления сроков давности и погашения судимости.

Уголовно-правовые меры наказания несовершеннолетних не являются основными, приоритетное значение имеют социальные, экономические и воспитательно-профилактические меры. Однако, когда преступление совершено, возникает вопрос об уголовной ответственности несовершеннолетнего. В действующем Уголовном кодексе эти вопросы регламентируются самостоятельным специальным разделом об особенностях уголовной ответственности несовершеннолетних. И все это направлено исключительно на смягчение ответственности и наказания.

Профилактическая работа с несовершеннолетними правонарушителями - многогранный и продолжительный по времени процесс. Сложность предупреждения правонарушений среди несовершеннолетних заключается в необходимости проведения ранней профилактики. В этих целях необходимо выявление учащихся, склонных к нарушению правовых норм, изучение причин нравственной деформации их личности, работа с неблагополучными семьями.

В этой связи, необходимо усиление роли школьного образования, педагогов и инспекторов ювенальной полиции в сдерживании девиантного поведения подростков путем укрепления взаимодействия между школой, семьей и населением целом.

На наш взгляд, необходимо повысить требования к педагогическим работникам общеобразовательных школ, их психологической подготовке к работе с подростками, склонными к правонарушениям.

Также целесообразно внедрить современные стандарты правового обучения в программы общеобразовательных школ, колледжей и ВУЗов.

Для привлечения общественных организаций в профилактику молодежной преступности считаем необходимым усиление роли волонтерских организаций и других молодежных объединений, таких как «Жас Отан», «Жасыл Ел», и др. Одним из направлений их деятельности должна стать профилактика правонарушений среди молодежи.

Кроме того, необходимо проведение целенаправленных исследований в области изучения молодежной преступности.

Отдельного внимания требует вопрос эффективности деятельности специальных подразделений органов внутренних дел, осуществляющих своими особыми методами работу по профилактике подростковой преступности в стране. Сотрудники этих служб могут оказать существенное влияние на снижение уровня детской и подростковой преступности.

В заключение, следует отметить, что решение данной проблемы требует принятие целого комплекса социально-экономических, нравственно-воспитательных, организационно-тактических и других мер, направленных на профилактику молодежной преступности, активных действий всего общества, которое не может оставаться безучастным к данной серьезной проблеме. Только такой комплексный подход поможет сформировать действенную, эффективную систему противодействия преступности в молодежной среде.

#### *Литература*

1. Концепция государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее», электронный ресурс: режим доступа: <http://10.61.43.123/rus/docs/N990000073>

2. По данным КПСиСУ электронный ресурс: режим доступа:  
[http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat?\\_piref36\\_246060\\_36\\_223082\\_223082.\\_\\_ora\\_navigState=eventSubmit\\_doSearch%3D%25D0%259F%25D0%25BE%25D0%25B8%25D1%2581%25D0%25BA%26p\\_YEAR%3D2012%26p\\_MONTH%3D12%26p\\_AREA%3D190000%26p\\_REG%3D1900\\_\\_%26p\\_DEP%3D000%26page%3Dmode\\_report%26currPage%3D1&\\_piref36\\_246060\\_36\\_223082\\_223082.\\_\\_ora\\_navigValues=](http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat?_piref36_246060_36_223082_223082.__ora_navigState=eventSubmit_doSearch%3D%25D0%259F%25D0%25BE%25D0%25B8%25D1%2581%25D0%25BA%26p_YEAR%3D2012%26p_MONTH%3D12%26p_AREA%3D190000%26p_REG%3D1900__%26p_DEP%3D000%26page%3Dmode_report%26currPage%3D1&_piref36_246060_36_223082_223082.__ora_navigValues=)

3. Предупреждение правонарушений несовершеннолетних /Колл.авт.-Алматы: Дайк-Пресс, 2007.-476с.

4. Криминология: Учебник. ТОО «Казыгурт» баспасы», 2006.-584 стр.

5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 мая 2007 года № 415 «О создании Межведомственной комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав при Правительстве Республики Казахстан». электронный ресурс: режим доступа: [http://10.61.43.123/rus/docs/P070000415\\_](http://10.61.43.123/rus/docs/P070000415_)

**Өміртай Роза**

Нархоз университеті «Құқық» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

## **ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ( ҚР Құқықтық актілер туралы заңындағы олқылықтар)**

**Key words:** national legislation, rule of law, legal act, legal system, legal validity, specialist, lawyer, hierarchy of laws, the national legal system, improvement of the national legal system

### **Summary**

*In article the author pays an attention to a number of questions concerning improvement of the national right. The analysis which is carried out by the author has revealed that there is a number of shortcomings at the adoption step of national laws.*

*The author has made an analysis of the law of the Republic of Kazakhstan "About legal acts" and has revealed some shortcomings and gaps in this law. In the article the author has carried out comparative analysis of this law in the Russian and Kazakh languages. The author refers to writings of G.S. Sapargaliyev and A.S. Ibrayev. The author also suggests taking as an example their interpretation of a concept about law. At the same time the author suggests to make amendments and additions to this law concerning legal terms.*

**Түйін.** Мақалада автор ұлттық құқықты жетілдірудің бірқатар мәселесін сөз етіп отыр. Ұлттық заңдарды қабылдауда кететін олқылықтарға нақтылы тоқталып талдау жасаған.

Ұлттық құқықты жетілдіру ұғымының екі түрлі мағынасын ұсынып отыр. Олар: ұлттық заңнамадағы олқылықтардың орнын толтыру және халықаралық озық тәжірибелерден үлгі алу мәселесін сөз етіп отыр.

Ұлттық құқықты жетілдірудің маңыздылығы отандық заңгерлерді даярлауда аса зор дей келе, автор өзінің нақтылы ұсыныстарын беріп отыр.

Автор аталған олқылықтардың алдын алудың да бірнеше жолдарын ұсынып отыр. Оларға: заңшығару билігіне үміткерлерге қойылатын талаптар қатарын да толықтыру қажет деп санайды. Мәселен, автордың ойынша заңшығару билігіне үміткерлер «Мемлекет және құқық теориясы» пәнінен міндетті түрде емтихан тапсыруы қажет деп санайды.

**Ключевые слова:** национальная законодательства, норма права, юридическая сила закона, юридическая система, законная обоснованность, специалист, адвокат, иерархия законов, национальная законодательная система, усовершенствование национальной законодательной системы

**Резюме.** В статье автор уделяет внимание ряду вопросов касательно усовершенствования национального права. Проведенный автором статьи анализ показал, что при принятии национальных законов, был выявлен ряд недостатков.

Автор статьи предлагает два вида понятия усовершенствования национального права: усовершенствовать процесс принятия закона, не допуская ошибок при переводе и использовании юридических терминов. Второе понятие заключается в изучении международной практики и примеров развитых стран.

Усовершенствование национального права имеет огромное влияние на процесс подготовки будущих специалистов- юристов. На основе этого, автором были представлены точные предложения об усовершенствовании.

Автор провел анализ закона Республики Казахстан «О правовых актах» и выявил некоторые недостатки и пробелы в данном законе. В статье автором был проведен сравнительный анализ текста данного закона на русском и казахском языках. Автор ссылается на труды таких отечественных ученых как Г.С. Сапаргалиева и А.С. Ибраева, и предлагает ставить в пример их толкование понятия о норме права. При этом автор предлагает внести изменения и дополнения в данный закон касательно правовых терминов.

Ұлттық құқықтық жүйеміздің қалыптасып, өз деңгейінде дамуындағы ширек ғасырлық тарихы бар мемлекетіміздің ең жоғарғы заңи күші бар құқықтық актісі – Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Ол «Қазақстан Республикасының Құқықтық актілер туралы заңының» 10- бабының 1- тармағына сәйкес былайша анықталған: «Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғарғы заңдық күші бар [1]».

Ал, Конституцияның заңи күшінің жоғарылығын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган, ол - Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі болып табылады.

Құқықтық актінің конституцияға сәйкес келуін - оның конституциялылығы деп атаймыз. Конституциялық кеңестің маңызды қызметінің бірі- Парламентте құқықтық акт мәтіні талқыланып, ҚР Президентіне қол қоюға ұсынылмас бұрын оның конституциялылығы мәселесін шешу болып табылады. Мұндай тәжірибе Франция мемлекетінде ертеден – ақ орын алған [2].

Менің еріксіз назарымды аударған бір мәселе, ол республика заңдарының орыс және қазақ тілдегі мәтіндеріндегі заңи терминдерді қолданудағы мазмұндық алшақтық мәселесі, яғни заңи терминдер орыс тілдегі мәтінде дұрыс қолданылған да, ал қазақ тілдегі мәтінде қате терминдер қолданылған. Нақтылы мысал келтіретін болсақ, «Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасы заңының 10- бабы былайша аталады: «10 - бап. Нормативтік құқықтық актілер сатысы [1]». Ал, Закон Республики Казахстан О правовых актах с изменениями и дополнениями по состоянию по 11.07. 2017 г. бойынша аталмыш заңның 10- бабы былайша аталған: «Статья 10. Иерархия нормативно правовых актов [3 ]». Бір терминнің дұрыс аударылмауы осы сөйлемнің мағынасын бұзып тұр. Иерархия ұғымы бұл жерде – заңи күші бойынша нормативтік құқықтық актілердің өзара бағыныштылығын білдіреді. Яғни, заңи күші жоғары тұратын нормативтік құқықтық актілерге, заңи күші төмен нормативтік құқықтық актілер қайшы келмеуі тиісті.

Менің ұсынысым, бұл бапта иерархия сөзін аудармай-ақ, қалдырған дұрыс. «Иерархия» термині халықаралық термин. Тіптен. Ағылшын тіліне бұл сөйлем : «Hierarchy of normative legal acts» деп аударылады. Ал, нормативтік құқықтық актілердің сатысы – stage of regulatory legal acts – стадий нормативно-правовых актов» деп аударылады.

Құрметті заңгерлер, назар аударып қараңыздаршы, «иерархия» терминін қазақшаға «сатысы» деп аудару қаншалықты орынды, яғни дұрыс па?

Мінеки, нақтылы бір ғана мысалда өрескел қателік кеткен деп санаймын. Нақты қорытып айтар болсам, Нормативтік құқықтық актілердің сатысы деген орыс тілінде – стадии нормативно правовых актов деп аударар едім. Ал, аталмыш заңның 10- бабының мазмұнында құқықтық актілердің сатысы емес, заңи күші бойынша иерархиясы қарастырылған. Сондықтан да , заңи терминдерді орынды қолдана білудің өзі - заңи сауаттылықтың бір маңызды белгісі. Заңгерлік – ол нақтылықты талап ететін мамандық, заңи терминдер де нақтылы өз орнымен қолданылғанда ғана өз мағынасын аша түседі.

Жоғарыдағы көрсеткен осы бір ғана дәлелді аз десек, екінші дәлелді ұсынғым келіп отыр. Екінші дәлел, «Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасы заңының 1- бабының 18- тармағы орыс тілдік мәтінде : «норма права - общеобязательное **правило** поведения постоянного или временного характера, на многократное применение, распространяющееся на индивидуально неопределенный круг лиц в рамках регулируемых общественных отношений; [3, статья 1, 18 ]» . Ал, дәл осы 1- баптың 18- тармағы қазақ тіліндегі мәтіні қандай? Салыстырар болсақ, қазақ тіліндегі мәтіні мынадай болып тұр: « құқық нормасы- реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке - дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық **қағидасы** [1, 1-бап, 18 тармақ]». Бұл мәтінге мән беріп қарасаңыз, мен екі терминді ерекшелеп майлы түспен көрсетіп отырмын, олар: **правило** және **қағидасы** сөздері. Бір қараған адамға да түсінікті сияқты, бұл сөздердің бір-бірімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығы. Правило- ереже, принцип- қағида деп біз күнделікті өмірде қолдануды әдетке айналдырдық. Ал, осы ұғымдарды заңдарда бұрмалап көрсетуге жол беру - бұл недеген сорақылық! Мұндай бассыздыққа қашан нүкте қойылады?! Сонда біздің Парламентте отырған депутаттардың мемлекет және құқық тұрғысынан сауаттарының төмендігі ме? Әлде қалай? – деген сұрақтар еріксіз мазалайды екен. Осы жерде ойға оралған нақты ұсыныстарымды айта кеткім келеді:

1. Заңшығару билігіне мемлекеттік қызметке үміркерлерге қойылатын талаптарға қоса олардың «Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша емтихан тапсыруын міндеттеу керек деп санаймын.

2. Және де бұл үміткерлердің «Құқықтану» мамандығы бар немесе жоқтығына қарамастан міндетті емтихан болуы тиісті.

Әрі қарай, талдауымызды дәлелдей түсу мақсатында құқық теориясына сүйене отырып, құқық нормасы ұғымына бірқатар отандық заңгер, ғалымдардың берген ғылыми анықтамаларына тоқталайық. Мәселен, ҚР Ұлттық ғылымдар академиясының академигі, профессор, заң ғылымдарының докторы Сапарғалиев Ғ.С. пен заң ғылымдарының докторы, профессор Ибраева А.С. «Мемлекет және құқық теориясы» атты оқулығында: Құқық нормасы ( құқықтық норма) (норма права) – бұл құқықтық қатынастарға қатысушылардың мінез-құлықтарын анықтайтын жалпы ереже. Мұны мемлекет белгілейді және өзінің беделімен қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайларда мәжбүрлеу күшін де қолданады. Сенім-наным мен қоғамдық мәжбүрлеу тәсілдеріне негізделген қоғамдық беделге арқа сүйеген әдет-ғұрып пен адамгершілік нормаларынан құқықтық нормалардың негізгі айырмашылығы осында болады.



Құқықтық норма қандай да бір ережені белгілеп, бекітіп қана қоймайды, оны орындауды да міндеттейді [4, 208 б.]. – деп түсіндірме берген. Ендеше, аталмыш заңдағы қазақша мәтіндегі «құқық нормасы» ұғымындағы олқылықтың орнын толтыру қажет деп санаймын.

Әрі, жоғарғы оқу орындарында міндетті түрде «Құқықтану», «Кеден ісі», «Халықаралық құқық» және бағы да басқа мамандық бойынша білім алушыларға оқытылатын пән - Мемлекет және құқық теориясында осындай құқықтық категорияларды оқыту барысында нақтылы осы сияқты мәселелермен бетпе-бет келіп отырмыз. Білім алушыларға бұл мәселелердің түйінін қалай шешіп береміз? Тіптен, білім алушыларға ғана емес, заң – маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық акт болғандықтан, ол қарапайым халыққа да түсінікті болуы керек емес пе? Арнайы заңгерлік білімі бар адамдардың өзін адастыратын заң, қарапайым халық үшін қалай қызмет етпекші?

Екі тілдік мәтіндегі алшақтық көбінесе мемлекеттік тілде білім алушыларды адастырады. Қазіргі кезде жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың басым пайызы мемлекеттік тілде білім алып жатқандығын ескерсек, бұл мәселе жай ғана айтылып, жерде қалмауы тиісті.

Сондықтан да, не себепті біздің ұлттық заңнама жүйемізде осындай кемшіліктер орын алды деген сұрақтар көкейкесті мәселеге айналғаны рас. Менің ойымша:

- ең бірінші себеп, заңшығарушы органда заң мәтіндерінің ең әуелі орыс тілінде даярланатындығында, сосын барып қазақ тіліне тек аударма жасалады ма?;

- екінші себеп, заңшығарушы органда қызметте отырған тұлғалар мемлекеттік тілді жетік меңгермеген, яғни, мемлекеттік тілді жетік меңгерген мамандардың жетіспеушілігі ме?;

- үшіншіден заң шығару қызметіндегі мемлекеттік тілге деген селқостық, енжарлық, салақтық па?;

- заң шығару сатысында өз кезегінде Мәжілісте заң мәтіні талқыға түскенде тиісті палата депутаттары қайда қараған, Сенат депутаттары ше? , әрі қарай Президент қол қойғанға дейін заңдардың конституцияға сәйкестігін қарайтын Конституциялық кеңес қайда қараған? деген сияқты тағы басқа да сұрақтар мазалайды.

Сондықтан да, мемлекетіміздің болашағы жарқын болсын десек, биліктің үш тармағында: заңшығару, сот, атқару билігінде мемлекеттік қызметке мемлекеттік тілді жетік меңгерген азаматтарды қабылдау мәселесін қатаң түрде қолға алатын уақыт жетті.

Біз ұлттық заңнаманы жетілдіру ұғымының бірнеше мағынасын ұсынар едік, олар:

1. Ұлттық заңнаманы құқықтық білім және ғылым тұрғысынан жетілдіру. Бұл жерде нақтылап айтар болсақ, Ұлттық заңнаманы құқықтық білім және ғылым тұрғысынан жетілдіру - біз жоғарыда талқылап отырған ұлттық заңнамаарда кездесетін кемшіліктер жайын қамту тұрғысынан алғанда ұлттық заңнаманы жетілдіру болып табылады.

2. Ұлттық заңнаманы әлемдік тәжіримен ұштастыра отырып жетілдіру мәселесі. Бұл жерде ұлттық заңнаманы жетілдіру мақсатында әлем елдерінің тозық емес, озық тәжірибелерін алу. Осы тұрғыдан келгенде біздің ұлттық құқықтық жүйемізге сай келе ме, жоқ па ? Ештеңеге қарамастан әлем елдерінің тәжірибесін көшіріп алу үрдіске айналып барады. Мәселен, ҰР Конституциялық Кеңесінің үлгісін біз Франция мемлекетінен көшіріп алып отырмыз. Басқа да ұлттық заңнамаларды жетілдіру барысында әлем елдерінің озық тәжірибелерінен үлгі алу, әрине, құптарлық жағдай. Десе де, бұл жерде ұлттық құқықтық жүйеміздің басымдықтарын ескеруіміз, халықтың жағдайымен санасуымыз аса қажет деп санаймыз.

Қорыта келгенде, ҚР Құқықтық актілер туралы заңындағы біз талдап берген олқылықтардың орнын толтыру кезек күттірмейтін мәселе болуы тиісті деп санаймын. Сонымен қатар, заңшығару билігінде қызметке келетін үміткерлерге қойылатын талаптар қатарына «Мемлекет және құқық теориясы» пәнінен міндетті түрде емтихан тапсыруды қосу аса қажет деп санаймын. Мемлекеттік тілді білу талаптарын күшейте түсу қажет.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. *Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының заңы 2016 жылғы 2 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ* // <http://adilet.zan.kz>

2. *Конституционный совет Франции* // [wordcjinstitutions.ru](http://wordcjinstitutions.ru)

3. *Закон Республики Казахстан О правовых актах с изменениями и дополнениями по состоянию по 11.07. 2017 г.* // <http://adilet.zan.kz>

4. *Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. 3- басылым, өңд., толықт. – Астана: Фолиант, 2014. – 288 б.*

Рашева Г.К.

эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Заң факультеті,  
«Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының 1-курс докторанты, gulnur1989@mail.ru

## ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

*Резюме.* Бұл мақалада ұлттық қауіпсіздіктің түрлері және фитосанитариялық қауіпсіздік жалпы ұлттық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының фитосанитариялық қауіпсіздігі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін ұлттық заңнаманы және оның қолданылу тәжірибесін талдау ұсынылды және заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар берілді.

*Кілт сөздер:* фитосанитария, өсімдіктерді қорғау, фитосанитарлық қауіпсіздік, құқықтық қамтамасыз ету.

*Резюме.* В данной статье рассматриваются вопросы классификации видов национальной безопасности по сферам и областям жизнедеятельности, и как следствие, фитосанитарная безопасность как один из компонентов общей системы национальной безопасности. Приведен подробный анализ национального законодательства и практики его применения в исследуемой сфере, а также предлагаются рекомендации по совершенствованию законодательства, регулирующего общественные отношения в области фитосанитарной безопасности Республики Казахстан.

*Ключевые слова:* фитосанитария, защита растений, фитосанитарная безопасность, правовое обеспечения.

*Summary.* This article deals with the classification of types of national security in the spheres and areas of life, and as a result, phytosanitary security as one of the components of the overall national security system. A detailed analysis of the national legislation and practice of its application in the field under investigation is presented, as well as recommendations on improving legislation regulating public relations in the field of phytosanitary security of the Republic of Kazakhstan.

*Key words:* phytosanitary, plant protection, phytosanitary safety, legal provision.

2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында: «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі. Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек. Біз егін егіп, дәнді дақылдарды өсіруді үйрендік. Оны мақтан тұтамыз. Алайда, қазір ол жеткіліксіз. Шикізатты қайта өндеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет. Бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды. Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс. Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет. Осыған орай аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау керек. Олар диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс. Бұл жоғары оқу орындарынан оқу бағдарламаларын жаңартып, агроөнеркәсіп кешеніндегі озық білім мен үздік тәжірибені тарататын орталықтарға айналу талап етіледі. Мысалы, егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамдаудың, «ақылды суарудың», минералды тыңайтқыш себудің, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті бірнеше есе арттыруға болады,» - деп аталып өткен [1].

Ал, 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы аясында атап өткен «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты» [2] - деген Елбасымен белгіленген мемлекет міндеттеріне жету үшін біз республиканың фитосанитариялық қауіпсіздігінің деңгейін көтеруіміз керек. 2017-2021 жылдарына арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік дамыту бағдарламасына сәйкес республикада фитосанитарлық қауіпсіздік қанағаттанарлық деңгейде. Зиянкестермен күресте биологиялық әдістерді қолдану даму үстінде. Сонымен қатар, соңғы жылдары ошақтары жергілікті көбейген карантинді объектілердің жаңа түрлері ашылды. Карантинді объектілер мен аса қауіпті зиянкестердің таралу аймағы 2016 жылға сәкес 5 085,4 мың га жерді құрайды [3].

Сонымен бірге, Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы дүниежүзілік сауданың одан әрі ұлғаюына, карантинді өнімнің жеткізілу географиясының кеңеюіне алып келді, оның ішінде, фитосанитарлық жағдайы карантинді фитосанитарлық қатынаста әлі де жеткілікті зерттелмеген елдер де бар.

2050 жылы әлем халқының саны 9,7 млрд. адамға жетеді деп болжануда, бұл дегеніміз ауылшаруашылық өнімдерін өндіру өндірісін 50% арттыруды талап етеді. Осыған орай фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ауыл шаруашылық өнімнің тиімді тұрақтылығы үшін, әсіресе, экологиялық таза тағам өнімдерін өндіруде аса маңызды болып тұр [4].

**Қазіргі таңда қауіпсіздік мәселелерінің шешімін табуы дүниежүзінің барлық мемлекеттерінің бірлесіп күш біріктіруі жағдайында ғана мүмкін болып отыр. Ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізу аймақтық және халықаралық қауіпсіздіктің тепе-теңдік жүйесі жағдайында қол жеткізіледі. Сондықтан, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі аймақтық және халықаралық ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып отыр» [5, 155 б.].**

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі дегеніміз – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі [6].

Аталған заңның 4-бабында, төмендегі ұлттық қауіпсіздік түрлері көрсетілген:

1) қоғамдық қауіпсіздік – қоғамның тұтастығы мен оның тұрақтылығы қамтамасыз етілетін азаматтар өмірінің, денсаулығының және амандығының, қазақстандық қоғамның рухани-имандылық құндылықтарының және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нақты әрі ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

2) әскери қауіпсіздік – әскери күштерді қолданумен немесе оны қолдану ниетімен байланысты сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері қорғалуының жай-күйі;

3) саяси қауіпсіздік – азаматтардың, әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы және олардың мүдделерінің теңгерімі, мемлекеттің тұрақтылығы, тұтастығы және қолайлы халықаралық жағдайы қамтамасыз етілетін конституциялық құрылыс негіздерінің, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің және мемлекеттік басқару тәртібінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

4) экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

5) ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі;

6) экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады [6].

Берілген жіктеу ұлттық қауіпсіздікті қауіпсіздік түрлерін бірыңғай жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйедегі әрбір қауіпсіздік түрі өз ерекшеліктерне байланысты жеке шағын жүйе, олар бір-біріне өзара тәуелді және байланысты. Бұл өзарабайланыс ұлттық қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады [7].

Соңғы кездері баспа беттерінде «фитосанитария» түсінігі көптеп беріліп жүр. Фитосанитария – қоршаған ортаны жақсарту мен өсімдіктер мен өсімдіктер үшін зиянды өнімдерінің енуінен, таралуынан туындайтын тәуекелдерден қорғауға бағытталған және ғылыми әзірленген іс-әрекеттердің тәжірибесін қолдану.

Фитосанитарлық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады. Әрекет етуші заңнамада («Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 Заңы) тек, фитосанитариялық ахуал, фитосанитариялық болжам, фитосанитариялық мониторинг, фитосанитариялық нормативтер, фитосанитариялық іс-шаралар ұғымдарына анықтама берілген. Ал, фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымына сипаттама берілмеген, бірақ *Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне фитосанитариялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы* Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі N 189-IV Заңы қабылданған. Бұл заңда «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 Заңы, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгеріс енгізу көзделген [8].

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңына сәйкес, өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

- мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету;

- фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде пестицидтердің (улы химикаттардың) адамдардың денсаулығына зиянды әсерінің, ауыл шаруашылық өнімі, қоршаған орта ластануының алдын алу және оларды болдырмау болып табылады.

Фитосанитарлық қауіпсіздік азық-түлік қауіпсіздігінің бір бөлігі болып табылады. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі – бұл мемлекеттің экономикасының жағдайы, ол елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етіледі және белсенді және салауатты өмір үшін бүкіл халыққа қажетті азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігіне кепілдік береді [8].

Кез-келген өнімнің қауіпсіздігі егістік алаңынан басталады, бұл жерде тек өсімдік тектес өнім емес, жануар өнімі үшін де айтылып отыр, себебі егер жануарлар құрамында пестицид, агрохимикаттар және ауыр металл тұздары бар жем-шөп азығын тұтынатын болса, біздің үстеліміздегі сүт, ет өнімдері құрамында бұл қауіпті заттар кездесетіні сөзсіз. Өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ететін фитосанитарлық ахуалды бақылайтын жүйе халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Бұл жүйенің қалай болатындығы тікелей заң шығарушыға байланысты. Ұлттық қауіпсіздікті өнім, биологиялық, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заң шығару ісіне тек заңгерлер ғана емес, өндіріс мамандары, ғалымдар көптеп тартылуы керек [9].

Карантиндік, аса қауіпті және зиянды организмдердің таралу көрсеткіштері елдің фитосанитарлық ахуалын сипаттайды. Бидай өндіру бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында үшінші орынға ие, егіннің 70% экспортқа шығарады. Сол себептен де, фитосанитарлық ахуал еліміз үшін маңызды орынға ие. Бидай экспорты республика экономикасына валюталық қаржы ресурстарының түсуінің қайнар көзі болып табылады. Елімізде бидайдан өзге де, жеміс өсіру, бақша шаруашылығы, мақта шаруашылығы, күріш өндірісі мен қызылша шаруашылығы жақсы дамыған. Карантиндік, аса қауіпті және зиянды организмдерден таралатын өсімдіктер биоәртүрлілігіне, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қауіптер республика өсімдіктерді қорғау мен өсімдіктер карантині қызметі үшін басты мәселе болып отыр. Климаттың өзгеруіне байланысты үнемі қауіпті организмдердің жаңа түрлерінің пайда болуы және олардың көптеп таралуы зиянын тигізуде.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тиісті заңнама негізі, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі, фитосанитарлық бақылау пунктері сәйкес құрал жабдықтармен жабдықталған және жоғары білімді мамандар болған кезде ғана іске асады.

Фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы өзекті мәселе – ауылшаруашылық өнімдерін өндіру өндірісіне аса қауіпті зиянды организмдердің жоғары қауіпі. БҰҰ Ауылшаруашылық және Азық-түлік өндірісі комиссиясының деректері бойынша, зиянкестер, өсімдік аурулары және арамшөптерден ауыл шаруашылығы өнімдері 35 %-ға азаяды [10].

Қазақстан үшін БҰҰ Ауылшаруашылық және Азық-түлік өндірісі комиссиясының деректерін қолдану экономикалық маңыздылығы жоғары, жаһандық климаттың жылынуы ауыл шаруашылығы үшін аса қауіпті зиянды организмдердің (шегіртке, тот аурулары сияқты және т.б.) көбеюі және таралуына қолайлы жағдай жасауда. 1997-2003 жылдары Қазақстан территориясына шегірткелер көптеп таралып, 140 млн. га аумақты қамтыды [11].

Республика аумағында қалыпты фитосанитарлық жағдаймен қамтамасыз ету үшін Ауыл шаруашылық министрлігімен Қазақстан Республикасы аумағына ерекше қауіпті организмдерді карантиндік объектілерді енгізу және тарату және таратудың алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Қазақстан Республикасының аса қауіпті зиянды организмдерімен және карантинді объектілермен күресу бойынша іс-шараларды қаржыландыру заңнамасына сәйкес республикалық бюджет қаржысы есебінен қаржы бөлінеді. Сонымен қазіргі таңда республикалық бюджет есебінен 11 карантиндік объектіге және 12 ерекше зиянды ағзаларға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылуда. 2016 жылы ерекше қауіпті зиянкестер мен аурулар және карантинді объектілерге қарсы іс-шараларды ұйымдастыру үшін республикалық бюджеттен 4,88 млрд теңге бөлінді. 2016 жылы ерекше қауіпті зиянкестер мен аурулар және карантинді объектілерге қарсы 4 726,28 мың га ауданға қорғау іс-шаралар жүргізілді оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 1 820,2 мың га өңделді. Сонымен қатар ағымдағы жылы ауа-райы және климаттық жағдайға байланысты дәнді дақылдардың ауруларының таратылу ауданы ұлғайды. 2017 жылы топырақты қалдық инфекциясы есебінен дәнді дақылдар аурулармен зақымданған ауданның ұлғаюы жоспарланды. 2016 жылы дәнді дақылдардың ауруына қарсы 2 410,3 мың га ауданда өңдеу жүргізілді. 2016 жылы шегіртке зиянкестеріне қарсы болжам бойынша 1 779,7 мың гектардың 1,655,0 мың гектар аумағына химиялық өңдеу жүргізілді. Химиялық өңдеулерге 211 бірлік техника тартылды. Тұтастай шегіртке зиянкестерінің үйірлі түрлерінің таратылу аудандарының азайғаны байқалады. Карантиндік объектілерге қарсы химиялық өңдеу 146,8 мың га ауданға жүргізілді. 2017 жылы ерекше қауіпті зиянды ағзалар мен карантинді объектілер 4 811,6 мың га тарату болжанады оның ішінде карантинді объектілер 169,1 мың га,

шегіртке зиянкестері – 1 570,7 мың га, дәнді дақылдар аурулары – 2 485,8 га. Қазіргі таңда уақытылы химиялық өңдеу (пестицидтерді сатып алу, химиялық өңдеу бойынша қызметтер, сақтау және тасымалдау бойынша қызметтер) жүргізу үшін дайындық іс-шаралары жүргізілуде [12].

Көп жылдар бойғы деректер талдауы жүргізілген химиялық іс-шаралар нәтижесінде дақыл ауруларынан басқа ерекше қауіпті зиянды ағзалар мен карантинді объектілердің таратылу ауданының азайғанын көрсетеді. Қазіргі уақытта ҚР Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасымен негізгі мақсаты міндеттердің бірі ерекше қауіпті зиянды ағзалар мен карантинді объектілердің таратылу қаупін азайту, фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік іс-шараларды жүргізу механизмінің жетілдіру болып табылады және де елдің фитосанитарлық қауіпсіздігін арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды қарастырады.

Аталған Бағдарлама шегінде фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қарастырылады:

- қалыпты фитосанитарлық әл-ауқат жағдайын қамтамасыз етуде ауыл шаруашылық тауарын өндірушілердің мүдделілігін тарту;

- мемлекеттік резервтік және өрт аурудың жерлерінде таралуы, мемлекеттік қор жерлерде карантинді арамшөптер мен жеміс ағаштарын бактериалды күйіктен карантиндік арамшөптер, Оңтүстік Америка қызанақ көбелегінен, асқабақ шыбынынан тарату ошақтарын оқшаулау және жою бойынша іс-шаралар мен жоғары көлемдегі шегіртке зиянкестерінің үйірлі және үйірлі емес түрлерінен басқа карантинді объектілерді оқшаулау және жою, зиянды және ерекше қауіпті зиянды ағзаларға қарсы фитосанитарлық іс-шараларды жүргізуді ынталандыру жолымен өз аумағында қолайлы фитосанитарлық жағдайды қамтамасыз етуге қатысу. Ынталандыру арамшөп өсімдіктермен, ерекше қауіпті зиянды ағзалар мен карантинді объектілермен, орманның карантинді зиянкестерімен күрес үшін пестицидтер мен биопрепараттарды (биагенттерді) сатып алуға шығын субсидиялау жолымен мемлекеттік қолдау көрсету қызметі арқылы жүзеге асырылады;

- республика аумағында бұрын тіркелмеген карантиндік объектіні тарату және жерсіндірумен немесе аталған карантинді объекті таратылмаған карантинді объектіні тарату ошағын анықтаумен байланысты фитосанитарлық жағдай нашарлағанда шұғыл ықпал ету механизмін енгізу;

- карантин және өсімдіктерді қорғау бойынша іс-шараларды уақытылы жүргізу үшін зиянды және ерекше қауіпті зиянды ағзалар, карантиндік объектілер бойынша зерттеу және сақтау іс-шаралардың тиімділігін арттыру [3].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, фитосанитарлық қауіпсіздікті ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, заңнамаға «фитосанитарлық қауіпсіздік» ұғымын енгізуді ұсынамыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. **Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері.** 2018 жылғы 10 қаңтар. <http://www.akorda.kz/kz>

2. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. 2017 жылғы 31 қаңтар <http://www.akorda.kz/kz>

3. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // <http://online.zakon.kz>

4. ООН: население Земли к 2050 году превысит 9,8 млрд человек <http://tass.ru/obschestvo/4357817>

5. Токаев К.К. Преодоление дипломатической очерки. – Астана, 2003. – 155 с.

6. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы. <http://adilet.zan.kz>

1. Сулейменова С.Ж., Аскарлова А.О., Кирбасова З.О. Химическая безопасность как составная часть национальной безопасности Республики Казахстан // Вестник КазНУ, 2013.

2. Өсімдіктерді қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 Заңы. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000331\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000331_) (Жүзін мерзімі: 02.02.2018).

3. Данкверт С.А. Обеспечение аграрной безопасности России как важнейшее условие ее суверенного развития в современных условиях // Аналитический Вестник № 8 (451) Актуальные проблемы обеспечения продовольственной безопасности Российской Федерации - Москва, 2012.

4. <http://www.fao.org/home/ru/>

5. Ажбеенов В.К. Актуальные проблемы обеспечения фитосанитарной безопасности в Республике Казахстан <http://auyl.kz/ru/news/view/216>

6. 2016 жылға арналған Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндама <http://doklad.ecogofond.kz/kz/selskoe-hozyaistvo>

**Сагинбеков Курманбек Сагинбекович**

к.ю.н., доцент кафедры «Уголовное и уголовное процессуальное право»  
ТарГУ им.М.Х. Дулати

**Тлебаева Гульмира Манатовна**

к.ю.н., доцент кафедры «Гражданское и гражданское процессуальное право»  
ТарГУ им.М.Х. Дулати

**Бекенова Анар Берденовна**

к.ю.н., доцент кафедры «Гражданское и гражданское процессуальное право»  
ТарГУ им.М.Х. Дулати

**ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА ИНТЕРЕСОВ МАТЕРИ И РЕБЕНКА  
ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РК**

***Резюме.** В статье рассмотрены проблемы укрепления законности в сфере защиты материнства. Авторами высказываются идеи и предложения по совершенствованию законодательства и правоприменительной практики в сфере обеспечения соответствующих материальных благ, а именно авторы предлагают пересмотреть присвоение подвески «Алтын алка» и очередность предоставления жилья для многодетных семей.*

***Түйін.** Аталмыш мақалада аналықты қорғау аясында заңдылықты күшейту мәселелері қарастырылған. Авторлармен тиісті материалдық құндылықтарды қамтамасыз ету аясында құқыққолданушылық тәжірибе мен заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар мен идеялар айтылған, нақтырақ айтқанда авторлар «Алтын алқа» иегерлеріне алқана беру тәртібін және көпбалалы отбасылар үшін тұрғын үй беру кезектілігін қайта қарастыруды ұсынған.*

***Summary.** Besides, in the article problems of strengthening of legality in the sphere of protection of motherhood are considered. Authors ideas and suggestions for improvement of the legislation and law-enforcement practice in the sphere of providing the corresponding material benefits express, namely authors suggest to reconsider assignment of an award "Altyn alka" (Gold alka) and sequence of provision of housing for large families.*

Н.Назарбаев в своем выступлении на церемонии награждения победителей Национального конкурса «Мерейлі отбасы» отметил что, в настоящее время защита материнства и ребенка приобретает социально-правовой, экономический и политический характер. По существу, вся проводимая широкомасштабная государственная политика, направленная на укрепление семьи, защиты материнства и детства способствует формированию здоровой нации и укреплению семейных ценностей в обществе. Каждое государство заинтересовано в формировании полноценной и здоровой личности, приносящей пользу обществу. Сегодня нам нужна более эффективная государственная политика по укреплению семьи, защите материнства и детства, достойному обеспечению в старости [1].

Как нам известно, согласно Конституции Республики единственным источником государственной власти признан народ Казахстана. Согласно статьи 1 Конституции РК «Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы». Из смысла конституционной статьи вытекает что, страна берет на себя обязательства смягчать социальное неравенство путем создания условий для достойной жизни своим гражданам [2].

Республика Казахстан приняла на себя обязанность признавать и гарантировать права и свободы человека, ограждать их от любого незаконного вмешательства или ограничения.

Признание государством прав и свобод человека означает их обязанность утвердить эти ценности в основополагающих правовых актах. Как нам известно, при разработке Конституции Республики Казахстан законодателем были инкорпорированы положения Всеобщей декларации прав человека. Следовательно, реализуя свои права и свободы, лицо вправе их защищать, основываясь на Конституции.

Признавая принятые международным сообществом правовые ценности человека, Республика Казахстан одновременно гарантирует их осуществление, а гарантом их соблюдения является Президент Республики Казахстан.

Принимая на себя вышеуказанные ценности, государство устанавливает юридические механизмы их осуществления (реализации). К ним относятся законодательные и иные

подзаконные акты, принимаемые в соответствии с Конституцией, и направленные на претворение ее положений.

Таким образом, гарантии соблюдения прав и свобод человека являются существенными признаками правового государства, подчеркивающими значение прав и свобод человека как высшей ценности [3].

В п.2 ст.12 Конституции закреплено, что права и свободы человека принадлежат каждому от рождения, признаются абсолютными и неотчуждаемыми, определяют содержание и применение законов и иных нормативных правовых актов. Впрочем, эти положения нашли свое отражение во Всеобщей декларации прав человека, где ст. 1 «Все люди рождаются свободными и равными в своем достоинстве и правах...» [4].

На наш взгляд, здесь уместно подчеркнуть, что в вышеуказанном подпункте статьи Конституции определен принцип неотчуждаемости прав человека. А неотчуждаемость прав и свобод человека означает, что установленных прав и свобод человек не может быть лишен никем, в том числе и государством, кроме случаев, предусмотренных Конституцией и принятых на ее основе законов [5].

Таким образом, проанализировав современное состояние защиты прав многодетных матерей, мы пришли к мнению о необходимости более детально рассмотреть законодательство в этой области. Как нам известно, конституция является важнейшим нормативно-правовым критерием толкования и применения всех юридических фактов и совершения юридических действий. К сожалению, можно констатировать, что законодателем допущены нарушения на предмет соответствия конституционной законности.

Как было отмечено выше, нормы регулирующие государственные награды и жилищные отношения Республики Казахстан противоречат основным принципам Конституции.

На наш взгляд, необходимо в отдельности рассмотреть вышеуказанные нормы. Так, например, в статье 28 закона «О государственных наградах Республики Казахстан» говорится: «подвеской "Алтын алка" награждаются матери, родившие и воспитавшие семь и более детей. Награждение подвеской "Алтын алка" производится по достижении седьмым ребенком возраста одного года и при наличии в живых остальных детей этой матери».

Нас настораживает тот факт, что награждение производится по достижении седьмым ребенком возраста одного года и при наличии в живых остальных детей этой матери. На наш взгляд, законодатель неправильно сформировал данный контекст, так как в определяющем содержание контексте законодатель констатирует факт рождения детей матерью словом «родившие». Законодатель в данном случае четко подтверждает событие рождения всех детей, тем самым ставит «условие» - наличие их в живых на момент присвоения государственной награды.

Из смысла данной нормы вытекает, что разработчики закона лишили и новорожденного и его родившую мать, социальных благ, которые гарантированы каждому от рождения Конституцией РК.

Наше внимание привлекло то обстоятельство, что семья по смыслу статьи закона обделена гарантированными государством социальными благами до тех пор, пока новорожденный не достигнет возраста одного года. Тем самым законодатель заранее лишает их социальных благ. Согласно действующему законодательству социальная поддержка может осуществляться в самых разнообразных формах, а именно, жилой площади, льгот на оплату расходов на содержание жилища вместе с членами семьи, а также специального государственного пособия на оплату коммунальных услуг (в размере 6,40 МРП). [6].

Следует также особо обратить внимание на зависимость предыдущих шестерых детей от родившегося седьмого. А это обстоятельство, существенным образом ограничивает права остальных членов многодетной семьи. В качестве примера можно привести случай обращения гражданки «Н.» в Департамент Комитета труда, социальной защиты и миграции по городу Астана, в тексте которого, она изложила: *«Моя мать родила и воспитала 7 детей, но самая старшая которая родилась в 1979 году умерла в 2005 году выйдя замуж, родив 2 детей, при этом самый последний ребенок у нас в семье родился в 1989 году. Маме вручили "Кумис алка", почему? Даже если это соответствует законам Казахстана справедливо ли, что она мать 7 детей, но ей не присвоено звание "Алтын алка"?...»* [7]. Эти недоразумения на наш взгляд, создают психологическую неопределенность для родившей матери, и она становится «заложницей» некорректной формулировки нормы закона.

По нашему мнению, вышеуказанная коллизия норм не дают возможности достичь социальных благ матери родившей семь и более детей, тем самым данное обстоятельство в период

нестабильности экономики приобретает особую актуальность. А это с учётом инфляции ощутимо снижает уровень жизни населения, так как данная категория общества является социально уязвимой.

Вместе с тем, вызывает недоразумение подход в отношении третьего абзаца статьи 28 Закона «О государственных наградах в РК», где законодатель на наш взгляд, неправильно определил категории детей, которые учитываются для получения государственной награды. По содержанию данной нормы таковыми детьми являются:

- усыновленные матерью в установленном законом порядке;
- погибшие или пропавшие без вести при защите интересов Республики Казахстан или при исполнении иных служебных обязанностей,
- погибшие при стихийных бедствиях либо при выполнении гражданского долга по спасению человеческой жизни и материальных ценностей, в борьбе с преступностью и охране общественного порядка,
- а также умершие вследствие ранения, увечья или заболевания, полученных при указанных обстоятельствах, либо вследствие трудового увечья или профессионального заболевания.

Вызывает недоумение вышеприведённая категория детей, так как на наш взгляд, законодатель при их классификации не учёл **иные** обстоятельства, летального исхода. Например, смерть ребёнка вследствие падения в колодез, канализационный люк и т.д., а также в иных случаях. Исходя из содержания и смысла текста закона, вытекает что, перечисленные случаи смерти ребёнка не входят в указанный перечень законодателя. А это, в свою очередь порождает неопределённость в обществе, что требует детальной проработки этой нормы Закона, т.е. на наш взгляд законодатель должен учитывать все случаи летального исхода.

Однако нам параллельно следует проанализировать вопрос по обеспечению жильем многодетных семей, который требует научного анализа.

Согласно Закона «О жилищных отношениях Республики Казахстан» от 16 апреля 1997 года №94, законодателем на наш взгляд была классифицирована иерархия социально уязвимых слоев населения без учёта статьи 36 закона «О государственных наградах Республики Казахстан», в которой закреплено, что: «Многодетные матери, награжденные подвеской "Алтын алка" или получившие ранее звание "Мать-героиня", обеспечиваются жилой площадью по установленным нормам в первую очередь». А в вышеуказанном законе, в *статье 68* законодатель к социально уязвимым слоям населения относит:

- 1) инвалиды и участники Великой Отечественной войны;
- 1-1) лица, приравненные к инвалидам и участникам Великой Отечественной войны;
- 2) инвалиды 1 и 2 групп;
- 3) семьи, имеющие или воспитывающие детей-инвалидов;
- 4) лица, страдающие тяжелыми формами некоторых хронических заболеваний, перечисленных в списке заболеваний, утверждаемом Правительством Республики Казахстан;
- 5) пенсионеры по возрасту;
- 6) дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие двадцати девяти лет, потерявшие родителей до совершеннолетия. При призыве таких лиц на воинскую службу возраст продлевается на срок прохождения срочной воинской службы;
- 7) оралманы;
- 8) лица, лишившиеся жилища в результате экологических бедствий, чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера;
- 9) *многодетные семьи*;
- 10) семьи лиц, погибших (умерших) при исполнении государственных или общественных обязанностей, воинской службы, при подготовке или осуществлении полета в космическое пространство, при спасании человеческой жизни, при охране правопорядка;
- 11) неполные семьи.

Таким образом, законодателю на наш взгляд необходимо было при разработке статьи 68 Закона «О жилищных отношениях Республики Казахстан» учитывать основной принцип, а именно первоочередность при получении жилья, заложенный в основу статьи 36 закона «О государственных наградах Республики Казахстан». Следовательно, необходимо внести корректировку в Закон «О жилищных отношениях Республики Казахстан» для приведения их в соответствие конституционным принципам, а статью 68 вышеуказанного закона необходимо изложить в следующей редакции:

К социально уязвимым слоям населения относит



- 1) инвалиды и участники Великой Отечественной войны;
- 1-1) лица, приравненные к инвалидам и участникам Великой Отечественной войны;
- 2) *многодетные матери, награжденные подвеской "Алтын алка" или получившие ранее звание "Мать-героиня"*;
- 3) инвалиды 1 и 2 групп;
- 4) семьи, имеющие или воспитывающие детей-инвалидов;
- 5) лица, страдающие тяжелыми формами некоторых хронических заболеваний, перечисленных в списке заболеваний, утверждаемом Правительством Республики Казахстан;
- 6) пенсионеры по возрасту;
- 7) дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие двадцати девяти лет, потерявшие родителей до совершеннолетия. При призыве таких лиц на воинскую службу возраст продлевается на срок прохождения срочной воинской службы;
- 8) оралманы;
- 9) лица, лишившиеся жилища в результате экологических бедствий, чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера;
- 10) многодетные семьи;
- 11) семьи лиц, погибших (умерших) при исполнении государственных или общественных обязанностей, воинской службы, при подготовке или осуществлении полета в космическое пространство, при спасании человеческой жизни, при охране правопорядка;
- 12) неполные семьи.

Хотелось бы подчеркнуть, что Закон «О государственных наградах РК» был принят в 12.12.1995 году, тогда как закон «О жилищных отношениях» в 16.04.1997.

Разумеется, вышеуказанные законы защищают интересы многодетных семей, однако законодатель не учёл «принцип первоочёрдности» при предоставлении жилья многодетным семьям определяя слои населения по их социальной уязвимости, а также не принял во внимание иные обстоятельства смерти детей.

Возможно законодатель при принятии вышеуказанных норм учитывал экономическое положение того времени, когда имело место снижение доходов населения и государства.

Так как в 1994 году ВВП на душу населения составлял чуть более семисот долларов [8], а к 1 января 2012 года он вырос более чем в 12 раз и превысил 12 тысяч долларов США. Прогноз правительства, рассчитывало достичь такого уровня только к 2015 году [9].

На наш взгляд, чтобы стимулировать рост населения необходима материальная обеспеченность многодетных семей. Государство должно обеспечить их социальными гарантиями, чтобы они не оказались в худшем положении. А бюджетные расходы, на многодетных семей не должны носить обременительный характер для государственной казны.

Таким образом, нужны системные меры, обеспечивающие как верховенство законности в стране и стабильность правовой системы, так и поступательное развитие национального права в рамках действующей Конституции. Комплексный подход к правовой политике позволит модернизировать всю нормативно-правовую базу в контексте общей стратегии развития государства, в том числе по выстраиванию качественно новой модели государственного управления на принципах результативности, прозрачности и подотчетности, обеспечивающих защиту прав и свобод граждан, интересов общества и государства.

Реализация положений Концепции правовой политики позволит воплотить в жизнь основные идеи и принципы Конституции республики в контексте очередного этапа строительства в Казахстане правового государства.

Эффективность реализации правовой Концепции и соответственно стабильность национального права, действенность правового регулирования зависят от конструктивного взаимодействия всех ветвей государственной власти, качества принимаемых органами власти решений и ответственности должностных лиц.

А комплексное развитие казахстанского законодательства будет способствовать дальнейшему укреплению режима законности, соблюдению конституционных прав и свобод человека и гражданина, обеспечению устойчивого социально-экономического развития страны, укреплению казахстанской государственности [10].

Следовательно, положение подпункта 2 ст. 12 Конституции РК закрепляющее права и свободы человека является основополагающим при разработке и принятии законов и иных нормативных правовых актов, устанавливающих условия и порядок осуществления этих прав и свобод [11]. А

положение о неотчуждаемости основных прав человека не является абсолютным и может быть ограничено законом, как предусмотрено в ст. 39 Конституции Республики Казахстан.

На наш взгляд, необходимо на законодательном уровне подробно рассматривать концептуальные направления правовой политики Республики Казахстан в сфере прав и свобод гражданина, а именно, что защита семьи и материнства должна обеспечиваться путем создания государством надлежащих правовых и иных условий и гарантий, максимально благоприятных для жизни семьи. Представляется, что у нас в стране требуется не только принятие экономических мер, т.е. должна всегда учитываться социальная составляющая, направленная на материальную поддержку материнства, но и обеспечение повышения подлинного статуса материнства в обществе.

От того насколько социальная политика государства будет полно отражать настроения и нужды матерей зависит успех дальнейшего развития такого общества.

На наш взгляд, для создания здоровой моральной атмосферы в многодетных семьях в стране необходимо объединение усилий государственных структур и институтов гражданского общества в целях поиска новых форм и методов семейной политики.

Таким образом, важнейшим постулатом и лейтмотивом содержания всех нормативно-правовых актов в РК должны стать положения Конституции.

### *Литература*

1. *Выступление Президента Казахстана Н.Назарбаева на церемонии награждения победителей Национального конкурса «Мерейлі отбасы»* <http://akorda.kz/>

2. *Постановления Конституционного Совета от 21 декабря 2001 года № 18 «Об официальном толковании пункта 1 статьи 1 Конституции Республики Казахстан»*

3. *Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий.* – Алматы: Паритет, 2010. – 400 с.

4. *Всеобщая декларация прав человека (принята на третьей сессии Генеральной Ассамблеи ООН резолюцией 217 А (III) от 10 декабря 1948 г.)*

5. *Постановление Конституционного Совета от 28 октября 1996 года № 6/2 «Об официальном толковании пункта 1 статьи 4 и пункта 2 статьи 12 Конституции Республики Казахстан».*

6. *Закон Республики Казахстан «О специальном государственном пособии в Республике Казахстан»*, от 5 апреля 1999 года N 365

7. <http://astana.mzsr.gov.kz>, 8 февраль, 2013 - 22:33

8. *Назарбаев Н.А. Построим будущее вместе: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана* // [www.akorda.kz/ru/](http://www.akorda.kz/ru/). - 28.01.2011 г.

9. *Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства: Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана* // [www.akorda.kz/ru/](http://www.akorda.kz/ru/). – 14.12.2012 г

10. *Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года за № 858 «Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года».*

11. *Постановление Конституционного Совета от 28 октября 1996 года № 6/2 «Об официальном толковании пункта 1 статьи 4 и пункта 2 статьи 12 Конституции Республики Казахстан».*

## Шошаева Лаура Санабековна

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің аға оқытушысы,  
құқық магистрі, e-mail: keukonf2012@mail.ru

### АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ СОТТАН ТЫС ҚОРҒАУДЫҢ БАЛАМАЛЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

*Түйін.* Мақалада құқықты соттан тыс қорғау тәсілдері, соның ішінде Қазақстанда медиацияның даму перспективалары қарастырылған.

*Түйін сөздер:* құқықты соттан тыс қорғау, медиация, бітімгершілік.

*Резюме.* В данной статье рассматриваются способы защиты гражданских прав, в том числе перспективы развития медиации в Казахстане.

*Ключевые слова:* несудебные защиты прав, медиация, примирение.

*Summary.* This article examines ways to protect civil rights, including the prospects for the development of mediation in Kazakhstan.

*Key words:* non-judicial protection of rights, mediation, reconciliation.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасындағы әкімшілік, кәсіпкерлік және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын құқықтық дауларды соттан тыс реттеу институтын қолдану перспективалары өзекті мәселелерге айналды.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы жолдауында құқықтық дауларды соттан тыс реттеудің маңыздылығын атап өтті. «Қазақстан-2050» Стратегиясында «кішігірім мәселелер бойынша барлық даулар дауды шешудің соттан тыс әдістері, яғни, медиация және т.б. арқылы шешілуі тиіс» делінген.

Медиацияны енгізудің қажеттілігін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында, Судьялардың VI және VI съездерінде, «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында атап өтті.

«Сот тәртібінде қарастырылуға жататын даулар санын азайтып, оларды шешудің балама тәсілдерін, соның ішінде бітімгершілік рәсімдер мен медиацияларды енгізу маңызды. Бұл сот төрелігінің қалыпқа келуіне мүмкіншілік туғызады» [1].

«... соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет» [2].

«Бүгінде медиация құрылымы мен рәсімін еңбек қатынастары саласында да құру және қолдану жұмыстарын күшейту қажет. Медиация құрылымдарын ұлттық және жеке компанияларды да құру қажет. АҚШ-та, Австралияда және басқа да мемлекеттерде барлық даулардың үштен бірі соттың араласуынсыз, медиация рәсімі шеңберінде реттеледі. Бүгін мемлекет тарапынан дау мен жанжалды, соның ішінде әлеуметтік-еңбек қарым қатынастар саласында да, соттан тыс шешу жүйесін енгізуге мүмкіндік беретін, бастамашылық қадамдар жасалғаны маңызды [3].

Соңғы уақытта даулы құқықтық қатынастар қатысушылары дау-дамайды шешудің баламалы әдістерін пайдалана отырып туындайтын қарама-қайшылықтарды дербес шешуге мүдделі. Құқықтық жанжалдарды шешудің баламалы жолдары, оларды қолданудың нәтижесінде келіспеушіліктерді соттан тыс реттеудің белгілі бір әдістері мен әдістерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі және тараптар өзара қолайлы келісімді жасайды. Сонымен бірге, бұл термин азаматтардың құқықтарын мемлекеттік емес соттан тыс қорғауды көрсетеді. Демек, «баламалы» тұжырымдамасын қолдану кейбір субсидиялылықпен байланысты, азаматтардың құқықтарын мемлекеттік соттық қорғауға қатысты осы құралдардың бірін-бірі толықтыруы.

Қазақстандық заң тәжірибесінде дауды балама шешу шартты түрде сотқа дейінгі және соттан тыс болып бөлінеді. Қорғаудың юрисдикциялық түрі субъективті құқықтар бұзылғанда немесе дауға түскенде өкілетті мемлекеттік органдардың оны қорғауға араласуы болып табылады. Құқығы немесе заңдық мүддесі бұзылған тұста мемлекеттік немесе басқа да құзіретті органдарға (сот, аралық сот, жоғары инстанция және т.б.) шағымданады, әлгі аталған органдар өз кезегінде бұзылған құқықты қалпына келтіру және бұзықшылықты жою үшін өкілеттігіне сай қажетті шараларды қолданады.

Қорғаудың юрисдикциялық нысаны бұзылған құқықтарды қорғаудың жалпы және арнайы тәртібін белгілейді. Жалпы тәртіпке сәйкес заңмен қорғалатын азаматтық құқықтардың мүддесін қорғау сот (төрелік немесе аралық сот) арқылы жүзеге асады.

Қорғаудың юрисдикциялық емес нысаны заттың меншік иесі мен оны иеленушісінің мемлекеттік және басқа құзіретті органға бармай-ақ өз бетімен қорғауын білдіреді. ҚР Азаматтық кодекстің тұжырымдарында аталған әрекеттер «азаматтық құқықтардың өзін-өзі қорғауы» ұғымымен байланысты (АК-тің 9-бабы) және меншік құқығы мен басқа заттық құқықтарды қорғаудың бір әдісі ретінде қаралады.

Азаматтық құқықтың өзін-өзі қорғауы өзінің заңды табиғатында құқық қорғау әдісі болып табылмайтын өзіндік нысанын еншілейді деген пікір де бар. Мәселен, профессор А.П. Сергеев қорғанудың дербес түрі ретінде өзін-өзі қорғау құқығы сот және әкімшілік нысандарымен бірдей қаралуы керек дейді [4, 14 б]. Біздің де пікірімізше, өзін-өзі қорғау құқығына ешкімнің тиіспейтіндігін қамтамасыз етуге, бұзылған құқықты қалпына келтіріп, оның салдарын жоюға бағытталған өкілетті тұлғаның заң немесе шарт негізінде әрекет етуге жол берілген азаматтық құқықты қорғаудың дербес нысаны болып табылады.

Құқық қорғаудың басқа да соттан тыс тәсілі ретінде соттан тыс заңдарға қатысты, мысалы, әкімшілік шағым беру, прокуратураға шағымдану, Қазақстан Республикасына омбудсменге шағым жасау сияқты қоғамдық құралдар бар. Бұдан басқа, заңдық әдебиетте келіссөздер, медиация, арбитраж, омбудсмен және т.б. бар дауларды шешудің баламалы жолдары ерекше орын алады.

Алайда ең тиімді және дамыған азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды соттан тыс реттеу тәсілі - медиация. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдағаннан кейін құқықтық қауымдастық әкімшілік және өзге де қоғамдық-құқықтық қатынастардан туындайтын жағдайларда келісу рәсімдерін құруды қоса алғанда, оның ауқымын кеңейту қажеттілігі туралы айтқан.

Жоғары трибуналардан «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мемлекеттік органдарға тарату қажеттігі туралы пікірлер айтылды. Бүгінгі күні медиация ауқымы артуда. Бітім рәсімдеріне құқық нотариустарға да беріледі.

Кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын қорғау және осы саладағы заңнаманы іске асыру мәселелері көп уақытқа созылды. Бұл мәселеге назар аудару таңқаларлық емес, себебі кәсіпкерлердің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау - жемқорлыққа қарсы күрестегі байланыстардың бірі.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясатының тұжырымдамасы азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру шараларының бірі ретінде, жекеше құқықтық жанжалдарға (медиация, медиация және т.б.) тараптар арасында ымыраға келудің әр түрлі жолдары мен құралдарын біріктіруді көздейді. Осы жұмыс мынадай бағыттар бойынша жүзеге асарылады:

- медиацияны дамыту бағыттары;
- нормативтік базаны жетілдіру;
- қоғам туралы хабардар ету;
- медиаторлардың ісін қалыптастыру;
- соттармен және басқа да құқық қорғау органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу;
- нотариуспен, заңгерлік компаниялармен, бизнес-қауымдастықтармен өзара әрекеттесу;
- «Бітімгершілік-келісім» жобасы.
- Жоғарғы Сот, Бас прокуратура және Әділет министрлігі халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, келісім рәсімдерін және құқықтық жанжалдарды шешудің басқа соттан тыс тетіктерін пайдалануды кеңейтетін заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені болып табылатын «Бітімгершілік - келісім» жобасын әзірледі.
- Жобаның мақсаты - 2017 жылға дейін соттар мен азаматтық істердің санын 30% -ға дейін салыстырып тексеру институттарын дамыту арқылы азайту.

- Жобаның міндеттері:

- 1) Бір мәмілеге код жеткізудің мүмкіндіктері мен тараптар арасында сотта, соттан да тыс тәртіппен де (медиация, делдалдық және басқалары) бітімге қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту;
- 2) Дауларды соттан тыс шешу тәсілдерін жетілдіру;
- 3) Дауларды шешудің құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру;
- 4) Азаматтық-құқықтық дауды қарау тәртібін оңайлату, оның ішінде бұйрықтық іс жүргізу саласын кеңейту арқылы оңайлату.

Заңнамалық базаны жетілдіру тұрғысында:

- мәселелер бойынша дауларды шешудің сот тәртібінен медиация арқылы жүзеге асырылатын механизмді әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің нормаларын тараптар арасындағы соттық және соттан тыс жолдармен ымыраластырудың түрлі жолдарын біріктіруге бағыттау. Неліктен сот ісіне дайындықты дауды бейбіт жолмен шешуге арналған басты алаң ретінде пайдалану керек.

- Медиацияны жанжалды басқарудың соттан тыс әдісі ретінде қолдануды кеңейту.

- Ұйымдарда, кәсіпорындарда жанжалдарды басқару (ескерту, рұқсат) медиа-технологияларды олардың қызметіне интеграциялау жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ұйымда медиацияны енгізу жолдары:

- тиісті біліктілікке ие жанжалдар мен конфликттерге қарсы жағдайларды басқара алатын медиация дағдыларына қызметкерлерді оқыту;

- Ішкі медиацияның толық функционалды қызметін құру;

- қолданыстағы мамандардың функцияларын толықтырады және кеңейтеді.

Ірі ұйымдарда (холдингтер, корпорациялар) қызметкерлері медиация техникасына (ішкі медиаторларға) толықтай ие болатын жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша қызметтерді ұсынуға, сондай-ақ күрделі дауларды шешу үшін сыртқы медиаторларды тартуға ұсыныс жасайды. Кез-келген компанияда, ұйымда, кәсіпорында менеджменттер, HR-қызметтерінің қызметкерлері, заңды бөлімшелер (адвокаттар) жанжалды басқару функцияларын қабылдай алады.

Ең дұрысы, бұл қызметкерлер осы қақтығыстарды жоюға емес, оны басқаруға және оны тиімді пайдалануға тиіс деп есептейді. Жұмыстар келесі ретпен жүзеге асырылады:

- жанжалдың себептерін зерттеу;

- қақтығысқа қатысушылардың санын шектеу;

- жанжалды талдау;

- қақтығыс ескертуі немесе шешімі.

#### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 19 қарашадағы судьялардың V съезінде сөйлеген сөзі: <https://melimde.com/azastan-respublikasini-sot-jjesi.html?page=8>.

2. «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 ж. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001611>

3. Н. Назарбаев. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» 10.07.2012ж. <http://www.astana.adilet.gov.kz/kk/articles-inner/kazakstannyn-leumettik-zhangyrtlyuy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam>

4. Сергеев А.П. Защита гражданских прав. В кн. Гражданское право. – М., 1997. – 301 с.

**Сақбайқызы Әсел**  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ті заң факультетінің докторанты  
Астана, ass-t@mail.ru

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҰҒЫМЫН ДОКТРИНАЛДЫҚ ТҮСІНДІРУ

**Түйін.** Мақалада қаржылық бақылаудың мемлекеттің басқару жүйесінде қажеттілігі және мемлекеттің қазынасын кеңейту үшін бақылаудың маңыздылығы туралы ашып айтылған. Заң және экономика саласындағы қаржылық бақылаудың анықтамасы талқыланып, автор өз бетінше қаржылық бақылаудың анықтамасын талдауға тырысқан. Қаржылық бақылаудың мазмұны мен мәні туралы қарастырылған. Автор мақаланы жазу барысында, отандық ғалымдардан: А.И.Худяков, Н.Р.Весельская, М.Т.Какимжанов, С. Құлпыбаев, В.Д. Мельников, Д.О. Абленов, С.Қуашбаев, Ә.М.Жұманов және ресейлік ғалымдардан: Н.И.Химичева, О.Н. Горбунова, Е.Ю.Грачева, С.О.Шохина, В.М. Родионова, В.А.Парыгина мен А.А.Тедеев еңбектеріне сүйенді.

**Резюме.** В статье излагается необходимость финансового контроля в системе государственного управления и важность контроля над состоянием правительства. Обсуждалось определение финансового контроля в области права и экономики, и автор попытался самостоятельно проанализировать определение финансового контроля. Объясняется содержание и сущность финансового контроля. Во время написания статьи автор опиралась на труды отечественных ученых: А.И.Худякова, Н.Р.Весельской, М.Т.Какимжанова, С. Құлпыбаева, В.Д. Мельникова, Д.О. Абленова, С.Қуашбаева, Ә.М.Жұманова и российских ученых: Н.И.Химичева, О.Н. Горбунова, Е.Ю.Грачева, С.О.Шохина, В.М. Родионова, В.А.Парыгина и А.А. Тедеева.

**Summary.** The article points out the necessity of financial control in the system of State governing and importance of control over government policy.

The definition of financial control in the area of law and economics has been discussed. The author tries to analyze the term of financial control in her own way. The content and essence of financial control has been interpreted. The article is based on the works of domestic researchers as A.I Khudyakov, N.R. Veselskaya, M.T. Kakimzhanova, S.Kulpybayev, V.Melnikov, D. Ablenov, S. Kuashbayev, A. Zhumanov and Russian scientists: N.I. Khimicheva, O.N. Gorbunov, E.Yu. Grachov, S.O. Shokhin, V.M. Rodionova, V.A. Parygina and A.A. Tedeyev.

### **Теориясыз тәжірибе қараңғы.**

Мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық қатынастарында болсын, саяси өмірінде болсын қаржылық қатынастарды құқықтық реттеу мәселесі қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің қатарына кіреді. Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің бұрынғы төрағасы (Омархан Өксікбаев), өзінің бір сөзін былай бастаған еді: «Басшысыз ел болмайды, Бақылаусыз байлық болмайды», демекші қаржылық бақылау ең маңызды мәселелердің бірі десек қателеспейміз деп есептейміз.

Бақылау мемлекеттік қызметтің бір тармағы ма, басқару жүйесінің бір саласы ма, шаруашылық басқарудың бір элементі ме, әлде басқару кезіндегі мемлекеттің қолдану әдісі ма, шарасы ма деген сұрақ туындайды. Себебі, ғалымдардың арасында бірыңғай тұжырым қалыптаспаған. Мысалға, О.Н.Горбунова қаржылық бақылауды мемлекеттің экономикасын бақылаудағы бір бөлім деп көрсетеді. Қаржылық бақылауды бастапқыда мемлекеттік қаржылық қызметтің бір түрі деп қарастыруға болады деген. Өйткені, кез келген мемлекеттің қаржылық қызметі көп қырлы функциядан тұратын үш бағытта жүзеге асырылады: мемлекеттің ақша қаражаттарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану. Қаржылық бақылау осы үш бағыттың әр қайсының ажырамас элементі деп түсіндіреді [1, 108б.].

В.А.Парыгина мен А.А. Тедеев өздерінің еңбектерінде қаржылық бақылауды мынадай анықтама беру арқылы түсіндіреді: «қаржылық бақылау – бұл қаржы саласындағы мемлекет пен муниципалдық құрылымдардың заңдастырылған мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету мен мониторинге бағытталған, қаржылық-құқықтық нормалармен бекітілген мемлекеттік органдардың жүзеге асыратын бақылау шараларының жүйесі» [2, 53б.]. Бұл жерде қаржылық бақылаудың анықтамасы нақтыланбаған және кең мағынада берілген деп ойлаймыз. Себебі, мемлекеттің мүддесі өте көп, қай мүддесінің сақталуына мониторинг жүргізу қажеттілігі көрсетілмеген. Мониторинг өз алдына жеке қызмет түрі. Дегенмен, соңғы кездері заң әдебиеттерінде қаржылық бақылау терминологиясын «қаржылық мониторинг» сөз тіркесімен алмастыру жайлы пікірлер кездеседі. Мониторинг мемлекеттік уәкілетті органдармен жүргізілетін, қаржылық бақылау қызметінің ерекшеліктерін көрсететін, бақылау мен басқару қатынастарының кең ауқымын қамтитындығын ескеріп, бұл ұсыныспен келісуге болады. Сонымен қатар,

В.А.Парыгина мен А.А. Тедеев қаржылық бақылауды – заңи-формальды тұрғыда қаржылық құқықтың кешенді институты ретінде қарастырады. Мемлекет пен муниципалдық құрылымдардың қаржылық қызметі барысында қаржылық бақылауды жүзеге асыру кезіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормаларды қамтиды. Аталған институттың қаржылық құқықтың кешенді институты болуының себебі, мұнда қаржылық құқықтың әр институттарының нормалары кіреді. Мысалға, салық салу саласындағы қаржылық бақылауды реттеуші нормалар, валюта саласында қаржылық бақылауды реттеуші нормалар және тағысы сол сияқты [2, 546.].

Ғалымдардың арасында С.О.Шохинамен қаржылық бақылауға ең толық анықтама берілген. Ол өз еңбегінде мемлекеттік қаржылық бақылау – бұл мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды және заңды тұлғалардың Ресей Федерациясының қаржы заңнамасын сақтауын, мемлекеттік қаржы және материалдық ресурстарды пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін тексеру. Ал, толығырақ мемлекеттік қаржылық бақылау қаржылық құқыққа сәйкес мемлекеттің, мемлекеттік өзін-өзі басқару органдарының ақшалай қорларды қалыптастыру, пайдалану және бөлу саласындағы іс-әрекеттердің зағдылығы мен мақсаттылығын тексеру бойынша институттар, құралдар және әдістердің жүйесі ретінде, қаржылық тәртіптің бұзылуын жасыруға жәрдемдесетін, заңдылықтың қамтамасыз етілуіне, жеке меншіктің қорғалуына, бюджеттік, заемдық және жеке қаржыларды дұрыс, тиімді және үнемді пайдалануға мүмкіндік беретін мемлекеттік бақылаудың бір нысаны ретінде анықтауға болады деп түсіндіреді [3, 596.]. Осы жерде ғалымның анықтамасы толық болғанымен, алғашқыда қаржылық бақылауды институт, құрал және әдіс ретінде анықтаса, ары қарай оны мемлекеттік бақылаудың бір нысаны деп береді. Біздің пайымдауымызша, қаржылық бақылауды құрал, әдіс ретінде қарастыруға келмейді, себебі қаржылық бақылауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орандар белгілі бір шаралар мен әдістерді қолданады, бірақ бұл қаржылық бақылауды әдіс ретінде анықтауға негіз емес. Тағы да, С.О.Шохина бақылау салық салу мақсатында жеке және заңды тұлғалардың кірістеріне, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік есеп нысандарының заңмен бекітілуінің сақталуы үшін, сыртқы экономикалық және банктік қызмет ережелерінің сақталуы үшін мемлекет тарапынан жүргізілетіндігін айқындап отыр [3, 606.].

Ал, Н.И.Химичева: «Қаржылық бақылау – еліміздің және оның аймақтарының тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік муниципалдық және басқа да қаражылық қорларды (қаржылық ресурстарды) қалыптастыру, бөлу және пайдалану саласындағы заңдылық пен іс-әрекеттердің орынды болуына бақылау» деп есептейді [4, 1396.]. Қаржылық бақылаудың маңыздылығы, ол жүргізілген кезде, бірінші кезекте, барлық мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, азаматтардың қаржылық қызметі саласындағы бекітілген құқықтық тәртіпті сақтау және екіншіден, жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің экономикалық негізділігі мен тиімділігі, олардың мемлекеттік және муниципалдық құрылымдардың міндеттеріне сәйкестігімен көрініс табады. Қаржылық бақылау барлық қаржылық-құқықтық институттарға тән. Сол үшін де, жалпы қаржылық қызмет саласындағы қаржылық бақылауды жүргізудің мазмұны, ұйымдастырылуы, тәртібі мен қағидаларына қатысты жалпы ережелер қаржылық құқықтың Жалпы бөлімінің нормаларында қамтылады [4, 1406.]. Осылайша, қаржылық бақылауды қаржылық қызметтің заңдылығы мен орындылығын қамтамасыз етудің маңызды жолы (амал) болып табылады деп анықтап отыр.

Е.Ю.Грачеваның көзқарасы бойынша қаржылық бақылау бір жағынан, мемлекеттік саясатты іске асыру құралы және оған қатысты қаржы саласындағы мемлекеттік басқарудың қызметі болып табылады. Екінші жағынан, қаржылық бақылаудың өзі өзінің мақсаттарына, әдістеріне және іске асыру нысандарына ие басқарушылық қызмет ретінде қарастырылуы мүмкін [5].

Бірқатар заңгерлер (С.О.Шохина, А.И.Худяков, С.С.Капсалямова және т.б.) өз еңбектерінде қаржылық бақылаудың мазмұнын салық салумен байланыстырады. Яғни, мемлекет өзінің ақша-қаражаттарының тиімді және мақсатқа сай пайдаланылуына мүдделі болғандықтан, азаматтар болсын, жеке кәсіпкерлер болсын, барлық салық төлеушілер бюджетке салықты уақытылы төлеуі қажет. Осы мәселені мемлекет қаржылық бақылау арқылы шешуге тырысады. Ал быраз авторлар, (О.Н.Горбунова, Е.Ю.Грачева, А.И.Худяков, С.С.Капсалямова) қаржылық бақылау – бұл мемлекеттің қаржылық қызметінің бір түрі деп қарастырады.

Мәселені толыққанды зерттеу үшін, экономисттердің де еңбектеріне сүйендік. Д.О.Абленов қаржылық бақылау, аудит, қаржылық анализ, басқарушылық анализ мәселелерін зерттеуші белгілі ғалым. Ол: «әміршілдік-әкімшілдік басқарушылық жүйесі тұсында және нарық экономикасына көшу кезінде қаржылық бақылау деп, есептік жазбаларды және ереже бойынша есеп берудің дұрыс құрылғанын, сондай-ақ салықтар мен алымдардың мемлекеттік, жергілікті бюджеттерге түсірілгенін

анықтап, тексеретін құрылым деп түсінген. Қазіргі кездегі қаржылық бақылаудың түсінігі, мазмұны, міндеті кең және әр түрлі бағытта екенін байқауға болады. Оның ішінде ең маңыздысы болып, есептік-қаржылық құжаттардың сенімділігін, шаруашылық заңдылықтарын сақтау, әр түрлі шаруашылық деңгейіндегі экономикалық құрылымдарды басқару тетіктерінің дұрыстығын тексеру болып табылады – дейді [6, 116.]. Сонымен қатар, қаржылық бақылау – заңдылықтың сақталуына, меншіктің қорғалуына, бюджеттік, заемдік және жеке меншік қаржыны дұрыс, тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп, қаржылық тәртіп бұзушылықты ашуға көмектесетін экономикалық бақылаудың бір нысаны [6, 126.].

С.Қуашбаев пен Ә.М.Жұмановтың еңбегіне негізделетін болсақ, «қаржылық бақылау – арнайы өкілетті органдардың шаруашылық субъектілерінің қаржы саясатын, қаржы ресурстарын құру, бөлу және пайдалану процесінде құқық нормаларына сәйкестік кекелтіру және қабылданған басқарушылық, қаржылық шешімдердің орындалуы туралы толық және шынайы ақпаратты дер кезінде алу мақсатында жүзеге асырылатын әрекеттер мен операциялар жиынтығы», деген түсінік береді [7, 2356.].

С. Құлпыбаев, В.Д. Мельников қаржылық бақылау – қаржы жүйесінің барлық буындарының ресурстарын жасау, бөлу және оларды пайдаланудың негізділігін тексеруге бағытталған айрықшалық қызмет және қаржыны басқарудың функционалдық элементтерінің бірі [8, 1386.]. С. Құлпыбаев қаржылық бақылаудың функцияларын дәл, әрі нақты айқындап бергенін атап өткіміз келеді. Олар: біріншіден, қаражаттардың жұмсалуды тексеру, яғни шығыстардың сұралған сомаларға сәйкестігі және мемлекет қаражатын пайдаланудың тиімділігі, екіншіден, қаржыжүйесінің барлық буындары бойынша мемлекеттік ресурстарға қаражаттарды жұмылдырудың уақытылығы мен толықтылығын тексеру, үшіншіден, есеп және есептеме ережелерінің сақталуын тексеру [8, 1416.]. Сонымен, мемлекеттік қаржылық бақылау – бұзушылықтарды анықтау, жою және болғызбау мақсатында бақылау объектілерінің Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа заңнамасын сақталуын тексеру және талдау жолымен жүзеге асырылатын бақылау [8, 1436.].

В.М.Родионова өз еңбегінде: Қаржылық бақылау шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық шаруашылық мәселелерін тексеру бойынша, арнайы нысандар мен әдістерді қолданумен байланысты іс әрекеттер мен операциялардың жиынтығы [9, 336.].

Экономисттер қаржылық бақылауды мемлекеттің басқару функциясы және қаржылық бақылау ақшалай нысанда жүзеге асырылады деген тұжырымды ұстанатын байқадық. Бұл тұжырыммен келісеміз деп айту қиын, себебі нысаны ақша бола алмайды. Тексеру кезінде ақша қаражаттары бақылауға алынады. Бұл жерде пәні деген термин дұрыс келеді. Сонымен, экономикалық әдебиеттерде де қаржылық бақылаудың анықтамасына байланысты әр түрлі тұжырым қалыптасқанын көріп отырмыз.

Әр мемлекеттің өздерінің ұлттық құқық шеңберінде қаржылық бақылау түсінік бергенімен, халықаралық деңгейде халықаралық жария құқық, халықаралық қаржы құқығы және халықаралық экономикалық құқықсалаларында қаржылық бақылау институты тіптен қалыптаспағанын атап өту қажет. Лим декларациясында қаржылық бақылау мемлекеттік реттеудің ажырамас бір бөлігі деп қана айқындалған [10].

In some countries the function of the Constitution is fulfilled by the body of constitutional acts, and in a few states – by other documents. At present in many countries the Constitution is named as “Fundamental Law” and in some countries as “Supreme Law” (Constitution of Japan of 1946) or “Supreme Law of a Society and State” (Constitution of Moldova of 1994)” [2]

By its form the Constitution is a legal act being adopted by the Parliament by the special Constitutional Assembly, by direct voting of the population... having the state - mandatory, at the same time, supreme force, where the Constitution in the legislation of the country is put in the first place and has the initial roots of the national system of law. And in its essence and content the Constitution is the document both of society and state.



The Constitution, as the main source of the legal system of the state, becomes the content forming factor what was stated about by the Soviet legislators in 1936 [3, p.124]. But this recognition has not led to the practical realization of many constitutional norms during several decades of the existence of the soviet statehood that's why their efficiency, as a whole, was not high.

After the collapse of the USSR the adoption of their national Constitutions by the CIS countries has become an important stage of democratic transformations on the post-Soviet space. The positive impact of the generally recognized principles and norms of international law can be traced in them.

In the Republic of Kazakhstan it has become possible to speak in full extent about the Fundamental Law as the system forming, fundamental source of the legal system of the country, only after the adoption of the first Constitution of 1993.

In fact, all the main parametres of the Constitution of 1995 (content, form, nature, functions, and principles) are derived from its essence.

The notion "essence of the constitution" has two aspects: juridical and social which are functioning in common. In the social aspect this essence may be of one-sided character, and may also include several different components.

First of all, the Constitution can express and consolidate the main vital interests of the ruling or dominating strata of the population, overlapping interests of several of such kind of strata, compromise of different in their social essence strata and coinciding interests of the whole nation with regard of the priorities given to the social strata dominating in the society.

Such a compromise is based on a treaty of specific character. It is not of a strict juridical character, its sides are not officially determined. An agreement of different social forces is not of a juridical /legal but of a virtual character. It is objectively formed in the process of their struggle and cooperation both directly and through their various organizations.

By its nature the Constitution is the outcome of the agreement, sometimes achieved in the process of long considerations at the Constitutional commission, the constituent assembly or Parliament (for example, in Russia – in 1991-1993; in Italy in 1946-1947; in India in 1948-1949).

From the point of view of the Russian scientist V.V. Maslakov "any constitution alongside with its juridical essence as the fundamental law, possessing the supreme legal force, also has the essence of the socio-political character. It means that the Constitution is presented as the record of correlations of political forces which existed at the moment of its adoption [4, p.42]

Consequently, the essence of the Constitution lies in the fact that it expresses the social compromise or consent being achieved at the moment of its adoption by different socio-political forces on the main issue under consideration – limitation of interference of the state into the life of the society and personality.

The essence of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, its characteristics as the Fundamental Law of the state, have been thoroughly studied in the literature on law in our country. They have been analysed both in the general theoretical aspect and being applicable to other types or to constitution [5]

G.S. Sapargaliev emphasizes: "The Constitution has been adopted by the people of Kazakhstan. That's why the Constitution expresses the wills and aspirations of the people, characterizing its essence.

Thus, the recognition of the nation as the creator of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, displays its essential feature" [6, p.32]

On the basis of the above mentioned facts, the essential characteristics of the Constitution of the RK of 1995 will be distinguished in the following way:

- 1) the establishment of the rule of law over the state and its organs in order to limit the power of the state;
- 2) the appointment of the people as the sole source of the state power;
- 3) proclaiming an individual, his life, rights and freedoms as the highest values of the state;
- 4) the division of the common state power into legislative, executive and judicial branches and their interaction applying the system of checks and balances.

Constitutions, in general, possess a number of specific legal characteristics distinguishing them from other normative legal acts.

These characteristics are as follows:

The constituent character; the specific legal nature envisaging the specific subject and character for the regulation of public relations; the highest power of law; direct action; stability; the basis of the current national legislation; ideological impact; maximum security of the state; the special procedure of adopting and making amendments and additions to the Constitution.

Due to the above mentioned features of the Constitution the State must provide protection of the injured rights, to establish the basis of law and order to guarantee the implementation and fulfillment in good faith

of all the obligations arising from the generally recognized rules and norms of international law and international treaties signed by states.

The Constitution of the republic of Kazakhstan can be distinguished by the following features:

- 1) in our opinion, the head of the state is vested with unlimited power by the Constitution;
- 2) it partly bears a formal character, i.e. partial rupture between the constitutional theory and everyday practice;
- 3) the existence of a certain gap between the constitutional model and practical application of its norms which may lead to certain tensions in the society and may be reduced in the process of development of constitutionalism.

Separating the legal and socio-political features of the Fundamental Law, it should be noted that it is also to serve as an ideological basis for the development of the Kazakhstani statehood, for the formation of a legal and democratic state corresponding both to the common human and national perceptions of law and democracy, ensuring human rights, the rule of order and respect for law.

At the same time it should be noted that much attention is given to the lack of adequate conditions for the development of democratic processes, the weakness of the institutions of civic society, the alienation of the wide strata of the population from the state and political processes, the low level of political and legal literacy and culture of the society and its members.

All these facts enable us to make some conclusion that the current Constitution of the Republic of Kazakhstan may be of positive effect only in case if it is recognized by the society as an important social value given the priority.

Consequently, the constitutional consensus achieved by the society while adopting the Fundamental Law is to be constantly displayed in the process of its realization.

The proclamation of the constitutional institutions and norms by the Fundamental Law as democratic by their external features and which do not work in practice, may lead not to strengthening and development but to the erosion, and finally, to weakening of the foundation of the state and public structure of the country. Such kind of loose application of formal characteristics of the Fundamental Law is fraught with considerable discrepancies between the Constitutional prescriptions and the realities of the socio-political practice, which, in its turn, may cause the permanent constitutional crises in the countries like in (Ukraine, Georgia, Kyrgyzstan, etc.)

The thing is that the content and formal elements of the Constitution as the Fundamental Law are in close connection and comprise an integral part. That is why in the process of creating and exercising the Constitution the differentiation between its formal and content elements is of great significance. So, the formal elements of the Constitution make it be the source of law of the highest level, place it on the top of the entire legal system of the state. Under the practical application of the Fundamental Law these formal elements are recording not only the normative content of the constitution prevailing the power of all other laws, but simultaneously help to exercise and realize the constitution having special guarantees which are envisaged only in the constitution.

Thus, analyzing the contents of the Constitution we can make the following conclusion: the Constitution is the Fundamental Law of the state which consolidates the foundations of the constitutional system of the country where the fundamental principles of the activities of the state and society are expressed such as (sovereignty; humanism; social justice; constitutional legitimacy); the basis of the legal status of a human being and citizen, the basis of the legal status of state bodies and local public self-administration which ensures that the issues of local significance are resolved independently and directly on the entire territory of the state and being subjected to a special legal protection.

The definitions of the essence of the constitution, as we believe, cannot be identical to the definitions of the notion of the constitution. The category "the essence of the constitution" due to its socio-political content is a multifaceted category possessing various aspects and requiring the consideration of a variety of approaches within a state and on the international level.

For the formation of a powerful and effective state it is required to reorientate the state power to the modern constitutional legal values and priorities, to new social ideals based on democratic, generally recognized human values.

At present it is necessary to enhance the constitutional significance of an effective, open and powerful state as a guarantor of a stable law and order and security of the Kazakhstani society.

## References

- 1 Habrieva T. Ya., Chirkin V.E. *The theory of modern constitution*. - M.: Norma, 2005. - 320 p.
- 2 «*The Constitution of the 16 countries of the world: Coll. Constitutions of the CIS countries, the Baltic States and several other countries in the world*» / Compiled by J. Baishev, K. Shakirov. - Almaty: «ZhetiZhargy», 1995.- 576p.
- 3 Lukyanova E.A.«*Sources of Soviet state law between the two constitutions (1936-1977 gg.)*» // *The Soviet state and law*.- 1990.- № 2. - S. 121-128.
- 4 «*Constitutions of foreign countries*»: *Textbook / Compiled by Professor V.V. Maklakov*. - 3rd ed., Revised, and ext. - M.: Publishing House BEK, 2001. - 592 with 4.
5. Aitkhozhina K.K. «*Theoretical questions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan*. Abstract-diss. Dr. of laws: Almaty, 2008. - 44c.; Amandykova S.K.«*The Constitution of the Republic of Kazakhstan: essence and legal nature*». Scientific publication. - Karaganda «Bolashak-Baspa», 2000. - P.21; A.N.Sagyndykova«*Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan*»: *Lectures*. - Almaty: Bilim, 1999. P.42
- 6 Sapargaliyev G. «*Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan*»: *Acad, course*. - Almaty: «ZhetiZhargy», 2007. - 526 P

**Тусупова А.Ж.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті  
халықаралық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к., E-mail: alma\_gul\_@mail.ru

**Жарболова А.Ж.**

Мемлекет және құқық теориясы және тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық  
кафедрасының доценті, з.ғ.к., e-mail: Aygerim.Zharbolova@kaznu.kz

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ ӘРЕКЕТІ ТУРАЛЫ**

***Резюме.** Изучение содержания принципа прямого действия норм Конституции Республики Казахстан, представляет теоретический и практический интерес, так она является нормативным правовым актом, предписаниями которого должны руководствоваться все органы государства, организации, общественные объединения и граждане. В то же время принцип прямого действия провозглашен формально и не отрегулирован в процессуальном отношении ни в самой Конституции Республики Казахстан, ни в текущем законодательстве. Из этого следует вывод о необходимости разработки Концепции прямого действия Конституции Республики Казахстан, которая была бы адекватна запросам современного этапа конституционно-правового развития общества и государства и в полной мере отвечала его потребностям. Указанная Концепция стала бы составной частью теории реализации Конституции, которая могла бы охватывать весь социальный механизм ее действия в обществе и государстве.*

***Ключевые слова:** Конституция, Основной закон, принцип прямого действия, права, свободы, обязанности, граждане, правовое государство, органы государства*

***Түйін.** Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларының тікелей әрекет ету қағидасының мазмұнын зерттеу теориялық және практикалық қызығушылық тудырады, өйткені ол барлық мемлекеттік институттар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар басшылыққа алынуы тиіс нормативтік құқықтық акт. Сонымен қатар, тікелей іс-қимыл қағидаты ресми түрде жарияланады және Қазақстан Республикасының Конституциясында немесе қолданыстағы заңнамада рәсімдік жағдайларда реттелмейді. Осыдан бастап, Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей қоғамның және мемлекеттің конституциялық-құқықтық дамуының қазіргі кезеңінің талаптарына сай келетін және оның қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға болатын тікелей әрекет тұжырымдамасын әзірлеу қажеттілігі туралы тұжырым жасалады. Бұл Тұжырым Конституцияны іске асыру теориясының ажырамас бөлігіне айналады, ол қоғамдағы және мемлекеттегі бүкіл әлеуметтік механизмін қамтуы мүмкін.*

***Түйін сөздер:** Конституция, Негізгі заң, қағида, тікелей әрекет, құқық, бостандықтар, міндеттер, азаматтар, құқықтық мемлекет, мемлекет органдары.*

***Summary.** The study of the content of the principle of direct action of the norms of the Constitution of the Republic of Kazakhstan represent theoretical and practical interest, since it is a normative legal act, which should be guided by all institutions of the state, organizations, public associations and citizens. At the same time, the principle of direct action is has proclaimed formally and is not regulated in procedural terms either in the Constitution of the Republic of Kazakhstan itself or in the current legislation. From this follows we can conclude about the need to develop a Concept of Direct Action of the Constitution of the Republic of Kazakhstan that would be adequate to the requirements of the current stage of the constitutional and legal development of society and the state and fully meet its needs. This Concept would become an integral part of the theory of the implementation of the Constitution, which could cover the entire social mechanism of its operation in society and the state.*

***Key words:** Constitution, the Basic Law, the principle, direct action, rights, freedoms, responsibilities, citizens, legal state, state bodies.*

Негізгі Заңның тікелей қолданылуы мәселелерін зерттеу өзектілігі алдымен, оның барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар басшылыққа алу тиіс құқықтық акті болып табылатындығымен байланысты.

Негізгі Заң ретінде Конституция өзінің тікелей қолданылуы арқылы мемлекеттегі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің барлық жүйесін анықтайды. Айта кететіні, Конституцияның тікелей қолданылуы туралы жетекші, түбегейлі мәселе отандық ғылым мен практика үшін салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Конституцияның тікелей әрекет ету қағидасы біздің конституциялық тәжірибемізде алғаш рет 1993 жылғы Негізгі заңымыздың «Конституциялық құрылыс негіздері» бөлімінің жетінші тармағында бекітілді. Онда «Қазақстан Республикасы Конституциясының ең жоғары заңдық күші бар. Оның тұжырымдары тікелей қолданылады. Конституция ережелеріне қайшы келетін заңдар мен өзге де құжаттардың заңдық күші болмайды» делінген [1].

Кеңестік конституцияларда Конституцияның тікелей қолданылуы қағидасы жарияланбады. Десе де, ол (Конституция) «... ешбір шектеуді білмейтін тікелей, төте әрекет ететін құқықтық акт» [2, с.49] ретінде қарастырылды. Мысалы, ресейлік ғалым А.Венгеровтың пікірінше кеңестік конституцияның нормативтілік қасиеті сол тұста сот органдарына нақты істерді шешу үшін КСРО Конституциясының нормаларын тікелей қолдануға мүмкіндік берді. Бір қызығы – бұл туралы, яғни Конституция нормаларының тікелей қолданылуы туралы Конституциясында айтылмағанына қарамастан. Тиісті ғалым «Амалсыздыққа, құқықтық тығырыққа тірелген жеке судьялар азаматтардың құқықтарын қорғау үшін өзге жол таппай Конституция баптарына сілтеме жасауға бел буды. Бірақ мұндай жағдайлар практикада қаншалықты орын алды» дей отырып ол 30 жыл аралығында КСРО сот органдарының Конституция нормаларын қолдану практикасын талдап КСРО Конституциясының тікелей қолданылуының өте аз, сирек жағдайын ғана анықтады [3, с.52].

Конституцияның тікелей қолданылуы туралы қағиданың реттелу және қолданылу жағдайы барлық социалистік елдердің теориясында толықтай дерлік ұқсас шешілді. Сол заманғы заң ғылымында ерекше назар ұлттық конституциялардың тікелей қолданылуы қағидасының маңызы мен оны практикада неғұрлым кеңінен пайдаланудың қажеттігіне бөлінді.

Біздің мемлекетімізді құқықтық мемлекет ретінде орнықтыру үшін нақты істерді шешу барысында конституциялық нормаларды қолданбау туралы түбірі кеңестік дәстүрден бас тарту қажет. 1995 жылғы ҚР Конституциясында «Конституцияның Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылатындығы» (4 баптың 2 т.) туралы ереже бекітілді, сәл кейін ол «... заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай (адам құқықтары мен бостандықтарына қарай) анықталады» (12 баптың 2 тарм.) деген ережемен толықтырылды.

Конституцияның тікелей қолданылуы қағидасы келесіні білдіреді:

- азаматтар және Қазақстан аумағында заңды негізде жүрген өзге жеке тұлғалар Негізгі Заңның қағидалары мен нормаларын басшылыққа ала отырып өздерінің құқықтары мен бостандықтарын тікелей жүзеге асыра алады, ал олар бұзылған жағдайда оларды қорғай алады;

- мемлекеттік органдар, ең алдымен соттар мен атқарушы билік органдары нақты істерді шешуде Конституцияның ұйғарымдарын қолдануға, құқықтық актілерді қабылдау үшін және азаматтар мен олардың бірлестіктерінің өтініштерін қарау кезінде оның нормаларын пайдалануға міндетті;

Осы орайда Конституцияның барлық нормаларының толықтай тікелей (тура) қолданылуына қатысты күмән тууы мүмкін, себебі, Конституция мақсат - нормаларынан, міндет – нормаларынан, қағида - нормаларынан тұрады. Олардың тікелей қолданылуы және реттеушілік күші құқықтық реттеу тетігін қоса отырып Қазақстан Республикасының бүкіл әрекет етуші құқық жүйесі құрылуы тиіс жетекші қоғамдық қатынастардың дамуының жалпы бағыттарын белгілеуде байқалады. Нақ осы жағдай ҚР Конституциясына ағымдағы заңнаманың заңи базасы мәнін береді.

Қазақстанның белгілі ғалымы профессор Сапарғалиев Ғ.С. мемлекеттік органдар Конституция нормаларын тура және тікелей келесі жағдайларда қолдана алатындығын көрсетеді, егер:

1. мемлекеттік органдардың қарауына жататын қатынасты реттейтін арнаулы нормативтік акт болмаса;

2. арнаулы нормативтік акт болғанмен, ол Конституцияға қайшы келсе;

3. адамның және азаматтың құқығын, бостандығы мен жауапкершілігін анықтайтын нормативтік құқықтық акт қабылданған жағдайда Конституция қағидасы оны қолданудың мүмкіндігін (қажеттігін) көрсете алмаса;

4. Конституцияның қағидасы мән-мазмұны бойынша қосымша регламенттікті қажет етпесе мұндай жағдайларда Конституция нормалары тікелей қолданылады [4, 46-47 бб.].

Ал, А.Котов болса Конституцияның тікелей қолданылуын былай түсіндіреді: «Конституцияның тікелей қолданылуы оның нормаларын заң шығару арқылы нақтылау немесе оларды ресми талқылау талап етілмесе, сондай-ақ оларға заңдар мен ережелер, халықаралық шарттар мен республиканың міндеттемелері қайшы келген жағдайларда конституциялық нормалардың құқықтық қатынастарға тікелей қолданылуын білдіреді» [5, с.26]. Бұл көзқарас Конституцияның негізінде қандай да бір мәселелер бойынша нақты салалық нормалардың шығарылғанына немесе шығарылмағанына қарамастан оның нормаларының тікелей қолданыла беретінін білдіреді.

Еліміздегі Конституцияның тікелей қолданылуының маңызы және тарихи тәжірибесі туралы Қазақстандық белгілі конституционалист – ғалым Қ.Айтхожин былай дейді: «Негізгі заңның тікелей қолданылуы қағидасы мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының ең алдымен Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларымен және нормаларымен байланыстығын көрсететін құқықтық мемлекеттің мәнді белгілеріне жатады. Қазақ ССР-інің 1937 және 1978

жылдардағы Конституцияларының нормалары тікелей қолданылу қасиетіне ие болмағаны және сондықтан да тиісті партиялық-үкіметтік қаулысыз, ведомствалық акт немесе заңсыз оның жүзеге аспағаны белгілі. Тиісінше практикада конституциялық нормалар және заңдар емес, партиялық-үкіметтік директивалар мен әртүрлі ведомстволардың нұсқаулары қолданылды» [6, 43 б.].

Конституциялық нормалардың тікелей қолданылуының құқықты жүзеге асырушылық процесстің барлық әдістеріне тән екендігін айта кеткен жөн. Алайда, барлық жағдайда ол тек конституциялық құқықтық қатынас шегінде ғана жүзеге асырылады.

Біздіңше Конституцияның тікелей қолданылуы қағидасы әрекет етуші ҚР Негізгі заңында формальды түрде жарияланған. Оған қоса, біз Конституцияның тікелей қолданылуы қағидасы не оның (Конституцияның) өзінде не ағымдағы заңнамада процессуалдық қатынастарда реттелмеген деп есептейміз. Сол себепті де азаматтардың құқықтары көбіне сыбайлас жемқорлық пен шенеуніктердің бассыздығына алып келетін қайшы, тұрақты емес заңға тәуелді актілермен реттеліп жатады. Құқық қолдану практикасында конституциялық нормалардың тікелей қолданылуы тетігінің болмауы Конституцияның жоғарылығы қағидасының бағаланбайтындығын куәландырады.

Мемлекеттік басқау саласында орын алған Конституцияға қатысты нигилизм қоғамның Негізгі заңның тікелей қолданылуына сенбеуінің нәтижесі болып табылады. Бұл Конституцияға олардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі және шынайы әдісі ретінде қарамауы арқылы азаматтардың мемлекеттен алыстауын күшейтеді. Н.И.Матузов РФ Конституциясына қатысты нигилизмнің жалпы себептерінің қатарынан оның жеткіліксіз (минималды) легитимділігі мен жеткіліксіз әлеуметтік базасын көрсетеді. Бұл оның негізінде берік азаматтық бейбітшілік пен келісімділікке қол жеткізуді қиындатады. «Заңи тұрғыда ол бойынша барлығы өмір сүруге міндетті. Тұрғын халықтың көпшілік бөлігінде ішкі сенім мен Негізгі заңды сақтауға қатысты сыртқы қажеттік арасындағы келіспеушілікті байқау қиын емес [7, с.8]. Жазылған қағидалар мен олардың өмірде шынайы жүзеге асуы арасындағы алшақтықтан туындайтын мұндай екі жақтылық ҚР Конституциясы үшін де тән.

ҚР Жоғарғы Соты бірнеше рет соттарға Конституция нормаларын тікелей қолдану мәселелері жөнінде ресми түсіндірме берді [8]. ҚР Конституциясының 78 бабына сәйкес соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Жалпы юрисдикциялы соттар өздерінің есептеулері бойынша Конституцияға қайшы келеді-ау деген заңды назарға алмауы және конституциялық нормаға тікелей сүйене отырып, негізделе отырып шешім шығаруы мүмкін. Бірақ, бірінші жағдайда әңгіме соттың Конституциялық Кеңеске тиісті актінің конституциялығын тексеру туралы мәселемен жолдану құқығы туралы емес, міндеті туралы болып отыр. Ол ҚР Конституциясының 78 бабының қисынына сәйкес келеді.

ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 14 мамыр 1998 жылғы «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» № 1 қаулысына сәйкес «Конституцияның 4-бабы 4-тармағының талабына сай, азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты жарияланбаған нормативтік құқықтық актілерді қолдануға және өз шешімдерін онымен негіздеуге соттардың құқығы жоқ. Сондықтан сот істі қарау барысында қолдануға жататын нормативтік құқықтық актінің жарияланғаны туралы фактіні тексеруге міндетті.

Конституцияның 78-бабында көрсетілген талаптарды орындау кезінде бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттар Конституциямен бекітілген адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заң немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне іс қараудың кез-келген кезеңінде жүгіне алады» [9, 2 тарм.].

Алайда, ҚР Конституциялық Кеңесінің өкілеттіктерін жүзеге асыру практикасын талдау соттардың осы инстанцияға жолдану жағдайы өте сирек орын алатындығын көрсетеді. Біздіңше бұл факт әртүрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінің мінсіз жағдайымен емес, сот органдарының бұл принципалдық мәселеде белгілі бір бәсеңдігімен байланысты.

ҚР Конституциясының қоғам мен әрбір азаматтың өміріндегі лайықты рөлін қамтамасыз ету мақсатында заң шығарушы оның ережелерінің заңдар мен заңға тәуелді актілердің нормаларында нақты көрініс табуын қамтамасыз етуі қажет, сондай-ақ сот органдарын өздерінің шешімдерінің сипаттау бөлімінде (қараудағы) қаралатын нақты құқықтық қатынастарды тікелей реттейтін

салалық нормалардан бөлек Негізгі заңның нормаларына сілтеме жасауға міндеттей отырып Конституция нормаларының тікелей қолданылу дәрежесін күшейтуі қажет.

Біз Конституцияны тікелей қолданылатын акт ретінде тану қағидаттық мәнге ие және Қазақстанның расында да адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең негізгі қазынасы ретінде тануға қадам жасап отырған фактісін растайды деп есептейміз. Сонымен қоса, Конституцияның тікелей қолданылуы қағидасының тек құқықтық аспектілерін ғана зерттеу оның тұтастай жүзеге асу тетігі туралы жан-жақты және толық түсінік алу үшін және оның әлеуметтік тиімділігін анықтау үшін жеткіліксіз. Тиісті тетікті зерделеу кезінде өзге де ғылымдар секілді – тарих, саясаттану, социология, әлеуметтік психология секілді ғылымдармен қоса құқықтану секілді ғылымның потенциалын тұтастай пайдалану маңызды.

Олай болса, ҚР Конституциясының тікелей қолданылуы қағидасы мемлекет пен қоғам өмірінің барлық жақтарына құқықтық әсер етудің күшті практикалық инструменті ретінде құқықтық мемлекет қалыптастыру үшін маңызды мәнге ие. Бұдан шығатын қорытынды: қоғам мен мемлекеттің конституциялық-құқықтық дамуының негізгі кезеңінің талаптарына сай келетін және оның қажеттіктеріне толық шамада жауап беретін Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей қолданылуы тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Аталмыш тұжырымдама Конституцияның қоғам мен мемлекетте әрекет етуінің бүкіл әлеуметтік тетігін қамтуы мүмкін еді және оны жүзеге асыру теориясының құрамдас бөлігі болар еді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы 28 қаңтар 1993 ж. Алматы, Жеті жарғы. – 1994.*
2. *Общие начала теории социалистической конституции / отв. ред. Б.Н.Топорнин. – М.: Наука, 1986. – 235 с.*
3. *Венгеров А. Прямое действие Конституции: правовые, социальные, психологические аспекты // Общественные науки и современность. – 1995. - №5. – С.52*
4. *Ғ.Сапарғалиев. Қаз Респ-ң Конституциялық құқығы: Академиялық курс: Өңд., толықт., 3-бас., - Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 536 бет.*
5. *Котов А.К. Действие и развитие Конституции РК // Юрист. - 2004. - №8. - С. 26-29 6. Айтхожин К., Қанағатова Қ. «Конституция нормаларының тікелей жүзеге асуының кейбір мәселелері» // Заң журналы, 2001 - №3.*
7. *Матузов Н.И. Правовой нигилизм и правовой идеализм как две стороны «одной медали» // Законодательство России в XXI веке: мат. науч.-практ. конф. – М., Городец – издат., 2002. – С.8*
8. *Сборник постановлений Пленумов Верховного Суда Республики Казахстан. – Алматы: ТОО «Аян-Әдет», 2009*
9. *«Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамыр № 1 Нормативтік қаулысы / [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P98000001S\\_#z0](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P98000001S_#z0) ы*

**Шошаева Лаура Санабековна,**  
аға оқытушы, құқық магистрі, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
e-mail: keukonf2012@mail.ru

## **АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ СОТТАН ТЫС ҚОРҒАУДЫҢ БАЛАМАЛЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

*Түйін.* Мақалада құқықты соттан тыс қорғау тәсілдері, соның ішінде Қазақстанда медиацияның даму перспективалары қарастырылған.

*Түйін сөздер:* құқықты соттан тыс қорғау, медиация, бітімгершілік.

*Резюме.* В данной статье рассматриваются способы защиты гражданских прав, в том числе перспективы развития медиации в Казахстане.

*Ключевые слова:* несудебные защиты прав, медиация, примирение.

*Summary.* This article examines ways to protect civil rights, including the prospects for the development of mediation in Kazakhstan.

*Key words:* non-judicial protection of rights, mediation, reconciliation.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасындағы әкімшілік, кәсіпкерлік және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын құқықтық дауларды соттан тыс реттеу институтын қолдану перспективалары өзекті мәселелерге айналды.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы жолдауында құқықтық дауларды соттан тыс реттеудің маңыздылығын атап өтті. «Қазақстан-2050» Стратегиясында «кішігірім мәселелер бойынша барлық даулар дауды шешудің соттан тыс әдістері, яғни, медиация және т.б. арқылы шешілуі тиіс» делінген.

Медиацияны енгізудің қажеттілігін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында, Судьялардың VI және VI съездерінде, «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында атап өтті.

«Сот тәртібінде қарастырылуға жататын даулар санын азайтып, оларды шешудің балама тәсілдерін, соның ішінде бітімгершілік рәсімдер мен медиацияларды енгізу маңызды. Бұл сот төрелігінің қалыпқа келуіне мүмкіншілік туғызады» [1].

«... соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет» [2].

«Бүгінде медиация құрылымы мен рәсімін еңбек қатынастары саласында да құру және қолдану жұмыстарын күшейту қажет. Медиация құрылымдарын ұлттық және жеке компанияларды да құру қажет. АҚШ-та, Австралияда және басқа да мемлекеттерде барлық даулардың үштен бірі соттың араласуынсыз, медиация рәсімі шеңберінде реттеледі. Бүгін мемлекет тарапынан дау мен жанжалды, соның ішінде әлеуметтік-еңбек қарым қатынастар саласында да, соттан тыс шешу жүйесін енгізуге мүмкіндік беретін, бастамашылық қадамдар жасалғаны маңызды [3].

Соңғы уақытта даулы құқықтық қатынастар қатысушылары дау-дамайды шешудің баламалы әдістерін пайдалана отырып туындайтын қарама-қайшылықтарды дербес шешуге мүдделі. Құқықтық жанжалдарды шешудің баламалы жолдары, оларды қолданудың нәтижесінде келіспеушіліктерді соттан тыс реттеудің белгілі бір әдістері мен әдістерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі және тараптар өзара қолайлы келісімді жасайды. Сонымен бірге, бұл термин азаматтардың құқықтарын мемлекеттік емес соттан тыс қорғауды көрсетеді. Демек, «баламалы» тұжырымдамасын қолдану кейбір субсидиялылықпен байланысты, азаматтардың құқықтарын мемлекеттік соттық қорғауға қатысты осы құралдардың бірін-бірі толықтыруы.

Қазақстандық заң тәжірибесінде дауды балама шешу шартты түрде сотқа дейінгі және соттан тыс болып бөлінеді. Қорғаудың юрисдикциялық түрі субъективті құқықтар бұзылғанда немесе дауға түскенде өкілетті мемлекеттік органдардың оны қорғауға араласуы болып табылады. Құқығы немесе заңдық мүддесі бұзылған тұста мемлекеттік немесе басқа да құзіретті органдарға (сот, аралық сот, жоғары инстанция және т.б.) шағымданады, әлгі аталған органдар өз кезегінде бұзылған құқықты қалпына келтіру және бұзықшылықты жою үшін өкілеттігіне сай қажетті шараларды қолданады.

Қорғаудың юрисдикциялық нысаны бұзылған құқықтарды қорғаудың жалпы және арнайы тәртібін белгілейді. Жалпы тәртіпке сәйкес заңмен қорғалатын азаматтық құқықтардың мүддесін қорғау сот (төрелік немесе аралық сот) арқылы жүзеге асады.



Қорғаудың юрисдикциялық емес нысаны заттың меншік иесі мен оны иеленушісінің мемлекеттік және басқа құзіретті органға бармай-ақ өз бетімен қорғауын білдіреді. ҚР Азаматтық кодекстің тұжырымдарында аталған әрекеттер «азаматтық құқықтардың өзін-өзі қорғауы» ұғымымен байланысты (АК-тің 9-бабы) және меншік құқығы мен басқа заттық құқықтарды қорғаудың бір әдісі ретінде қаралады.

Азаматтық құқықтың өзін-өзі қорғауы өзінің заңды табиғатында құқық қорғау әдісі болып табылмайтын өзіндік нысанын еншілейді деген пікір де бар. Мәселен, профессор А.П. Сергеев қорғанудың дербес түрі ретінде өзін-өзі қорғау құқығы сот және әкімшілік нысандарымен бірдей қаралуы керек дейді [4, 14 б]. Біздің де пікірімізше, өзін-өзі қорғау құқығына ешкімнің тиіспейтіндігін қамтамасыз етуге, бұзылған құқықты қалпына келтіріп, оның салдарын жоюға бағытталған өкілетті тұлғаның заң немесе шарт негізінде әрекет етуге жол берілген азаматтық құқықты қорғаудың дербес нысаны болып табылады.

Құқық қорғаудың басқа да соттан тыс тәсілі ретінде соттан тыс заңдарға қатысты, мысалы, әкімшілік шағым беру, прокуратураға шағымдану, Қазақстан Республикасына омбудсменге шағым жасау сияқты қоғамдық құралдар бар. Бұдан басқа, заңдық әдебиетте келіссөздер, медиация, арбитраж, омбудсмен және т.б. бар дауларды шешудің баламалы жолдары ерекше орын алады.

Алайда ең тиімді және дамыған азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды соттан тыс реттеу тәсілі - медиация. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдағаннан кейін құқықтық қауымдастық әкімшілік және өзге де қоғамдық-құқықтық қатынастардан туындайтын жағдайларда келісу рәсімдерін құруды қоса алғанда, оның ауқымын кеңейту қажеттілігі туралы айтқан.

Жоғары трибуналардан «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мемлекеттік органдарға тарату қажеттігі туралы пікірлер айтылды. Бүгінгі күні медиация ауқымы артуда. Бітім рәсімдеріне құқық нотариустарға да беріледі.

Кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын қорғау және осы саладағы заңнаманы іске асыру мәселелері көп уақытқа созылды. Бұл мәселеге назар аудару таңқаларлық емес, себебі кәсіпкерлердің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау - жемқорлыққа қарсы күрестегі байланыстардың бірі.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясатының тұжырымдамасы азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру шараларының бірі ретінде, жекеше құқықтық жанжалдарға (медиация, медиация және т.б.) тараптар арасында ымыраға келудің әр түрлі жолдары мен құралдарын біріктіруді көздейді. Осы жұмыс мынадай бағыттар бойынша жүзеге асарылады:

- медиацияны дамыту бағыттары;
- нормативтік базаны жетілдіру;
- қоғам туралы хабардар ету;
- медиаторлардың ісін қалыптастыру;
- соттармен және басқа да құқық қорғау органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу;
- нотариуспен, заңгерлік компаниялармен, бизнес-қауымдастықтармен өзара әрекеттесу;
- «Бітімгершілік-келісім» жобасы.

Жоғарғы Сот, Бас прокуратура және Әділет министрлігі халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, келісім рәсімдерін және құқықтық жанжалдарды шешудің басқа соттан тыс тетіктерін пайдалануды кеңейтетін заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені болып табылатын «Бітімгершілік - келісім» жобасын әзірледі.

Жобаның мақсаты - 2017 жылға дейін соттар мен азаматтық істердің санын 30% -ға дейін салыстырып тексеру институттарын дамыту арқылы азайту.

Жобаның міндеттері:

- 1) Бір мәмілеге қод жеткізудің мүмкіндіктері мен тараптар арасында сотта, соттан да тыс тәртіппен де (медиация, делдалдық және басқалары) бітімге қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту;
- 2) Дауларды соттан тыс шешу тәсілдерін жетілдіру;
- 3) Дауларды шешудің құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру;
- 4) Азаматтық-құқықтық дауды қарау тәртібін оңайлату, оның ішінде бұйрықтық іс жүргізу саласын кеңейту арқылы оңайлату.

Заңнамалық базаны жетілдіру тұрғысында:

- мәселелер бойынша дауларды шешудің сот тәртібінен медиация арқылы жүзеге асырылатын механизмді әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің нормаларын тараптар арасындағы соттық және соттан тыс жолдармен ымыраластырудың түрлі жолдарын біріктіруге бағыттау. Неліктен сот ісіне дайындықты дауды бейбіт жолмен шешуге арналған басты алаң ретінде пайдалану керек.

- Медиацияны жанжалды басқарудың соттан тыс әдісі ретінде қолдануды кеңейту.

- Ұйымдарда, кәсіпорындарда жанжалдарды басқару (ескерту, рұқсат) медиа-технологияларды олардың қызметіне интеграциялау жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ұйымда медиацияны енгізу жолдары:

- тиісті біліктілікке ие жанжалдар мен конфликттерге қарсы жағдайларды басқара алатын медиация дағдыларына қызметкерлерді оқыту;

- Ішкі медиацияның толық функционалды қызметін құру;

- қолданыстағы мамандардың функцияларын толықтырады және кеңейтеді.

Ірі ұйымдарда (холдингтер, корпорациялар) қызметкерлері медиация техникасына (ішкі медиаторларға) толықтай ие болатын жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша қызметтерді ұсынуға, сондай-ақ күрделі дауларды шешу үшін сыртқы медиаторларды тартуға ұсыныс жасайды. Кез-келген компанияда, ұйымда, кәсіпорында менеджменттер, HR-қызметтерінің қызметкерлері, заңды бөлімшелер (адвокаттар) жанжалды басқару функцияларын қабылдай алады.

Ең дұрысы, бұл қызметкерлер осы қақтығыстарды жоюға емес, оны басқаруға және оны тиімді пайдалануға тиіс деп есептейді. Жұмыстар келесі ретпен жүзеге асырылады:

- жанжалдың себептерін зерттеу;

- қақтығысқа қатысушылардың санын шектеу;

- жанжалды талдау;

- қақтығыс ескертуі немесе шешімі.

#### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 19 қарашадағы судьялардың V съезінде сөйлеген сөзі: <https://melimde.com/azastan-respublikasini-sot-jjesi.html?page=8>.

2. «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012 ж. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001611>

3. Н. Назарбаев. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» 10.07.2012ж. <http://www.astana.adilet.gov.kz/kk/articles-inner/kazakstannyn-leumettik-zhangyrtlyuy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam>

4. Сергеев А.П. Защита гражданских прав. В кн. Гражданское право. – М., 1997. – 301 с.

Шегебаева А.Р.

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
e-mail: shegebaeva\_1985@mail.ru

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЫНЫСТЫҚ БОСТАНДЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

*Түйін.* Мақалада Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 1-тарауында орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісі ретінде жыныстық бостандық пен жыныстық қолсұғылмаушылық қарастырылады. Кәмелетке толмағандардың жыныстық бостандығы және қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықтың проблемалық сұрақтары талданады. Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстар үшін жауаптылық мәселелерін реттейтін кейбір шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамалары зерттелді. Жыныстық бостандық, жыныстық қолсұғылмаушылық, көрнеу ұғымдарының мазмұны зерделенген.

*Негізгі сөздер.* Жыныстық бостандық, жыныстық қолсұғылмаушылық, көрнеу, кәмелетке толмаған, жауаптылық, объект, субъект, жәбірленуші, жасы, қылмыс.

*Резюме.* В статье рассматривается половая свобода и половая неприкосновенность несовершеннолетних как объект преступлений, предусмотренных главой 1 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Анализируются проблемные вопросы уголовной ответственности за преступления против половой свободы и неприкосновенности несовершеннолетних. Были исследованы уголовные законодательства некоторых зарубежных стран регламентирующие вопросы ответственности за половые преступления против несовершеннолетних. Изучается содержание понятий половая свобода, половая неприкосновенность, заведомость.

*Ключевые слова.* Половая свобода, половая неприкосновенность, заведомость, несовершеннолетний, ответственность, объект, субъект, потерпевший, возраст, преступления.

*Summary.* In article sexual freedom and sexual inviolability of minors as object of the crimes provided by chapter 1 of the Criminal code of the Republic of Kazakhstan is considered. Problematic issues of criminal liability for crimes against sexual freedom and inviolability of minors are analyzed. A number of the changes made to standards of the criminal legislation is described, expediency of the specified changes is investigated. The content of concepts sexual freedom, sexual inviolability, B'day zavedomost is studied

*Key words.* Sexualfreedom, sexual immunity, actual knowledge, minor, responsibility, object, subject, complainant, age, justice, criminal acts.

Құқықтық мемлекеттің дамуы мен қоғамдық өмірдің демократиялық бастамасы жалпы адами құндылықтардың, ең алдымен адамның бостандығын, денсаулығын, қадір-қасиетін, абыройын, құқықтары мен мүдделерінің басымдығын тануды болжайды. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағына сәйкес әркімге тумысынан тиесілі [1]. Балалар ірі және халықтың ең әлеуметтік осал топтардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта дүниежүзінің барлық елдері кәмелетке толмағандармен сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттеріне ғана емес, сонымен қатар зорлық-зомбылығы жоқ сексуалдық сипаттағы әрекеттерге де қылмыстық-құқықтық тұрғыдан тыйым салады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 1-тармағына сәйкес әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар [1, 16-б.]. Қазақстан Республикасы аумағындағы криминогендік жағдайға талдау жасау біздің қоғамымыздың ішкі жағдайының нашарлығын көрсетеді. Сексуалдық сипаттағы қылмыстылықтың деңгейін анықтау біршама қиын, себебі мұндай іс-әрекеттердің көпшілігі тіркелмей, құқық қорғау органдары назарынан тыс қалады. Тіпті осы қылмыстардың аз ғана тобының өзі қоғамдық қауіптілігінің жоғары болуына, келтірілетін зардаптардың қайтарымсыздығына, терең физикалық, моральдық және психологиялық залалдарға байланысты алаңдатпай қоймайды. Сексуалдық сипаттағы қылмыстарды ашу едәуір қиындық тудырады. Бұл қылмыстардың куәларсыз жасалуымен байланысты болып келеді. Жәбірленушілер ұялғандарынан жасалған қылмыс туралы біраз уақыт өткеннен кейін хабарлайды. Мұндай жағдайда қылмыс іздерін бекітіп, оларды болашақта дәлелдеме ретінде пайдалану қиынға соғады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі осындай қолсұғушылықтардың бірқатар кешені үшін жауаптылықты қарастырған. Алайда, бұл қылмыстық-құқықтық нормалар қажетті деңгейде орындалып жатқан жоқ және олардың мазмұны кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мен жыныстық бостандығының сақталуын толық көлемде қамтамасыз етпейді. Мұндай негіз

көптеген ғалымдарға зерттелетін қылмыстардың тікелей объектісі ретінде жыныстық еркіндік пен жыныстық тиіспеушілігін қарастыруға мүмкіндік берді.

Жыныстық еркіндік адам өзінің жыныстық құмарлығын қалай қанағаттандыру керек екенін өзі шешетін, адамның жеке бостандығының құрамдас бөлігі. Онымен 16 жасқа толған, психикалық тұрғыдан дені сау адам ие бола алады. Осы жасқа толмаған және психикалық ауру адамдар жыныстық еркіндікке ие бола алмайды. Сондықтан, он алты жасқа толмаған адаммен, сонымен қатар он алты жасқа толған психикалық ақыл есі кем тұлғамен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-122 баптары бойынша пайда болады [2, Б. 60].

Ғылымда жыныстық қолсұғылмаушылық ретінде жыныстық еркіндікке ие емес тұлғалармен, яғни өздеріне қатысты сексуалды әрекеттердің салдары мен маңызын түсіне алмауы немесе жыныстық салада өздерінің әрекетін басқара алмауы себепті жыныстық қарым-қатынасқа түсуге моральдық және құқықтық тыйым салуды айтады. Мұндай тұлғалардың жыныстық актіге түсуге келісімінің заңдық маңызы болмайды, себебі бұл тұлғалардың жыныстық салада өзін басқару құқығы жоқ. Сексуалдық қолсұғушылықтың объектісі ретінде жыныстық тиіспеушілік туралы айта келе, дәрменсіз күйдегі тұлғаларға, яғни өзінің физикалық немесе психикалық жай-күйіне (кем ақылдылық немесе өзге де психикалық бұзылу, физикалық кемшілігі, сырқау немесе ессіздік, жас немесе кәрілігі жеткен жасы және т.с.с) байланысты онымен жасалып жатқан іс-әрекеттердің сипаты мен маңызын түсіне алмайтын, не болмаса қарсылық көрсетуге мүмкіндігі жоқ тұлғаларға қатысты жасалатын қылмыстарды ескеру қажет.

Белгілі бір жасқа және жетілу деңгейіне жетпеген тұлғаларға қатысты жыныстық тиіспеушілік ретінде кейбір авторлар жыныстық қатынасқа және өзге де сексуалдық сипаттағы әрекеттерге түсуге толықтай тыйым салуды түсіндіреді [3].

Аталған қолсұғушылықтардың тікелей объектісі ретінде адамның қалыпты психикалық, физикалық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ететін жыныстық қолсұғылмаушылық аясындағы қоғамдық қарым-қатынастар табылады. Осы жағдайда жыныстық қолсұғылмаушылық кәмелетке толмаған тұлғаның дұрыс қалыптасуы мен дамуының шарты ретінде орын алады.

Жалпы қоғамда адамдар арасындағы жыныстық қарым-қатынас саласын құқықтық мемлекеттік реттеу орын алмағанымен, мұндай араласпаушылық шексіз бола бермейді. Адамдардың сексуалдық қарым-қатынас саласын өз бетінше басқаруға құқық бере отырып, алайда адамның сексуалдық еркіндігіне, қолсұғылмаушылығына, оның қалыпты дамуына қауіп төндіретін сексуалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жағдайларында қылмыстық-құқықтық қорғау құралдарымен қарсы тұрады.

Мұнымен қоса, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы кодексінің 10-бабына 1-бөлігіне сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленген. Ал осы баптың екінші бөлігінде жүкті болған және ортақ бала туған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендететінін бекіткен. Осылайша, он алты жасқа толған тұлғалар жыныстық серігін таңдауда қарау бостандығына ие болса, соңғысы он сегіз жасқа толса ерікті түрде сексуалдық сипаттағы іс-әрекетке түскені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жатпайды [4]. Осыған байланысты, он алты жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа толмаған тұлғалардың жыныстық саласына қолсұғудың объектісі ретінде де жыныстық бостандықты тану қажет. Жоғарыда аталған отбасылық заңнамаға сүйеніп, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 122-бабы он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасағаны және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 124-бабы жас балаларды азғындық жолға түсіргені үшін қылмыстық жауаптылықты қарастырады. Осылайша, егер жас өлшемін назарға алатын болсақ жыныстық қолсұғылмаушылық туралы тек он алты жасқа толмаған тұлғаларға қатысты айтқан орынды. Он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі жас шамасындағы тұлғалар жыныстық бостандыққа ие бола алады, бірақ олардың кәмелеттік жасқа жетпегендігін назарға ала отырып, заң шығарушы бұл мән-жайлармен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-бабы 3-бөлігінің 3-тармағы және 121-бабы 3-бөлігінің 3-тармағында саралаушы белгі ретінде жәбірленушінің кәмелетке толмауын көрсете отырып, сексуалдық қолсұғушылықтардың жоғары қоғамдық қауіптілігін байланыстырады [5].

Қарастырылып отырған баптардағы жәбірленушінің жасының белгілері туралы айта келе, кінәлінің жәбірленушінің жасын субъективті түрде қабылдау ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Бұл жерде әңгіме «көрнеу» жәбірленушінің жасын ұғынуы туралы болып отыр. Құқықтық әдебиеттерде

заң шығарушымен «көрнеу» терминін қолдану бойынша әр түрлі пікірлер айтылып жатады. А. Игнатовтың пікірінше, адамның субъективтік қатынасын, яғни оның сана-сезімін, оның ниетін ескерместен, зиян келтірудің тек объективтік фактісі немесе жасаған іс-әрекеттің үлкен объективті қауіптілігі бойынша жауаптылықты объективті кеңейту мәселенің әділетсіз шешіміне әкеледі және іс жүзінде әділетсіз жазалауға әкеп соғады деп пайымдайды [6].

В. Мальцев болса жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар туралы нормаларда «көрнеу» терминін қолдануға теріс көзқарасын білдірді. Автордың пікірінше, оның болуы, аталған қылмыстық-құқықтық объектілерге бей-жай қарап жүрген қылмыскерлерге жәбірленушінің құқықтарына қатысты артықшылықты жағдай туғызады [7].

Бүгінде кейбір мемлекеттер зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық іс-әрекеттерінің жәбірленушілері кәмелетке толмағандар мен жас балалардың жасына кінәлінің субъективті қатынасын сипаттауда «көрнеу» терминін қолданудан бас тартқан. Мысалға алатын болсақ, Ресей Федерациясы «көрнеу» белгісін осы тектес қылмыстардың саралаушы құрамдарынан 2009 жылы 27 шілдеде № 215 Заңымен алып тастап, қылмыстық заңнамасында аталған баптарды жаңа редакцияда ұсынды. Алайда, жоғарыда аталған қылмыс құрамдарынан «көрнеу» терминін алып тастағанына қарамастан, 2004 жылғы №11 Жоғары Сотының қаулысында: «кәмелетке томағандарға қатысты немесе он төрт жасқа толмаған тұлғаларға қатысты зорлау, не болмаса сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы заңды қолдана отырып, сот осы белгілер бойынша қылмыстарды саралау кінәлі жәбірленушінің он сегіз жасқа немесе он төрт жасқа толмағандығын білгені немесе білуі тиіс болғанда ғана жол беріледі» деп түсіндірме береді [8]. Көршілес мемлекет Қырғыз Республикасының қылмыстық заңнамасында да жоғарда зерделеніп жатқан «көрнеу» термині орын алмаған екен [9].

Алайда біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі кәмелетке толмағандардың жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарда «көрнеу» терминінің болуы өте орынды. Бұл жайында «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 4 Нормативтік қаулысында «жас немесе кәмелетке толмағанды зорлағаны немесе осындай жастағы адамдарға қатысты жасалған өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері үшін жауаптылық, тек кінәлі қылмыс жасағанға дейін жәбірленушілердің жасы жөнінде білсе ғана орын алуы мүмкін. Жәбірленушілердің дене бітімінің дамуы мен бет әлпетінің қалыптасуы оның нақты жасына сәйкес келмеуі кінәлінің жәбірленушілердің шын жасы жөнінде хабардар болуын қуәландыратын басқа да мәліметтердің жиынтығымен бірге бағалануға жатады» [10] деп түсіндірме беріліп кеткен.

Сонымен қатар «қылмыстық заңның өзі кез келген құқық қолданушыға, ол азаматтар болсын, құқық қорғау органдарының қызметкерлері немесе судьялар болсын, барлығына түсінікті, қол жетімді және қолдануға ыңғайлы болатындай, яғни шынымен жұмыс істейтіндей, азаматтардың жеке өмірін қолсұғушылықтан қорғайтындай түрге келтіру қажет» [11] деп біз бұрын өзге зерттеулерімізде атап өткендей, бұл жағдайда да біздің пікірімізше Қылмыстық заңның күші Жоғарғы Соттың қаулыларының күшінен жоғары болғандықтан, жоғарыда талқыланып жатқан «көрнеу» термині біздің қылмыстық заңнамамызда нақты көрсетілгендігі дұрыс деп заң шығарушымен келісеміз.

Қорыта келе, соңғы жылдарда кәмелетке толмағандардың жыныстық бостандығы мен жыныстық қол сұғылмаушылығын қорғау саласында қылмыстық заңнамаға белсенді өзгерістердің болуына қарамастан, қылмыстық-құқықтық доктринада көрсетілген қолсұғушылықтардың әлдеқайда проблемалық мәселелері бойынша пікірталастар жалғасуда. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың жасалуы жоғары қоғамдық қауіптілікке ие және ол кәмелетке толмаған адамның өзін-өзі қорғай алмауына байланысты емес, сонымен қатар мұндай қолсұғушылықтар кәмелетке толмағанның қалыпты психологиялық, сондай-ақ физикалық дамуына және баланың қоғамға әлеуметтану үдерісіне түзетілмейтін залал келтіреді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
2. Борчаивили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (том 2) – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 1120 с.
3. Дьяченко А. П. Уголовно-правовая охрана граждан в сфере сексуальных отношений. М., 1995
4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
6. Игнатов А. Вопросы развития уголовного законодательства об ответственности за преступления на сексуальной почве [Электронный ресурс] // Сексуальные домогательства на работе / МЦГИ. М.: Женский консорциум, 1996. URL: <http://www.a-z.ru/women/texts/ignatr.htm> (дата обращения: 10.05.2015).
7. Мальцев В. Принцип гуманизма в уголовном законодательстве // Российская юстиция. 2002. № 7. - С.51-53.
8. Федеральный закон от 27 июля 2009 г. N215-ФЗ "О внесении изменений в Уголовный кодекс Российской Федерации" // Интернет ресурс: <http://www.fpa.su/zakon/federalnie-zakoni-rf/8759-federalnyj-zakon-ot-27-ijulja-2009-g-n-215-fz/>
9. Уголовный Кодекс Кыргызской Республики (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.08.2017 г.) // Параграф: [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30222833#pos=0;0&sdoc\\_params=text%3D%25D0%25](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=30222833#pos=0;0&sdoc_params=text%3D%25D0%25)
10. «Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 4 Нормативтік қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000004S\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000004S_)
11. Шегебаева А.Р. Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету: философия докторы (PhD) дәреж. ізд. үшін орынд. дис. «Құқық қорғау қызметі» – Қарағанды, 2016. – 142 б.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

*Түйін.* Бұл мақалада Қазақстан республикасындағы бала құқықтарын қорғауға байланысты заңдарға, олардың артықшылықтарына, мемлекеттік, халықаралық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың міндеттеріне тоқталамыз.

*Түйінді сөздер:* бала, бала құқығы, конвенция, ратификациялау, факультативтік хаттама.

*Резюме.* В этой статье рассматриваются законы Республики Казахстан о защите прав ребенка, их преимущества, обязанности государственных, международных и местных неправительственных организаций.

*Ключевые слова:* ребенок, права ребенка, конвенция, ратификация, факультативный протокол.

*Summary.* This article examines the laws of the Republic of Kazakhstan on the protection of the rights of the child, their advantages, the responsibilities of state, international and local non-governmental organizations.

*Keywords:* child, rights of the child, convention, ratification, optional protocol.

Адам құқықтарын қамтамасыз ету, әрине, кез келген мемлекеттің гүлденуі үшін негіз болып табылады. Адам қай жерде өмір сүрсе де, ол білімге, медицинаға қолжетімділікке, құқық қорғау органдарының қорғауына және жүріп-тұру еркіндігіне мұқтаж. Әсіресе, осы тұрғыда жасына байланысты өз-өзін қамтамасыз ету мүмкін емес жағдайларда баланың құқықтары мен бостандықтарын қорғау маңызды. Бұл жағдайда мемлекет, халықаралық ұйымдар мен құқық қорғаушылар бүкіл әлемдегі балалардың құқықтарын реттейтін құжаттарды құру және қабылдау арқылы көмектеседі.

Баланың құқықтарын қорғау - мемлекеттің, қоғамның, сондай-ақ халықаралық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл жүйесі. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан балалар құқығын қорғау бойынша негізгі халықаралық құжаттарды ратификациялады. Мемлекет сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтарын белгілейтін заңдар мен қаулылар қабылдады. Халықаралық құжаттар балалармен туындайтын негізгі проблемаларды және қауіптерді шешуге арналған:

- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық;
- әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмен отбасыларда тұру;
- медициналық көмек көрсетудің төмендігі салдарынан өлім;
- үйсіздік;
- білімнің жоқтығы;
- өмір сүруі мен құқықтарын бұзу қаупі.

Балалардың құқықтарын қорғау туралы негізгі құжат - Бала құқықтары туралы конвенция. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясы 1989 жылы 20 қарашада қабылданды. Содан кейін бала алғаш рет адам құқықтарының толық ауқымына сене алатын құқық субъектісі ретінде танылды. Бала құқықтары туралы конвенцияны 190 ел, оның ішінде Қазақстан 1994 жылғы 8 маусымда бекітті.

Конвенцияның ережелерін іске асыруды Бала құқықтары жөніндегі комитет бақылайды. Әрбір бес жыл сайын Комитет Конвенцияның ережелерін іске асыру үшін қабылданған шаралар туралы мемлекеттерден есептерін қарайды. 2003 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 33-сессиясында алғашқы баяндамасын жасады. Одан кейін баяндаманың қорытындысы бойынша Комитет балалардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты дамыту саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруді ескере отырып, ескертулер мен ұсынымдар дайындады [1].

Балалардың құқықтары жөніндегі ақпаратқа сәйкес, Қазақстанда тұратын әрбір кәмелетке толмаған тұлға:

- денсаулық сақтау құқығы; - ойынға қатысу құқығы; - білім алу құқығы; - кемсітуден қорғау құқығы; - зорлықтан қорғау құқығы; - өзін еркін білдіру құқығы; - еңбек бостандығына құқығы; - әділ сот төрелігі құқығы.

«Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен кепілдіктерін реттейтін 45-тен астам нормативтік құқықтық актілер қабылданды»

Осылайша, Бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі қағидаттары мен нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық процестік кодексі мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде ескеріледі және азаматтық, отбасылық және басқа да құқық салаларында көрініс табады.

— Қазақстан Республикасының Конституциясының 27 бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп көрсетілген [2].

— «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі денсаулық сақтау саласындағы құқықтарына кепілдік береді. Қазақстанда әр баланың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде заманауи және тиімді медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ ауруды емдеу және оңалту, денсаулық сақтау, медициналық тексеру және динамикалық бақылау, емдеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және оңалту қызметтерін пайдалануға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар балалар, сондай-ақ АҚТҚ жұқтырғандар, СПИД-пен ауыратындар білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық-педагогикалық түзету көмегін алуға құқылы [3].

— «Неке(ерлі- зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 10-тарауы 8 баптан тұрады және отбасындағы баланың құқықтарын білдіреді. Сонымен, әрбір бала отбасында тұруға және білім алуға, ата-аналарымен және туыстарымен байланысқа шығуға, өз пікірін білдіруге, атын, әкесінің атын және тегі болуын және қажет болған жағдайда оларды өзгерту құқығына ие. Сондай-ақ баланың меншік құқығы болуына және оның құқықтары мен заңды мүдделері заңмен қорғалуына құқығы бар [4].

— «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңының мақсаты жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады. Заңның міндеті жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, балалар мен жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту және оларды азаматтық қоғам шеңберінде оқыту болып табылады [5].

— «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы кәмелетке толмағандардың заңсыз әрекеттері туралы ескертеді, балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Заң балалардың құқықтарын және әлеуметтік кепілдіктерін, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты, қараусыздықты және панасыздықты болдырмау жүйесін құрайтын органдар мен мекемелер үшін материалдық, техникалық, қаржылық, ғылыми, әдістемелік және кадрлық қолдауды жасайды [6].

— «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында кәмелетке толмағандардың тегін және міндетті бастауыш білім алуы, сондай-ақ тегін орта білім беруді енгізілуі қарастырылған. Сондай-ақ, азамат мемлекеттік жоғары оқу орнында тегін жоғары білім алуға конкурстық негізде құқылы. Осылайша, Конвенцияның нормаларын кеңейту туралы заңдар балалардың тек бастауыш білім алуы емес, сонымен қатар тегін орта білім алуына кепілдік береді [7].

— «ҚР баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы балалардың мүддесінде мемлекеттік саясаттың мақсаттарын анықтайды. Барлық бала тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, тең құқыққа ие. Некеден де және некесіз де туған балалар тең әрі жан-жақты қорғауды пайдаланады.

Баланың құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда ғана шектелуі мүмкін. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз етеді және оларды кемсітуге жол бермейді. Осы мақсатта баланың құқықтарын қамтамасыз етудің құқықтық негізі қалыптасты және баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін тиісті органдар мен ұйымдар құрылды. Сонымен қатар, бұл құжат балалардың физикалық, интеллектуалдық, рухани және адамгершілік дамуына, патриоттыққа, азаматтыққа және бейбітшілікке тәрбиелейді, кәмелетке толмағандардың әділдік пен құқықтық мәдениетке деген көзқарастарын қалыптастырады. Заңда балалар мүддесі бойынша балалардың құқықтарын заңнамалық қолдауға және балаларды толыққанды тәрбиелеуді қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын қорғауға, оларды қоғамда толыққанды өмірге дайындауға отбасының мемлекеттік қолдауына негізделген мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар үшін басым бағыт болып табылады [8].

— «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Балаларды қорғау және шетелде асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция 1993 жылғы 29 мамырда Гаагада қабылданды. Конвенцияға қол қойған мемлекеттер баланың толыққанды және үйлесімді дамуы үшін бақыт, махаббат пен түсіністігі бар отбасында өсіп-



өркендеуі қажет екенін мойындайды. Бұл жағдайда басымдылық бала туылған отбасына беріледі. Егер белгілі бір жағдайларда балалар өз отбасыларында тұра алмаса немесе елде қолайлы отбасы табылмаса, шетелдіктерге баланы асырап алу, тұрақты отбасы болу артықшылықтарын бере алады. Шетелдік бала асырап алушы баланың мүддесіне және оның негізгі құқықтарына, сондай-ақ балаларды ұрлауға, сатуға немесе сауда-саттыққа жол бермейді [9].

— «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған [10].

Қазақстанның құқықтық жүйесінің бөлігі жалпыға ортақ халықаралық нормалар мен стандарттар болып табылады. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің веб-сайтында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатқа қол жеткізу кең ауқымды нормативтік-құқықтық базаны құру болып табылады. Сонымен бірге, Қазақстанның құқықтық жүйесінің бөлігі ретінде жалпыға ортақ халықаралық нормалар мен стандарттардың мәселесін шешу қажет деп көрсетілген:

— Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүзеге асырудың БҰҰ-ның ең төменгі стандартты ережелері (Пекин ережелері, 1985 ж.);

— БҰҰ-ның Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау жөніндегі нұсқаулығы (Эр-Рияд басшылығы, 1990);

— Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандардың өз бостандығынан айрылған құқықтарын қорғау туралы ережелері (1990 ж.);

— Біріккен Ұлттар Ұйымының қамауға алуға жатпайтын шараларды қолданудың минималды стандартты ережелері (Токио ережелері, 1990) және т.б.

Қазақстандағы балалардың құқықтарын жүзеге асыруға, сондай-ақ, өмірдің әр түрлі аспектілерінде балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін, Қазақстан ратификациялаған халықаралық құжаттар:

- 1999 жылы Қазақстанда шетелде алиментті қалпына келтіру туралы конвенция ратификацияланды;

- 2000 жылы Еңбекке ақы төлеудің ең төменгі жас шамасы туралы конвенция;

- 2001 жылы Балаларды сату, балаларды жезөкшелікке және балалар порнографиясына қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға және балалардың қарулы жанжалдарға қатысуы туралы Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға;

- 2002 жылы Балалар еңбегінің ең нашар түрлерін жоюға және тыйым салу туралы ХЕҰ-ның Конвенциясына (№ 182 Конвенция);

- 2004 жылғы қарашада Қазақстан БҰҰ-ның Адам саудасына қарсы конвенциясына және басқа адамдардың жезөкшелікті пайдалануына және оның қорытынды хаттамасына қол қойды [11].

Қорыта айтқанда, адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады. Қазақстан Республикасында көп жылдар бойы бала құқығын қорғауда әлеуметтік жағына көңіл бөлінсе, бүгінгі таңда құқықтық қорғауға ауысып жатыр. Балаларға қатысты мемлекеттік саясат елімізде экономикалық және саяси реформалау жағдайында іске асырылуда, осыған байланысты балалардың қоғамдағы жағдайын жақсарту жөнінде шаралар қабылданып жатыр. Сондықтан біз мемлекет, қоғам, отбасы болып бала құқығын қорғауды насихаттауға міндеттіміз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 08.06.1994
2. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1995 жылы 30 тамыз.
3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2009 ж. 18.09. N 193-IV Кодексі.
4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
5. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.
6. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы.
7. «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
8. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
9. «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР 2010 жылғы 12 наурыздығы № 253-IV Заңы
10. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР 11.03.2008
11. [http://www.ombudsman.kz/kz/publish/docs/doklad\\_spec/detail\\_2.php?ID=1373](http://www.ombudsman.kz/kz/publish/docs/doklad_spec/detail_2.php?ID=1373)

## **ӘЙЕЛ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ**

***Түйін.** Бұл мақалада әйелдер арасындағы қылмыстылық жайында болып отыр. Осыған байланысты қылмыс жасау себептері және әйел қылмыстылығын алдын-алу шараларының тиімді жақтары қарастырылған. Атап айтқанда қазіргі таңда әйел қылмыстары сипатының жылдан жылға өзгеріп, олар жасайтын қылмыстардың жекелеген түрлерінің басым сипат алуы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен қоғамдағы құқықтық қатынастардың ахуалынан да хабар береді.*

*Мына экономикалық дағдарыстар жетіспеушіліктер оған қоса жанұя арасындағы дау жанжалдар міне осы жағдайлар әйелдер арасындағы қылмыстарды жасауға душар етеді.*

***Түйінді сөздер:** әйел, қылмыс, құқық бұзушылық, экономика, алкоголизм, әлеуметті-құқықтық қатынастар, қоғам, әйел қылмыстылығы, мәжбүрлеу шаралары, профилактикалық жұмыстар, демографиялық мәліметтер, конвенция.*

***Резюме.** В статье рассматривается вопрос о преступности среди женщин и эффективные методы профилактики женской преступности. В связи с этим, также, мотивы этих преступлений. А именно, характер преступности женщин меняется с каждым годом, и приоритетность отдельных видов преступления показывает социально-экономическую ситуацию и правовые отношения в социуме. Экономические кризисы, конфликты внутри семей побуждают преступность среди женщин.*

***Ключевые слова:** женщина, преступление, экономика, алкоголизм, социальные и правовые отношения, общество, женская преступность, принудительные меры, профилактическая работа, демографические данные, конвенция.*

***Summary.** The article considers the issue of crime among women, effective methods of female crime preventing. In this regard, also, the motives of these crimes. Namely, the nature of crime among women changes every year, and priority of certain types of crime shows the socio-economic situation and legal relations in society. Economic crises, conflicts within families encourage crime among women.*

***Keywords:** woman, crime, economics, alcoholism, social and legal relations, society, female crime, coercive measures, preventive work, demographic data, convention.*

Бүгінде әйелдер жасайтын қылмыстардың сипаты күн сайын құбылып, жекелеген түрлері басымдық ала бастады. Әйелдер қылмыстылығы - жалпы қылмыстың бөлігі, әйелдердің жасаған қылмыстары. Бұл қылмыстылық әйелдердің әлеуметтік рөлі мен функцияларына, олардың өмір салты мен кәсіби қызметіне, олардың биологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ әлеуметтік қатынастар жүйесінде тарихи тұрғыдан белгілі орынға байланысты ерекшеліктерге ие. Өйткені әйел адам үшін қылмыстың қай түрі болсын астары қалың қайғылы, қасіретті. Дегенмен, жыл сайын, орта есеппен, қылмыс жасағандары үшін 40 мыңға жуық адам сотталатын болса, олардың 4-5 мыңы әйелдер екен. Олардың ішінде 500-ден астам әйел қылмысты мас болу жағдайында, 13-15 әйел есірткі заттарды пайдалану барысында жасаған. Олардың қатарында орта білімділері де, жоғары білімі барлар да, жұмыс істемейтіндер мен оқушылар, студенттер де кездеседі. Мемлекеттік қызметкерлер мен басқа қызмет түрімен айналысатындар бар.

Сонымен, әйелдер қылмыстылығының бүгінгі таңдағы негізгі себептері мынадай:

- 1) қоғамдық өндірісте белсенділік танытуы;
- 2) басты әлеуметтік институттардың осыздануы, яғни бірінші орында отбасының әлсіреуі;
- 3) әйел адамдармен қатаң қабылданатын қоғамдағы келіспеушіліктермен жеккөрушіліктің өсуі;
- 4) есірткіге құмарлық, алкоголизм, жезөкшелік, қаңғыбастық және т.б. қоғамға қайшы әрекеттердің етек жаюы.

Қазіргі таңда әйел адамдар қоғамдық өмірде көп жұмыс жасаушылар болып табылады. Шамамен өндірісте, құрылыста кіші квалификацияны қажет ететін және ауыр жұмыстар әйел адамдарға жүктелген, сонымен қатар саудамен айналысатын адамдар, қоймаларда, базаларда, сауда орындарында қолдарымен жүк тиейді немесе түсіреді, сондықтан әйел адамдар мұндай ауыр жұмысты тастап, құқық бұзушылық жолына түсуі әбден мүмкін. Бұл жағдайлардың криминалогиялық маңыздылығы әйел адамдардың бұндай ауырлықты көтере алмауында. Зерттеу нәтижелері қаңғыбас әйелдерді бұрын ауыр және кіші квалификацияланған жұмыстарды істегендігін көрсетеді. Ауылды жерлерде әйел адамдардың қылмыстылығы күн көру мақсатында қалалы жерге барып жаңа ортаға ене алмаушылықтан әйел қылмыскерлер санын толтырады: жезөкшелік және ұрлықпен айналысуы, қайыр садақа сұрау т.с.с. Ал әлеуметтік себептерінің біріне сонымен қатар әйел адамдарының отбасындағы ауыр тауқыметімен байланысты, мысалы

демалыссыз жұмыс, көптеген істерді жүргізіп кете алмаймын деген қорқушылық сезімі, үй жұмыстарына көңіл бөлу арқылы жолдасына немесе балаларына көңіл аудармау, үлгермеу, шаршау, жетіспеушілік және т. б. Бұл жанұяда үнемі ұрыс-керістің болуына және ыдырауына алып келеді. Көбінесе мұндай жайттарда әйел адамдар психикалық тұрғыда көтере алмай ішімдікке салынады немесе өзге де құқық бұзушылыққа әкеп соқтырады [1].

Әйелдердің қоғамдық өмірдің үлкен алаңына шығуы, яғни олардың көптеген қызмет аясындағы кенеттен өскен әлеуметтік белсенділігі «мемлекеттік мүлікті ұрлау», «пара алу», «тұтынушыларды алдау» т.с.с. қылмыстар санының көбеюіне әкеліп соқты. Олардың көпшілігі қоғамдық тамақтандыру, сауда-саттық, денсаулық сақтау мен білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру саласында жұмыс істейді. Аталған қызмет саласында жұмысшылардың негізгі санын құрай отырып, олар материалдық құндылықтарға еркін түрде қол жеткізеді. Мұндай қылмысқа әйелдер тек жанұясы мен балалары үшін барады, бірақ кейбір зерттеулер мұндай әрекеттерге ауыр материалдық жағдай немесе мұқтаждық қана емес, «менде бола берсе екен» деген құнығушылық итермелейтіні көрсетеді. Кәмелетке толмаған жас қыздардың қылмыстық әрекеттері алаңдатарлық халде, олардың жасайтын қылмыстарының жартысынан көбін ұрлық құрайды, сонымен қатар зорлық пен пайдакүнемдік сипаттағы, кісі өлтіру, қарақшылық, тонау, бұзақылық секілді қылмыстар салмақты орынды алып отыр. Мұнда кәмелетке толмаған қыздар жеңіл жолменбайып кетуді, әлеуметтік сатының ең жоғарғы дәрежесіне жетуді көздейді [2].

Алайда, құқыққа қайшы әдістер арқылы мұндай мақсатқа жету ешқашан да қоғамдық қолдауды таппайды.

Жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген отбасында тәрбиеленіп жатқан бойжеткендердің құнды игіліктерге қол жеткізуі өте қиын екені баршамызға мәлім. Сондықтан да әрқашан тұрмыстық қысымда болу сезімі – оларды ұрлық пен тонау қылмысын жасауға, жезөкшелікпен айналысуға итермелейді. Әйелдер қылмыстылығын қоғам өмірінен тыс қарастыруға болмайды, себебі бұл қылмыстылықтың себептері осы өмірдің бір бөлігін құрайды. Ер адамдарға қарағанда, әйелдер жағымсыз мән-жайлардың торына тез түсіп, өмір сүру жағдайының теріс жаққа бет бұруын көп көтере алмайды [3]. «Адам қайғысы – заманқайғысы» деп атам қазақ тегін айтпаған, сондықтан әйел адамдарға әлеуметтік жағынан қолдау көрсету басты міндеттеріміздің бірі деген ойдамыз. Сонымен қатар, әйел қылмысының себепті заңдылығын экономикалық тұрғыдан болатын тежеулерден көруге болады. Ерлерге қарағанда, әйелдердің айналық жалақысы әлі де төмен. Осы және басқа да факторлар міндетті түрде отбасы жағдайының нашарлауына алып келеді, сөйтіп бірте-бірте әйел адам өзінің балалары мен жақындарының тағдыры үшін ішінен қобалжи бастауы, мазасыздануы байқалады. Ал мұның өзі қылмысты тудыратын жайға айналуы мүмкін.

Қылмыстық әрекеттердің себеп-салдары жөнінде ғалымдар әралуан пікірде. М.Н. Гернеттің көптеген еңбектерінде ер адамдар қылмысы мен әйел қылмысының арасындағы өзгешеліктерге көңіл бөлінген. Оның айтуы бойынша, неғұрлым әйелдің жағдайы ерлердің жағдайынан төмен болып өзгешеленетін болса, соғұрлым әйел қылмысы көбірек болады, ал егер қылмыс мөлшері тепе-теңдікте болса, мұндай қоғамға қайшы құбылыстың саны азаяды. Ал, Ломброзоның пікірінше, әйел ағзасының даму дәрежесі ер адамға қарағанда төмен болғандықтан, әйелдер қылмыс жасауға бейімдірек болады деген. Ломброзоның ізбасарының бірі П.Н. Тарновская да адамның қылмыс жасауы биологиялық ауытқуларға байланысты деген тұжырымдарын қолдаған. Бірақ кейін өмір сүру жағдайының нашарлығы, нашар үлгі мен сапасыз тәлім-тәрбие деген себепті мән-жайларды жоғары бағалаған [4]. Әйелдер қылмысының проблемасына арналған ғылыми-статистикалық материалдардың шығуы А.Кетленнің есімімен байланысты. Қылмыстың заңдарын зерттей келе, ол қылмыс жасауға адамның жасы, жынысы, оның мамандығы, жыл мезгілдері әсер етеді деген қорытындыға келген. Сондай-ақ әйел адамның қоғамдық өмірден қол үзіп қалғанда, отбасы мүшелерімен араласудан және отбасы міндеттеріне шектеліп қалғанда да осындай жолға баратынын көрсеткен. Әйелдер қылмысының себептерін ғылыми-практикалық зерттеуде биологиялық мектептің өкілдері болып саналатын Чезаре Ламброзоның және оның ізбасарларының зерттеулері үлкен орын алды. Еуропада қылмыскер әйелдің тұлғасын ғылыми зерттеу, психолог және криминалист Ч.Ламброзоның еңбектері жарыққа шыққаннан кейін ғана жүргізе бастады [5]. Соңғы кездері қоғамда көптеп кездесетін әйелдердің қылмысы, бұл алаяқтық. Алаяқтық, яғни бөтен мүлікті ұрлау немесе мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу меншікке бағытталған қылмыстар қатарына жатады. Меншікке қарсы қылмыстардың ішінде алаяқтық қылмысы сирек кездесетін, бірақ кейінгі жылдары әйелдердің қоғамға, билік басына араласуына байланысты, оның өсу қарқыны бірден көзге түсе бастады. Әйелдерде көбінесе алаяқтық әрекетті жүзеге асырғанда қылмыстық қол сұғушылық заты болып ақша табылады. Әйелдер алаяқтық

қылмыстардың төмендегідей тәсілдерін қолданады: банктік несиелерді жалған құжаттар арқылы алу; жалған фирмалар құрып кейіннен халықтың қаражатын иелену; тұрғын үйлерді алу (сату, айырбастау, кепілге беру) үшін жалған құжаттар жасау; валютаны айырбастау, шетелдік куәліктерді, визаларды рәсімдеу кезіндегі жалған құжаттарды қолдану. Әйелдердің мұндай алаяқтық қылмысқа баруларының себебі, өзінің материалдық құндылықтарын толығымен қатамасыз етуді көздеу және осы арқылы жоғарғы сатыға көтерілуді көздеу арқылы алаяқтық қылмысқа барады [6].

Әйел қылмыстылығының алдын алу мәселесі қылмыстылықпен күресу аясында толық қамтылуы керек. Әйел адамдар қоғамдық өмірде белгілі бір орынға ие болуы және ер адамдардай ауыр жұмыстарға тартылмауы керек. Оның күші мен көңілі ұдайы отбасы мен балаларына арналуы тиіс. Әйел қылмыстылығының алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстар олар жиі қылмыс жасайтын және жеке басының негативті көріністері негізделетін аяны қамту болып табылады. Мемлекет және қоғам тек қаржылай және материалды түрде көмек көрсетіп қан қоймай, отбасы ыдырағанда және де жалғыз басты әйелдерге де көмек көрсетулер керек. Сонымен қатар әйел адамдардың қылмыстылығының алдын алу мақсатында қыз балаларға қатысты профилактикалық жұмыстар жүргізілуі керек:

1) кәмелетке толмағандарға қатысты: ата-анасыз қалғандарға қорғаншыларды бекіту, балалар үйіне, арнаулы мектептерге, мектеп интернаттарға, жұмыстарға және т. б. қажетті жерлерге орналастыру, медициналық көмек көрсету. Медициналық көмек көбінесе қоғамға қарсы жат қылықтармен өмір сүретін қыз балаларға керек, себебі олардың арасында СОЗ және психикалық аурулармен ауыратындардың саны басым. Ондайларды емдеусіз қалыпты өмір сүру жағдайына енгізу мүмкін емес.

2) күнделікті тәрбие жұмыстарын жүргізу және тәртіптерін қадағалау.

3) тәртібі нашар қыз балаларға қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдану[7].

Әйел адамдарына қатысты қылмыстардың алдын алу мақсатында жүргізілетін профилактикалық жұмыстардың келесі объектісіне олардың еңбек қызметінің аясы жатады. Түнгі смені бойынша әйел адамдарды жұмысқа тартпау керек. Себебі әйел адамдардың өндірістегі қызметі балалардың тәрбиесіне және жанұясына кедергі келтірмеуі керек. Әйелдер қылмыстылығының алдын алу жалпы және арнайы деңгейде жүзеге асырылады. Әйелдер өмірінің барлық салаларын жалпы жақсартуға, қоғамдағы моральдық климатты жетілдіруге бағытталған, әйелдердің нақты жағдайын өзгерту жөніндегі шаралар база ретінде алынады. Заңдылықты нығайту, әйелдердің өндірістегі, отбасындағы құқықтарын қорғаудың ұтымды жүйесін қамтамасыз ету жөніндегі шараларға; өндірістегі, отбасындағы, тұрмыстағы жағдайларды сауықтыруға; білім, мамандық, әлеуметтік мәртебе алу үшін ерлермен бірдей бастапқы мүмкіндік жасауға баса көңіл аудару керек [2,1]. Әйел қылмысы төңірегінде әңгіме бола қалғанда қазақстандық ғалымдар ең алдымен ПМ академия ғылыми орталығының орынбасары Игорь Сорзунның есімін атайды. Болашақ заң ғылымының докторы он жылдың ішінде 2450 сотталған әйелдердің жеке істерін, жүздеген қылмыстық іс пен кері қайтарылған материалдарды қарап, Қарағанды обылысындағы Көксу, Алматы облысындағы Жауғашты қазақстандық әйелдер колониясында жазасын өтеп жатқандармен 230 сұхбат жүргізген. Бұл еңбектердің нәтижесі бізге әйел қылмыстарының жаңа түрлерін ашып көрсетуге мол мүмкіндік беріп отыр [8.8-176]. Жазасын өтеп жатқан немесе өтеп келген әйелдерге әлеуметтік көмек көрсету жағына арнайы назар керек, себебі олардың еркектерге қарағанда, отбасы жиі ыдырайды, кейін қай жерге бас сұғарын білмейді. Қылмыстың бұл түрлерін әйелдердің жасау себептері де өзгеше. Көбіне оларды қызғаныш, өш алу, біреуден құтылу сезімдері басқарады. Көптеген қылмыстарды әйелдер сол жәбірленушінің заңға қайшы әрекетіне жауап ретінде жасайды. Әйел ең бірінші отбасының ұйытқысы, өмірге ұрпақ әкелетін, бала тәрбиелейтін ана екенін ұмытпауы тиіс. Қазақтың әйеліне тән ибалы мінезбен ерінің абыройын асырып, мейірімді, қайырымды, саналы ұрпақ тәрбиелеумен де өзгелерге үлгі-өнеге болуы тиіс. «Әйел бір қолымен бесікті тербетіп, екінші қолымен әлемді тербетеді», деп тегін айтылмаған ғой. Сондықтан қазіргі күні әйелдердің қылмысқа бару жолын кесетін алдын алу шаралары көптеп қолға алынып жатыр. Солардың бірімен, яғни әйелдердің құқықтары мәселелерімен Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия 13 жылдан бері айналысып келеді. 1999 жылы Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі әрекеттердің алғашқы Ұлттық жоспары қабылданды. Осы жылдар ішінде БҰҰ Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияға қосылуы туралы және Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенциялары бекітілді [5,1]. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда гендерлік саясаттың өзіндік моделі қалыптасты.

Бүгінгі күнде қазақ әйелі елімізде болып жатқан барлық жағымды жаңалықтарға, қоғамдағы өміршең өзгерістерге, идеялық-саяси, әлеуметтік-мәдени, халықаралық-дипломатиялық жұмыстарға белсене араласып отыр. Демографиялық мәліметтерге сүйенсек, біздегі жалпы мемлекеттік қызметшілердің тең жартысынан астамы әйелдердің үлесіне тиеді екен. Бұл – үлкен көрсеткіш, жоғары нәтиже, жақсылықтың нышаны[9].

Қорыта айтқанда, әйелдер қылмыстылығының ерекшелігі мен себептері және алдын-алу шаралары қарастырылады. Әйелдер қылмыстылығының себептері әлеуметтік дамудың қарама-қайшылығымен тығыз байланысты. Жалпы қылмыс, әсіресе, әйелдердің қылмыстылығы, жақсылық пен зұлымдықтың жолын үнемі бұзып, рұқсат етілген және рұқсат етілмеген, лайықты және лайықты емес, мақтауға лайық және ұятқа қалдыру сияқты іс-әрекеттердің қарама-қайшылықтарынан туындайды. Адамдар осы қарама-қайшылықтың шекарасын жиі бұзып, қылмыстардың көбеюіне жол береді. Әйелдердің қылмыстылығын жасауының алдын алу, оларды болдырмау шаралары жас мемлекетімізде өсіп келе жатқан ұрпақты имандылық пен адамгершілік рухында тәрбиелеп, еліміз бен қоғамымызда тәртіп пен заңдылықтың нық орнауына негіз болады. Отбасын дамыту және қолдау үшін - біздің қоғамымыздың негізін қалайтын арнайы бағдарламалар қажет. Бұл біздің мемлекетіміздің экономикалық және саяси тұрақтылығын талап етеді. Басқа мемлекеттермен бұл мәселені шешу тәжірибесін зерттеулер арқылы салыстырса жақсы болар еді.

### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. <http://www.sharapna.kz/16940>. С.Бұхарова. Сәтбаев қалалық сотының бас маманы.
2. Жапарова М.Ж. Әйелдер қылмысы өсіп барады/ Жапарова М.Ж.// Заң және заман журнал. -2009. - №3.- Б. 14 -15
3. Женская психология. Карен Хорни / Восточно-европейский институт психоанализа. С-П., 1993. – 300с
4. Антонян Ю.А. Преступность среди женщин. - М., 1992.
5. Құрбанова И.Қ. Заңгер мен психолог іс -әрекеттерінің психологиялық процестер жүйесіндегі қасиеттер мен сипаты жайында/ Құрбанова И.Қ.// Заң психологиясы журнал. -2008. №3. –Б. 20 -23
6. Есематова А., Уалиева Ж. Қылмыс объектісін анықтаудың өзекті сұрақтары // Заң және заман. - 2015. -№1(169). -С. 57-61.
7. Рысқалиев А. Әйел және қылмыс, себебі мен сипаты. //Тураби. 2000. №6.8-17 б.
8. Заң республикалық, құқықтық, ғылыми-практикалық журналы. № 4/2006ж., № 5/2006 ж. №7 /2006 ж. №8/2006, №1/2007 ж. «Заң» Медиа-корпорация ЖШС баспаханасы
9. 65/229. Біріккен Ұлттар Ұйымының бостандығынан айырудан басқа құқық бұзған әйелдерге жаза қолдану шаралары мен бостандығынан айырылған әйелдердің өтінішіне қатысты ережесі (Бангкоктік ереже) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 2011 жылғы 16 наурызда қабылдаған № A/RES/65/229

**Борейчук Андрей Юрьевич**

магистр юридических наук, Казахско-Русский Международный Университет  
г. Актобе, 6213306@gmail.com

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫМИ ОРГАНАМИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ПОРТАЛОВ В ЦЕЛЯХ ФОРМИРОВАНИЯ МОЛОДЕЖНОГО ПРАВОСОЗНАНИЯ**

***Резюме.** Статья рассматривает взаимодействие правоохранительных органов с молодежью как инструмент формирования созидательного правосознания в Республике Казахстан. На основе современного практического а так же зарубежного опыта выносятся предложения его практической реализации.*

***Түйін.** Құқық қорғау органдары мен жастар арасындағы қарым-қатынасты Қазақстан Республикасында әділет жаратылысын қалыптасу құралы ретінде қарастыруда. Заманауи тәжірибесінің негізінде оны практикалық түрде жүзеге асыру туралы ұсыныстар еңгізілуде.*

***Summary.** The article examines the interaction of law enforcement with young people as an instrument of creative justice in the Republic of Kazakhstan. Based on advanced practical experience make suggestions on its practical implementation.*

Формирование правосознания граждан является мощным инструментом по противодействию экстремизму и деструктивным влияниям в стране. Ведь только граждане, полностью понимающие свое правовое положение, и цели государства способны эффективно противостоять разложению общества. Сфера взаимодействия правоохранительных органов с молодежью обширна, направления и формы ее многообразны. Вследствие этого дальнейшее исследование проблемы невозможно без осуществления классификации, без расчленения имеющегося многообразия на составляющие его относительно единообразные группы. В юридической литературе классификации направлений взаимодействия правоохранительных органов и учреждений массовой информации в формировании правового сознания населения не имеется. Более того, задача ее создания просто не ставилась, да и не могла ставиться, поскольку сам предлагаемый в настоящей работе подход является новым. Усиление роли криминальной субкультуры в этиологии девиантного поведения происходит на фоне социального и ценностного конфликтов, обусловленных наличием кризисных явлений в сфере достижения и обеспечения стандартов жизни, задаваемых обществом. Культивируемые ценностные ориентиры общества потребления, распространяемые в средствах массовой информации, задаваемые стандарты жизни объективно являются недостижимыми для подавляющего большинства членов общества.

В этих условиях девиации, продуцированные криминальной субкультурой, приобретают в сознании маргинальных индивидов статус легитимности как целесообразные, вследствие эффективности, при достижении целей, а также имеющие широкое распространение и лояльно, без глубокого осуждения, воспринимаемые обществом. В данных условиях девиации, обусловленные криминальной субкультурой, получают мощный импульс к своему воспроизводству. Таким образом, в сознании индивидов девиантное поведение подтверждает свою устойчивую жизнеспособность.

Тем самым, на взгляд автора, деструктивному воздействию подвергается большинство социальных интеракций, существующих в рамках традиционной культуры. Катализатором рассматриваемых процессов также является такой социальный феномен, как аномия. По мнению Э. Дюркгейма, аномия представляет собой состояние, при котором личность не имеет твердого чувства принадлежности, никакой надежности и стабильности в выборе линии нормативного поведения. Особенностью транзитивного общества является большой объем конфликтующих норм, который ставит человека перед выбором модели поведения и способов своей социализации.

Рассматриваемая корреляция девиантного поведения и конфликта культивируемых обществом стандартов с механизмами их достижения явилась предметом научного исследования Р. Мертона. Согласно его точке зрения, причиной девиации является разрыв между культурными целями общества и социально одобряемыми (легальными или институциональными) средствами их достижения.

Р. Мертоном была разработана типология поведения личностей в их отношении к целям и средствам, согласно которой отношение к целям и средствам любой личности укладывается в определенную систему. Тенденция криминализация социума, расширение в нем делинквентных практик относится к категории наиболее значимых и актуальных современных проблем общества,

оказывающих принципиальное влияние на уровень стабильности его функционирования. Вместе с тем исследователь, поставивший перед собой указанную задачу, ее выполнение начинает не на голом месте. В современной юридической литературе имеются классификационные построения, касающиеся участия населения в различных сферах деятельности органов внутренних дел.

Имеющиеся разработки представляют собой богатый исходный материал для управленческого анализа проблемы. Используя в качестве основания признак наличия (или отсутствия) нормативного регулирования, можно выделить две большие классификационные группы: к первой отходит то поведение, посредством которого граждане исполняют обязанности, возложенные на них правом, ко второй - направления, в которых такого правового императива нет. Так, обязанность гражданина сообщить властям о заведомо известном ему совершенном или готовящемся серьезном преступлении должна быть отнесена к первой группе, а взаимодействие с общественными помощниками сотрудников ОВД - ко второй. В рамках совместной деятельности правоохранительной и массово-коммуникативной системы выделяются два направления функционирования: информирование населения через средства массовой информации; сбор интересующих правоохранительные органы сведений, передаваемых через СМИ.

Классификация может быть осуществлена также применительно к содержанию функций-задач правоохранительных органов:

- а) взаимодействие в области оперативно-розыскной деятельности;
- б) взаимодействие в сфере охраны правопорядка;
- в) взаимодействие в сфере предварительного расследования и т.д..

В свою очередь, сотрудничество в области оперативно-розыскной деятельности можно разделить на подгруппы: взаимодействие с аппаратами уголовного розыска, БЭП, оперативно-режимными аппаратами ИТУ; сотрудничество в сфере предварительного расследования - взаимодействие с аппаратами дознания и предварительного следствия и т.д. По нашему мнению, познавательные потенции классификации, построенной на разграничении взаимодействий в зависимости от функций-задач соответствующих служб правоохранительных органов, в значительной мере исчерпаны. Эта классификация работает для систематизации уже имеющихся знаний, полезна в учебном процессе. уже имеющихся знаний, полезна в учебном процессе. Однако для получения нового знания нам представляется более перспективной другая схема, более полно использующая возможности системного подхода. Допустимо полагать целесообразным осуществить членение генеральной совокупности на основе критерия соотносимости взаимодействия не с функциями-задачами, а с содержательной характеристикой связей функционирующей системы со средой ее функционирования. Думается, что такой путь, позволив взглянуть на взаимодействие правоохранительных органов с молодежью, может способствовать добавлению новых элементов в наши знания по исследуемой проблеме.

Теоретической основой для принятой классификации служит схема взаимодействия всякой открытой системы со средой ее функционирования. Применительно к ней все многообразие проявлений взаимодействия правоохранительных органов с молодежью сводится: а) к обмену людьми; б) к обмену информацией; в) к взаимодействию поведений. В зависимости от содержательной характеристики связей правоохранительных органов с молодежью и различаются основные направления взаимодействия. Таким образом, можно сказать, что основанием деления, в соответствии с которым осуществляется членение генеральной совокупности («взаимодействие правоохранительных органов с молодежью») на классификационные группы («направление взаимодействия»), является характер оцениваемой субстанции. «Направления взаимодействия» как классификационные группы не являются выше- или нижестоящими по отношению к «формам взаимодействия». Каждая из принятых классификационных схем членит генеральную совокупность в различных отношениях: условно говоря, формы членят взаимодействие по вертикали, направления по горизонтали.

В зависимости от целей исследования возможны, естественно, и другие классификационные структуры. Взаимодействие правоохранительной и массово-коммуникативной систем осуществляется в процессе управления, т.е. воздействия на объект - правосознание молодежи.

Под взаимодействием понимается совместное участие и связь систем в процессе их деятельности. Управленческое взаимодействие систем основывается на реализации центральной комплексной функции управления - организационной, связанной с формированием и преобразованием, совершенствованием социальных структур, процессов и явлений. В рамках управления социальными процессами охватывается весь спектр взаимовлияний и взаимоотношений, связывающих правоохранительную и массово-коммуникативную системы. М.И.

Часто при нарушении личных неимущественных прав не причиняются физические страдания, а только нравственные, которые можно определить как совокупность отрицательных эмоций. Степень и глубина подобных психических реакций зависят от индивидуальных особенностей психики, уровня развития интеллекта, самооценки потерпевшего, а также от положения объекта в системе ценностей самого потерпевшего. Человеку присуще оценивать все происходящее с эмоциональной точки зрения. Однако в мире сохраняется дефицит в понимании эмоций, соответственно их сложно уловить или воспользоваться ими для собственного блага. Трудно сказать, что именно чувствует человек при нарушении его личных неимущественных прав: унижение, раздражение, гнев, отчаяние, ущербность, дискомфортное состояние или даже стыд?

В рамках этой темы затрагиваются неприкосновенность частной жизни, личная и семейная тайна. Один из способов защиты данных прав и интересов граждан - институт возмещения морального вреда. Понятие «моральный вред» отражено в п.1 ст.951 ГК РК. Законодатели определяют моральный вред как «нарушение, умаление или лишение личных неимущественных благ и прав физических лиц, в том числе нравственные или физические страдания (унижение, раздражение, подавленность, гнев, стыд, отчаяние, физическая боль, ущербность, дискомфортное состояние и т.п.), испытываемые (претерпеваемые, переживаемые) потерпевшим в результате совершенного против него правонарушения»[4]. Аналогичное определение дается в Нормативном

постановлении Верховного Суда Республики Казахстан от 27 ноября 2015 года №7 «О применении судами законодательства о возмещении морального вреда»[5]. Стоит отметить, что такое определение не раскрывает детально самой сути этого понятия, т.к. при этом не учитываются материальные потери потерпевшего, вследствие которых размер морального вреда для личности потерпевшего может вырасти в несколько раз.

В Казахстане действующий Закон «О персональных данных и их защите» предусматривает различные виды ответственности за рассматриваемые правонарушения (гражданская, административная, и даже уголовная), однако в практике имеются некоторые пробелы. Ввиду широкого применения и использования представителями государственных органов и иных организаций электронных и других информационных систем, которые запрашивают в целях идентификации личные данные граждан – пользователей таких систем, существует необходимость разработки подробной модели по защите прав личности, включающей в себя и определение размера компенсации за причинение морального вреда.

Как показывает практика, при недобросовестном исполнении обязанностей возможны случаи разглашения личных данных граждан сотрудниками государственных учреждений. Одним из ярких примеров является случай гражданки Анны Дмитриевич, чьи справки с информацией личного характера были переданы неизвестному лицу сотрудниками одного из Центров обслуживания населения Алмалинского района (далее – ЦОН) г. Алматы[6]. В данном случае справедливо утверждать, что гражданке Дмитриевич был причинен моральный вред, заключавшийся в нравственных страданиях, пережитых потерпевшей при обнаружении факта передачи ее персональных данных неизвестному лицу. Возникает вопрос, какова была бы компенсация в случае признания судом данного факта правонарушением? В данном инциденте представители ЦОНа принесли извинения гражданке Дмитриевич. На сегодняшний день ввиду отсутствия в законодательстве четкой системы определения размера компенсации за причинение морального вреда, трудно сказать каков был бы исход дела, если бы «потерпевшая» обратилась в суд.

Исходя из вышесказанного, можно сделать вывод, что текущее законодательство имеет ряд недочетов в регулировании института компенсации морального вреда при нарушении прав человека на защиту персональных данных.

Во-первых, законодательное определение понятия «моральный ущерб» путем перечисления лишь некоторых его внешних проявлений не отражает существенных особенностей изучаемой концепции. Раскрытие понятия «моральный вред» посредством «морального и физического страданий» довольно размыто, таким образом существует необходимость определения этих категорий посредством юридических инструментов.

Во-вторых, нет четких критериев для определения размера компенсации за причинение морального вреда. Решением этой проблемы является разработка законодателями конкретных критериев и методов по определению размера причиненного вреда и компенсации за него.

#### **Список использованной литературы:**

- [1] <https://zerde.gov.kz/activity/management-programs/digital-kazakhstan/#hcq=HaZVIEq/>;
- [2] Закон Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.) п.2 ст.1;
- [3] Гражданский Кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2017 г.) п.3 ст.115;
- [4] Гражданский Кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2017 г.) п.1 ст.951;
- [5] Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 27 ноября 2015 года №7 «О применении судами законодательства о возмещении морального вреда» п.3: «Под моральным вредом следует понимать нравственные или физические страдания, испытываемые гражданином в результате противоправного нарушения, умаления или лишения принадлежащих ему личных неимущественных благ и прав.  
Под нравственными страданиями (эмоционально-волевыми переживаниями человека) следует понимать испытываемые им чувства унижения, раздражения, подавленности, гнева, стыда, отчаяния, ущербности, состояние дискомфорта и т.д.»;
- [6] [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/skandal-tsone-grozit-razglashenie-personalnyih-dannyih-329564/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skandal-tsone-grozit-razglashenie-personalnyih-dannyih-329564/).

## **ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДА ҚОРҒАУШЫНЫҢ ІСКЕ ҚАТЫСУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

*Түйін.* Мақалада әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолдану барысында қорғаушының іске қатысуына қатысты мәселелер қамтылды.

*Тірек сөздер:* ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, құқықтық саясат тұжырымдамасы, әкімшілік қамтамасыз ету шаралары, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қорғаушы және заңды өкілдердің көмегімен қамтамасыз ету, әкімшілік ұстап алу.

*Резюме.* В статье рассматриваются вопросы, связанные с участием адвоката в применении процессуальных гарантий в случаях административных правонарушений.

*Ключевые слова:* Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях, Концепция правовой политики, меры административное обеспечение, защита прав и свобод отдельных лиц и граждан, помощь защитникам и юридическими лицами, административное задержание

*Summary.* The article deals with issues related to the participation of a lawyer in the application of procedural safeguards in cases of administrative offenses.

*Keywords:* The Code of the Republic of Kazakhstan on Administrative Offenses, the Concept of Legal Policy, administrative measures, the protection of the rights and freedoms of individuals and citizens, the assistance of defenders and legal entities, administrative detention.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мемлекеттің басты міндеті болып табылады [1]. Яғни, кез келген тұлға өзінің құқықтарын заңмен бекітілген барлық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асыра алады.

Барлық адамның басты құқықтарының бірі – қорғану құқығы болып табылады. Қорғану құқығы азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша іс жүргізу барысында жүзеге асырылады.

Қорғану құқығын жетілдіру жолдары Қазақстан Республикасы 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасында [2] да қаралып отыр.

Қазіргі таңда сот тәжірибесінде пайда болып отырған мәселелердің бірі - әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік істі жүргізуге қатысушы тұлғалардың қорғану құқығына қатысты болып отыр.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, әкімшілік іске қатысушылар өздерінің құқықтарын жеке, қорғаушы және заңды өкілдердің көмегімен жүзеге асыра алады [3].

Мысалы, «Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адам хаттамамен және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға; іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуына, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және іс бойынша қаулыға шағым жасауға, одан үзінді көшірме алуға және істегі құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға, сондай-ақ өзіне осы Кодекспен берілген өзге де процесік құқықтарды пайдалануға құқылы» (ҚР ӘҚБтК-нің 744 бабы). Ал, «Жәбірленуші істің барлық материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтар мәлімдеуге, өкіл ұстауға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым жасауға, өзіне осы Кодекспен берілген өзге де процесік құқықтарды пайдалануға құқылы» (ҚР ӘҚБтК-нің 745 бабы).

Кәмелетке толмағандар немесе өзінің дене бітімі немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылғандар болып табылатын, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаның немесе жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері жүзеге асырады. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан немесе жәбірленуші болып табылатын заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды оның өкілдері жүзеге асырады.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның құқықтарын қорғау қорғаушының көмегі арқылы да жүзеге асырылады. Қорғаушы дегеніміз әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін адам.

Қорғаушылар ретінде адвокаттар қатысады. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңының 7-бабына сәйкес, «Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы» [4]. Егер заңнамада айқындалатын тәртіппен өзара негізде Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасаған халықаралық шартында көзделсе, шетелдік адвокаттар іске қорғаушылар ретінде қатысуға жіберіледі.

Қорғаушылар ретінде адвокаттармен бірге әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері жіберіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге мынадай жағдайларда, егер:

- 1) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам бұл жөнінде өтінішхат жасаса;
- 2) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам дене немесе психикалық кемістіктеріне орай өзін қорғау құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын болса;
- 3) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам іс жүргізіліп жатқан тілді білмесе;
- 4) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам кәметке толмаған адам болып табылса, қорғаушының қатысуы міндетті.

Осы жағдайларда, қорғаушыны әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның өзі, оның заңды өкілдері, сондай-ақ оның тапсыруымен басқа да адамдар шақырмаса, судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) іс жүргізудің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, олар бұл туралы қаулы шығарады. Қаулы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне орындау үшін жіберіледі және оны алған кезден бастап жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімде орындалуға жатады.

Қорғаушы әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамды әкімшілік ұстап алған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған немесе прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулы шығарған кезден бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында іске қатысуға жіберіледі (ҚР ӘҚБтК-нің 748-бабы).

Қорғаушыны өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға, оның өкілдері, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның тапсыруымен немесе келісімімен басқа да адамдар шақырады.

Адвокаттың еңбегіне ақы төлеу адамдармен жасалынған келісім негізінде жүзеге асырылады. Егер өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп отырған адамның адвокаттың еңбек ақысын төлеуге материалдық тұрғыдан мүмкіншілігі болмаса судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) тұлғаны заң көмегіне ақы төлеуден босатуға міндетті. Бұл жағдайда еңбекке ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Бірақ сот тәжірибесі көрсеткендей қорғаушының әкімшілік істер бойынша қатысуына байланысты туындап отырған мәселелер кездеседі. Әсіресе, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану барысында жиі орын алады.

Мысалы, адвокаттарды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге мемлекеттік тараптан тарту кезінде олар қорғауды тиісті деңгейде атқармайды. Себебі, адвокаттың кез-келгені мемлекеттік бюджеттен өте шамалы төлемақыға бар күшін салып жұмыс істеуге құлшынып тұрмайды және оның еңбегіне бюджеттен бөлінетін қаражаттың көлемі өте аз. Сондықтан, кейбір адвокаттар іске мүдделі емес немесе қызығушылық танытпайды.

Әдетте әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге кезекші адвокат немесе тағайындалған адвокаттың міндеттерін атқаруға қарсы емес кез келген басқа адвокат жіберіледі. Оларға төленетін қаражат аз және ынталандыру мен бақылау жоқ. Сонымен қатар, уақыт бойынша ақы төлеу жүйесі және төлемақының төмен деңгейі адвокаттары процесті созуға және заң бұзуға итермелейді [5].

Екіншіден, Қазақстан Республикасы аумағында адвокаттар аз немесе кейбір алыс аудандарды жоқ десек болады. Сондықтан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барысында іске қатысушыларға кәсіби заң қызметін көрсетуге мүмкіншілік болмай отыр.

Егер қорғаушы іске тартылмаса онда Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 765-бабына сәйкес, «процестік әрекетті жүргізу тәртібін бұза отырып» алынған мәліметтердің дәлелдемелік күші болмайды. Сонымен қатар, осындай іс әрекеттер арқылы «заңдылық» принципі бұзылып отыр. Себебі, ӘҚБтК-нің 8-бабына сай, «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген сот, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Кодекстің, осы Кодекстің 1-бабында көрсетілген өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті» болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендей мәселелерден шығу үшін келесідей жағдайларды реттеу керек деп есептейміз:

1. Қазіргі кезде орын алып отырғандай, қаражатты барлық құқық қорғау органдарына бөлмей, бір мемлекеттік ведомствоға – Әділет министрлігіне мемлекеттік бюджет есебінен төленетін құқықтық көмектің қаржыландырылуын басқаруға уәкілеттік берген жөн сияқты көрінеді.

2. Мемлекет есебінен төленетін құқықтық көмек көрсету саласындағы басқару ісін үйлестіру мен бақылауды мемлекеттің, адвокатура мен азаматтық қоғамның өкілдерінен тұратын құрылымдар арқылы жүзеге асыру.

3. Азаматтық қоғам институты ретіндегі адвокатураны нығайтуды жалғастыруды және оның айрықша құзыретіне қылмыстық процесте, сондай-ақ азаматтық және әкімшілік істер бойынша соттарда мемлекеттік бюджет есебінен азаматтарға құқықтық көмек көрсетуді жатқызуды ұсынамыз.

#### ***Қолданылған қайнар көздер тізімі:***

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы <http://adilet.zan.kz/>*
2. *Қазақстан Республикасы 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы <http://adilet.zan.kz/>*
3. *Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі <http://adilet.zan.kz/>*
4. *«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңының 7-бабы <http://adilet.zan.kz/>*
5. *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия «2017 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндама. Жалпы редакциясын басқарған Қуаныш Сұлтанов, Тастемір Әбішев. Астана, 2018 ж. - 173 б.*

**Файзулла Д.Н**

Магистрант 1-курса, специальности «бМ030100-Юриспруденция»,  
Университета им.Сулеймана Демиреля, faizulla.dinmukhammed@mail.ru

## **ОБЪЕКТ ПРЕСТУПЛЕНИЯ ГЕНОЦИДА**

Резюме: В статье раскрывается содержание объекта геноцида. Объект исследуется в рамках классификаций по степени общности охраняемых уголовным законом общественных отношений и по первоочередности охраны объектов. Рассматриваются теоретические проблемы, связанные с определением объекта геноцида.

Так, указывается специфика основного непосредственного объекта геноцида, совершенного различными, закрепленными в ст. 168 УК РК способами. В зависимости от способа мотивов совершения геноцида, раскрываются дополнительные объекты данного преступления. Проводится анализ научных позиций по предмету исследования.

Ключевые слова: геноцид, объект преступления, классификация объектов, уголовное право.

Каждое преступление, обладая свойством общественной опасности, причиняет или создает угрозу причинения вреда общественным ценностям. Вводя под охрану уголовного закона определенный объект, законодатель желает защитить его от посягательств, что и лежит в основе криминализации деяния [5]. Геноцид также ставит под удар свой объект. Его содержание, на наш взгляд, до сих пор в теории уголовного права исчерпывающе не определено. В комментариях к законодательству и учебной литературе можно встретить множество различных позиций, которые, к сожалению, приводятся без аргументации. Объект геноцида, как преступления в Казахском уголовном праве выступал в качестве самостоятельного предмета лишь одной научной статьи. Однако многие, в том числе и важнейшие содержательные, проблемы объекта преступления, предусмотренного ст. 168 УК РК, пока не имеют однозначного решения или вообще не рассматривались в отечественной науке уголовного права. В связи с тем, что геноцид является одним из наиболее общественно опасных деяний, запрещенных действующим УК РК, необходимость наиболее полного анализа объекта этого преступления не вызывает сомнений. В данной статье мы попытаемся раскрыть содержание объекта геноцида, а также решить некоторые проблемы с учетом точек зрения, высказанных в научной и учебной литературе.

С этой целью используем в первую очередь принятую в науке уголовного права классификацию объектов по степени общности охраняемых уголовным законом общественных отношений (благ, интересов) на общий, родовой, видовой и непосредственный. Наиболее распространенной позицией в литературе является определение родового объекта геноцида как общественных отношений по обеспечению мира и безопасности человечества [3]. Родовой объект лежит в основе деления УК РК на главы. Глава 4, в котором находится ст. 168, предусматривающая ответственность за геноцид, назван «Преступления против мира и безопасности человечества», что также подтверждает указанную позицию.

Геноцид создает угрозу безопасности человечества. Под последней понимается объективное состояние отсутствия угрозы существования неопределенного круга лиц, всей совокупности людей как единого целого. Стоит отметить, что безопасность человечества не есть безопасность каждого человека в отдельности. Геноцид, причиняя ущерб отдельным социальным группам, посягает на безопасность всей совокупности людей как таковой. Человек – существо биосоциальное. Опыт, накопленный человечеством за весь период его существования, содержится в двух независимых формах: в генетическом коде человека и в человеческой культуре.

Не секрет, что различные национальные, расовые, этнические группы обладают отличиями в генетическом коде. В последнем содержатся признаки, характеризующие человека в биологическом смысле как представителя того или иного этноса, нации, расы. Ряд генов отвечают за сопротивление организма к некоторым заболеваниям, иным возбудителям внешней среды. Уничтожение указанных групп приводит к сокращению разнообразия в генетическом коде человечества. В этом и проявляется влияние геноцида на безопасность человечества как такового.

Понимая под культурой накопленную человечеством за весь период его существования совокупность знаний и умений, направленных на его самосохранение, воспроизводство, самосовершенствование и воплощенную в нормах жизни, в предметах материальной и духовной культуры [1], можно сказать, что культура есть социальная ипостась опыта человечества. При этом культура различных этносов, наций, религиозных групп, являясь частью общечеловеческой



культуры, содержит достижения характерные только или преимущественно для конкретного этноса, нации, религии.

Очевидно, что частичная потеря как культурной, так и генетической составляющей опыта человечества представляет угрозу безопасности всему человеческому роду. Поэтому среди потерпевших в ст. 168 УК РК указаны религиозная группа, не обладающая своей генетической идентификацией, и раса, которая, за счет большого количества своих представителей, не может обладать единой культурой. Поэтому геноцид несет в себе угрозу безопасности человечества в целом, а не каждого отдельно взятого человека.

Как мы видим, геноцид действительно создает угрозу безопасности человечества.

Эта категория является более узкой по объему, нежели категория «мир и безопасность человечества», за счет отсутствия «мира» в ее содержании. С учетом того, что геноцид, как и некоторые другие преступления (ст. 162–173), предусмотренные главой 4 УК РК, не затрагивают мир, есть все основания признать безопасность человечества видовым объектом для этих преступлений, в том числе и для предусмотренного ст. 168 УК РК.

Общественная опасность геноцида состоит в том, что в результате совершения действий, входящих в содержание его объективной стороны, полностью может исчезнуть, прекратить свое существование определенная группа людей, отличающаяся от других групп своей культурой, языком, обычаями, традициями, физиологическими и иными признаками, обуславливающими ее самобытность. Согласно ст. 168 УК РК, таковыми являются национальная, этническая, расовая и религиозная группы, так как именно на их уничтожение непосредственно направлен геноцид. Такие группы при геноциде могут быть уничтожены и частично, но и в этом случае причиненный вред носит трудновосполнимый или вообще невозможный характер. Таким образом, геноцид создает реальную опасность, которая может быть и реализована, для существования отдельных или нескольких социальных групп, указанных в диспозиции ст. 168 УК РК. Поэтому, а также в связи с тем, что безопасность человечества и безопасность национальных, этнических, расовых и религиозных групп соотносятся как часть и целое, что характерно для взаимосвязи, соответственно, видового и непосредственного объектов, именно безопасность указанных групп необходимо признать непосредственным объектом геноцида. Следовательно, норма о геноциде охраняет безопасность национальных, этнических, расовых и религиозных групп, как составляющую безопасности человечества.

Для полного понимания содержания объекта преступления, предусмотренного ст. 168 УК РК, необходимо дать определение каждой группы, против которой может быть направлен геноцид. Также это следует сделать еще и потому, что потерпевшими от геноцида могут быть представители (члены) национальной, расовой, этнической или религиозной группы. Нетрудно заметить, что потерпевшие указаны в статье альтернативно, а значит, геноцид будет иметь место при совершении действий, входящих в объективную сторону геноцида, в отношении любой из указанных групп.

Религиозная группа – добровольное объединение граждан, образованное в целях совместного исповедания и распространения веры [2]. Этнос – межпоколенная группа людей, объединенная длительным совместным проживанием на определенной территории, общими языком, культурой и самосознанием [4]. Раса – одна из групп, на которые условно делят человечество в зависимости от наличия той или иной совокупности исторически сложившихся физиологических признаков (цвета кожи, особенностей волосяного покрова, формы головы, пропорции тела и т. п.), не обладающих неизменностью и чистотой вследствие смешения племен и народов в процессе их экономического и культурного развития [4]. Нация – историческая общность людей, складывающаяся в процессе формирования общности их территории, экономических связей, языка, некоторых особенностей культуры и характера, которые составляют ее признаки [4].

В литературе существует точка зрения, согласно которой основным непосредственным объектом геноцида является безопасность человечества [3]. Однако, как было показано выше, геноцид в первую очередь направлен против безопасности национальных, этнических, расовых и религиозных групп. Согласно ст. 168 УК РК, всетаки безопасность этих групп, а не всего человечества следует признать основным объектом преступления.

Однако в вопросе определения основного непосредственного объекта геноцида по первоочередности охраны объектов все же существует проблема. Практически для всех действий, образующих геноцид, законодатель предусмотрел направленность деяния на уничтожение национальной, расовой, этнической или религиозной группы, что позволяет назвать их безопасность основным объектом геноцида. Вводя уголовную ответственность за эти действия, законодатель ставит под первоочередную охрану безопасность национальных, расовых, этнических

и религиозных групп. При этом направленность одного из таких действий (создания жизненных условий) определена в ст. 168 УК РК как физическое уничтожение членов этих групп. Данная формулировка при буквальной ее интерпретации означает, что целью лица, совершающего геноцид путем создания жизненных условий, является причинение смерти членам групп. Создание угрозы безопасности самой социальной группы, в таком случае, находится за рамками цели субъекта, его интересует жизнь отдельных представителей этих групп. При таком понимании создания жизненных условий как способа совершения геноцида может возникнуть впечатление, что под первоочередную охрану нормы о геноциде законодатель поставил жизнь представителя человеческой группы, как составляющую личности человека.

Проблемным является определение дополнительных объектов геноцида. Зачастую характеристика этого вида объектов геноцида в литературе ограничивается указанием на жизнь и здоровье человека [3]. Данный перечень является не только не полным, но и не учитывает возможность причинения вреда данному объекту различными действиями, образующими геноцид. Из контекста можно заключить, что жизнь и здоровье являются дополнительными обязательными объектами геноцида, однако, это не соответствует действительности. Жизни представителей национальных, расовых, этнических или религиозных групп обязательно причиняется вред при совершении геноцида путем убийства. При создании жизненных условий, рассчитанных на уничтожение этих лиц, имеет место реальная угроза причинения вреда их жизни. Только данные способы совершения геноцида связаны с физическим уничтожением указанных в ст. 168 УК РК групп и только эти способы обязательно имеют жизнь человека своим объектом. Все остальные действия, образующие геноцид: причинение тяжкого вреда здоровью членам группы, насильственное воспрепятствование деторождению и принудительная передача детей – связаны с фактическим уничтожением социальных групп и жизнь человека в обязательном порядке не затрагивают. Следовательно, в целом для геноцида, жизнь человека является факультативным объектом.

Иногда мотив совершения преступления прямо указывает на факультативный объект. Так, преступления с экстремистскими мотивами всегда затрагивают такой объект, как равенство прав и свобод человека и гражданина независимо от их национальной, расовой или религиозной принадлежности. Анализ диспозиции ст. 168 УК РК позволяет говорить о возможности совершения геноцида с любыми мотивами, в том числе и по мотиву политической, идеологической, расовой, национальной или религиозной ненависти или вражды, который, на наш взгляд, является наиболее характерным для геноцида. Следовательно, геноцид, будучи совершенным с таким мотивом, будет затрагивать равенство прав и свобод человека и гражданина независимо от их национальной, расовой или религиозной принадлежности, которое для преступления, предусмотренного ст. 168 УК РК следует признать факультативным объектом посягательства.

#### **Список использованной литературы**

- 1 Балашов Л.Е. *Философия: учебник*. М.: Дашков и Ко, 2005. 664 с.
- 2 *Большой юридический словарь* / В.Н. Додонов, В.Д. Ермаков, М.А. Крылова; под ред. А.Я. Сухарева, В.Е. Крутских. М.: Инфра-М, 2003. 592 с.
- 3 *Полный курс уголовного права: в 5 т. Т. V: Преступления против государственной власти. Преступления против военной службы. Преступления против мира и безопасности человечества. Международное уголовное право* / Т.Б. Басова [и др.]; под ред. А.И. Коробеева. СПб.: Юрид. центр Пресс, 2008. 952 с.
- 4 *Социология: энциклопедия* / А.А. Грицанов [и др.]. М.: Кн. дом, 2003. 1312 с.
- 5 *Уголовное право России. Часть общая: учебник* / А.Ф. Мицкевич [и др.]; под ред. А.Н. Тарбагаева. М.: Проспект, 2012. 448 с.

Дәдінова Ә.Ә.

Алматы университетінің 2-курс магистранты, alima\_sunny@mail.ru

## КИБЕРҚЫЛЫМСПЕН КҮРЕСУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЛЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫ

*Түйін.* Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы компьютерлік ақпараттық қылмыстармен күресу саясаты қандай тұрғыдан жүзеге асырылып жатқаны, жалпы бұл мәселенің шынайы қаупі қандай дәрежеде және қоғам мен мемлекет оны қалай қабылдайды, қазіргі заманның қоғамын информатизациялау, компьютеризациялау жаңа қылмыс түрін «киберқылмыстарды» тудырды. Олардың өйтіп аталу себебі қылмыскерлер қылмыс жасайтын кезде есептеу жүйелерін, байланыс және телекоммуникацияның жаңа құралдарын, ақпаратты алудың дыбыссыз электронды түрлерін, компьютерлерді және т.б. пайдаланады.

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан – 2030» жолдауында басты мақсат ұлттық қауіпсіздік, соның ішінде оның басты құрамдас бөлігі болып ақпараттық қауіпсіздік табылады.

*Резюме.* В этой статье степень реализации политики киберпреступников в Республике Казахстан является реальной угрозой всему вопросу, а также тому, как общество и государство его воспринимают, информатизация и компьютеризация современного общества создали новый вид «киберпреступности». Причина этого заключается в том, что исполнители используют новые системы вычислений, связи и телекоммуникаций, а также тихие электронные данные, компьютеры и т. Д. ,

В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Казахстан - 2030» главная цель - национальная безопасность, а ее основным компонентом является информационная безопасность.

*Summary.* In this context, the extent to which the policy of cybercriminals in the Republic of Kazakhstan is being implemented is the real threat to the whole issue, and how the society and the state perceive it, the informatization and computerization of the modern society has created a new kind of "cybercrime". The reason for this is that the perpetrators are using the new systems of computing, communications and telecommunications, as well as silent electronic data acquisition, computers, and so forth. use.

In the Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan "Kazakhstan - 2030" the main goal is national security, and its main component is information security.

Осы уақытқа дейін Қазақстан қоғамы есептеу техникасы арқылы жасалатын аса қауіпті қылмыстармен кездеспеген.

Қазіргі заманның қоғамын информатизациялау, компьютеризациялау жаңа қылмыс түрін «киберқылмыстарды» тудырды. Олардың өйтіп аталу себебі қылмыскерлер қылмыс жасайтын кезде есептеу жүйелерін, байланыс және телекоммуникацияның жаңа құралдарын, ақпаратты алудың дыбыссыз электронды түрлерін, компьютерлерді және т.б. пайдаланады.

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан – 2030» жолдауында басты мақсат ұлттық қауіпсіздік, соның ішінде оның басты құрамдас бөлігі болып ақпараттық қауіпсіздік табылады [1].

Қылмыстық саясат – бұл қылмыстылықты қысқартуға, келтірілетін зардап мөлшерін азайтуға бағытталған қылмыстық-құқықтық, қылмыстық іс жүргізушілік, сондай-ақ криминологиялық және басқа да шаралардан тұратын мемлекетпен жасалатын және ары қарай қадағаланатын қылмыстылықпен күресу шараларының мемлекеттік стратегиясы және тактикасы [24].

Мамандардың ойынша, алғаш рет «қылмыстық саясат» түсінігі 1804 жылы белгілі неміс криминалисті Ансельм Фейербахтың еңбегінде көрініс тапты, одан кейін ғылыми айналымда кеңінен қолданыла бастады. 1888 жылы Франц Фон Лист өзінің «Қылмыстық саясаттың мақсаты» атты еңбегінде «қылмыстық саясатқа» кеңірек анықтама беріп көрді. Оның ойынша қылмыстық саясат үш мағынада түсіндіріледі: 1) қылмыстылықпен күресудің мақсаттары, міндеттері және қағидалары анықталған нормативтік актілер арқылы көрініс табатын мемлекеттің қызметі (құзыреті); 2) қылмыстылықпен күресуді жүзеге асыратын мемлекеттік қызметтің ерекше бір тәжірибелік түрі; 3) қылмыстылықпен күресудің стратегиясы мен тактикасы туралы ғылыми теория [25, 110б.].

Алайда қазіргі ғылымда «қылмыстық саясат» терминіне нақты қысқаша анықтама берілмеген. Себебі бұл ұғым өте ауқымды, өте кең әсерлі, жалпы мағыналы және көп тармақты ұғым. Қылмыстық саясат туралы бір ауыз сөзбен айтып, оның түсінігін толық мөлшерде ашып айту мүмкін емес.

Қылмыстық-құқықтық саясат түсінігіне бір мезетте бірнеше негізгі ұғымдар кіреді және олар жекелеп қарастырылады: «саясат», «құқықтық саясат», толықтай алғанда «қылмыстық саясат» және нақтылау алғанда «қылмыстық-құқықтық саясат». Алғашқы екі түсінік саясаттанушылармен және құқық теоретиктерімен жеткілікті деңгейде талданады. «Қылмыстық саясат» және «қылмыстық-құқықтық саясат» ұғымына көптеген белгілі қылмыстық құқық және криминология салаларының ғалымдары тоқталып өткен [26].

И.А. Исмаилов қылмыстық саясатты қылмыстылықпен күресудің белгілі мақсаттағы шаралары бойынша тапсырмаларын, нысандарын және мазмұндарын анықтау және жүзеге асыру ретінде нақты шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру, басқару және саяси жетекшілік ету дәрежесінде мемлекет қызметінің бағыты, өзге әлеуметтік жүйелермен қарым-қатынас ету және ресурстық, идеологиялық, құқықтық, ақпараттық базада осы жүйелерді оптималды түрде жүргізуді және жетілдіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету деп сипаттап берді [27, 1246].

Келтірілген нысан қылмыстық саясаттың түсінігіне толығымен жауап береді деп айтуға келмейді, сол себепті Г.М. Миньковскийдің пікірімен келісуге тура келеді: қылмыстылықпен күресумен байланысты мемлекет пен қоғам қызметінің бағыттары қалай аталса да, не ол қылмыстық саясат деп аталсын, не қылмыстылықпен күресу саясаты деп аталсын, сөз бұл жерде экономикалық, идеологиялық және әлеуметтік саясаттың эффектілі қызмет етуін қамтамасыз ететін ішкі саясаттың маңызды құрамдас бөлігі туралы болып отыр [28, 76].

Ең бастысы, бұл жерде қылмыстық саясатқа максималды нақты және толық анықтама беру емес, біріншіден, бұл анықтама шегінде қылмыстық саясат салаларының мемлекет тарапынан функциялары қарастырылуы керек, яғни мемлекеттің идеялары, қағидалары, саясаты, стратегиясы және тактикасы; екіншіден, қылмыстылықпен күресу бағытының ұшына құқықтық мемлекеттің құндылықтарын (тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, заңдылық, ізгілік және әділеттік) жүзеге асырушы ерекше құрал болып табылатын, қылмыстық саясаттың негізі болып келетін «құқық» тұруы тиіс; үшіншіден, қылмыстық саясаттың түсініктемесін берудекешенді, көпәспекттілі сипаттама қолданылып, және жеткілікті мөлшерде оның концептуалдық, заңшығарушылық және құқыққолданушылық дәрежелері сипатталуы керек.

Қылмыстық құқықтық саясат қылмыстық саясаттың бір бөлігі болып табылады, және келесідей бағыттарда жұмыс істейді:

- қылмыстық-құқықтық реттеудің негізгі қағидалары мен бағыттары анықталады;
- криминализация (іс-әрекетті қылмыстық деп тану) және декриминализация жүреді;
- пенализация (белгілі қылмыстық іс-әрекет жасалғаны үшін нақты жазалау шарасын анықтау) және депенализация (қылмысты жасаумен байланысты мәжбүрлеу шараларды қолдануды жоққа шығаратын шарттарды анықтау) жүреді;
- қылмыстық-құқықтық сипаттағы баламалы (альтернативті) және жазамен қатар қолданылатын басқа да шаралар анықталады;
- қылмыстық құқықтың қолданыстағы нормаларына олардың қазіргі тарихи контекстегі мәнін, мағынасын нақтылау үшін түсініктеме беріледі;
- құқыққорғау органдары қылмыстық құқықтың институттары мен нормаларды тәжірибелік қолдануға сүйенеді.

Қылмыстық саясаттың теориясы мемлекеттің белгілі бір тарихи кезеңінде қылмыстық сипаттағы іс-әрекеттердің даму заңдылықтарын зерттеуге әмсе анықтауға, қылмыстылыққа әсер етудің және заңдылықты қамтамасыз етудің қазіргі заман талаптарына сай моделін ұсынуға бағытталған.

Қылмыстық саясаттың мәселелері салалық ғылымдар теориясында фундаментальды болып табылады, әсіресе қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминология салалары ішінде.

«Саясат» (politike) термині грек тілінен аударғанда «мемлекетпен басқару өнері» дегенді білдіреді. Саясат қоғамдық өмірдің белгілі салаларын басқару бойынша мемлекеттің функцияларын айқындайды. Әлеуметтік саясаттың бір бағыты ретіндегі қылмыстық саясат ол мемлекеттің қылмыстылықпен күресу аясындағы саясаты. Сөз бұл жерде мемлекеттің қызметінің бағыты, яғни қылмыстылықпен және қылмыстармен тығыз байланысты қоғамға кері өзге де жүріс-тұрыс нысандарымен күрес бойынша мемлекеттік органдардың осы ерекше сала бойынша нысандарын, мақсаттары мен міндеттерін, мазмұндары мен құрылымдарын анықтауы туралы жүріп жатыр.

Қылмыстық саясат екі негізгі бөлімнен: жеке бөлімдерден және өзінің мазмұны мен көлемі жағынан тең емес категориялардан тұрады. Оның басты ядросын бүкіл қылмыстық саясаттың нормативтік базасына ие, оның құрылымдық элементі қылмыстық-құқықтық саясат құрайды. Қылмыстық саясат қылмыстылықпен күресудің құқықтық базасын құрайтын салалар кешені, институттар мен нормалар жүйесінің негізі болып табылатын қылмыстық құқықпен тығыз байланысты. Криминология ғылымында саясат құқықтың соңынан өзінің даму үдерісін жүргізбейді, керісінше құқық саяси құрылымдардың соңынан, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуде қатысып дамиды. Кейбір жағдайда қылмыстық саясат аяқ астынан жетіледі, бірінші кезекте заң қабылданады да, кейін оның қабылдану себептері түсіндіріледі. Қылмыстық саясат әлеуметтік

саясаттың бір бөлігі болып табылады және қылмыстың құрамына сәйкес түрлі бағыттарды білдіретін бірнеше элементтерден тұрады: адам өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстармен, терроризммен, экономикалық сипаттағы қылмыстармен, рецидивтік қылмыстылықпен, кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстарымен және т.с.с. күресу.

Қылмыстық саясат қылмыстылықпен күрес жүргізу және күресті ұйымдастыру бойынша күнделікті ағымдағы қызметте ғана кезедесе бермейді, сонымен бірге қылмыстық-құқықтық саладағы заңнамалық анықталған мемлекеттік билікпен жүргізілетін шектеулерде, қоғамның тұтыну бағыттарына қатысты адекватты приоритеттерде, қылмыстық-құқықтық реттеуді жүзеге асырудың маңызды тапсырмаларында, жолдарында және амалдарында да орын табады. Қылмыстық саясаттың мазмұны болып біршама көлемде қылмыстылықтың себептеріне әсер ететін және сол арқылы оның көзін жоюға үлесін қосатын әлеуметтік экономикалық және идеологиялық шаралар кешенін жүзеге асыру табылады [29, 6-7 б.].

Қылмыстық саясат туралы, жоғарыда айтылғандай, көптеген ғылыми трактаттар жазылып кеткен, алайда, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында осы мәселеге қатысты құқықтанушы ғалымдар негізгі акцентті теориялық жағына көп аударып кетті [30]. Тек санаулы ғылым өкілдерінің ғана қылмыстық саясаттың мемлекет пен қоғам өмірінің қазіргі тәжірибесіндегі көрінісін сипаттауға батылы барады. Осындай ғалымдардың ішінен Ресейлік С.С. Босхоловты және Э.Ф. Побегайлоны атап өтуге болады.

Сөйтіп, қылмыстық саясатқа арналған С.С. Босхоловтың жұмысында Ресейдің қазіргі саяси жағдайы жалпы әлемдік кризистік жүйеге кірумен байланысты. Бұл кризиске Ресейдің конституциялық-құқықтық жүйесі де шалдықты. Кризистің мәні қажетті уақытта өз алдына қойылған мақсаттарын жеткілікті дәрежеде орындай алмайтын биліктің конституциялық-құқықтық институттарының дезинтеграциясында. Қандайда бар демократиялық даму жолынан авторитарлыққа ауысу қаупі шынайы болып барады [31, 16 б.].

Ал профессор Э.Ф. Побегайло Ресейдің қылмыстық-құқықтық саясатының кризистік жағдайын ғана көрсете қоймай, жеткілікті дәрежеде оған дәлелдер келтіреді [32]. Қылмыстық саясаттың мазмұны енді тек санаулы адамдар тобымен айқындалады. Алғашындай ғалымдар мен қоғам қайраткерлері және жалпы социум арасындағы талқылауға салынбай, кейде тіпті саяси сипаттағы қандай да халықаралық ықпал мен әсердің лезде нәтижесімен анықталып отырады. Зерттеушілер көрсеткендей, «қайта құрылу» (перестройка) кезеңі деп шартты түрде аталатын уақытқа дейінгі Кеңестік қылмыстық саясаттың бағыттарын коммунистік партия және оның басқарушы органдары мен тұлғалары анықтайтын. Осыдан мынадай қорытындыға келуге болады: қылмыстық саясат алқалы органмен жасалатын және басқа барлық мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және ғылыммен мүлтіксіз жүзеге асырылатын [33].

Профессор С.В. Бородин, И.М. Гальперин, В.И. Курляндский, А.С. Сенцов, Н.А. Стручков қылмыстық саясаттың мазмұнына қылмыстық құқықтың, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару құқығының нормаларымен регламенттелген қылмыстылықпен күресудің арнайы шараларын жатқызады.

Кеңес дәуірі кезеңі мен ТМД кезеңіндегі қылмыстық құқық теориясындағы қылмыстық саясаттың қалай анықталғанын көру үшін атақты зерттеуші-ғалымдардың осы мәселеге қатысты жазылған еңбектерінен пікірлерін келтіруге болады. Сөйтіп, Н.И. Загородников пен Н.А. Стручковтың жұмыстарында былай делінген: «Қылмыстық саясат кеңестік саясаттың қылмыстылықпен күресудегі мәжбүрлеу шаралары шеңберін жасау және жүзеге асыру, мүмкін болатын мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары шеңберін анықтау, материалдық, іс жүргізулік және қылмыстық атқару құқықтарының құқықтық нормаларын жасау және қолдану бастапқы шарттары қалыптасатын бағытын білдіреді» [34, 46.].

Осы тектес анықтаманы Л.Д. Гаухман мен Ю.И. Ляпунов берген еді: «Кеңестік қылмыстық саясат – бұл әлеуметтік қоғамдық қатынастарды белгілі тарихи кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық формацияның мәніне сәйкес қоғамның объективті даму заңдылықтарының ілімдеріне негізделген қылмыстық қолсұғушылықтардан (қылмыстылықпен күрес жүргізу) қорғау бағыттары мен перспективалары» [35, 46.].

Н.А. Беляевтың пірінше, қылмыстық саясат қылмыстық қолсұғушылық жасаған тұлғаларға қатысты жазаларды қолдану немесе әкімшілік не қоғамдық әсер ету шараларын ауыстыру жолымен жүзеге асырылады [36, 156.].

Кейбір ғалымдар қылмыстық саясат саласын оған тек соңғы нәтиже кезінде толығымен қылмыстылықпен күресуге жәрдемдесетін әлеуметтік шараларды кіргізу арқылы кеңейтуге қарсы болды. Олар өз бетінше қажетті негіздемеге ие болмады [37, 100-101 б.]. Осы сияқты қылмыстық

саясаты әлеуметтік саясатқа тікелей жататынын жоққа шығаратын пікірді П.Н. Панченко да айтып өткен [38, 90 б.].

90-жылдарға келетін болсақ, оған қылмыстық саясат туралы С.С. Босхоловтың көзқарасын айтуға болады. Ол бойынша қылмыстық саясат дегеніміз: біріншіден, тиісті директивті актілерде (заңдар, Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары) орын тапқан қылмыстылықпен күрестің мемлекеттік саясаты (доктринасы); екіншіден, сәйкесінше саяси, әлеуметтік және құқықтық білімдердің ғылыми теориясы мен синтезі; үшіншіден, қылмыстылыққа және басқа да құқықбұзушылықтарға белсенді қарсы бағытталған әлеуметтік қызметтің ерекше түрі [39, 32 б].

В.П. Ревиннің анықтағаны бойынша, қылмыстық саясат дегеніміз қоғамды қылмыстылықтан қорғау бойынша, оптималды стратегияны ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша, қылмыстылықтың дәрежесін шектету және орнықтыру мақсатында қамтамасыз ету жұмысы бойынша мемлекеттің нақтыландырылған белсенді қызметі [40, 76.].

Қылмыстық саясатты жүзеге асыру деп оның субъектілерінің әлеуметтік жүріс-тұрысын түсіну керек: мемлекет азаматтық қоғам институттарымен бірге қылмыстық саясат қағидаларын саяси және саяси-құқықтық алғышарттарды, қылмыскерлерді қайта әлеуметтендіру, қоғамға адаптациялау бағдарламаларын құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін, қылмыстылықтың алдын-алу және онымен күресу жұмыстарын жүзеге асырады.

Қылмыстық-құқықтық саясаттың мазмұны тек заңшығарушымен ғана шектеліп қоймайды, сонымен бірге оған құқыққолдану қызмет тармақтары да кіреді. Оның мазмұнындағы басты бағыттары қылмыстық-құқықтық құралдар арқылы жағымсыз құбылыстармен күресу, қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық жазаланушылығын анықтау, қылмыстылықтың шеңберін шектеу, жазаланушылықтың сипатын анықтау, қылмыстық жауаптылық шаралары мен олардан босату шарттарын белгілеу болып табылады. Теорияда қылмыстық-құқықтық саясатты ұйымдастыру мен жүзеге асырудың орталық бағыты ретінде әділдікпен жобаланатын және қолданыстағы қылмыстық-құқықтық нормалардың криминалдық және әлеуметтік шартталғандығын анықтау және негіздеу үдерісі саналады.

А.Л. Дзигарьдің пікірінше, жаңа заңнамаларды жасауға тартылған тұлғалар Карл Маркстің: «қоғам заңға негізделмеуі керек... Керісінше, заң қоғамға негізделуі керек, ол жеке индивидуумның еркіне қарсы қоғамның мүдделері мен тұтынуларының жалпы материалдық қажеттілігінен шығатын көрініс болуы керек», - деген ілімін білмейді не есепке алмайды [41, 126-127 б.].

Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі қылмыстық құқықтық саясаты мемлекетіміздің 2010 жылдан 2020 жылдар аралығын қамтитын құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес келесідей бағыттарды көздейді. Біріншіден, қоғамға аса қауіп туындатпайтын қылмыстарды декриминализациялауды жүзеге асыру көзделуде. Екіншіден, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолдану аясы кеңейеді. Үшіншіден, жекелеген қылмыстар бойынша бас бостандығынан айырудың жоғары мерзімдерін жеңілдету қарастырылуда. Төртіншіден, маңызы шамалы кейбір қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазалар тағайындалмайтын болады. Бесіншіден, мемлекетке қылмыспен келтірілген зиянды толық өтеген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатудың жаңа негіздері қарастырылады. Алтыншыдан, қылмыстардың қайталануы барысында жаза тағайындаудың тәртібін реттейтін нормаларды Қылмыстық кодекстен алып тастау мәселесі қарастырылуда. Жетіншіден, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы және жазасын жеңілдету көзделуде.

Әлем ХХІ ғасырда түбегейлі өзгерістерге түсуде. Өзінің маңызы жөнінен аталған ғасыр ұлы географиялық ашулар мен колониялды жүйенің ыдырауы және ұлттық мемлекеттердің құрылу дәуірімен салыстыруға болады. Ол жаһандану дәуірі. Жаһандану – қазіргі кездегі экономика, саясаттану, құқық, халықаралық қатынастар және басқа да пәндер бойынша неғұрлым көп талқыланатын проблемалардың бірі болып қалуда [42, 176.].

Аталған мәселеге қатысты түрлі көзқарастар кездеседі. Зерттеуші ғалымдардың бірі жаһанданудың экономикалық аспектілеріне тоқталса, келесі көзқарастағылар бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруды көздейді, үшінші көзқарасты ұстанушылар стандартты компьютерлік бағдарламаларды пайдалануға негізделген бірыңғай стандарттардың дамуына арнаған. Француз зерттеушісі Б.Бади жаһанданудың үш өлшемінің болатындығын атап кетеді:

- 1) Жаһандану тұрақты келе жатқан тарихи үдеріс;
- 2) Жаһандану әлемді әмбебаптандыру;
- 3) Жаһандану ұлттық шекараларды жою [43, 8-9 б.].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бір түрі болып компьютеризация табылады. Б.Х. Толеубекованың айтуынша, әлемдік компьютеризацияның бастамасы болып

систематизацияны, жиналған білімдерді тәртіпке келтіруді, мәліметтер банкін (базасын) жасауды, адам өмірінің сан алуан түрлі салаларынан кеңейіп жиналып жатқан мәліметтерді сақтауды қажет еткен ХХ ғасырдың ортасындағы ақпараттық жарылыс табылды. Осы жұмыстың ауқымды бөлігін өзіне алар техникаға деген объективті қажеттілік пайда болды. Яки сол техника компьютерлер түрінде, не бастапқыда аталғандай электронды-есептеу машиналары түрінде (ЭЕМ) жасалды [44, 106.].

Қазіргі кезде әйгілі Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сөз байланысын немесе жай ғана АКТ-ны кез келген жерде кездестіруге болады. Осы АКТ-ның бір жағы болып келетін виртуалды желілік қауымдастықтар қазір тек әлеуметтанушылар мен философтарды ғана емес көптеген едердің арнайықызметшілерін де мазалап отыр.

Сөзсіз АКТ-ның жалпы алғанда жақсы пайдалы жақтары да көп. Келіссеніз, үйден шықпай креслода отырып керек анықтаманызды не басқа да құжаттарыңызды «электронды үкіметке» (e-gov) кіріп алып жатсаңыз жақсы емес пе, осы органдарға немесе мекемелерге барып, кезекте тұрғанша, немесе үйіңізде шай не кофе ішіп отырып ұшаққа билет алсаңыз қаншама уақыттыңызды үнемдейсіз [45, 106.].

Психологтар көп адамдардың (әсіресе жасөспірімдер арасында) тез қарқынмен өсіп жатқан ғаламтордың алаяқтық айдаларына тәуелді болып жатқанын айтады: жер шары тұрғындарының үлкен бөлігі виртуалды кеңістікте, тек ұйықтауға ғана үзіліс жасап (кейбіреулердің пікірінше, мұндай адамдар мүлдем ұйықтамайды) өмір сүре бастады [46, 106.].

Ғалымдар мен саясаткерлердің осындай көзқарастарынан кейін компьютерлік қылмыстар мәселелері ұлттық қылмыстық саясаттың басты приоритетті көкейтесті шеңбері болғаны сөзсіз. Төменде біз Қазақстан Республикасының компьютерлік қылмыстар мен Ғаламторда болып жатқан мәселелерге қатысты қылмыстық-құқықтық саясат ұстанымдары, бағыттары мен бағдарламалары, алға қойған мақсаттары мен міндеттері, осы уақытқа дейін істелген жұмыстары, мәселелерді реттеу мақсатында қабылданған ұлттық заңнамалар мен халықаралық шарттар кешені бойынша категориялы функционалды көрсеткіштерін жан-жақты қарастыруға бел буамыз.

ХХ жүзжылдықтың 90-жылдарының басы Қазақстанда да, кеңес кезеңінен кейінгі кеңістікте де адамзат өмірінің салаларын жаппай компьютеризациялаумен сипатталды. Алғашында компьютерлер банк қызметі салаларында қолданыла бастады, кейін толық қадаммен оқу мекемелерін компьютеризациялау жүзеге асырыла бастады, сонымен бірге мемлекеттік органдардың, әсіресе ауқымды құжаттармен және іс-қағаздармен, кеңсе мен мұрағаттармен жұмыс жасайтын құқыққорғау органдарында компьютеризация жүргізіліп, компьютерлерінде мәліметтер базасы қалыптастырылды. Алайда жаңа ақпараттық технологиялар, бастапқыда айтылғандай, мемлекет пен қоғам ішінде дамуға, жетілдірілуге итермелеп қоймай, жаңа жағымсыз үдерістерді тудырды. Ақпараттық технологияларды қоғам өмірінің түрлі салаларына енгізу салдарымен қатар компьютерлік қылмыстылықпен күресу мәселелері қиындап барады.

Компьютеризацияның жоғары дәрежесі басым батыстық елдерде бұл мәселе алғашқылардың бірі болып отыр. Отандық және шетелдік басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары соңғы жылдары ақпараттық салада қылмыстылықты сипаттайтын жаңа көріністердің түрлі ұғымдары мен құбылыстарын көтерумен жанталасуда. Бұл әлеуметтік құқықтық феноменнің анық қырларының болуына қарамастан теорияда осы қылмыстарды орнықты сипаттайтын ортақ бір құқықтық дефиниция әлқүнге дейін жоқ. Әдебиеттерде осыған байланысты түрлі ұғымдар мен көріністерді кездестіруге болады. Мысалы, жоғары технологиялар саласындағы қылмыстар, коммуникациялық қылмыстар, компьютерлік қылмыстар, киберқылмыстар, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстар, ақпараттық қылмыстар, жоғары ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстар, интернеттік қылмыстар, глобалды компьютерлік желілер саласындағы қылмыстар және т.б. Ал шетелдік әріптестер мынадай сөз тіркестерін қолданады: high-tech crime, cyber crime, network crime, computer crime және басқалары, сәйкесінше олардың тікелей аудармасы мынадай болады: «жоғары технология қылмысы», «киберқылмыс», «желі жұмысындағы қылмыс» және «компьютерлік қылмыс».

Біз білетіндей, мемлекет өз тарапынан компьютерлік қылмыстарға қатысты жүйелі құқықтық және криминологиялық шаралар шеңберін айқындап қылмыстың жеке түрінің, тобының қылмыстық маңызды белгілерін сипаттау жүйесін, қылмыс туралы, оның субъектісінің сипатын беретін, қылмысты жасаудың механизмін, әдістерін, мақсатын және онымен күресудің кешенді әдістерін көрсететін, қылмысты ашу мен алдын алуға алдына мақсат қоятын тапсырмалар мен сипаттамалар жүйесін ұйымдастырады.

Компьютерлік ақпараттар саласындағы қылмыстар, басында ескерткеніміздей, салыстырмалы жас қылмыстар қатарына кіреді. Отанымызда мұндай қылмыстарды тергеу тәжірибесі төмен, себебі еліміз жас болғаннан кейін, ғылыми-техникалық құралдардың тез дамуынан және компьютерлік сауаттылықтың төменділігі сияқты себептерден бұл саладағы қылмыстылықпен күресу ісі жоғары сатыға өте алмай жатыр.

Аталған саладағы қылмыстық әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі ашық түрде арта түсуде, және заңшығару қызметіміздің компьютерлік қылмыстылыққа қатысты негізінен шет елдердің криминализациялық тәжірибесін формализациялау біздің көз алдымызда жүріп жатыр.

2006 жылдың 10 қазанында шығып, күшіне енген ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік концепциясы туралы» Жарлығында бұрын-соңды ешбір әдебиетте, еңбекте, қолданыстағы Қылмыстық Кодексте берілмеген осы саладағы ұғымдар мен әдіс-әрекеттер және қылмыстық әрекеттер түрлерінің тізімі берілген. Соның ішінде, біздің ойымызша, Қылмыстық Кодекстегі қылмыс құрамдарына қосып бірқатар қылмыстық әрекеттерді атап өткен дұрыс [47].

Олар:

- ақпараттық алмасуды уақытылы жасамау және ақпараттық мекен-жайға қатысты қателік жасау, ақпаратты заңсыз жинау және пайдалану;
- ақпаратқа және ақпараттық ресурстарға заңсыз кіру, заңға қайшы ақпараттық салада мәліметтерді жою, модификациялау (түрлендіру) және көшіру;
- ақпаратты заңсыз манипуляциялау немесе әсер ету (дезинформация, ақпаратты өзгерту не жасыру);
- ақпараттық жүйелерде мәліметтерді заңсыз көшіру;
- бұқаралық ақпарат құралдарын адамдардың, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне қарсы тұрғыдан пайдалану;
- кітапханалардан, мұрағаттардан және мәліметтер базасынан ақпаратты талан-таражға салу;
- ақпаратты өңдеудің технологиясын бұзу;
- вирустарды кіргізу;
- бағдарламалық және аппараттық қосалқы құрылғы орнату;
- ақпаратты және байланысты өңдеу құралдарын жою және бұзу;
- машиналық немесе басқа ақпаратты тасымалдауыштарды жою, бұзу және ұрлау;
- бағдарламалық не аппараттық кілттерді және ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын талан-таражға салу;
- мәліметтерді беру желілерінде және байланыс линияларында жалған ақпаратты жіберу, дешифрлеу және бұрып алу;
- тұтынушыларға жалған, толық емес және бұзылған ақпаратты қасақана түрде немесе олықылықпен ұсыну;
- және т.б. заңға қайшы іс-әрекеттер.

Бұл концепция жөнінде толығырақ төменде тоқталып кетеміз.

Криминологиялық тұрғыдан ЭЕМ-да сақталған бағдарлама, басқа да кез келген ақпарат мөлшері сияқты жоғарыда айтылған әрекеттердің (жою, модификациялау, көшіру, бұзу, дешифрлеу, блок қою және т.б.) кезіне шалдығуы мүмкін. ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар да құжаттандырылған ақпараттарға жататын белгілер жиынтығына ие және сол ақпараттарды қорғайтын заң нормаларымен қорғалады.

Сөйтіп, кейбір авторлардың пікірі бойынша, компьютерлік ақпарат – ол машиналық тасымалдауышта бекітілген және ЭЕМ-мен қабылдауға болатын телекоммуникациялық арналар арқылы жіберілетін ақпарат. Яғни компьютерлік ақпарат белгілі бір жерлерде сақталады және қажетті жағдайда белгілі арақашықтықта қозғалады, ол дегеніміз осы екі іс-әрекет кезінде ақпарат қандай да бір әсерге, яки заңсыз қолсұғушылыққа шалдығуы мүмкін. Сол себепті бірінші кезекте компьютерлік ақпарат салаларындағы басты объект, басты қорғанысты қажет ететін пән және негізгі элемент рөлін компьютерлік ақпарат атқарады. Жалпы жоғары технологиялар салаларындағы кез келген мәселе, олардың жұмысы болсын, олардың мазмұны болсын барлығы тек екілік сандардан тұратын 0 және 1 ақпараттардан тұрады, осы ақпараттарды түрлі комбинацияда алмастыру арқылы белгілі ақпараттық операциялар немесе іс-әрекеттер жүзеге асырылады. Ол дегеніміз компьютерлік қылмыстардың тамырлы пәні немесе заты осы екілік сандардан тұратын ақпараттар. Мысалы, банктік шоттан ақша қаражат соммасын ұрлау үшін қылмыскер алдымен ақпараттарды ұрлайды және оларды қажетті операциялар жасау үшін толықтырады, өзгертеді,



алмастырады, көшіреді және жасырады, содан кейін ақша электронды түрде операциялық өзгеріске түседі (шоттан шотқа ауысады, электронды төлем арқылы қолданылады немесе қолданбалы ақшаға ауысады). Отандық және шетелдік ғалымдар мемлекетпен қатарласа, ең бастысы, осы компьютерлік ақпараттарды мейлінше қорғау жөнінде шаралар жиынтығын ойластыруы керек дейді.

Осы салалардағы қылмыстылықпен күресу барлық елдерді ойландырып отыр, әсіресе өзектілікті осы мәселе бұрынғы ТМД елдері арасында алып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдарда компьютерлік қылмыстар байқалмады, оның себебі компьютерлік қылмыстарды анықтау құқыққорғау органдарына қиынға түсіп отыр. Компьютерлік қылмыстар із қалдырмайды десек ол жалған мәлімет болады, жалпы кез келген қылмыс із қалдыруы тиіс, бұл жерде проблема құқыққорғау органдарының осындай сипаттағы қылмыстарды анықтау тәжірибесінің жетілмегендігі болып отыр.

Ал енді «Ақпараттық қауіпсіздік туралы Концепцияға қайта оралсақ.

2006 жылдың 10 қазанында шығып, күшіне енген ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік Концепциясы туралы» Жарлығы осы саладағы көптеген ұғымдарға түсінік беріп, бірталай проблемаларды шешіп отыр. Онда қолданыстағы Қылмыстық Кодексте берілмеген осы саладағы ұғымдар мен әдіс-әрекеттер және мүмкін болар қылмыстық әрекеттер түрлерінің тізімі берілген.

ҚР-ның ақпараттық қауіпсіздік Концепциясы Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылдың 30 тамызында Референдумда қабылданған) негізінде және Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 26 маусымында қабылданған «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы, 1999 жылдың 15 наурызындағы «Мемлекеттік құпиялар туралы», 1999 жылдың 13 шілдесіндегі «Терроризммен күресу туралы», 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық жазба туралы», 2007 жылдың 11 қаңтарындағы «Информатизация туралы» және 2005 жылдың 18 ақпанындағы «Экстремизмге қарсы әрекет туралы» Заңдары негізінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президентінің 2006 жылдың 18 тамызында №163 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2006 – 2009 жылдарға арналған ақпараттық аумақтағы бәсекелік қабілеттілікті дамыту концепциясы негізінде құрастырылған.

Тағы да, осы Концепцияны ұйымдастыру кезінде бұрынғы ТМД қатысушы мемлекеттерінің 1999 жылғы 4 маусымдағы әскери саладағы ақпараттық қауіпсіздік Концепцияларының ережелері және осы саладағы халықаралық тәжірибесі ескерілген.

Бұл Концепция Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты ұйымдастыруда және жүзеге асыруда негіз болып табылады. Оның ережелері болашақта Қазақстанның ақпараттық кеңістіктегі мемлекеттік саясатын жүзеге асыруда ескеріледі. Мемлекеттік саясат жеке және заңды тұлғалардың заңға қайшы емес тәсілдермен ақпаратты ерікті түрде жасау, іздеу, алу және тарату құқықтарын қамтамасыз етуге негізделген.

Мемлекет ақпараттық ресурстарды меншік объектісі ретінде таниды және оларды шаруашылық айналымға жібереді, егер ақпараттық ресурстардың иелерінің, пайдаланушыларының және басқарушыларының заңды мүдделері дұрыс ескеріліп отырса. Мемлекеттік саясат ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың монополизміне жол бермейді.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік жағдайы. Қазіргі кезде Қазақстанның саяси және экономикалық өзгерістеріне байланысты болып жатқан процестер оның ақпараттық қауіпсіздік жағдайына тікелей әсерін тигізеді. Соған қоса, ақпараттық қауіпсіздіктің жағдайын бағалау кезінде туындайтын жаңа факторларын ескерген қажет. Ол факторларды саяси, экономикалық және ұйымдастырушылық-техникалық деп бөлуге болады.

Ақпараттық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі жағдайын зерттеу оның Қазақстандағы дәрежесі адамның, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктеріне, сұраныстарына сай келмейді. Мемлекеттік органдарды толық, жетімді, уақытылы және түсінікті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, соның ішінде мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қорғау, талаптарға сай техникалық құралдардың сәйкестігін нақтылау жүйесін және отандық қорғау тәсілдерін жетілдіру үшін негізделген шешімдер қабылдау қажет. Ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыруға кері әсерін осы саладағы кәсіби мамандардың аз болуы тигізеді. Ақпараттық қарудан қорғану, техникалық барлауға қарсылық көрсету және осы саладағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және басқа да көптеген мәселелерді ары қарай ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Интернеттің ақпараттық кеңістікте өсуі және тарауы салдарынан адам мен қоғамның құқықтарын қатігездік пен қанаушылықты білдіретін ақпараттан, жастарды, жаңа ұрпақты теріс

тәрбиелейтін жалған және бұрыс ақпараттардан қорғау қажеттігі туындайды. Сонымен қатар, бұл қауіптердің сыртқы қайнар көздері Қазақстан Республикасының заңнамасының юрисдикциясы шеңберіне кірмей де қалуы мүмкін, сол себепті осы әрекеттерге құқықтық шаралар жүйесін қолдану қиын болып отыр.

Осы айтылып отырған саладағы өзекті мәселелердің бірі отандық ақпараттық технологиялардың болмауы, адамдар бұл технологиялардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай келетінін білмей, тәуекелге барып импорттық тауарды алады. Біз шетелдік өндірушілер ұсынып отырған техниканы алуымызға тура келеді, мүмкін олар техника арқылы барлық бақылау әрекеттерін, мүмкін тіпті операцияларын жүргізіп отырғанын білмейміз. Осының бәрі ақпараттық қауіпсіздікке, мәліметтер базасына және банкіне қауіп төндіреді және шетелдік өндірушілер алдында телекоммуникация, ақпарат және басқа көптеген маңызды салалар жағынан тәуелділікке алып келеді.

Ақпараттық саладағы құқықтық қатынастар субъектісі болып меншік нысанына қарамай заңды және жеке тұлғалар табылады. Ал меншік иегері болып мемлекет (мемлекеттік органдар мен ұйымдар және лауазымды тұлғалар түрінде), жеке тұлға және заңды тұлға табылады.

Ақпаратты жасау және пайдалану тұрғысынан ақпараттық қатынастардың субъектілері автор, меншік иесі, пайдаланушы және билік етуші ретінде танылуы мүмкін. Ақпарат және ақпараттық ресурстар заттай және интеллектуалдық меншік ретінде танылуы мүмкін. Сондықтан ақпаратты өңдеу кезінде ақпараттық жүйелерде тек конфиденциалдықты ғана қамтамасыз ету емес, сонымен қоса оның тұтастылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет. Электронды құжаттар үшін олардың әрқайсысының шынайылығы электронды әріптік жазбамен дәлелденуі тиіс. Ал мемлекеттік құпиядан тұратын ақпараттарға қатысты қатынастардың барлық субъектілері үшін ерекше анықталған құпиялық режим әрекет етеді. Бұл ақпараттардың меншік иесі болып мемлекет танылады. Бұл субъектілерге қатысты ақпараттарды мемлекеттік ақпараттық қорғау жүйесі қадағалайды.

Қазіргі кездегі қоғамның сәтті қызметі ондағы ақпараттық үрдістердің қалыпты, ұйымдасқан түрде жүру дәрежесіне байланысты. Сол себепті Қазақстан Республикасы үшін осы үрдістердің мемлекет шегіндегі ақпараттық кеңістікте бірігуі зор маңыздылыққа ие.

Қазақстан Республикасын ақпараттық кеңістікте біріктіру «электрондық Үкіметтің» рөлін жоғарылатады. «Электрондық үкімет» («e-government» немесе жай «e-gov») Қазақстан Республикасы үшін алғашында 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік ұйымдастыру бағдарламасымен жүзеге асырылып және ҚР Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы №1471 Жарлығымен бекітілген. «Электронды үкімет» биліктің барлық тармақтары үшін олардың қызметтерін ақпараттық көмекпен қамтамасыз ету арқылы қызметтің эффектілігін көтеруге, олардың арасындағы ақпараттық қарым-қатынастардың динамикасын қамтамасыз етуге және экономика саласындағы субъектілер мен халықпен қарым-қатынасын жасауға мүмкіндік береді. ЭҮ-тің құзыреті мен функциялары ҚР-ның «Электронды құжат және электронды сандық жазба туралы», «Информатизация туралы» Заңдарында анықталған.

Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арнаған «электрондық Үкіметті» мемлекеттік ұйымдастыру бағдарламасы шегінде «жеке тұлғалар», «заңды тұлғалар», «қозғалмайтын мүлік регистрі», «мекен-жай регистрі» мемлекеттік мәліметтер базасы құрылды. Олардың қауіпсіздігі ақпараттық қатынастардың субъектілері арасындағы қауіпсіз ақпараттық қарым-қатынастардың нәтижесінде қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаты және тапсырмасы. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі мақсаттарына жатады:

- ұлттық ақпараттық қорғау жүйесін жасау және күшейту, сонын ішінде мемлекеттік ақпараттық ресурстарда әсіресе;
- ақпараттық салада мемлекеттік ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ адам және қоғамның құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Қазақстанның ақпараттық тәуелділікке ұшырауына жол бермеу, Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің және басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық изоляциясын, басқа мемлекеттер жағынан ақпараттық экспансия мен блокадаға жол бермеуді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тапсырмалары болып табылады:

- ақпараттық қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын жетілдіру;

- ақпараттық қауіпсіздіктің қатерінің қайнар көздерін анықтау, бағалау және болжамдау, қорғаныстағы объектілердің қорғану параметрлерін анықтау;
- мемлекеттік ақпаратты қорғауды қамтамасыз ететін саясатты ұйымдастыру, оны жүзеге асырудың шаралары мен әдістерін жүйелеу;
- мемлекеттік органдар мен ұйымдар іс-әрекетінің координациясын жасау;
- глобалды ақпараттық желілер мен жүйелерді жасау мен пайдалану процесстерінде Қазақстанның белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- нормативтік құқықтық және әдістемелік базаны жетілдіру арқылы техникалық барлауларға (разведкалар) қарсылық көрсету жүйесін дамыту.

Ақпараттық қауіп төндіретін қылмыстық әрекеттер әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Ол тәсілдерге ақпараттық, программалық-математикалық, физикалық, радиотехникалық және ұйымдастырушылық- құқықтық тәсілдер жатады. Енді осы тәсілдерді, біздің ойымызша, рет-ретімен бір тізімге келтіріп көрсеткен дұрыс.

Олар:

- ақпараттық алмасуды уақытылы жасамау және адреске қатысты қателік жасау, ақпаратты заңсыз жинау және пайдалану;
- ақпаратқа және ақпараттық ресурстарға заңсыз кіру, заңға қайшы ақпараттық салада мәліметтерді жою, модификациялау және көшіру;
- ақпаратқа заңсыз манипуляция жасау немесе әсер ету (дезинформация, ақпаратты өзгерту не жасыру);
- ақпараттық жүйелерде мәліметтерді заңсыз көшіру;
- бұқаралық ақпарат құралдарын адамдардың, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне қарсы тұрғыдан пайдалану;
- кітапханалардан, архивтерден және мәліметтер базасынан ақпаратты талан-таражға салу;
- ақпаратты өңдеудің технологиясын бұзу;
- вирустарды кіргізу;
- программалық және аппараттық қосалқы құрылғы орнату;
- ақпаратты және байланысты өңдеу құралдарын жою және бұзу;
- машиналық немесе басқа ақпаратты тасымалдауыштарды жою, бұзу және ұрлау;
- программалық не аппараттық кілттерді және ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын талан-таражға салу;
- персоналға әсер ету;
- мәліметтерді беру желілерінде және байланыс линияларында жалған ақпаратты жіберу, дешифрлеу және бұрып алу;
- парольдік-кілттік жүйеге әсер ету;
- байланыс және басқару жүйесін радиоэлектронды түрде төмендету;
- техникалық құралдар мен информатизациялау құралдарына сәйкестікті өтпеген не ескірген немесе толық жетпеген сатып алынған заттар;
- тұтынушыларға жалған, толық емес және бұзылған ақпаратты қасақана түрде немесе оқшылықпен ұсыну;
- жеке және заңды тұлғалар үшін маңызды ақпараттардан тұратын құжаттарға кіруге заңсыз шектеу қою;
- және т.б. заңға қайшы іс-әрекеттерден тұратын амал-тәсілдер.

Сонымен мемлекеттің әр саладағы ақпараттарды қорғауды қамтамасыз етудің өз ерекшеліктері болады. Оның себебі әр саланың өз ерекшелігіне байланысты ақпараттық кемістіктері және бәсеңді элементтері болады.

Сондықтан әр сала үшін оның жағдайына әсер ететін спецификалық арнайы факторлар есебімен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін нысандар мен тәсілдерді пайдалану және арнайы жұмыстар кешені қажетті.

Осы Концепцияға негізделі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын атап өтуге болады:

- нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- әдістемелік және техникалық құжаттарды дайындау;
- ақпаратты қорғау саласындағы біртұтас саясатты жасап жетілдіру;
- мемлекеттік құпиялардың қорғауын қамтамасыз ету;

- техникалық шпионажға қарсылық көрсету;
- ақпараттық қарудың әсерінен қорғану;
- ақпараттық ресурстарды, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерді және ақпараттық инфраструктураны ұйымдастырушылық-техникалық қорғау;
- ақпараттық жүйелерді және информатизация объектілерін ақпарат және ақпаратты қорғау саласындағы стандарт талаптарына және нормативтік құқықтық актілерге сәйкестендіру;
- техникалық құралдардың ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарына сәйкестігін дәлелдеу;
- ақпараттық қауіпсіздікте қауіпті төндіретін қайнар көздерді анықтау, бағалау және болжамдау;
- техникалық қауіп құралдарына қарсы адекватты шараларды оперативті түрде қабылдау;
- ақпаратты қорғау мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттары бойынша ғылыми-зерттеулік қызмет және ғылыми-техникалық қамту;
- ақпараттық технологиялар және ақпаратты қорғау саласындағы кадрларды дайындау;
- халықаралық достастыққа ұмтылу.

Компьютерлік ақпараттық қылмыстардың объектілерін ақпараттық қорғау мемлекеттік жүйеде ақпараттық қауіп, оның объектілері және тәсілдері деп бөліп қарастырылады. Соның ішінде осы элементтерді ескере отырып ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саяси салада, экономика саласында, мемлекеттік қорғаныс саласында, төтенше жағдай кезінде, жалпы мемлекеттік ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелерде, ғылым және техника саласында, жеке тұлғаның рухани өмірі мен ақпараттық қауіпсіздігі саласында және халықаралық достастық саласында өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады деп бөліп көрсетуге болады. Осы салалардағы ақпараттық қауіпсіздіктің жүзеге асырылу ерекшеліктерін толығырақ «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік Концепциясынан» көруге болады [48].

Сонымен бұл мақалада киберқылмыстардың бір ерекшелігі олардың латенттігінде, яғни жасырын болуында, қылмыс жасаудың жаңа әдістері мен түрлерінің туындауында және таралуында, ал дәлелдеу тергеу қызметі осыған тиісті төтеп беру сапасына теңдей емес. Сол себепті аталған қылмыстармен күресу нәтижелі күрес жүргізу үшін, біріншіден, сәйкес жеделіздістіру шаралары қажет, яғни құқыққорғау органдары арнайы қызмет органдарымен бірігіп компьютерлік қылмыстарға қандай да қатысы бар басқа да тұлғалармен және мекемелермен ұштасып жұмыс атқаруы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2030. Стратегиясы».
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік концепциясы туралы» №199 Жарлығы.
- 3 Нақтырақ қараңыз: ҚР 1997 жылғы Қылмыстық кодексінің 227-бабы.
- 4 Гаврилов В.А. Компьютерные технологии в правотворческой деятельности. //Учебное пособие. – М.: Норма-Инфра, 2009.
- 5 Компьютерные преступления и обеспечение безопасности ЭВМ. Проблемы преступности в капиталистических странах. – М.: ВINITИ, 2008. – №6. – С.3.
- 6 На скамье подсудимых – школьники-хакеры.// <http://www.newsfactory.kz/index.php?do=art&id=25005>.
- 7 Хакерские атаки.// <http://www.if-safety.kz/profit.kz/Uralsk.info>. – 2011.
- 8 Карпинский О. Защита информации, виртуальные частные сети.// Технология ВирНет (Инфотекс компаниясының мәліметтері бойынша). – 2001.
- 9 Францияның 1992 жылғы Қылмыстық кодексі.
- 10 Ресей Федерациясының 2012 жылғы «Электронды-есептеу машиналарының және мәліметтер базасының программаларын құқықтық реттеу туралы» Заңы.
- 11 Фигурнов В.Э. IBM PC для пользователя. – М.: ИНФРА-М-НОРМА, 2007. – С.14.
- 12 Компьютерные преступления и обеспечение безопасности ЭВМ.//Проблемы преступности в капиталистических странах. – М.: ВINITИ, 2013. – №6. – С.5.
- 13 Некоторые аспекты компьютерной преступности.//Проблемы преступности в капиталистических странах. – М.: ВINITИ, 1990. – №6. – С.12.
- 14 Назмышев Р.А. Методика расследования преступлений в сфере компьютерной информации: учебное пособие. – Костанай, 2007. – 156 с.
- 15 Элеонора Мелик Компьютерные преступления: информационно-аналитический обзор.//<http://www.wse-wmeste.ru>. –1999-2013Openstat. Все права защищены. – Т.1.– glava\_1.html#\_1\_1.
- 16 [www.melik.narod.com](http://www.melik.narod.com) // [www.crime-research.ru](http://www.crime-research.ru).
- 17 Россия: статистика компьютерной преступности. // <http://www.google.kz>. – [computer-crimes.ru](http://www.computer-crimes.ru) // <http://www.crime-research.ru/news/12.03.2004/2004-03-1202/>.
- 18 Washington ProFile. – Cybercrimes. – 03.08.2007. – [Computer crime research center](http://www.computer-crime-research-center.com).

- 19 Дулов А.В. Криминалистический анализ компьютерных преступлений. // Проблемы компьютерной преступности:– Минск: НИИ ПККСЭ МЮ РБ, 1992.–Вып. 2. – С.3-4.
- 20 Селиванов Н.А. Проблемы борьбы с компьютерной преступностью// Законность. – М., 1993.– №8. –С.37.
- 21 Крылов В.В. Информация как элемент криминальной деятельности. // Вестник Моск. ун-та. Сер. 11. Право. – М., 2008. – №4. –С.50-64.
- 22 Батулин Ю.М. «Компьютерное преступление» – что за термином? // Право и информатика. – М.: МГУ, 1990. – С.9.
- 23 Чуфаровский Ю.В. Криминология в вопросах и ответах: учебное пособие. – М.: ТК Велби, изд-во «Проспект», 2004. – 270 с.
- 24 Уголовное право России. Часть Общая / отв. ред. Л.Л.Кругликов// 2-і басылым, өзгерістер мен толықтырулармен бірге. – М., 2005. – 1-тарау, § 1.7.
- 25 Франц Фон Лист. Задачи уголовной политики. Преступление как социально-патологическое явление. – М.: Инфра-М, 2008. – С.110.
- 26 Лопашенко Н.А. Уголовная политика. – М.:Изд. Вольтерс клубер, 2009. – 579 с.
- 27 Исмаилов И.А. Преступность и уголовная политика (актуальные проблемы борьбы с преступностью). – Баку, 1990. – С.124.
- 28 Миньковский Г.М. Политология борьбы с преступностью (вместо предисловия) к книге Исмаилова И.А. Преступность и уголовная политика (актуальные проблемы борьбы с преступностью). – Баку, 1990. – С.7.
- 29 Недотко Ю.В. Тенденции российской уголовно-правовой политики постсоветского периода: автореф.– Челябинск, 2005. – С.6-7.
- 30 Чубинский М.П. Очерки уголовной политики (понятие, история и основные проблемы уголовной политики как составного элемента уголовного права). – СПб., 1905.
- 31 Босхолов С.С. Указ. соч. – 1999. –С.16.
- 32 Побегайло Э.Ф. Кризис современной российской уголовной политики. // Уголовное право. – 2004. – №3.; Проблемы уголовной политики в сфере обеспечения безопасности жизни граждан (законотворческий аспект). // Уголовное право. – 2001. – №1; Психологические детерминанты криминальной агрессии. // Уголовное право. – 2002. – №1; Кризис современной российской уголовной политики. // Уголовное право. – 2004. – №4.
- 33 Дзигарь А.Л. Уголовная политика и ее отражение в теории, законодательстве и практике: дис. ... докт. юрид. наук. – Рязань, 2007. – 489 с.
- 34 Загородников Н.И., Стручков Н.А. Направления изучения советского уголовного права. // Советское государство и право. – 1981. – №7. – С.4.
- 35 Гаухман Л.Д., Ляпунов Ю.И. Понятие советской уголовной политики и ее основные направления. – М., 1980. – С.4.
- 36 Беляев Н.А. Уголовно-правовая политика и пути ее реализации. – Л., 1986. – С.15.
- 37 Исмаилов И.А. Преступность и уголовная политика (актуальные проблемы организации борьбы с преступностью). – Баку, 2010. – С.100-101.
- 38 Панченко П.Н. Советская уголовная политика.// Общетеоретическая концепция борьбы с преступностью: ее становление и предмет. – Томск, 1988. – 90 с.
- 39 Босхолов С.С. Указ.соч. – 2009. – 32 с.
- 40 Беляева Л.И. Уголовная политика и ее реализация органами внутренних дел: учебник. – М., 2003. – С.7.
- 41 Дзигарь А.Л. Уголовная политика и ее отражение в теории, законодательстве и практике: дис. ... докт. юрид. наук. – Рязань, 2007. – 490 с.
- 42 Жетібаев Н.С. Қылмыстық саясат және медицина қызметкерлерінің жауаптылығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 155 б.
- 43 Глобализация человеческого измерение. – М.: РОССПЭН, 2002. – 380 с.
- 44 Толубекова Б.Х. Компьютерная преступность: вчера, сегодня, завтра. // Монография. – Караганда: КВШ ГСК РК, 1995. – 320 с.
- 45 Лисицын С. Капли ИКТ на мозг homo sapiens. Раздел: общество. // Казахстанская правда. – Алматы, 2012. – июнь 23. – С.10.
- 46 Лисицын С. Капли ИКТ на мозг homo sapiens. Продолжение. Раздел: общество. // Казахстанская правда. – Алматы, 2012. – июнь, 23. – С.10.
- 47 Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік концепциясы туралы» №199 Жарлығы.
- 48 Толығырақ қараңыз: Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазанда №199 Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік Концепциясы».

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСУ РӨЛІ

**Түйін.** Бұл мақалада бала құқықтарының халықаралық қауымдастық және Қазақстан аясындағы қалыптасу рөлі мен бүгінгі күнгі жағдайы сипатталған. Мақалада бала құқығына қатысты маңызды халықаралық құжаттар мен жалпы статистикалық есептер келтірілген. Мақаланың мақсаты – бала құқықтарының халықаралық даму механизмдерін анықтап, қол жеткізілген нәтижелерге белгілеу. Бала құқықтары мен бостандықтарының тиісті деңгейде қалыптасуын қамтамасыз етуді негізге алған халықаралық ұйымдардың қызметтеріне шолу жасау.

**Резюме.** В этой статье описываются права ребенка и роль Казахстана в международном сообществе и нынешняя ситуация в Казахстане. В статье перечислены важные международные документы и общие статистические отчеты о правах ребенка. Цель статьи - выявить механизмы и сделать обзор деятельности международных организаций на основе обеспечения прав и свобод ребенка.

**Summary.** This article describes the right of a child and a role of Kazakhstan in the international society and the current situation in Kazakhstan. The articles contain a number of important international documents and statistical reports on the right to reproduction. The purpose of the article is to identify the mechanisms for international development of children's rights and to draw conclusions. An overview of the activities of international organizations based on ensuring the proper formulation of the rights and freedoms of the child.

Бала құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау – балалар құқықтарын қорғау мен осы құқықтарды қадағалаудағы халықаралық стандарттар енгізу негізінде арнайы механизмдер, халықаралық органдар мен процедуралар жүйесін құру болып табылады. Бала құқықтарын қорғау тарихи дамудағы жаңашыл құбылыс, өйткені бала құқықтарының конституциясы деп аталып кеткен Бала құқықтары туралы Конвенциясының өзі 1989 жылы қабылданған болатын. Бастамасында әлем бойынша балалар құқығы бойынша көрініс алғаш рет Ұлттар Лигасы аясында балалар құқықтарын қорғау туралы 1924 жылғы Женева Декларациясынан, кейін 1959 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қабылданған бала құқықтары туралы Декларациясынан көрініс тапқан болса, өз кезегінде балалар құқықтарын қорғау бойынша алғашқы ұйым 1919 жылы құрылған болатын. Халықаралық Одақтың ұсынысымен Ұлттар Лигасы аясында 1924 жылғы бала құқығы туралы Декларация, бала құқықтары мен бостандықтарын, оның мақсаты мен қағидаларын белгілеген бала құқықтарын қорғаудағы алғашқы халықаралық-құқықтық құжат болып келді. Бірақ, өкінішке орай, бұл декларация осы мәселе бойынша бірігей өзара әрекеттік қағидалар мен механизмдердің болмауынан мемлекеттердің ынтымақтастығын қажетті деңгейге жеткізе алмады. Мемлекеттер бұл декларацияға бала құқықтарының белгілі бір жеке сұрақтар бойынша ғана қолданған болатын. Сондықтан, сол уақытта «бала құқықтарын халықаралық қорғау халықаралық-құқықтық нормалар жүйесі ретінде» қалыптасты деп айту қиын [1].

Жалпы адам құқықтарын қорғау аясындағы балаларды халықаралық қорғау жүйесі Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана қалыптасты. Оның адам құқықтарын кемсітпеушілік пен бостандықтарын құрметтеу болып табылатын негізгі қағидаларының бірі БҰҰ-ның Жарғысының кіріспесінде белгіленді. 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтары мен бостандықтарының жалпыға бірдей Декларациясын қабылдады, онда адамның қадір-қасиетін, тең құқықтарын тану еркіндіктің, әділеттілігінің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі деп белгіленген кіріспеден басталады. Декларация балаларға ерекше қорғаныш пен көмек көрсетудің нысаны болуға тиіс екенін мәлімдейді. БҰҰ Жарғысы арнайы балалар мәселелерін шешуге бағытталмағанымен, құрамында кемсітушіліктің кез-келген түріне жол бермеу, адам құқықтарын қорғау және халықаралық экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру туралы нақты бекітілген ұстанымы көрсетілген. Жалпыға бірдей адам құқықтарының Декларациясы 1948 жылы қабылданған және ол одан кейін қабылданған басқа да көптеген конвенциялардың негізін қалаған алғашқы құқық қорғау құралы болып табылады. Бұл құжат міндетті сипатта емес, яғни ұсыныстық сипатта болғанына қарамастан, ол мемлекеттердің саяси іс-әрекеті мен қызметтеріне, халықаралық заңнаманың дамуына ауқымды әсерін тигізгенін айтып кеткен жөн. Құжат құрамында адам құқықтарының негізгі стандарттарын анықтайтын «адам құқықтарының тізімі» және кейбір ережелер балаларды қорғауға бағытталған. Бұл сонымен қатар, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде (10-бап), Азаматтық және экономикалық құқықтар туралы халықаралық пактіде (23, 24-баптарда), сонымен бірге жарғылар мен мамандандырылған мекемелердің тиісті құжаттарында мәлімделген. Жалпы адам құқықтарын одан әрі дамыту барысында осы салада жеке институттардың қалыптасуына да жол ашты, олардың бірі қазіргі кездегі халықаралық құқықтағы балалар құқықтарын халықаралық-құқықтық қорғау институты болып табылады. Адам құқықтарының осы аспектісін тәуелсіз құқықтық институт ретінде дамуының ұзақ тарихы бар. Бастапқыда бала арнайы әлеуметтік категория ретінде ұзақ жылдар бойы қарастырылмады. Құқықтық мағынада бала мүлдем орын алмаған, тек қана бөлек мемлекеттердің заңнамаларында ата-анасының жеке меншігі ретінде белгіленген. Ал XX ғасырдың басында

бірқатар Батыс елдерінде балаларды қорғау туралы және міндетті білім беру туралы заңдар орын алып, бала ата-ананың меншігі ретінде қабылданбай, мемлекеттің меншігінің құрамына кірді. Баланың осындай макроәлеуметтік санатқа жатуы 1924 жылғы Женева Декларациясында көрініс тапқан. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы адамның жасына қарай, яғни: «Барлық адамдар бірдей еркін және тепе-теңдік құқықтарда туады» (1-бап) дегенді белгілеген [2].

БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған 1959 жылғы Бала құқықтары туралы декларацияның әрі қарай қалыптасуы бала құқықтары мен бостандықтарына халықаралық-құқықтық қорғауды таратуға ықпал етті. Оның басты тақырыбы: «адамзат балаға барынша жақсыны беруге міндетті» екендігін мәлімдейді. Ол ұлттық және халықаралық деңгейлерде балаларды қорғау мен олардың жағдайына қатысты 10 әлеуметтік-құқықтық қағидатты жариялады. Бұл Декларацияда балаларға қатысты кез-келген негізде ешқандай кемсітушілік болмауы туралы, баланың қалыпты дамуына, білім алуға құқылы екендігі туралы көрсетілген. Декларацияның қағидаларының бірі қоғамның физикалық, психикалық немесе әлеуметтік тұрғыдан әлсіз балаларға арнайы қамқорлық жасау міндетін белгілейді. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіде балаларға қатысты екі түрлі ереже орын алып келеді, біріншісі отбасын қорғау, екіншісі кемсітушіліктің кез келген бір түріне жол бермей, балаларға жәрдемдесу туралы белгіленген [3]. 1959 жылғы Бала құқықтары туралы декларациясының қабылдануы балалардың құқықтары мен оларды қорғау әдістері тұжырымдамасына және жаңа тәсілдерді белгілеуге негіз болды. Ол балалар құқықтарын қорғау туралы бірыңғай халықаралық құжат қажет екендігін көрсетті. Мұндай құжат болып 1989 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 44/25 қарарында белгіленген Бала құқықтары туралы қабылданған Конвенция болды. Конвенцияның бірінші жобасы 1978 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қарауынан басталды. Құжатты әзірлеуге тек БҰҰ мүше мемлекеттері мен үкіметаралық ұйымдарының өкілдері ғана емес, сонымен қатар, ғалымдар мен үкіметтік емес ұйымдар да қатысты. Тек бірнеше жылдар өткеннен кейін ғана БҰҰ Бас Ассамблеясы 1989 жылы 20 қарашада № 44/25 қарар қабылдап, Бала құқықтары туралы Конвенциясына қол қойды. 1990 жылы 26 қаңтарда Конвенцияға 61 мемлекет қол қойған болатын. Бұл адам құқықтары бойынша бүкіл мемлекет ратификациялаған бірінші конвенция болуға жақын болғанын айтып кеткен жөн. Бұл Конвенцияны қабылдау бала құқықтарын қорғаудағы маңызды оқиға болды, өйткені ол балаға ерекше қорғауды талап ететін нысан ретінде ғана емес, сондай-ақ адам құқығының барлық аясын ұсынылған заң субъектісі ретінде де қаралды. Бұл Конвенция баланың құқықтары туралы Декларацияның ережелерін ғана емес, сонымен қатар, Конвенцияға қосылатын мемлекеттерде балаларға қатысты жасаған әрекеттері үшін заңды жауапкершілікті меңгереді. Конвенция жалпы нормаларды белгілейтіндіне қарамастан, ол осы нормаларды іске асыру үшін әр мемлекеттердің өздерінің ұлттық мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерді назарға алуға құқық береді. Бұл өз кезегінде, конвенцияның әмбебап сипатта екендігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда, сонымен қатар, бала құқықтарын қамтамасыз етудегі мемлекеттерге жауапкершілік артқан және жалпы адам құқықтары мен міндеттерін қорғауды негізге алған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы ерекше орын алып келеді. Бала құқықтарын жан-жақты халықаралық қорғау аясында, арнайы Әлеуметтік комиссия мен Балалар қорын (ЮНИСЕФ) құруды жөн көрді. Сонымен қатар, балалар құқығымен БҰҰ-ның арнайы мамандырылған мекемелері де, атап айтқанда, Халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Ғылым, мәдениет және білім бойынша ұйымдары қызмет атқарып келеді. Жалпы адам құқықтары мен міндеттерін қорғау аясында БҰҰ-ның қызметі мен уәкілеттілігі көпжақты сипатқа ие. Оның органдары ұсыныстар мен шешімдер қабылдайды, халықаралық конференциялар шақырады, зерттеулер жүргізіп, конвенция жобаларын дайындайды және бөлек мемлекеттерге консультациялық және техникалық сұрақтар бойынша көмек береді. 1953 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бала құқықтарын қорғаумен, олардың жағдайларын жақсартуға негізделген Балалар қоры (ЮНИСЕФ), бастапқыда денсаулық сұрақтарымен айналысқан болатын. Ал қазіргі таңда ол 190 елде бала құқықтарына байланысты мәселелерді шешіп келеді. Сонымен қоса, мемлекеттер тарапынан БҰҰ Жарғысы мен оның аясында қабылданған халықаралық келісімдерде белгіленген міндеттерінің орындалуын қадағалайтын функцияға ие. Бұл функция жалпы адам құқықтарын қорғаудағы көпжақты келісім-шарттардың мүше мемлекеттердің тарапынан орындалуын қадағалаудағы ең онтайлы механизм болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы дағдарыстарды шешу жөніндегі барлық әрекеттерді үйлестіретін негізгі гумандық бөлімдерді біріктіретін Комитет арқылы жүзеге асырады. Және ол БҰҰ-ның Төтенше көмек көрсету жөніндегі Үйлестірушісінің төрағалығымен қызмет атқарады. Бұл комитеттің құрамына БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ), Дүниежүзілік Азық-түлік Бағдарламасы (БҰҰ ДАБ) және БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссарының Басқармасы (БҰҰ БЖКБ) кіреді. Ол сондай-ақ БҰҰ-ның басқа да мекемелерін, халықаралық үкіметтік емес және үкіметтік емес гуманитарлық ұйымдарды, атап айтқанда Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қызметтері де кіреді [4]. БҰҰ Балалар Қоры қарулы жанжалдарға тартылған балалардың құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз ету мен қорғауда маңызды рөл атқарады. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен 1946 жылы 11 желтоқсанда балаларға халықаралық төтенше көмек көрсететін қор болып, бастапқыда, қордың мақсаты екінші дүниежүзілік соғыстан зардап шеккен балаларға көмек көрсететін уақыты шектеулі қызмет деп белгіленген, алайда 1953 жылы БҰҰ оның қызметін кеңейтіп, өкілеттік мерзімін белгісіз мерзімге ұзартты.

Бала құқықтары туралы 1989 жылғы Конвенцияда өзара қарым-қатынастар жүйесі ретінде: бала - отбасы - мемлекет тізбегі анық байқалады. Бала үшін қоғамдағы өмірге дайындықта отбасы маңызды рөл атқарады,

бұл туралы Конвенция кіріспесінің 6-тармағында: «Баланың толыққанды және үйлесімді дамуы үшін отбасылық ортада өсіп отыру керек» дегенінен байқауға болады. Өз кезегінде отбасының қоғамдағы жауапкершілігі - баланы «қоғамда тәуелсіз өмір үшін» дайындау және «БҰҰ Жарғысында, әсіресе бейбітшілік, қадір-қасиет, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақ рухында» тәрбиелеуге тиіс (7-тармақ) болып табылады. Онымен қоса, кейде отбасы баланың құқықтарын жүзеге асыруға мемлекеттен де зор кепілділікте болады, алайда кейбір жағдайларда бұл міндет қамқоршы, прокурор немесе сотқа жүктеледі [5]. Бала қоғамның толыққанды мүшесі болып табылатындықтан, ол өзінің өміріне толық қатысуға және оның дамуына үлес қосуға құқылы. Конвенция осы мақсатқа жету үшін, оның жеке тұлғалығын (8-бап), өз пікірін еркін білдіру құқығын (12-бап), пікір білдіру бостандығына (13-бап), ойлау, ар-ождан, (14-бап), бірлестіктер мен бейбіт жиналулар бостандық құқығы (15-бап), жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығына (16-бап), демалыс және бос уақытты өткізу құқығы, мәдени және шығармашылық өмірге қатысу құқықтарына ие (31-бап) болатынын белгілейді. Мемлекеттердің конвенцияда көзделген міндеттеріне байланысты айтатын болсақ, алдымен Конвенцияға мүше мемлекет халықаралық құқықтың субъектісі ретінде онда белгіленген барлық құқықтардың, және сонымен бірге ұлттық заңнамаларына сәйкес тиісті халықаралық құжаттар бойынша өз міндеттемелерін орындайды [6]. 1989 жылғы Конвенция баланың әртүрлі құқықтарын бір құжат мәтінінде біріктіріп, үш негізгі мақсаты көздейді: 1) балаларға қатысты жалпыға ортақ адам құқықтары туралы құжаттарға сәйкес адамдарға берілген құқықтарды балаға тағы да растайды; 2) баланың ерекше мәртебесіне байланысты оларды қорғауға (еңбек жағдайлары, бас бостандығынан айыру) ерекше кепілдіктер беру арқылы белгілі бір адам құқықтарын белгілейді; 3) бала асырап алу, бастауыш білімге қол жеткізу, зорлық-зомбылықтан қорғау және отбасында тиісті қамқорлықтың болмауы және алиментті қалпына келтіру мәселелері сияқты құқықтарды қорғау туралы арнайы ережелерді белгілейді [7].

Жалпы статистика бойынша 263 миллион бала мектептен тыс, ал 168 миллион бала мәжбүрлі түрде еңбек қатынастарына бел буған, оның жартысы яғни, шамамен 85 миллионы қауіпті жұмыс түрімен айналысып келеді. 40 миллион 15-19 жастағы қыз балалар қазіргі уақытта некеге отырған. Тағы 28 миллион бала мәжбүрлі түрде үй баспанасынан айырылып, оның 11 миллионы босқын ретінде немесе баспана іздеушілер ретінде тіркелген. 0-19 жас аралығындағы шамамен 8 миллион балалар әр жыл сайын өлім көрсеткішін белгілеп келеді, олардың ішінде 5 жасқа дейінгі сәбилер бұндай көрсеткіштің 75% құрап отыр [8].

Сонымен қатар, бұндай көрсеткіштерді азайту мен алдын алуға байланысты Балалар Қоры тұлғасындағы халықаралық қауымдастық өз кезегінде жан жақты, әрі біркелкі әрекеттермен айналысуда. Мәселен, Балалар Қорының еңбегі нәтижелерінің бірі ретінде 5 жасқа толғанға дейінгі сәбилер өлімі саны 1990 жылы 12,7 миллионнан 2015 жылы 5,9 миллионға дейін төмендегені, және 1990 жылдан бері тамақтанбаған балалар үлесі шамамен жартысына қысқарылғанын айтып өткен жөн. 2016 жылдың соңына қарай дүние жүзіндегі балалардың шамамен төрттен бірі, болжамалы түрде 535 миллионы - жанжалдан, табиғи апат, эпидемия немесе басқа да төтенше жағдайларға ұшыраған елдерде өмір сүрді. Осындай жағдайлар негізінде балалар біліміне қауіп төніп, олардың көбісі балалық шақтарынан айырған болатын [9].

Қазақстан Республикасындағы балаларға арналған мемлекеттік саясат әлеуметтік-экономикалық және саяси міндеттерін жалпы бала, отбасылық және ана болу қоғамының кепілді қорғауын қамтамасыз етіп келеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің статистика бойынша комитетінің мәліметінше, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республика тұрғындарының саны 17 477 673 адамды құрады. 2014 жылмен салыстырғанда, халық саны 260 мың адамға жеткен. Ал 0-ден 17 жасқа дейінгі балалар саны 2014 жылы - 5 151 221 болса, 2015 жылы бұл 5 298 488, яғни бала саны 2014 жылдан қарағанда 147 267 балаға көбейген [10]. 2017 жылдың қаңтар-шілде айларында Республикада бір жасқа толмаған 1876 сәби өлімі тіркелді. Алайды, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жыл бұрын өлген балалардың саны 15,2% - ға азайған.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясы күшіне енді. Онда балаларға қандай да бір зорлық-зомбылық және экономикалық пайдалану, адам ұрлау және адам саудасына қатысты қылмыстық жауапкершілік жүктелді [11]. Атап айтқанда, заңсыз асырап алу әрекеті, кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету, және кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді өндіруге тарту үшін қылмыстық жауапкершіліктер көзделген баптармен толықтырылды. 2015 жылдан бастап балалардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ететін нақты нормалары бар жалпы және ерекше сипатта болатын нормативтік-құқықтық құжаттарға қол қойылды. Мәселен, мүгедек адамдардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең дәрежеде жүзеге асыруға жәрдемдесу, қорғау және қамтамасыз етуді мақсат еткен 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялауы [12], Еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, отбасы және бала, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру мен жалпы спорт саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттар жүйесінде туындайтын әлеуметтік қатынастарды реттейтін «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР Заңы, және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасының 2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді реабилитациялау бағдарламаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметі халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы және Балалар Қорымен



өзара ынтымақтастық аясында бірінші медицина мамандарын қабылдау бойынша модульді іске асыру жұмысы көрініс тапты [13]. Соңғы жылдары мектепке дейінгі жастағы (туылғаннан 6 жасқа дейін) дамуында ерекше қажеттіліктері бар 35,1 мың баланың 10 674 (30%) мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылды. Денсаулық жағдайына байланысты ерекше қажеттіліктері бар балаларды білім беру үрдісіне қосу үшін жағдай жасаған мектептердің саны 2014 жылдан 2015 жыл аралығында 2200-ден 3210-ға дейін, яғни 1,5 есеге өсті [14].

Қорытындылай келе, жалпы «Бала» ұғымын түсіну, балаларға деген қарым-қатынастың өзгеруі және де бұл өзгеріс баланың құқықтары бар деген концепцияны қабылдауға әкелді. 1989 жылы Бала құқықтары туралы Конвенция - жоғары халықаралық стандарттардағы құқықтық құжат болып табылады. Ол баланың толыққанды тұлға екендігін мойындап, құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Халықаралық қоғамдастық бұл Конвенцияны заманауи көрнекті гуманистік құжат ретінде жоғары баға беріп келеді. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы үшін де балалардың құқықтарын қорғау мәселесі өте өзекті, өз кезегінде елімізде бірқатар ұлттық заңдар мен бағдарламалар жүргізу әрекеттерімен атамшыл құқықтардың орындалуына үлесін қосып келеді. Алайды, бала құқықтарының тиісті дәрежеде қорғалуы, тек қана қағаз үстінде, халықаралық құжаттармен белгілеп қою жеткіліксіздігі, әр елдің өз бетімен құқықтық қорғауынан гөрі халықаралық қауымдастықпен бірігіп қорғауы әлдеқайда ұтымды позицияны көрсететін дәлелі анық.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Азушева Г.Г., Баданин Д. *Защита прав ребенка: Международно-правовой аспект*//Ювенальное право.-Архангельск: Поморский университет. 2005. С. 10.
2. Никонов К. *Современные теоретические аспекты института международно-правовой защиты и поощрения правовой защиты и поощрения прав ребенка*//Московский журнал международного права.№1.М., 2009. с.84-85.
3. *Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах, Принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года*
4. Александр Чудодеев. *Разъединённые нации. Журнал «Итоги» № 38 (19 сентября 2005).* - с.5
5. Мартынова Л. В. *Методическое пособие по Конвенции о правах ребенка, Омск-2000.* с. 69.
6. *Основные международные договоры по правам человека/ Организация объединённых наций. Нью-Йорк и Женева, 2014 год*
7. Никонов К. *«Современные теоретические аспекты института международно-правовой защиты и поощрения прав ребенка»*// Московский журнал международного права. № 1. 2009. с.95-96.
8. *END OF CHILDHOOD. REPORT 2017/ Published by Save the Children file:///C:/Users/User/Desktop/SaveTheChildren-EndofChildhood-Index-2017.pdf*
9. *UNICEF ANNUAL REPORT 2016/ http://www.pdf-pages.com/d/www-annual-report-2016-home-UNICEF.pdf*
10. *Доклад о положении детей в Республике Казахстан Астана, 2015 год*
11. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.*
12. *О ратификации Конвенции о правах инвалидов/Закон Республики Казахстан от 20 февраля 2015 года № 288-V ЗРК.*
13. *Доклад Уполномоченного по правам человека В Республике Казахстан. О соблюдении прав детей в Республике Казахстан/ Астана-2005. с.18.*
14. *Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық Баяндама (2015 жылдың қорытындылары бойынша).*

**Мұқалдиева Г.Б.**

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті  
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы, з.ғ.к., доцент

**Урисбаева А.А.**

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті  
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы аға оқытушы

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ДҮНИЕ ЖҮЗІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ АГЕНТТІК ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Түйін. Ғылыми мақала азаматтық құқықтағы агенттік шарттың құқықтық реттелу ерекшеліктерін көрсеткен. Дүние жүзіндегі агенттік шартты қолданудың ерекшеліктері мен тәжірбиесіне салыстырмалы құқықтық талдау жасаған. Агенттік шартының ұғымы мен құқықтық ерекшелік белгілері анықталады. Дүние жүзіндегі агенттік шарттың түрлері жіктеліп, оларға мысалдар келтірілді. Өзге елдердегі агенттік шарт бастау алған заңнамалар қарастырылды. Бұл мақалада агент шартының моделдері, жіктелуі, агенттік қатынастардың деңгейлері тереңінен қарастырылған.*

*Түйін сөздер:* шарт, мәміле, міндеттеме.

*Резюме. В научной статье показаны особенности правового регулирования агентского договора в гражданском праве. Был проведен сравнительный правовой анализ в практике и использовании агентского договора во всем мире. Определяется понятие и правовые особенности агентского договора. Распределили виды агентского право во всем мире и приводились примеры на эти виды. Рассматривались законодательства других стран откуда начиналось агентское право. Дается сравнительный анализ агентского договора по гражданскому законодательству разных стран мира. Обсуждалось проблемы в использовании агентского договора в нашей стране.*

*Ключевые слова:* договор, сделка, обязательство.

*Summary. The scientific article shows the features of the legal regulation of an agency contract in civil law. A comparative legal analysis was carried out in the practice and use of the agency contract all over the world. The concept and legal features of the agency contract are defined. The concept and legal features of the agency contract are defined.*

*Distributed types of agency law throughout the world and gave examples of these types. Considered the legislation of other countries where the agency law began. An author examines status of agent among mediators. The comparative analysis of agent agreement is given on the civillegislation of different countries of the world. Problems in the use of an agency contract in our country were discussed.*

*Key words:* contract, dealings, commitment.

Агенттік шарт Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасында көрсетілмеген, бұл қатынастарды реттеу үшін не тапсырма шарты немесе комиссия шартының құқық нормалары қолданылады. Ресейдің жаңа азаматтық кодексі қабылданғанға дейін де ол тапсырма немесе комиссия шартымен реттелген еді. Алайда Ресейде жаңа кодекстері қабылданған соң, агенттік шартын делдалдық қызметті реттеші жеке шарт ретінде атап көрсетті. Оған мынандай ережелер себеп болды: біріншіден тапсырма шартының пәні-нақты заңды әрекеттер жасау, комиссия шартының пәні-мәміле жасау қызметі, ал агенттік шартының пәні- заңды және нақты қызметтер көрсетеді( жарнама компанияларының маркетингтік зертеу жүргізуі, серіктестер табу т.б.). Әлі күнге дейін заңды әрекеттер мен нақты әрекеттердің арақатынасы ажыратылған жоқ. Заңды әрекетер сипатына байланысты мәміле жасау, сотта өкілдік жасау сияқты т.б. әрекеттерді қамтиды.

Дүние жүзінде агенттік шартың екі үлгісі қалыптасқан. Ол агенттік шарттың Ресейлік және Ұлыбритания мен АҚШ-та кездесетін агенттік шартының жалпы құқықта қалыптасқан үлгілері. Кеңес дәуірінде агенттік келісім тек сырқы сауда мәмілесі ретінде ғана танылып, пәні ретінде тек заңды әрекеттер жасау ғана танылған [1, 32 б.]. Қазіргі Ресей заңнамалары бойынша агенттік шарт тек заңды әрекеттер ғана емес нақты әрекеттер де жасай алады. Оған қоса, шарт екі тарапты ақылы, консенсуальды, жеке сенімділік сипаты жоқ, мерзімі көрсетіліп те, көрсетілмей де жасалатын шарт. Оған қоса, агенттік шарт комиссия шартының да, тапсырма шартының да модельін қолданыла алады. Агент өз атынан клиент есебінен әрекет етсе, комиссия шартын, клиент атынан клиент есебінен әрекет еткенде тапсырма шартының үлгісін пайдаланады.

Негізінен агенттік шарт Ресей, АҚШ, Франция, Италия, Ұлыбритания т.с.с. көптеген дамыған мемлекеттердің заңдарында көрініс тапқан. Агенттік шарт Ресейдің азаматтық кодексінде тек 1996 жылы ғана енгізілген. Ресей АҚ-нің 1005 бабына сәйкес, «Агенттік шарты бойынша агент екінші тараптың тапсырмасымен сыйақы үшін өз атынан немесе тапсырысшы атынан және соның есебінен

бірнеше заңды әрекеттер жасауға міндеттенеді». Агенттік шарт негізінен англо-американдық және континентальдық құқық жүйесінен белгілі болғандай, тапсырма шарты мен комиссия шартының ережелерін қамтиды. Бұл туралы ғалымдар былай дейді: «Для англо-американского права характерно понимание агентского договора как общего, при котором поручение и комиссия являются по отношению к нему специальными, подчиненными институту агентирования» [2, 150 б.].

Ұлыбритания және АҚШ заңдары бойынша агенттік шартты қарастырған кезде алдымен бұл мемлекеттердің осы қатынастарды реттейтін заңнамаларына тоқталған жөн. Ұлыбританияда 1889 жылы қабылданған «Факторлар туралы», 1925 ж. «Меншік туралы», 1967 ж. «Жалған өкілдік», 1971 ж. «Сенімхат туралы» заңдары қабылданды. Алайда әлі күнге дейін прецеденттік құқық бұлардан бұрын маңызды орынға ие болып отыр [3, 3 б.]. АҚШ-да агенттік шарт федералдық деңгейде («Автокөлік агенттері туралы», «Бөлшектік дилерлік келісім туралы» 1982 ж. заңдары) ғана емес жекелеген штаттардың (Аризона Джоржи штаттарының мұнай өнімдері, ликерлер, автокөлік, ауылшаруашылығы және құрлыс құрылғылары туралы нормативтік құқықтық актілері) деңгейінде реттейді [4, 66 б.]. Бұл мемлекеттерде агенттік шартты реттеудің жекелеген ерекшелігі бола тұра, агенттік шартты реттеуде «жалпы құқықта» қолданылатын агенттік шарт ұғымын қолданады. Агент мәміле жасауды жүзеге асыратын делдал, ал оның жасаған мәмілесі принципал үшін жасалған мәміле болып табылады. Бұл бойынша агенттік шарт («the contract of agency») дегеніміз- бір тараптан агент екінші тараптың тапсырмасы және соның есебінен әрекеттер жасау үшін жасалат келісім. Агент болып жеке және заңды тұлға танылады. Бұл жерде айта кететін тағы бір мәселе, жеке тұлға агент болғанда оның толық әрекет қабілеттігі («active capacity») болуы міндетті емес, кәмілетке толмаған агентке қойылатын жалғыз талап өзі жасаған әрекеттердің салдарын түсінуі керек. Бұнда агенттің толық әрекет қабілеттілігінің болмауы, оны принципал алдындағы кейбір жауаптылықтардан босатады [5, 280 б.]. Ал заңды тұлға агент болуы үшін оның құрылтай жарғысы бойынша оған өкілдікке рұқсат берілген және арнайы құқық қабілеттілікке ие тек мәмілелер ғана жасай алады. Ғалым Ансон Вильем агенттік қатынастар бес түрлі жағдайда қалыптасуы мүмкіндігін былай көрсетеді: «1) при фактическом предоставлении принципалом агенту полномочий на заключение договора; 2) при одобрении принципалом договора, заключенного агентом для него, но без получения у него на то полномочий; 3) при предоставлении принципалом агенту презюмируемых полномочий, даже если фактического предоставления полномочий не было; 4) при наличии правовой презумпции в отношении замужней женщины, проживающей совместно с мужем; 5) при наличии презумпции, установленной правом для случаев «необходимости» [6, 373 б.]. Алдыңғы екі жағдайда принципал үшінші тұлғаларға қатысты жауапкер де, талапкерде бола алады, жеке талап қояда да алады, ал соңғы үш жағдайда талап қоюға болады, алайда оны жеке өзі қоя алмайды. Екінші жағдайға қатысты мынандай талаптар орындалуы керек: 1) өз әрекеттерін жасаған кезде агент болашақта болатын принципал үшін агент ретінде әрекет етіп жатқан болу керек; 2) принципал нақты бар тұлға болуы керек; 3) принципал шартты жеке өзі жасай алатын қабілетті тұлға болуы керек; 4) қабылдау нысаны ондағы принципалдың агенттің әрекетін қабылдағаны не қабылдамағаны айқын көрініп тұруы тиіс. Ал үшінші презюмерлік өкілеттілік кезінде мынандай үш түрлі маңызды мәселе ескерілуі тиіс: біріншіден бұндай өкілеттілік принципалдың өзінде болуы керек немесе ондай өкілеттілікті агентке принципал өзі хабарлап беруі тиіс, екіншіден үшінші тұлға агентте бұндай өкілеттіліктің бар екендігін білуі тиіс, үшіншіден бұндай өкілеттіліктің жоқтығы жөнінде үшінші тұлға білмеуі тиіс [6, 373 б.]. Бұндай жағдайлар көбіне қолданылмайды, тек агент өкілеттігінен шығып әрекет еткенде қолданылуы мүмкін. Қажетті жағдайларда бір тұлға екінші тұлға қатысты агент ретінде әрекет етуі мүмкін. Алайда оған принципалдың келісімі керек емес. Бұны «қажетті өкілдік» деп атайды. Қажетті өкілдік кезінде үш түрлі жағдай сақталуы тиіс: дәл осы жағдайдан шығу осы әрекетті жасау арқылы ғана мүмкін болса, агент өз принципалымен байланысуға мүмкіндігі болмаса, агент өз принципалының мүддесі үшін адал әрекет етуі керек.

Агент шартының ағылшындық моделіне сәйкес, агенттердің мынандай түрлері әрекет етеді: а) Аукционистер- жария аукционда мүлікті сатушы агенттер. Ол тауарды сатқанша ол сатушының агенті, тауарды сатқан соң сатып алушының агенті болады. Аукционистер сатылатын тауарға кепіл құқығын иелене алады. Ол төлем төлеу жөнінде өз атынан талап қоя алады; б) Факторлар. Факторларға тауарды сату үшін берледі. Ол тауарды иелене отырып, өз атынан сата алады; в) Брокерлер. Бұл агенттер екі тарап арасында шарт жасау үшін келіссөз жүргізуші агенттер. Брокердің фактордан айырмашылығы ол фактор сияқты мүлікті иелену құқығы жоқ және ол өз атынан талап ооя да алмайды; г) Жылжымайтын мүліктерге қатысты агенттер. Бұлар жылжымайтын

мүлікті сату кезінде сатып алушыны табу үшін қолданылады. Алайда мүлікке қатысты сатып алу шартын жасай алмайды, кепілді алуға да құқығы жоқ; д) Солистрлар бұлар сотта клиент атынан әрекет етеді. Алайда клиент рұқсат бермесе іс қозғай алмайды [7, 373 б.].

Агенттік қатынастар үш түрлі деңгейде қалыптасады. Бірінші агент пен принципал арасындағы қатынас; екінші принципал мен үшінші тұлға арасындағы қатынас; үшінші агент пен үшінші тұлға арасындағы қатынас. Агент пен принципал арасында қатынастарда агент ақылы да ақысызда әрекет етуі мүмкін.

Бұндағы агенттік шарттың мазмұнына келсек, біріншіден агент өзінің жасаған әрекеттері үшін сыйақы алуға құқылы, тіпті шартта сыйақы төлеу мәселесі көрсетілмесе де, сот іскерлік айналым нормаларын ескере отырып сыйақы мөлшерін белгілейді. Алайда агент тек принципал мен үшінші тұлға арасында жасалған шарт соның көмеімен болғанын дәлелдей алса ғана сыйақы ала алады. Дегеніменде агенттің кінәсінен емес немесе оған байланысты емес жағдайларда шарт орындалмаса, ал агент мәміле жасауға қатысты әрекеттердің барлығын орындаған болса онда ол сыйақы алу құқығын сақтайды. Сыйақы мөлшерін анықтаудың бірнеше әдістері бар: сатылатын мәміле көлемінен пайыз төлеуарқылы; шартқа делькредере жағдайларын енгізу арқылы; тек үшінші тұлғамен жасалған мәміле бойынша үшінші тұлға сатып алып, есеп айырысқан соң ғана сыйақы төлеу жөнінд келісім жасау. Аталған сыйақылардың барлығы шартта белгіленген уақытта төленуі керек. Оған қоса, агент өкілетсіз әрекет етсе, не ол жасаған мәміле заң талаптарына қайшы келсе сыйақы төлей алмайды. Агенттің сыйақы алу құқығынан басқа оның өзіне келтірілген шығындарды өтеттіру құқықтары бар. Агент келген зияндар оның өкілетсіз әрект етуі немесе қасақана әрекеті, не мүлікті арнайы ұстамау салдарынан болса бұл құқығын пайдалана алмайды. Агент өзінің иеленуіндегі тауарды ұстап қалу құқығы бар. Ол оны өзіне тиісті сыйақыны немесе шығындарын өтеуге қатысты қолдануы мүмкін. Мүлікті ұстап қалудың екі түрі бар: жалпы және жеке [8, 89 б.].

Ұлыбритания және АҚШ агенттік шартының негізгі элементтеріне: оферта; акцепт; қарсы талапты қанағаттандыру; тараптардың құқық және әрекет қабілеттігі; шарты жасаудың мақсаты жатады.

Ал нақты қызметтердің ұғымы заңнамада нақты анықталмағандықтан, сондықтан заңды әрекеттер жасау арқылы қызметтердің басқа да түрлері көрсетілуі мүмкін, мысалы шарт жасаушы жақты табу, шарты рәсімдеуге дайындау және т.б.. Тұлғалармен туындайтын қатынастың қалыптасуы мен тараптардың арасында қалыптасқан құқықтық байланыстың ерекшелігі. Мысалы: комиссия шарты бойынша комиссионер үшінші тұлғамен шарт жасаған кезде, үшінші тұлға мен комитент арасында қатынас болмайды, керісінше комиссионер комитентпен ішкі қатынас, ал үшінші тұлғамен сыртқы қатынас орнатады. Ал бір агенттік шарттың көлемінде көп жағдайда бір мезетте агент, тапсырма беруші, үшінші тұлға арасында қатынас орнайды.

Жоғарыда атап өткендей, еліміздің негізгі азаматтық заңнамасында көрініс таппағанымен, тәжірибе жүзінде «агент» термині кеңінен қолданылады. Мысалы: агент, бас агент, агент-делькредере, консигнациялық агент, сақтандыру агенті сияқты т.б. ұғымдар жиі кездеседі кездеседі.

Жалпы құқықтағы агент (от лат. agens, род. п. agentis - действующий) ұғымы бұл- өзіне берілген тапсырмадағы өкілеттілік көлемінде басқа тұлғаның мүддесі үшін әрекет ететін сенім білдірілген жеке немесе заңды тұлға. Ол өз қызметін белгілі бір сыйақы үшін көрсетеді. Ал бас агент - тапсырысшының мүддесі үшін бірнеше тапсырмалар кешенін алған және оны жасау үшін басқа қосалқы комиссионерді тарта отырып тапсырманы орындауға өзіне міндет алған тұлға. Бас агент пен тапсырма беруші арасында жасалған шарт ұзақ мерзімде жасалуы мүмкін.

Агент -делькредере- қосымша сыйақы алу үшін сатып алу бағасына кепілдік беретін агент. Агент – делькредере тапсырысшыға төлем қабілетсіз сатып алушыға қатысты туындаған шығындарын өтеп беруге міндеттенеді, алайда тапсырысшының кінәсіне байланысты жағдайда немесе сатып алынған тауар бағасы даулы мәселе болуына байланысты сатып алушы ақы төлеуден бас тартса, агент –делькредере тапсырысшы алдында жауап бермейді.

Сақтандыру агенті – сақтандырушының атынан сақтандыру операцияларын жасау үшін клиенттермен ерікті негізде мүліктік және жеке сақтандыру шарттарын жасайтын, сақтандыру төлемдерін қабылдайтын лауазымды тұлға.

Теңіз (кеме) агенті - кеме иесі мен тапсырма шарты, сақтау, мердігерлік шарттарының белгілерін қамтитын теңіз агенттік шартын жасайтын тұлға. Көбіне теңіз агенттері тиісті мемлекеттік органға кемең келетін немесе кететін уақытын хабарлап отырады, әр түрлі почталық қызмет көрсету қажеттіліктерін орындауды ұйымдастырады, кемеге (жанар-жағар маймен, сумен, азық түлікпен қамтамасыз ету) қызметін көрсетеді, жүк құжаттарын рәсімдейді, кеме иесінің мүддесін қорғайды.

Сауда агенті - тұтынушы мен тауарды өндіруші арасындағы делдал. Сауда агенті тауардың иесі емес. Көп жағдайда сауда агенті тауар өндірушінің белгілі бір аумақтағы өкілі болып табылады. Белгілі бір аумақта тауар өндірушінің өнімін тұтастай немесе бір бөлігін сатады. Сатудың жағдайы мен бағасын тауар өндіруші өзі анықтайды. Сауда агентінің тұрақты сатып алушылары болады, келіссөздер жүргізеді, тауарға меншік құқығын рәсімдеуге көмектеседі.

Есеп айырысу агенті (Settlement agent) – есеп айырысуды талап ететін трансферт жүйесі немесе басқа да жүйелер үшін есеп айырысу процесін ұйымдастырушы (мысалы: есеп айырысуды енгізу, төлемді ауыстыру барысын бақылау).

Агенттік - басқаның тапсырмасымен немесе басқа бір тұлға үшін өкілеттік жасайтын ұйым. Оның кадрлық агенттігі, жарнама агенттігі сияқты түрлері болады. Кадрлік агенттік- белгілі бір сыйақы үшін кәсіпорынға жұмысшы алуды, жұмысшылардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыратын ұйым. Бұл агенттік көбіне конкурстық негізде жұмысшыларды таңдап алады.

Жарнама агенттігі - клиентке жарнаманы жүзеге асыру және ұйымдастыру, жарнаманы жоспарлау барысындағы, оған қоса жарнаманы бұқаралық ақпарат көздеріне шығару кезінде комиссиялық сыйақы үшін кешенді немесе шекті көлемдегі қызметтерді көрсететін делдалдық ұйым.

Консигнациялық агент - белгілі бір сауда нарығында тапсырысшыға тауар сатып алуға міндеттенетін агент, оның жай агенттен айырмашылығы консигнациялық агент өз қызметін консигнация шартының негізінде жүзеге асырады. Шындығында бұл агенттің түрі біздің елде өте сирек кездеседі. Негізінен консигнациялық агенттер Ұлыбританияда кеңінен қолданылады. Тіпті оның құқықтық жағдайын реттейтін заң «Factors Act 1899» аталады [7, 78 б.]. Бұндай агенттердің қызметі бұл елде жақсы дамыған.

Жалпы агенттік шарт комиссия шарты мен тапсырма шарттарымен тығыз байланысты. Агенттік шарт ҚР Азаматтық кодексінде көрсетілмеген. Алайда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабына сәйкес, құқық ұқсастығы мен заң ұқсастығы көрсетілген. Заң ұқсастығына сәйкес, нақты қатынас заңдармен немесе тараптардың келісімімен тікелей реттелмеген және оларға қолдануға келетін әдет-ғұрып болмаған жағдайларда, мұндай қатынастарға, олардың мәніне қайшы келмейтін болғандықтан, азаматтық заңдардың ұқсас қатынастарды реттейтін қалыптары қолданылады (заң ұқсастығы). Бұл заң ұқсастығын мысалы еліміздің азаматтық кодексінде көрсетілмеген, алайда дүние жүзіндегі шетелдік мемлекеттерде, соның ішінде Ресейде кең тараған агенттік шартына қолдануға болады. Өйткені, агенттік шарт біздің азаматтық кодексте көрсетілмегенімен, азаматтық заңнама бойынша оны жасауға тиым салмайды. Бұл шартты жасау кезінде қиындықтар туатын болса, оған қатысты азаматтық заңнамада көрсетілген тапсырма шарты мен комиссия шартына қатысты құқықтық нормаларды қолдануға болады [9, 18 б.]. Алайда бұл ережелер агенттік қатынастарды реттеуде жеткіліксіз. Ғалымдар агент ұғымына бірнеше анықтамалар береді. Мысалы Д.О.Носенконың пікірінше: біріншіден, «агент» ұғымы біреудің мүддесі үшін әрекет ететін кең мағынадағы топтық ұғым ретінде қолданылды, яғни бұл бойынша агент бұл біреудің тапсырмасымен өз атынан соның есебінен әрекет етіп тек делдалдық қызмет көрсетуші тұлға, мысалы маклерлер. Екіншіден біреудің бұйрығымен әрекет етуші өкілдер, коммивояжерлер, бұйрықты орындаушылар бұйырушылардан тәуелсіз болған жоқ. Үшіншіден, біреудің есебінен бірақ өз атынан үшінші тұлғалармен мәміле жасаушы комиссиянерлер комитенттің өкілі болып табылмайтын, тәуелсіз тарап болып табылды [10, 90 б.]. Ал ғалым Скороходов С.В.: қазіргі уақытта агент ұғымы мұндай кең ұғымды қамтымайтындығын. Бұл ұғым қазіргі кезде англосаксондық құқықтық жүйеде қолданылады. Ол бойынша агенттік шарт жалпылама ұғым ретінде, комиссия шарты мен тапсырма шарты оның түрлері ретінде қолданылады. [11, 48 б.].

Агенттік шартта да комиссия шарттарында да ішкі және сырқы қатынастар қалыптасады және агент те, комиссиянер де өз атынан, клиент есебінен әрекет етеді. Алайда, агенттің әрекет ету шеңбері комиссиянерге қарағанда кең. Агенттіктің пәні тек мәміле ғана емес құқықтық салдар туғызатын басқа да заңды әрекеттер бола алады. Оған қоса, агент комиссиянерге қарағанда құқықтық жағынан тәуелсіз өздігінен әрекет етеді. Агент шартында бір уақытта тапсырма шартының да комиссия шартының да жағдайлары кездесуі мүмкін. Алайда дамыған мемлекеттердің көпшілігінде агенттік шарт 20-ғасырдың басынан қолданылады. Ресейдің азаматтық заңнамасына агенттік шарт 1996 жылы ғана енгізілді. Ал біздің еліміздің Азаматтық кодексіне агент шартын енгізу қажеттілігі туып отыр, өйткені оған мынандай бірнеше себептер бар. Біріншіден: тәжірбие жүзінде агент ретінде әрекет ететін делдалдар бар. Екіншіден комиссиянерге қарағанда агенттің делдал ретінде өкілеттілігі кең. Ол өйткені бір шарттың ішінде өз атынан, да клиент атынан да

әрекет ете береді. Үшіншіден, өз атынан мәміле жасайтын делдал комиссиянер болса, комиссиянердің өкілеттігі шектеулі, себебі ол тек мәміле ғана жасайды, ал агент мәміле де, нақты әрекеттерде жасай алады. Оған қоса, кейбір қатынастарда орын алатын делдалдық шарттарға экономикалық жағынан тиімді болар еді, ол тәжірибеде қолданылып жүрген экспедитор агенттерге бір уақытта өз атынан не, клиент атынан әрекет үшін екібірдей(тапсырма, комиссия) шарттарды жасамай тек агенттік шарты жасар еді.

***Пайданылған әдебиеттер:***

1. Riabikov S.Q. *Agenske soglashenii bo bneshnoi torgoble M.*, 1994 g., p. 32.
2. Enerkscherus L.T. *Kurs germanskogo prava T.1 Polutom 2*, - M., 2010. – p.150.
3. Riabikov S.Q. *Zakonodatelstvo Belikobritanii. FRG I Fransii o torgobom predstavitel'sbe M.*, 2014 g. 311 p.
4. *Ga. Gore Ann.- Official code of georgia Annotated, Ch.84-66.* 1998.
5. Lask G. *Gragdanskoe prava USA M.* 1995 g. p.280.
6. Anson B. *Dogobornoe pravo. M.: "Qrid. lit."*, 2014.
7. Алферова О.В. *Агентирование в гражданском прве России и странах «общего права» Книга Некоторые вопросы договорного права России и зарубежных стран.*, М.2013. Пресс. С.89.
8. Шмиттофф К. *Экспорт: право и практика международной торговли.* - М.: Юридическая литература, 2013. – С.78.
9. *Гражданское право. Учебник Часть 2 /под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина.* - Алматы, 2002. – С.246.
10. Носенко Д. *О договоре комиссии (опыт исследования) // Журнал гражданского и уголовного права.* - 1999. - № 1. – С.105.
11. Скорыходов С.И. *Договор комиссии по законодательству РФ и практика его применения в предпринимательской деятельности, Томск 2003.*

**Бурибаев Ермек Абильтаевич**

з.ғ.д., профессор

**Хамзина Лейла Амангельдиновна**

з.ғ.к., доцент

**Кошпенбетов Бахыткали Мухтарович**

з.ғ.к., доцент

Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, kbakhytkali@mail.ru

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АНЫМАЛЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ҰЙЫМЫ СТАНДАРТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ТҮЛҒАНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫН РЕТТЕУ САПАСЫН АРТТЫРУ**

***Резюме.** Исследование направлено на реализацию правовых возможностей модернизации рынка труда, обеспечение работы по имплементации лучших практик и рекомендаций ОЭСР. Работа была направлена на достижение двух основных результатов: разработать научно-правовой базис процесса вступления Казахстана в ОЭСР и сформировать научно обоснованные предложения по унификации национального трудового законодательства с общепризнанными стандартами реализации трудовых отношений в государствах Организации. В результате исследования сформулированы выводы и предложения, направленные на совершенствование и модернизацию норм трудового законодательства Республики Казахстан в контексте процесса развития всех сфер государственному управлению и регулирования в соответствии с рекомендациями и стандартами ОЭСР. В исследовании определяется авторская концепция выявления и осмысления закономерностей имплементации стандартов трудовой деятельности в государствах ОЭСР в трудовое законодательство Казахстана, соответственно основными методами исследования выступают описания и анализа ситуаций, обусловленных социально-экономическими особенностями геополитического пространства.*

***Summary.** The study aims at the implementation of legal possibilities of modernization of the labour market, providing work for the implementation of best practices and OECD recommendations. The work was aimed at achieving two main results: to develop the scientific and legal basis of the process of Kazakhstan's accession to the OECD and to develop the scientifically grounded proposals on the harmonization of national labour laws with the universally recognized standards of implementation of labor relations in States of the Organization. The study conclusions and proposals aimed at improvement and modernization of the labor legislation of the Republic of Kazakhstan in the context of the development of all spheres of government and regulation in accordance with the recommendations and standards of the OECD.*

*The research defines the authors' concept of identifying and understanding the patterns of the OECD employment standards implementation into the labor legislation of Kazakhstan. The main research methods are the description and situations analysis caused by socio-economic characteristics of the geopolitical space.*

***Түйін.** Зерттеудің басты концепциясын Қазақстанда жалдамалы еңбек саласын құқықтық реттеу сапасын арттыруға бағытталған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу, енгізу құрайды. Зерттеу өзара тығыз байланысты екі мақсатты көздейді: Қазақстанның Экономикалық Ғылымдар Анымалық және Даму Ұйымына (әрі қарай - ЭЫДҰ) кіру процесінің ғылыми-құқықтық базасын құру және ұлттық еңбек заңнамаларын ЭЫДҰ мемлекеттері мойындаған еңбек қатынастарын реттейтін стандарттарға сәйкес үйлестіру.*

*Мақсаты - ЭЫДҰ-на қатысушы-мемлекеттерінде адамдардың еңбек құқығын қамтамасыз етудің түсінігін және мазмұнын теориялық негіздеу; Қазақстанда әлеуметтік-еңбек саласын құқықтық реттеу сапасын көтеруге бағытталған мәселелері жалпылау және идея қалыптастыру; ЭЫДҰ мемлекеттерінде мойындалған жалдамалы еңбек саласын құқықтық реттеу стандарттарын қазақстанның құқықтық жүйесіне енгізу проблемаларын зерттеу және трансформациялаудың тәсілін ұсынысу;*

*Зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару және реттеу сапасын ЭЫДҰ стандарттары мен рекомендацияларына сәйкестендіруге байланысты еңбек заңнамалары нормаларын модернизациялау және жетілдіруге бағытталған қорытындылар мен ұсыныстыр түйінделген.*

*Кіріспе.*

Зерттеудің өзектілігі мемлекет пен қоғам мүддесі үшін адамдардың еңбек құқығын заманауи құқықтық және қоғамдық қатынастар жүйесінде сапалы бекіту болып табылады.

Қазақстан Республикасында еңбек және онымен тікелей байланысты қатынастарды құқықтық қамтамасыз ету жүйесі негізінің әлсіз өңделуі, ЭЫДҰ-на қатысушы мемлекеттер мойындаған әнбеп стандарттары мен әнбеп нормалар базасы негізінде Қазақстанның еңбек заңнамаларын қалыптастыру және жетілдіру қажеттілігі бүгінгі заман талабы.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында еңбек заңнамасы саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырады, сәйкесінше нормативтік құқықтық актілер жүйесі еңбек қатынастарын либеризациялауға бағытталған кодификациялау жүргізуге байланысты тиімділігі артты.

Сонымен қатар адам құқығын қамтамасыз ету сапасының көтерілуіне қарамастан, бұл саланы реттеуде кемшіліктер де орын алған: әлі еңбек дауларының пайыздық көрсеткіші жоғары, қауыпті әлеуметтік қарсыластық тудыратын ұжымдық қақтығысуды алдын алудың нақты механизмдері құрылмаған; өзін жұмыспен қамтушылар саны тұрғындар арасында әлі көпшілік; еңбек шарттарын жасамай, нақты еңбек ақысын жасырып, оны азаматтық келісімдермен алмастыру тәжірибесі кеңінен орын алған;

Аталып кеткен және басқа да мәселелерді мақала тең авторлары ЭЫДҰ мемлекеттері тәжірибесі негізінде шешуді ұсынады. Еңбек қатынастарын құқықтық реттеуде ұзақ тарихы бар, әлеуметтік шиеленіске жол бермеудің тиімді механизмдерін қалыптастырған, шет елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесі, біздің елде пайдалануға келеді және қолданылуы қажет.

Қазақстанның мемлекеттік саясатының барлық саласының басты бағыттары 2050 жылға дейін ЭЫДҰ-на кіруге бағытталған. Қазақстанның «әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері клубына» кіруі дамыған мемлекеттердің стандарттарын қабылдану, олармен интеграциялаудың күшейуі және осы арқылы біздің еліміздің бәсекелестік қабылеттілігін күшейтеді.

ЭЫДҰ-на 35 ел мүше болып кіреді. Үлкен сараптамалық әлеуеті және шешім қабылдаудың қолайлы жүйесі Ұйымның бүкіл әлемге, соның ішінде мемлекеттік басқару, еңбек нарығы, әлеуметтік қорғау, көші қон, халықты жұмыспен қамту салаларын қамтитын ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Осы әзірленген ұсыныстарды қабылдау және оларды ішкі мемлекеттік заңдармен қамтамасыз ету аталған Ұйымға кірудің басты шарты болып табылады. Бұл процесс, елдің ішкі заң шығару жұмысын ғылыми-құқықтық қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік басқару, әлеуметтік қамсыздандыру, еңбек нарығын және жұмыспен қамтуды құқықтық реттеу салаларын, сонымен қатар қоғамдық қатынастардың басқа да салаларын ЭЫДҰ стандарттарына сәйкестендіру бағытында терең комплексті зерттеу шараларын жүзеге асыруды қажет етеді.

Сонымен, зерттеу жүргізу идеясы Қазақстан Республикасының заманауи әлеуметтік және саяси қажеттілігінен туындайтын, мемлекеттің даму бағытын анықтайтын құжаттық жоспарлармен үйлесімін табады. Зерттеу еңбек нарығын модернизациялауға, ЭЫДҰ ұсынысы негізінде және алдыңғы қатарлы тәжірибені жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңалығы ең алғаш рет Қазақстанның құқықтық ғылымында ЭЫДҰ-на мүше мемлекеттерінің адамдардың еңбек құқықтарын реттейтін заманауи құқықтық көздеріне талдау жасалалынды, олармен Қазақстанда еңбек құқықтарын қамтамасыз ету стандарттарымен салыстырылу жүргізілген. Жаңалық ретінде ұсынып отырған авторлардың концепциясы ЭЫДҰ мемлекеттерінің еңбек нарығын реттеу стандарттарын Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамаларына енгізу.

#### *Тәсілдері*

Зерттеу тақырыбының ерекшеліктері мен күрделілігі танымның жалпы ғылыми және жеке ғылыми тәсілдерін ұштастыра пайдалану, соның ішінде: талдау, синтез, салыстыру, ұқсастық, дедукция, индукция, абстракция, сонымен қатар құқықтық-салыстыру, формальды-зәңи, саяси-құқықтық модельдеу тәсілдері құрайды. Жұмыста сонымен қатар тарихи зерттеу тәсілі көмегімен тұлғаның еңбек құқықтарын қорғаудағы мемлекеттің әлеуметтік саясатының қалыптасу процесіне талдау жасау; интернет ресурстарының контент-талдауларымен қамтамасыз етілу, мониторинг. Статистикалық және фактологиялық талдау жасау қорын ЭЫДҰ органдарының ресми материалдары, кейбір Ұйымға кіретін мемлекеттердің еңбек заңнамалар жүйесі құрайды.

Авторлардың концепциясы ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттердің еңбек қатынастары стандарттарын Қазақстанның еңбек заңнамаларына енгізудегі заңдылықтарды анықтау мен мәнін ашу болғандықтан, негізгі тәсіл ретінде Ұйымға мүше елдердің қалыптастырған геосаяси кеңістіктегі әлеуметтік-экономикалық ерекшелік жағдайларын сипаттау және талдауға бағытталған, салыстырмалы (компаративистік) талдау тәсілі қолданылады.

Зерттеушілер тобымен еңбек нарығын құқықтық реттеу және тұлғаның еңбек құқығын жүзеге асыру сапасын жетілдіру проблемаларына төрт аспектіде талдау жасалынады: әлеуметтік-психологиялық (ұлттық басымдылық пен мәдени дәстүрлер контекстінде), әлеуметтік-саяси (мемлекеттік басқару ерекшеліктерін ескере отырып), экономикалық (халықтың материалдық әлауқатының өсіру жоспарларына байланысты), құқықтық (әлеуметтік реформаларды құқықтық қамтамасыз етуге байланысты).

Ғылыми талдаудың негізгі бағыттары төмендегілерді зерттеуге байланысты құрылған:



- әрбір ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттерде тұлғаның еңбек құқығын реттеудің құқықтық механизмдерінің құрамдас элементтерінне жеке дара талдау жасалынды;
- адамның еңбек құқын қамтамасыз ететін негізгі жалпы кепілдіктер анықталып, олардың мазмұны мен мәні зерделенді;
- ақпараттық технологиялардың таралуы, электрондық қызмет, өндірістік процестерді автоматтандыру, қашықтан қызмет көрсетуді кеңінен пайдалану әсерімен еңбек нарығын жаңғыртуды ескере отырып Ұйымға мүше елдерде қоғамдық қатынастардың еңбек саласын құқықтық реттеудің пәні мен шегі анықталған;
- жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейі тән, ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттерде жұмыспен қамтамасыз ету мен қамту құқықтық институттарының ерекшеліктері анықталды;
- Ұйымға мүше елдерде халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуды құқықтық қамтамасыз ету тәсілдері зерделенді;
- ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында адамның еңбек құқығын қорғау механизмдері мен арнайы тәсілдері жүйеленді;
- Қазақстанның еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің ішкі мемлекеттік механизмдерін жетілдіру үшін ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттердің жалдамалы еңбек саласындағы құқықтық стандарттардың маңызы зерттелді;
- ЭЫДҰ мемлекеттерінде мойындалған еңбек қатынастары стандарттарын трансформациялау арқылы Қазақстанның жалдамалы еңбек саласын құқықтық реттеу сапасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды енгізудің теориялық және практикалық мәні ашылды;
- Қазақстанда еңбек нарығын құқықтық реттеу сапасын көтеруге бағытталған шаралар қорытындыланған және ұсынылған.

#### Нәтижелер

Зерттеу негізгі екі нәтижеге жетуге бағытталған: Қазақстанның ЭЫДҰ-на кіру жөніндегі ғылыми-құқықтық негіздеме жасау және ұлттық еңбек заңнамаларды ЭЫДҰ-ы мемлекеттері тарапынан жалпы мойындалған еңбек қатынастарын реттеу стандарттарына сәйкестендіру. Зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстанда адамның еңбек құқығын ЭЫДҰ стандарттарына сәйкестігі артуына байланысты, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын жетілдіруге және еңбек саласындағы қатынастарды құқыққолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған қорытындылар мен ұсыныстар жасау.

Жүргізілген ғылыми-құқықтық талдау нәтижесінде қолданыстағы еңбек заңына өзгерістер енгізу туралы нақты ұсыныстар жасалынып, жеке дербес заң жобасы ретінде мүдделі мемлекеттік органдарға жіберілді.

Зерттеу төмендегілерге мүмкіндік берді:

- Қазақстанда еңбек нарығы саласын реттейтін заңнамаларына ЭЫДҰ-ы мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы тәжірибесін енгізу туралы тиімді құқықтық механизм жүйесін құруға;
- тұлғаның еңбек құқын реттеу сапасын көтеруге бағытталған ұсыныстар жасауға;
- әлеуметтік-еңбек шиеленісі санын азайтуға: ұжымдық және жеке дауларды;
- еңбекпен қамсыздандыру, еңбекпен қамту және жұмыссыздықты әлеуметтік қорғаудың жаңа құқықтық тәсілін ұсынуға;
- мемлекеттің, жұмыс беруші мен жұмысшының мүдделерін, еңбек нарығында әлеуметтік әріптестік шараларының қосымша түрлерін енгізу арқылы келісудің жаңа нысанын негіздеуге;
- жеке тұлғаның еңбек құқын қорғауда кәсіподақтың рөлін көтеру жөніндегі ұсыныстарды беруге;
- Әлеуметтік мемлекеттің негізі ретінде, ҚР еңбек заңнамасын жеке құқық саласы ретінде сапасын арттыруға.

Зерттеу нәтижесін пайдалану төмендегілерді қамтамасыз етеді: Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму саясатын жүзеге асыруда еңбек құқығы ғылымының рөлінің маңыздылығын; Қазақстанның еңбек заңнамасын ЭЫДҰ-ы алдыңғы қатарлы мемлекеттер деңгейіне дейін көтеруді; ғылыми зерттеудің нысандық және тәсілдік нәтижесі тиімді түрде тұлғаның еңбек құқын реттеу сапасын пайдаланудың қолданбалы сатысы дейін көтеруге, нақты айтқанда мемлекеттің әлеуметтік саясатының нақты іс-шаралары, құқықтық шығармашылық процесін жіберу.

Зерттеу нәтижесінің қорытындысы ретінде төмендегі ережелер туындайды. Ұйымға мүше елдерде қоғамдық қатынастардың еңбек саласын құқықтық реттеудің пәні мен шегі анықталды. ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында адамның еңбек құқын қорғаудың арнайы инструменттері мен механизмдеріне жүйелендеру жүзеге асты.

ЭЫДҰ-на мүше елдерінде еңбек қатынастарының нысаны мен тәсілінің құқықтық реламанті анықталды. Ұйымға мүше елдерінде еңбек дауларын шешу, әлеуметтік әріптестік институт ерекшеліктер, жұмыссыздықты әлеуметтік қорғау, өзін-өзі жұмыспен қамтуды құқықтық реттеу механизмін жүйелендіру жүзеге асты.

Әлеуметтік-еңбек қақтығыстарды алдын-алу, жұмыспен өнімді қамту, жұмысшылардың кәсіпорынды арнайы механизмдері арқылы қатысу саласында ЕО (ЭЫДҰ мүшелері) мемлекеттерінің жалпылама алдыңғы қатарлы тәжірибе материалдары талданып жинақталған.

ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттерінде мақұлданған негізгі жалпымойындалған адамның еңбек құқықтары кепілдері жеке дербестеліп, оның мазмұны мен мәні зерттелген. ЭЫДҰ-на кіретін мемлекеттерінің жалдамалы еңбек, жұмыспен қамту және жұмысқа орналасу саласындағы стандарттарды Қазақстанда нормативтік құқықтық акт жобасы нысанында жүзеге асу, ЭЫДҰ мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы стандарттары негізінде Қазақстанның еңбек саласындағы заңнамаларының сапасын көтеруге бағытталған нақты ұсыныстар жасалынды.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда адамның еңбек құқықтырын құқықтық реттеу деңгейінің ЭЫДҰ мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы стандарттары мен ұсыныстары деңгейіне дейін көтеруге бағытталған асырылатын шаралар жөнінде қорытындылар мен нақты ұсыныстар жасалды.

Қазақстанның ЭЫДҰ-на кіру процесін құқықтық қамтамасыз ету жағдайында еңбек заңнамаларын жетілдіру жөнінде ғылыми-құқықтық тұжырым құрылып, ұсыныс жасалынды.

#### *Пікірталас*

Мемлекет басшысы, Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында ҚР Үкіметі алдына ЭЫДҰ-ның алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен ұсыныстарын Үшінші жаңғыру жоспарларын орындауды қамтамасыз етуді тапсырды.

Бұл шаралар Қазақстанның 2050 жылға қойған басты мақсатынан туындайды: ел әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттер қатарына енуі қажет. Елбасы оны былай: «Біз бірінші дәрежедегі мынадай мақсаттарымызды назардан шығармастан, нысаналы әрі шабытты жұмыс істеуіміз керек: ...Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру...», - деп атап айтып кетеді.

Зерттеу Қазақстанның жаңа әлеуметтік саясатын тиісінше жоспарлы құжаттарына сәйкес жүзеге асуын қамтамасыз етуді, ал оның нәтижесі бүгінгі мемлекет пен қоғамның қажеттілігін қанағаттандуға мүмкіндік береді. Нақты зерттеудің қажеттілігі мемлекеттің билік органдарының еңбек нарығын жаңғырту, өзін-өзі жұмыспен қамтуды заңдастару, еңбек даулары мен әлеуметтік қақтығыстарды алдын алу жөніндегі экономикалық мүдделілігінен туындайды.

Экономикалық дамудың жаңа моделі, жалдамалы еңбек нарығының стандарттарын жаңарту, еңбек қатынастарының жақтарының құқықтық кепіл сапасын көтеру, жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастырудың тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған, Қазақстанның үшінші жаңғыруын қамтамасыз етуден тындайды. Нақты зерттеу өзінің іске асу нәтижесінде, Қазақстанның ЭЫДҰ-на кіруін құқықтық қамтамасыз ету мақсатында еңбек заңнамаларын жетілдіру жөніндегі ғылыми негізделген ұсыныстар жасау мақсатындағы құқықтық шығармашылықты қамтамасыз етеді. Ұлттық еңбек заңнамасы, жоғары еңбек өнімділігін талап ететін, Төртінші өнеркәсіптік төңкеріске бейім болуы қажет.

Сонымен қатар, мақаладағы нақты зерттеу бағыты, қазақстанның еңбек нарығының дамуы болашағын айқындау және алдан ала ғылыми-құқықтық талдау жасауға мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар енгуіне байланысты қарапайым өндірістерде еңбек ресурстары босанып шығатыны белгілі болды. ЭЫДҰ-ның алдыңғы қатарлы мемлекеттері осы тындаған келеңсіздіктермен күресу арқылы өтті және өтуде. Олардың тәжірибесін зерттеу, қарапайым өндірістерден басқа өндірістерге ақылаулы түрде көшу аспектілерінде, талдау жұмыс барысының жаңа нысаны: алыстатылған және қашықтатылған түрінде жүзеге асты. Жоғарыдағыдан басқа, мысалы Германияда, іс жүзінде ұжымдық еңбек дауы, ереуілге шығу сияқты мәселелер кездеспейді, мұнда жұмыссыздықтың пайыздық көрсеткіші өте төмен. Ғылыми талдау барысында, ЭЫДҰ мемлекеттерінің жоғарыдағы оң тәжірибесі зерделеніп, Қазақстанда әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешу мақсатында бірнеше заңнамалық ұсыныстар негізделді.

#### *Қорытынды*

Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның еңбек заңнамаларына алдыңғы қатарлы тәжірибе мен ұсыныстарын енгізу, сонымен қатар қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру, ашық және түсінікті жұмыспен қамту жүйесін құру, еңбек қатынастарында адамның құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, ЭЫДҰ мемлекеттерінің жалдамалы еңбек және жұмыспен қамту

жөніндегі әмбебап жоғары стандарттары жөніндегі құқықтық шығармашылық процесіне ғылыми негізделген ұсыныстар жасалынды.

Сонымен, еңбек нарығын, жұмыспен қамтуды құқықтық реттеу мәселелерін шешуде кешенді зерттеу тәсілінің негізін қалайды, құқықтану ғылымының зерттеу өрісін кеңейтеді, ол өз кезегінде бүгінгі күні теориялық ғылым мен зани тәжірибенің өзара ұтымды байланысын күшейтеді.

Ұсыныстар мен шығарылған қорытындылар келесі: қазақстанның еңбек құқығының көздерін желдіру; ЭЫДҰ мемлекеттерінің жалдамалы еңбек және жұмыспен қамту жөніндегі әмбебап жоғары стандарттарын ұлттық заңнама жүйесіне енгізу; ЭЫДҰ мемлекеттерінің стандарттарының ішкі құқық жүйесіне трансформациялану ерекшелігін анықтау мақсаттарында пайдалануға болады.

Жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижесінде қазақстанның қолданыстағы: ҚР еңбек кодексі, еңбекпен қамту, кәсіподақ туралы заңнамаларына бірқатар өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар жасалынады. Зерттеудің ғылыми негізделген қорытындылары дербес заң жобасы ретінде жүзеге асады.

Нәтижесінде еңбек құқын және құқық салалары – конституциялық, халықаралық, сонымен қатар әлеуметтік қамсыздандыру құқын оқытуға пайдалы ережелер әзірленді, ал алынған қорытындылар оқулықтар дайындауда және оқу-әдістемелік ұралдар дайындауда пайдалануға болады.

Алынған зерттеу нәтижесінің мақсатты тұтынушылары: тиімді әлеуметтік және құқықтық саясатты жүзеге асыруға мүдделі мемлекеттік органдар; халықтың экономикалық белсенді, еңбек қатынастарының жақтары болып табылатын, Қазақстан халқының барлық әлеуметтік топтары; жұмысшы немесе жұмыс беруші ретінде еңбек нарығын реттеуге мүдделі тұлғалар; еңбек құқығын дамытуға және оның шекересын кеңейтуге, өзекті және шынайы ғылыми және нақты зерттеу жәтижесіне қол жеткізуге мүдделі ғылыми қауымдастықтың өкілдері, студенттер, магистранттар, доктаранттар.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Khamzin, A.S., Khamzina, Z.A.(2016). Constitutional Law Fundamentals of the State Administration of the Social Sphere in the Republic of Kazakhstan. International Journal of Environmental and Science Education, 11(12), 5237-5250.*

2. *Khamzina, Z.A., Buribayev, Y.A. (2016). Legal Regulation of Employment in Kazakhstan. International Journal of Environmental and Science Education, 11(18), 11907-11916.*

**Урисбаева А.А.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,  
еңбек құқығы аға оқытушы

**Мұқалдиева Г.Б.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,  
еңбек құқығы з.ғ.к., доцент, narynury01@gmail.com

**Оразбақ С.І.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,  
еңбек құқығы кафедрасының 1-курс магистранты

## **ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

***Түйін.** Ғылыми мақала жаңадан қабылданған Азаматтық процесстік кодекске сәйкес пайда болған жаңа институттардың бірі – татуластыру рәсімдерінің құқықтық реттелу негіздеріне арналған. Осы кодекске сәйкес мақала азаматтық даулары шешудегі татуластыру рәсімдерінің: медиация, партисипативтік рәсім, бітімгершілік келісім жасаудың ерекшеліктерін анықтауға бағытталды.*

***Түйін сөздер:** Татуластыру рәсімдері, медиация, бітімгершілік келісім, партисипативтік рәсім.*

***Резюме.** Данная статья написана на актуальную тему одной из новейших институтов гражданского процесса «Правовые основы примирительных процедур» по новому принятому Гражданского процессуального Кодексу. Согласно данному кодексу, статья направлена на определение особенностей примирительных процедур как: медиация, партисипативная процедура, составление мирового соглашения, в решении гражданских споров.*

***Ключевые слова:** Примирительные процедуры, медиация, мировое соглашение, партисипативная процедура.*

***Summary.** The scientific article is intended for one of the newest institutions "Fundamentals of legal regulation of conciliation procedures", adopted in the newly entered into force Code of Civil procedure. According to the Code, the article is aimed at defining the features of conciliation procedures as mediation, participatory procedure, drafting a settlement agreement in the settlement of civil disputes.*

***Keywords:** Conciliation procedures, mediation, settlement agreement, participatory procedure.*

During the years of independence, in the economic and political life of the Republic of Kazakhstan, a number of large-scale measures have been implemented, which laid the foundation for international interests and reputation.

The market relations developed more and more and a new financial system was formed in the country. The society has established new relationships between the state and citizens, and there appeared the necessity in adoption of new laws regulating these relations.

The Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan, adopted on October 31, 2015, can be classified as one of the most important laws.

This Law was developed to implement the "Concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan for the period 2010-2020", approved by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated August 24, 2009, No. 858 and the tasks set by the President at the VI Congress of Judges of the Republic of Kazakhstan.

President of the Republic Nursultan Nazarbayev for the first time in the country held a lawmaking ceremony and said that this measure is connected with the fact that this document is of great importance for the state, for every citizen of Kazakhstan. This will allow people to better understand the meaning of the law.

Taking into account the adoption of the existing Civil Procedure Code in 1999, the need to adopt a new Law, which is guided by the ongoing upheavals in society, is considered to be topical.

